





Свисток
летящих
созвездий

Сергек көңіл сезімдері



Алматы
1998



Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ,
Қазақстанның халық жазушысы.

БЕСІККЕ ҚАЙТА ОРАЛУ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Қазақы тілде “Бесікке қайтып оралудың” сан түрлі мағынасы бар. Ал біз, шынында да, осының бар мағынасында - халыққа, дербес ұлттыққа, Ана тілімізге, Ата дәстүрімізге, тарихымызға, сол тарихи Отанымызға, жер-суымызға, иншалла қайта оралып келе жатырмыз. Бәлкім, бұл сапар алыс та қиын шығар. Алған беттен қайту жоқ. “Кеш-деп қайтар жол емес”- деп әулие Абай айтқандай ғой.

Менің көзіргі аз өңгімем әдебиетімізде, оның ішінде балалар әдебиетіне, әрине, көркем әдебиетіне қайтып оралу туралы. Қайтып оралу дейтінім- соңғы 20-30 жылдың ішінде әдебиеттің осынау бастау бұлағына шындап назар аудармадық біз. Оны әдебиеттің екінші сорты, қол босағанда жазып тастайтын ермек кәсібіндей көрдік. Мәселе солай қаралғандықтан ол әдебиеттің қоғамдық-саяси өмірдегі ролі, жас ұрпақты тәрбиелеудегі қызметі еске алынған жоқ. Алынбайтын себебі-жалпы ұрпақ тәрбиелеу жұмысы назардан тыс қалуында. Оқу-тәрбие, білім, үлгі -өнеге, үй сабағы, иаңырақ тәртібі, отбасының беріктігі мен берекесі, сөзіңнің дәмі, тіліңнің беделі дегендердің далада шашылып қалғандығын енді аңғарып, бармақ шайнап отырмыз. Оның бүкіл кесір-кесапатын уақыт, заманнан да көріп отырмыз. Негізінен бар күнә - өзімізде. Енді кеш қалып, баланың қалыпсыз, көргенсіз, жүгенсіз, бетімен кеткендігін көріп, ойбай салып, шашымызды, сақалымызды жұлғаннан келер пайда жоқ. Көзіргі 20 мен 30-дың арасындағыларға, ақылдан, таланттан өзімен бірге туған, іштен ала шыққан біраз нәр болмаса, енді біздің береріміз жоқ.

Тым кеш қалдық. Кәзіргі басты мақсат - 5 жас пен 15 жастың арасындағыларды, біз үшін немерелерімізді қолға алу керек. Оған ата-ана, мектеп, балабақша секілді үш ошақ бірлесіп атсалысуы міндет. Шүкір, ашылып жатқан мектеп, балабақша, жалпы сана ояну- осы жолдағы табысымыз. Мәселе-дамыта беруде. Осы біз өткен тарих керуені жолында яғни 75 жылдың арғы 50 жылындағы әдебиет тарихын қарап отырсаң, әріге бармағанда, қазақ әдебиетінің классиктерінің ең бастау шығармаларының көбінде балалар өмірі жазылып, жазылмай қалғаны кемде кем.

-Я, бұл-табиғи заңдылық болатын. Мейлі, М.Әуезовтегі Абайдың балалық шағы, мейлі С.Мұқановтың “Менің мектептерім”, мейлі Ғ.Мүсіреповтің “Қазақ солдатындағы” Қайроштың жетімдік шағы, Ғ.Мұстафиннің Сарбаласы-осылайша қатарланып, жүлгеленіп келе жатады да, біраздан соң бірыңғай балалар жазушысы шоқ-шоғымен бөлініп шыға береді. Сапарғали Бегалин, Өтебай Тұрманжанов, Сейтжан Омаров, одан бері қарай, Бердібек Соқпақбаев, Сансызбай Сарғасқасев, Амантай Байтанев, Фатих Дінісламов, Машқар Гумеров, Саид Баязитов, ақындар Мұзафар Әлімбаев, Мүбәрәк Жаманбалинов, Әнуарбек Дүйсенбиев, Қабдікәрім Ыдырысов, Қадыр Мырзалиев болып үлкен керуенге ұласып, 50-60-70 жылдар арасы балалар әдебиетінің тамаша өркендеген дәурені болды. Сөз жоқ, осы күнгі қырықтарға жасы іліккен, немесе ұрпақ өкілдеріне аз ба, көп пе-ықпал жасағанын айтпауға болмайды. Ал содан соң әдебиеттің бұл сүйікті саласы бірте-бірте өгейлікке айналып, басқа жанрлар “кеудем соқтық” жасаған, не атақ, абырой, сыйлық, үлес, дәреже ме, қаражат байлық па,-игіліктің көбін өлгі “басты” жанрлар иемденіп, балалар әдебиеті бақырсыздана бастады. Оған сол бір көңіл сәулесі түскен тұста Мемлекеттік бір сыйлық орны келе қап, оны Мұзафар Әлімбаев ағамыз ауырып-сырқап жүріп әреш

алды. Көбіне баспалар тарапынан ықылыс та сұйылып, кем бағалы, аз тиражды кітап болса, ол балалардікі болды.

Айта берсең, жылағың келе береді.

Ау, басқаны қояйық, балалар әдебиеті, біздің өнердің алтын бесігі еді ғой. Біз әдебиетті оқырмандарды қайдан аламыз, сол бастаудан ауызданған жастардан келетін арнамызды суалтсақ, әдебиеттің құны қанша?

Содан соң келіп, “қазақ кітап оқымайды” дейміз. Өмірі оқымай келіп, жасы 50-60-қа келіп, кенет кітап құмар боп жүрген кімді көрдің. Көзір қазақ әдебиетінен емтихан тапсырған он баланың біреуі Абайды, жүз баланың бірі Мұхтар Әуезовті білсе, соған мәз болып қаламыз. Өзгемізді атамаңыз. Бұрынғыдай “буырқанып”, толғанып, мың бұралып ақпаса да жұлгесі, тамыры үзілмеген екен. Бес, он жылда бір - ол әдебиетке саусақпен санарлық болса да, таланты шынымен соған икемді жас қаламгерлер келіп жататын көрінеді.

Әрине, жастардың өзiрге бар білетіні- өздерінің балалық шағы ғой. Сонда да болса, сол балалық шақты жазуға, оны көркем шығарма етуге балалар жазушысына тән талант қыры, шеберлік керек қой. Тағы да бір шүкірлік -Ана тіліміздің мемлекеттік мәртебе алуымен байланысты, ол тілде енді оқитын, үйренетін, жазатын жас ұрпақ екенін жақсы ұққандық болар, бізде көзір балалар баспасы көбейді. “Жалыннан” бөлінген “Балауса”, “Жалынның” өзі, “Рауан”, “Рауаннан” бөлінген “Ана тілі” баспалары бар, төрт баспа бар. Енді осының негізінде балалар жазушысының дербес тобының өзін құруға әбден болар еді. Бізде “фантаст жазушылар” деген бір ассоциация құрылды дейді. Ау, ол да балалар әдебиетінің бір саласы емес пе еді. Егер қазақ әдебиеті деген үлкен шаңырақтан отау бөлгің келсе, ол балалар әдебиеті ғой. Онда сәбилер, балдырғандар, жеткіншектер, бозбалалар- бәрі де бар ғой.

Қысқасы- балалар әдебиетіне, біздің алтын бесігімізге қауым болып, мемлекет болып қайта оралатын кезіміз жетті. Кәзіргі дербес, егемендік мемлекеттің рухани өмірдегі ең бір қамқорлық жұмысы жас ұрпақтың ұлттық сипатын қайтып беру болса, оны тәрбиелейтін әдебиет, оның ішінде балалар әдебиеті.

... Осындай ойлар үстінде мен балалар әдебиеті саласында соңғы жазушылар буынында кім бар екен, қандай кітаптар шықты дегендерді білмек болып, жаңадан шыққан кітаптарды іздестірдім. Ә дегенде қолыма іліккені Жанат Елшібековтің “Жоғалған теңіз” деген кітабы болды. Ала салып оқып шықтым, қанаттанып қалдым.

Жанат Елшібеков бұл кітапқа өзінің “Қош бол, теңіз!” және “Жынды кемпір, белгісіз жауынгер және қызылізшілер” деген екі повесть, бірнеше өңгімелерін енгізген. Кітаптың мен өне бойына талдау жасамаймын. Алдыңғы екі повесть жайында алған әсерімді ғана баяндап өтейін.

Жанат- мен үшін жаңа есім. Бәлкім оның бұдан бұрын жазған кітаптары бар шығар. Бұрын журналист есебінде жазған мақалаларымен таныс болатынмын. Ойда жоқта жазушы екенін, онда да балалар жазушысы екенін білдім. Балалық шак кім-кімге де ыстық қой. Әр буын ұрпақтың балалық шағы бір-біріне ұқсай бәрмейді.

Бұл кітаптың ішіндегі шығармалар- бәрі дерлік теңіз балаларының өмірі туралы. Теңіз болғанда да Балқаш теңізінің табиғаты баяндалады. Ә дегенде оқырманның көңілін баурап әкететін нәрсе- теңіз романтикасы, оның мүлде өзгеше өмірі, адамдарының айрықша мінезі, балықшылардың кәсіптік мамандығы, білім- еңбек тәжірибесі, ой-ақыл өрісі- осының бәрін білгіміз келетіндігі. Біздің әдебиетімізде теңіз туралы, балықшылар жайында есімізде бары-Әбу Сәрсенбасвтың Атырау өмірі, Әбдіжәмил Нұрпейісовтің Арал тарихы жөніндегі

ірі шығармалары бар екені мәлім. Қазақстанның үшінші бір су алыбы- Балқаш көлі, теңізі жайында Жанат Елшібековтің повестері мен әңгімелерінің ең басты қадыры осында болса керек.

“Қош бол, теңіз!”-повесі шағын да болса, бойына осындай ең үлкен саладағы Балқаш өмірін өзек етеді. Балалар-романтикашыл, қиялшыл халық қой. Осы халықтың сүйкімді бейнесін жасау-қандай ғанибет. Повестегі орталық кейіпкер Мәлік- қала балаларының өкілі. Қазақ әдебиетінде қала мен ауыл балаларының ер жүйеде үлкен айырмашылығы барлығы көп жазыла қоймаған тақырып. Мәлік ауыл ауқымында аз мерзім, бір жаз каникулда ауылды, әсіресе, бірінші себеп-Мәліктің жасынан суретшілік талантының ерте оянуы, Балқашқа деген асқан құмарлық-сол суретшіліктің өзгеше қырын теңіз суретшілігін (маринистік) қалап алуына әкеп тіреген. Екіншісі де сол- теңіз тіршілігі, теңіз адамдарының, оның ішінде балаларының өмірі, оның ерекшелігі.

Повесте Мәлік тым ерте есейген, кітаби білімді көп алған бала. Ол- Айвазовскийдің суретшілігін ұзақ зерттеген. Жалпы теңізге байланысты әдебиетті мол оқығандығы көрінеді. Өмір бойы су астында, ғаламат тереңдікте теңіз өлемін, зерттеген атақты француз ғалымы Жак Ив Кусто жайындағы оның әңгімесі- теңіз қауымды таң-тамаша етеді. Сонымен бірге соншама білім, сондай талантпен оның әлі балалық дүниеден, балалық мінез-құлықтан ажырамастығы әдемі суреттелінеді. Бұл бейне бір жағынан қазақтың талантты ұрпағының қаулап өсе беретіндігінен де хабар береді. Талант және халық деген тақырыпты да қоса ала кетеді. Жақсы ғой. Әдебиеттің құдіреті сонда- ол бір емес, бірнеше қабат ағыстармен, ұғымдармен, ұғымдар мен ойларды алып жүрсе керек. Ой-өрісті ол кеңейтіп жібереді. Жанат бәлкім, өзі де байқамай, осы ойларды, мәселелерді қамтып отырады.

Повестегі екінші бір бейне-теңіз қожалы, қарт балықшы-Мақан. Бұл-ежелгі қазақ балықшысының өкілі, оның теңізден басқа еркіндейтін өлкесі жоқ. Теңіз жоқ болса- ол да жоқ. Жанаттың ең сәтті тауып алған бейнесі, кейіпкері шығармада барынша табиғи, сүйкімді де, мазмұнды, сом тұлға болып шыққан. Оның ақыры сол теңізден қаза табуы да заңды. Ол-теңіз философы, ғалымы, зерттеушісі еді, өрі соның тол баласы еді. Оның асау толқын жалында ғайып болуы да керемет: “Алға асыққан асау толқындар жолына бөгет жасаған айдын төріндегі жалғыз қайықты ызалана, бөрікше лақтырып, аударып жібереді! Төңкерілген қара қайық иесінен көз жалғысы келмегендей, қарт балықшыны бауырына қымтап, қыса берді...” Мұның алдындағы ұзақ арпалыста шал: “Қу құдайым-ай, жалғыз ескекті де қимағаның ба? Жоқ, әлде... шынымен -ақ алайын дегенің бе?... Қай жаққа ағып барам, осы?”- дейді. Әрі қарай автор “... өшейіндегі қорғасын салмағы қайда? Тентек толқын қаңбақ құрлы көрмеген. Бешпентінің төс қалтасын сыртынан сипап, аузындағы түйреуішін байқастады- деп келіп: “Жаным Жирасым! Соңғы кезде түсімнен шықпайсың, неге?!”-дегізеді шалға.

Шал трагедиясы, қасіреті бұл емес еді. Жарас деген жалғыз ұлы бар еді, ол жоқ, қолындағы содан қалған тұлдыр-Ақсымбат деген немере қызы. Жаңағы төс қалтасынан қалмай жүрген, сол ұлының суреті болатын. Қалтасын сипағандағысы-сол ұлының суреті еді. Шал байғұс ажал алдында да сол суреттің амандығын ойлайды. Қарт қайықшы: “жалғыз ескекті де бұйыртпадың-ау!”-дегенде, есіне жалғыз ұлы Жарас түседі. Жанат суретшілігінің сүйсінтетін жері осындай тұстар.

Жазушыға керегі екі нәрсе- бірі суретшілік талант, екіншісі өдемі көркем тіл. Бірі болмаса, бірі жоқ. Көп жағдайда соның біреуінің жоқтығын мойындамай, қаншамыз ұзақ әуре боламыз. Жанатта құдайға шүкір, екеуі де бар. Мақан балықшы

мен Мәлік бастаған Тілеулес, Меңдіғали, Серікбол, Шешенхан-шірен атты балалар бейнесі әрқайсысы өз мінез, өз әрекетімен есінде сақталады. Аз уақытта олар Мақан балықшы атты дана қарттан, өмір ұстазынан көп сабақ алады. Ұрпақ пен ұрпақ жалғастығы өте әдемі суреттелінеді. Және барынша қазақы, жаныңа ыстық, таныс күйде көңілге майдай жағады. Теңіз өмірі, стихиясы, балықшылар дәстүрі, салты Мақан тұлғасында тұнып тұр. Мұның бәрін мысалдап көрсетуге мүмкіндік жоқ. Әңгіме арасында Балқаштың көзіргі экологиялық жағдайы, ондағы аралдардың құрылысындағы, бітіміндегі өзгеріс, балықтар түрінің бірі құрып, бірі азайып бара жатқаны да сөз болады. Кішкентай повесте Балқаш бейнесі үлкен орынға ие. Автордың басты табыстарының бірі- осы.

“Қош бол, теңіз!” деген ол- Балқашпен мүлде қоштасу емес, Мәлік суретшінің жаз бойы Балқаш туралы жазған бір үйір, цикл суреттерін алып, енді еліне, алыс мекеніне аттанып бара жатқандағы қоштасу сөзі ғана. Ал жалпы Балқаш туралы соңғы мәліметтер мен оны сақтау жайындағы әрекеттер кейінгі жеке әңгімелерде сөз болады. Оған тоқтауға жер тар. “Қош бол, теңіз!”- Жанаттың ғана емес, балалар әдебиетінің табысы.

Дегенмен кітаптағы екінші повесть туралы да азырақ сөз етуге болар. “Жынды кемпір, белгісіз жауынгер және қызыл-ізішлер” деген аты ұзақ повесть неге екенін қайдам, біздің көзіргі жас жазушылар шығармаларының аттарын осылай шұбыртып қоятын болып жүр. Басқа жағын айтпағанда кітаптың мұқабасына да симайды, осындай пікір жазғанында да қолайсыздық туғызады ғой. Жанаттың екінші шығармасы да үлкен бір тақырыпқа-Адамгершілік, қайырымдылық тақырыбына арналған. Осы қасиеттің өзі де оның болашақтағы үлкен жазушылығына апаратын жол екені даусыз. Бұл шығарма бір жағынан тарихи болған оқиғаның ізіне құрылған секілді әсер береді.

Ауылы, көршілері “жынды кемпір” атап кеткен кейуана, жетім кемпір Жаңылдың әскерден қайтпаған жалғыз ұлы Әлиді қырық жыл күтумен өткен шерлі-шемен өмірі жайында баяндалады. Ол үнемі үйде де, түзде де баласымен сөйлесіп жүргендіктен “жынды” атанған. Оның көңіл жарасын емдейтін ешкім жоқ. Тіпті денсаулығын, тіршілігін қарайтын да адам болсайшы. Осындайда Дана, Сандуғаш секілді мектеп оқушылары көмекке келеді. Ылғи Дананың шешесі “жынды” дей беретін кемпірдің үйінен бірнеше күн бойы түтін шықпай қалады. Түтін болмау- ауыл ұғымында тіршілік болмау деген сөз. Осыған алаңдаған балалар кемпірдің үйіне келсе, есік, терезе тарс жабық, төрті бөлмеде ыңырсыған, өлсіз дауысты естиді, бақса, кемпір енді болмаса, жөнелгелі жатыр екен. Мүздай суық үйде қозғала алмай қалған байгүс тамырындағы қанның соңғы тамшыларына дейін суып, тоқтағалы жатады. Жалма-жан балалар от жағып, су қайнатып, шай демдеп дегендей кемпірді тірілтіп алады да, содан былай оны бағып-күтуге кіріседі. Кемпір аяғынан тік тұрып кетеді. Бақса, балалар оның тіпті де “жынды” емес екеніне көздері жетеді. Адамды “жынды” қылу да, адам қылу да айналадағыларға байланысты екен ғой.

Шығарманың негізгі идеясы- Адамгершілік, қайырымдылық. Мейлі бүкіл ауылда тек балалардан болса да қайырымдылық оты өшпеген екен деу ғой.. Ойы жақсы емес пе? Біздің дәл бүгінгі тақырыбымыз, күнде жазып жүрген мәселеміз.

Енді балалар қызылізшілер (красный следопыт) кемпірдің баласын іздеп, өшіп қалған хаттан “Смоленск” деген сөз тауып, хат жазып, ұзақ іздеуге кіріседі. Ақыры солдаттың қаза болған жерін, куәлерді тауып, кемпір сонда аттанып, баласының басына жетіп, өлгеніне енді сенеді ғой.

Осы жолдағы мектеп балаларының, әсіресе, ақылды да мейірімді Данагүл шәкірттің еңбегі керемет-ақ. Данагүл бейнесі өдемі, толыққанды болып шыққан. Тағы да автор ойы-елден бәрібір жас болсын, кәрі болсын жақсылық иелері шығады, туады деген ой, салмақты да, сенімді идея.

Екі бірдей шағын шығармасына мынау қиын заманның екі бірдей толғақты мәселесін өзек еткен жазушы Жанат Елшібеков жалпы әдебиетімізге, оның ішінде балалар әдебиетіне нағыз суреткер, талантты профессионал жазушының келіп қосылғанын дәлелдесе керек. Мен соған қуандым. Ауызды, әдетте, құр шөппен сүртуге құмармыз. Кәзір “жоқ” деген сөз әдетке, “модаға” айналды ғой. Оқымаймыз, іздемейміз, өйткені ол- артық жұмыс. Оқымасақ, әрине, білмейміз.

Бұл мақала негізінен- Бесікке қайтып оралу, болашақты ойлау, жас өркенді жақсылыққа баулу, солардың арасынан адам болатындарын тауып, қанаттыларын ұшырып отыру туралы еді ғой. Жанат Елшібеков қалада болсын, ауылда болсын, тәрбиеге көнетін ұрпақтың бар екенін дәлелдеп көрсетеді. Оны мақалаға материал есебінде пайдаланғаным сондықтан. Жалған мақтаудан, жоқты бар деуден біз тойғалы қашан.

Тағы да айтарым, жалпы жас ұрпақ болсын, әдебиет ұрпағы болсын, тәрбие, қамқорлық керек. Керек екенін баяғыдан білеміз. Шіркін-ай, жедел қарқынмен, қоғамдаса, түгел аударыла іске көшсек екен!

Береке бесіктен басталады.

“Қазақ әдебиеті”, 15 мамыр 1992 ж.

Мұзафар ӘЛІМБАЙ,
Қазақстанның халық жазушысы.

КУӘГЕР ҚАЛАМНЫҢ КӨРІКТІ ІЗДЕРІ

Ұмытпасам 1970 жылы ғой деймін, жастар газет-журналдары бұрынғы Коммунистік даңғылдан Көкбазардың қасындағы тоғыз қабатты жаңа ғимаратқа көшті.

“Балдырған” редакциясына ең жоғарыдан бір түгіл үш бөлме тиіп, жарылқандық та қалдық. Көрші редакциялар да кенеліп, кеңіп, мәре-сәре. “Лениншіл жас” редакциясы жетінші қабатта бірнеше бөлмеге жайғасты. Бұл басылымға тән бір құбылыс- коллективтің жас өрім журналистерімен жиі-жиі толығуы... Иегіне енді ғана түбіт-түк дари бастаған балғын жігіттер мен көзі мөлдіреген мүләйім қыздар... Олар сапқа қосылып, қара көбейтіп жүрген бозымдар емес, газетке жаңа ажар-көрік, тың тыныс ала келетін алғырлар еді...

Дәлізде немесе лифт ішінде кездесіп қалса, еркіндей үн қатып, сәлем беруге де именетін ибалылар... Өзің алдымен амандысып, атын сұрап, таныспасаң, шешілер түр танытпайтын. Мен біразға дейін бұл мінездерін тақаббарлық, пандыққа таңып, басылымының Бас редакторы Сейдахмет Бердіқұловқа өкпе-наз айтқаным да бар.

- Сенің жігіттерің шетінен шікірейген біреулер сияқты, сәлемдесуді қарыз санай ма, қалай?!

- Сізге батпайтыны ғой!...- деген Сейдаш. Сонысы рас екен.

Сондай “сызылған” жігіттердің бірі қаймыжықтай жұқалтаң, қағылз қара, көзілдірікті жас өспірім жігіт- аты-жөнін білдім: Жанат Елшібеков екен.

Алғашқы бетте баспа жүзінде мен Жанатты сөзжұмбақ құрастыруға күштар, “Сен білесің бе?” айдарымен әлемдегі сирек фактілерді тергіш автор ретінде таныдым.

– Мынау бір білімге, білуге құмар, кітап жанды жігіт екен ғой!- деп түйдім. Кейін сонысы-кенеулі ізденістері “Сен білесің бе?” деген атпен “Жалын” баспасынан кітап болып та шықты. Бұл “үйрен, ізден, ойлан” деген қосалқы анықтамасы бір кітап қазақ баспагерлерінде бұрын болмаған үрдіс, оқырмандарға өнеге еді...

“Балдырған” журналының кітап боп түптелген томдарын қарап отырсам, Жанат Елшібеков бұл басылымға сонау 1968 жылдан автор боп атсалысыпты.

Содан кейін Жанат қаламынан туған сол тұстың сырын шертетін ұзынды-қысқалы деректі очерктерді “Лениншіл жас” бетінен түтінін үзбей демей-ақ қояйын, өз жасының өршілдігіне лайық жиі-жиі көріп, оқитын болдым.

Елшібектің Жанаты ел алдында именбей сөйлеп, отыз жыл ішінде мың шақты үлкенді-кішілі өрі өр сипаттағы материалдар жазыпты.

Антон Чехов та газетші болған ғой: о кісінің бар жазғанының саны да бір мыңның төңірегінде екен деген мағлұматты кездестіргенім бар еді.

Иә, қаламгер сапамен де, санамен де көзге түскені ләзім!

Мен Жанаттың 1996 жылы “Қайнар” баспасынан жарық көрген “Шағалалар жылай ма, осы?” атты очерк, көсемсөз, ой-толғақ, деректі әңгіме, эссе жинағын оқып, ежелгі ескі таныстарыммен қайта қауышып, шер тарқатқандай күй кештім... Жасы ұлғайғанның көрінгенге жаны балқып, жүрегі елжірей бермейді: онысы, айталық, қарт қаламгер қатарындағыларға да, кейінгілерге де қатаң, кіді, кірпияздыққа қисайыңқырап қарайтыны тағы бар.

Уақыт іріні де, ұсақты да тоздырғыш, көнерткіш “кесір” мінезді ғой...

Мына кітапты қолыма алғанда газеттің қажетін кезінде өтеген, ал кейінгіге ала барар абзалдығы алмағайып дүниелерге

тартпақтамай ма екен?- деген ішкі бұқпантай күдікпен қарағанымды жасырмаймын...

Кітап күмбезі астына сұғынған сайын, сүйсініс сөттер сиремей, желі тарта береді... және ауруханадан шығып, жүйкем жұқарыңқыраған күндерде оқығанымды айтсам, көңілімді желпіп, ойымды сергіткен кітап болғаны ғанибет.

Туындылары көнермепті, тындырымды еңбек ретінде уақыт тынысын, дәуір дабылын, замана зарын өн бойында қазқалпында сақтап, парқын жоймапты...

Ең алдымен Жанат қаламынан туған жанры алуан-алуан шығармалар халық өмірінің куәгері боп қала алғандығы-кітаптың бірінші құндылығы... Бұл- кейінгі буындар Қазақстанның, қазақ халқының, жетпісінші, сексенінші, тоқсаныншы жылдар ортасына дейін бастан кешкендерін білгісі келгенде Жанат Елшібековтің аталмыш кітабын да іздейді деген сөз!

Қай қаламгерге да бұдан асқан бақыт бола ма?! Жанат сондай жазушы. Біріншіден, өнериет жастарының қуат-көрігі “Лениншіл жас” мектебінен дәріс алып, қаламын шындағандығы, екіншіден, ұлан-байтақ Қазақстанның араламаған ауданы, бұрылмаған бұрышын қалдырмай түгел шарлап, терің барлап тануы, қадірін тануы...

Жанат жолсапарда жолыққандардың кез-келгеніне құлай салмайды, сипаттыны және сырлыны, қымбаттыны және ғибраттыны өмірден ойып ала біледі. Мәселен, 1990 жылдың басында Францияның астанасы Париждегі Анатолий мәдени орталығында дербес көрмесі ашылған қазақ қылқалам шебері Раушан Момбекованың талғамшыл француздарды тәнті еткен таланттылығын бір ай бойы тамашалауы қандай ғибратты факті.

Замандастар қадіріне жете білу- заңғарлық. Күнделікті күйбең тіршілікте де, рухани өмірде де адамға сол заңғарлық жете бермейді...

Жанат өз кейіпкерлері еңбегіндегі, тіршілігіндегі асқақ романтиканы таба біледі, дөп басады.

Қуана бір айтатын жәйт, 400 беттік кітаптың кейіпкері көп: солардың ұрпағы жазушы кітабын төрінде сақтап, ардақты өке-шешелерін, аға-апаларын мақтан тұтары даусыз. Олар-ондаған мамандықтың озық тарландары, ұлттық құрамы да бай...

Кітаптың скінші құндылығы- Жанат өмірде болған фактілерді тіркеуші, тізбектеуші емес, тағдырды тамашалаушы емес, халқының жанашыр ұлы ретінде, соның өсіп-өркендеуіне қолқабыс жасалып, еңсесін езген тақсіретін жеңілдетуге құлшынған, қабырғасы қайысқан болысқыштығы- жетім бұрыштың жауаң көздері, тозған табиғаттың тақсіретін шеккен талайсыздар зары, рухани қазынадан қағылған несібесіз ұрпақ мұңы, тәуелсіздік тауқыметтері қалың оқырман білмейтін фактілер де бар ғой. Шындықты қорғаламай, қаламға оралтып, халыққа дабыл қаққаны үшін Жанат Елшібековтің өзі жоғарғы жақтан естіген сөгістерін алаштың алғысы деп іштей құп алып, ізденіспен құлшына түсуі бүгін кімді болсын ырзалайды. Сондай жанкештілік қана кімді болсын ұлтжанды азаматтар қатарына қосады...

Кітаптың үшінші қасиеті- уақыт желіне, жылдар селіне өңін бермей, өміршендігін сақтайтыны-көркемдік қуатпен кестеленгендігі, тапқыр тәсілдермен хатталатындығы, тілдің тұнықтылығы.

Автор әр тұста да сурет салмай сөйлемейді және санаулы сөзбен-ақ этюд жасай біледі;

“... бір қап аязды алдына салып Даниял кірді” немесе “ұзақ түнге алау жүрек адамдардың көңілін жасыта алмаған ақ түтек те еңтігіп құлаған еді”. “Өз жерінде жүріп, өз төріне шыға алмаған”. “Күректей алақандары егеудей, бұжыр-бұжыр”. “Жұлдыздар тонып, дір-дір етеді. “Қысқы кеш түңғиық ойға

шомған”. Мұндай сырға толы суреттерді келтіре беруге көлем көтермейді.

Суретшілдігі үстіне, Жанат ойшыл да:

“Өмір мектебі үйретеді, өмір тезі шындайды”.

“Көңіл көгершіндері- жарқын күлкілер...”

“Өмір- керуен, дүние- дүбір”.

“Уақыт сынап екен ұстатпайтын”...

Иә, Жанат, сынап уақыт сырғи-сырғи, сырғыта-сырғыта сені де “Елу” атты еңсесі биік сарайға шақырып тұр екен...

Өмірің ойларыңдай ұзақ болсын!

Ойларыңа өшпейтін шуақ толсын.

Соңымнан ерген інілерім мен қарындастарым ішінде сен туралы, сенің өнеріңнің туралы, өзгелерге ұқсамас өзгешелігін туралы осы күнге дейін лебіз білдірмегеніме іштей өкініп жүретін едім... Осы бір ағалық аз ғана ықыласымды көптей гөр!

“Ақиқат”, N4 1997 жс.

Шерхан МҰРТАЗА,
Қазақстанның халық жазушысы.

ШАҒАЛАЛАР ДА ЖЫЛАЙДЫ
Жанат Елшібек. “Шағалалар жылай ма, осы?...”
Алматы. “Қайнар” баспасы. 1996 жыл.

“Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады” деген сөз бар. Бұл жазушы, журналист дейтін ағайындар да шетінен жүйрікпіз деп ойлайды. Бірақ қалай шабарын құдай берген талант шешеді.

Осы дүрмектің ішінде журналист-жазушы Жанат Елшібек те жүр Дүрмек ішінде болғанмен шабысы, жүрісі бөлек. Өз өрнегі дара.

“Шағалалар жылай ма, осы?...” жинағында очерк те, көсемсөз де, ой-толғақ та, деректі әңгіме де, эссе де бар. Сірә, ой-толғақ дегені осы эссе шығар.

Әлі есімде. Әуелі сонау алпысыншы жылдардың аяғын ала осы Жанат “Лениншіл жасқа” жұмысқа келді. Сонда ол “Сөз жұмбақтан” (Кроссворд) бастады. Бұл қазақ журналистикасы үшін жаңалық еді. Ал, бұл жанрдың (егер жанрға жатса) әсіресе, өскелең жастар үшін, жалпы оқырман үшін пайдасы мол. Адамды ойлауға, ізденуге, оқуға, яғни, білімін жан-жақты байытуға итермелейді. Жанат кейін оқырманның ойын оятатын осындай туындыларын құрастырып “Сен білесің бе?”, “Зерек” атты кітаптарын шығарды.

Жанат журналист, Жанат жазушы не жазса да материалға жан бітіреді Оның очерктері көркем әңгіме сияқты оқылады. “Мәңгілік рух”, “Генералдың зайыбы”, “Қайда жүрсің, Балзия?”, “Жетімбұрыш”, “Шағалалар жылай ма, осы?” тәрізді очерктерінде осындай көркемдік қасиет бар.

Бұл кітапқа автордың ширек ғасыр көлемінде жазылған еңбектері енген. Осы мезгіл ішінде жазылған, жарияланған мақала, суреттемелерінің бәрін қоса берсе мұндай-мұндай бірнеше кітап болар еді. Жанат көлемге қызықпай, өзін-өзі сыйлап, одан соң оқырманды сыйлап, ең нәрлі дегендерін теріп алған.



“Шағалалар жылай ма?” деген сұраққа тікелей жауап жоқ. Балқаш балықшыларының өмірі, тіршілігі арқау болған бұл очерк кітаптың түпқазығы сипатты. Жаңағы сұрақтың жауабын оқырман өзі тапсын. Ойлансын. Бұл да кроссворд. Бір кезде “бақасы қойдай шулаған, балығы тайдай тулаған”, жағасындағы нар қамыстың арасында жолбарыстар жортқан Балқаштың қазіргі халі, болашағы туралы ойланғанда шағала тұрмақ, адам еңірейтіндей қауіп бар. Әлі де болса сұрапылдың алдын ал? Автор осыны ескертеді.

“Егемен Қазақстан”, 7 маусым 1996 ж.



Жанат
ЕЛШІБЕК

Тың
планетасы



ӘНГІМЕЛЕР. ОЧЕРКТЕР




МЫН
БІР
ҚЫЗЫК

Зейнолла СЕРІКҚАЛИЕВ.,

сыншы, ғалым.

СЫРАШАР СӨЗ

Әлі есімде... Жоғарғы оқу орындарының қара шаңырағы саналатын ҚазПИ-дің аспирантурасында оқып жүрген кезім. Ұмытпасам алпыс жетінші жылдың қоңыр күзі болатын. Бірде ғылыми жетекшім әйгілі әдебиетші, академик Қажым Жұмалиев “Зейнолла, филфактың үшінші курс студенттеріне екі-үш мәрте лекция оқығаның жөн шығар” деп ескертті. Қапелімде не дерімді білмей кібіртіктей бердім. Ілкі сәттік абыржұымды жазбай аңдаған Қажым аға сөзін шегелеп, әрі қысқа қайырды. “Ешқандай қысылатыны жоқ. Ертеңгі лекцияға тастүйін әзірленіп кел...” Ұстазымның әншейіндегі бал-бұл жанған қызыл шырайлы жүзі лезде сұрланып шыға келгендей. Жылы ұшырай күлімдеп тұрар көңілді жанары да, қабағы да қатулы көрінген маған осы мезет. Әсте күмілжуді білмейтін Қажекен ертеңінде мені екінші қабаттағы атақты жиырма бесінші аудиторияға қарай бастай жөнеледі. Айтпақшы, Комсомол көшесі бойындағы (қазіргі Төле би көшесі) институттың бас корпусының терезелері аулауға қараған бұл үлкен N25 аудитория қаламгерлер қауымы арасында өте қастерленіп, әрі құрметпен аталады. Оның да себебі бар. Мұнда кезінде әдебиет алыптары Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқановтар лекция оқыған. Ілияс, Тайыр, Әбділдә тәрізді қазақ жырының небір дауылпаз дүлдүлдерінің саңқылдаған үндері үнемі бұл аудиторияны олең көрігіне айналдырып жатады екен. Шындығында бертінге дейін жыр сүйер студенттер өздерінің әдебиет кештерін, сүйікті ақындарымен сырласу сағаттарын осынау қасиетті аудиторияда өткізуді тамаша дәстүрге айналдырған.



Өткен жылдар жаңғырығы ойымды сан-саққа бөліп, әр жайдың басын бір шалдыра ма, осы?! Тізгінді негізгі әңгіме желісіне бұрайын. Көңіл қоңырауын күмбірлеткен сайын сол алғашқы лекция көз алдыма көлбөндеп тұра қалады-ау. Ұстазым студенттермен таныстырды да шығып кетті. Жүрегім алып-ұшқан мен лекциямды бастап кеттім. Әуелгідей емес, алаң көңіл бірте-бірте сабасына түскендей. Өйткені студенттер менің лекциямды ынтыға тыңдап, бөлекше құлақ түргенге ұқсайды. Екі сағаттың қалайша тез өте шыққанын сезсемші. Бір қуанарлығы алғашқы күннен-ақ жақын, әдебиетке құштар үш-төрт жігіт ескі таныстарына араласып кетті. Мен де олармен іштерта сөйлесіп, ашық пікір бөлісеміз. Қалт еткен бос уақытта олардың жатақханаларына “қонаққа” барамын. Әрине, әңгімеміз- әдебиет, журналистика төңірегінде. Сол жазуға құштар жігіттердің бірі Жанат болатын. Уақыттың зымыранына ай! Содан бері де отыз жылға жақындапты. Кешегі балауса жас бүгінде өзіндік қолтаңбасы дараланған жігіт ағасына айналған Оған айғақ-оның республика баспаларынан жарық көрген онға тарта деректі, танымдық, көркем кітаптары. Кезінде өз оқырмандарының ыстық ықыласына бөленіп, лайықты бағаланған бұл туындылардың әрқайсысы хақында бөлек-бөлек көсіле әңгіме өрбітуге болады. Сөйтсе де өзім ықыластана парақтап отырған жаңа кітабы туралы бірер ауыз жылы сөз айтуды орынды көрдім. “Шағалалар жылай-ма, осы?...”- автордың ұзақ жылдарғы маңдай терінің жемісі. Кітап аты да тосындау, елең еткізеді. Мен білгеннен бері табандатып ешқайда жылжымастан газет шығарып келе жатқан танымал журналист бұл жинағына көркем очерктерін, публицистикалық ойтолғаныстарын, деректі әңгімелері мен эсселерін сұрыптап енгізіпті. Талғампаз қаламгердің таныс та бейтаныс туындылары өзіндік сыр-сипатына орай “Өмір-өзен”, “Дүние-дүбір”, “Іңкәр ғұмыр”, “Әлем тұнған бояу”, “Құштар көңіл” секілді

бөлімдерге топтастырылған. Әлгінде ескерткенімдей шөкіртімнің аяқалысын алғашқы мақалаларынан үзбей қадағалап келе жатқан менің көзіме көптеген дүниелері оттай басылған-ды. Тағы да ынтық көңілмен оқып шыққанымды жасыра алмаймын. Ал, кезінде жанарыма ұшырамай қалтарыста қалған журналистік жазбаларының қай-қайсысы да мерейімді марқайтып, Жанат шығармашылығына деген құрметімді одан бетер арттыра түскен еді.


Сөз жоқ, Жанат Елшібек бесаспап журналист. Қауырсын қаламын жастар газеті “Лениншіл жастың (қазіргі “Жас алаш”) алау көрігінде шындаған ол сан алуан тақырыпқа қалам тербеді. Журналистік іссапар ұлан-ғайыр республикамыздың түкпір-түкпіріне апарып, барлық облыстарды шарлатты. Әр сапардың өз сазы, өз әуені бар. Оның қолынан шыққан туындыларда апанық көрініп тұр. Сонымен бірге бүгінгі күнмен үндесіп жатқан әр кезеңнің сырын шерткен көркем очерктер көңілді әдемі бір әсеоге бөлсейтіні және аян. Журналистің кейіпкерлері де алуан-алуан. Қарапайым шопан мен малшы, техника құлағында ойнаған механизаторлар мен көк жүзінде самғаған ұшқыш, тұңғиықтан су ырыздығын сүзген балықшы мен болат селін ағытқан металлург, жас ұрпақ жанына ізгілік дәнін еккен ұстаз бен алақаны шипалы халық емшісі...

“Дүние-дүбір” бөліміне екшеп енгізілген қаламгердің жанын шырылдатқан ой-толғаныстары айрықша назар аударатыны сөзсіз. Ой-толғақтарды бейжай жанар жүгіртіп, жеңіл-желпі қалқып оқи алмайсыз. Өмірдің ащы шындығы, күйбең тіршіліктің сырт көзге беймәлім қалтарыстары, адамгершілік пен имандылығымызға дақ түсірер көлеңкелі кемшіліктер жалғанның жарығына паш етіледі. Журналистің жүрегін сыздатқан келеңсіздіктер бүкпесіз айтылып, ақ парақ бетіне ақиқат шері боп түсірілгендей. Шындығында жылдар бойы санамызды құрсаулап, жан-дүниеміз бен

психологиямызды сірестіріп тастаған, ойымыздың өзін бір қалыпқа құйғандай күй кешкеніміз жасырын емес. Ал бәрінен де санадағы сенді сөгу көбімізге оңайға түспегені мәлім. Осы тұрғыдан зерделесек соңғы жылдары әкелген өзгерістер мен рухани түлеу журналист ағайындардың қаламына да ерекше серпін бергенін айтар едік.

Уақыт тынысына дер кезінде үн қосу-кез-келген қаламгердің абыройлы парызы. Қазір оқтын-оқтын көкейкесті мәселе ретінде баспасөз беттерінде жазылып жүрген кейбір толғақты тақырыптардың осыдан бірнеше жыл бұрын Жанат қаламының ұшына ілініп, “Егемен Қазақстанда” дабылдап көтергені көңілге қуаныш әкеледі. Қазақстан картасының соңғы жетпіс жыл ішінде қалай шұбарланып, яғни елді мекендер мен жер-су атауларының бұрмаланып орысша жазылуы (“Коммунизмде” тұрмыз...”) өзекті еңгіменің ретінде бірінші болып жазған да Жанат екені белгілі. Оны әр материалдың жазылған жылдары дәлелдейді. Қалқып жазу мен қаузап жазудың салмағын уақыт ексесе керек. Бір кезде көпшілік оқырманды елең еткізген осынау публицистикалық ой-толғаныстардың қатарына өз астанасынан баспана бұйырмағаан қазақ қыздары мен жігіттерінің мүшкіл халін тілге тиек еткен “жетімбұрыш” жайын, қияндағы сібірден Алматы метросын саламыз деп пайда көздеп сабылып келген келімсектердің қысқа мерзім ішінде жауапты құрылысқа өздерінің сыбайластарын тоғытып, ойларына келгенін істегенін өшкерелеп тұңғыш рет өткір сын тезіне алған да аға гезеттің тәжірибелі журналисі болатын.

Сонымен қатар автор экологиялық тақырыпқа да қалам тербеген екен. Бұл орайда “Балқаш сабағы” ұштағанын айрықша үкілеп айтар едім. Қараталдың бойында, Балқаштың жағасында туып-өскен ол теңіз табиғатын, теңіз сырын, балықшылар өмірін өте жақсы біледі. Сондықтан да шығар



“Адамдар мен шағалалар” атты очерктер сериясы, Балқаштың кешегісі мен бүгінгі тағдыры туралы жазылған экологиялық эссесі мені ерекше әсерге бөледі. Балықшылардың тіршілік-қарекетін жетік білетін автор олардың еңбегін жалаң суреттеумен шектелмейді, құрғақ цифрларды тізбелеуге де ұрынбайды. Қайта керісінше толқында туғандар тұлғасын көк айдын төсінде бейнелейді. Әр штрихты, әр детальды шеберлікпен орынды пайдаланатын жазушы өз кейіпкерлерін іс-әрекет аясында әдемі кескіндейді. Осы әдіпте тулаған толқын жалында қалт-құлт еткен қара қайықтың үстінде бүкіл ғұмыры өткен теңіз тарландарының ішкі әлемін ашуда тылсымы мол теңіз табиғатын тамаша қиюластыратын автор жылдан-жылға тартылып бара жатқан Балқаш көлінің алаңдатарлық жағдайын толғақты мәселе етіп көтерген. Бір кездегі балауса құрағының сиреп, ну қамыс тоғайының құрып біткенін, үйрек-қазының азайып, жыртылып айрылар құс базарының кешегі ажарын жоғалтқанын, көлдің негізгі тіршілігі саналатын балық түрлерінің де азғынданып бара жатқанын ашына, тамшылатып жазады.

Жоғарыда айтқанымыздай Ж.Елшібектің қаламынан туған дүниелердің қатарына от оранып, оқ бораған соғыс жылдарының қиын-қыстау кезеңін өзек еткен бірнеше деректі очерктері жатады. Елу жыл ішінде соғыс тақырыбына қалам тербемеген журналист жоқ шығар, сірә. Сарқылмайтын, таусылмайтын бұл тақырып-1418 күн мен түн жаңғырығы әлі де жазыла бермек. Жаттандылықтан қашқан қабілетті журналист майдан өмірін де нанымды әрі тартымды суреттейді. Мәселен, оның панфиловшы батырлардың Мәскеу түбіндегі шайқасына арналған очеркі көркем туындыдай қызықты оқылады. Әдемі әсер қалдырады. Өзіндік ізденісі очерктің құрылысынан көрініп тұр. Саяси жетекші Василий Клочковтың өмірбаянынан алынған үзіктерді кейіпкер тұлғасын соғыс



даласында көрсетіп, ішкі жан сарайын аша түсу сәтінде ұтымды пайдаланғанын қадап айтқан жөн. Ал ержүрек батыр, даңқты қолбасшы Сабыр Рахымовтың зайыбы Құралай туралы очеркі де қилы-қилы күйге түсірері анық. Бәрінен бұрын он жетісінде от кешкен генералдың зайыбының соғыстан кейінгі өміріне қатысты деректер жан тербіренерлік. Очеректің мазмұнын баяндап жатудың қажеті шамалы-ау. Бес-аяғы жұмыр, шапшағын туындыдан оқырман атақты генералдың өмірбаянына қатысты елең еткізер жалғыз деректі ұшыратып іштей қуанары сөзсіз. Ол- батырдың туған жері. Жалғыз сөйлемнің астарында көп мән жатқанын әркім-ақ сезер. Осыдан тура жиырма жыл бұрын баспасөз бетінде күдікті, дүдәмал деректің өзін ашық айта бермейтінбіз. Әйтпесе “генерал Сапбыр Рахымовты қазақ деп жазыпты” деп өзбек ағайындар Мәскеуге де, өзіміздің үлкен үйге де арыз жазып, ал Жанаттан ЦК түсініктеме алып, әуреге түсірмес еді. Көпшілік жұрт біле бермейтін осы жайды кітаптағы “Көктемім-қимас өткенім” очерк-сұхбаттан оқисыздар...

Танымал журналистің еліміздің атақ-даңқын бүкіл планетаға жеткізген қазақстандық спортшылар халқында жазған очеректері мен деректі өңгімелері де назар аудартады. Шұрайлы штрих, кестелі тіл, ұтқыр көріністер автордың ізденгіштігін байқатса керек. Өйткені, жаттандылық, бірізділік көбіне қасандыққа ұрындырады ғой.

Осы тұрғыдан қарасақ Жанаттың республикамыздың белгілі қылқалам шеберлері мен ақын-жазушылары туралы, олардың шығармаларын тілге тиек еткен эсселерінің орны бөлек. Бұл жерде ол өзінің тақырыбына атүсті қарамай терең талдау жасауға ұмтылады. Сурет өнері, әдебиет әлемі жайында зерделі зерттеушідей қордалы ойлар түйер автордың нәзік сезімталдығы, қағылез байқағыштығы ө дегеннен-ақ көзге

ұрады. Шынайы пікірімізді оның табиғат туралы алақандай әңгімелері мен молтек этюдтері одан бетер бекіте түскен.

Әрине, шағын шолуда Жанат Елшібектің қаламынан шыққан барлық туындыларын жіліктеп шағуды мақсат етпедік. Бәлкім болашақта қайталап та соғармыз. Себебі, оның танымдық кітаптары қазақ журналистикасының көкжиегін кеңейтуге үлес қосса, жазушылық қарымын көрсеткен “Жоғалған теңіз” повестер мен әңгімелер жинағы кезінде оқырмандардан лайықты бағасын алғанды. Әрдайым сергек те, ұшқыр ойлы ағамыз марқұм Ғафекен- Ғафу Қайырбеков бұл повестер кітабы жөнінде “Қазақ әдебиеті” газетіне қуана жазған еді: “Жазушыға керегі екі нәрсе- бірі суретшілік талап, екіншісі әдемі көркем тіл. Бірі болмаса, бірі жоқ. Көп жағдайда соның біреуінің жоқтығын мойындамай, қаншамыз ұзақ әуре боламыз. Жанатта құдайға шүкір, екеуі де бар... Екі бірдей шағын шығармасына мынау қиын заманның екі бірдей толғақты мәселесін өзек еткен жазушы Жанат Елшібеков жалпы әдебиетімізде, оның ішінде балалар әдебиетіне нағыз суреткер, талантты профессионал жазушының келіп қосылғанын дәлелдесе керек. Мен соған қуандым. Ауызды, әдетте, күр шоппен сұртуте құмармыз. Қазір “жоқ” деген сөз әдетке “модаға” айналды ғой. Оқымаймыз, іздемейміз, өйткені ол артық жұмыс. Оқымасақ, әрине, білмейміз...”

Үлкен ақынымыздың пікіріне мен де қосыламын. Қиялыңа қанат бітірер қаламына әрдайым қуат берсін, Жанат інім!

“Шағалалар жылай ма, осы?...”

Кітапқа алғы сөз, 1996 ж.

Дүкенбай ДОСЖАН,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының
лауреаты.

ОРНЫҚТЫ ОЙ, МӘЙІН ТІЛ

Лев Толстойдың “Өмір жолы” аталатын мақаласында төмендегіше жолдар бар: “Егер адамның өмірі қиындаса, оның себебі- ол адамда сенімнің болмағаны. Мұндай жағдай халықта да болады. Егер халықтың хал-ахуалы төмендесе - онда ол халықтың сенімді жоғалтқаны”. Бұл сөзді келтіріп отырғанымның мәнісі- сенім деген ұлы күш. Кішінің үлкенге сеніп, соның шыққан биігіне жетсем, сенімінде жүрсем деп ұмтылуы, үлкеннің ізін басып келе жатқан інісіне көңілі толып осы менің айтпағанымды айтады, үдесіңе жете алмағанды тындырады деп үміт артуы кісіге тың серпіліс беретін ұлы күш. Жанатпен ұшырасып сөйлескен сайын кеудеме тосын әсер күйылады. Тарқатып айтайын.

Кешегі “Лениншіл жас”, бүгінгі “Жас алаш” газетінде қашан көрсен оңашаланып алып, сұқ саусағы сүйелденіп мақала жазып отыратыны әлі күнге көз алдымда. Апырмау, деп ойлаушы едім. Сонда, анда-санда, айында-жылында алып-ұшып жастар басылымына соға қалсақ өзге редакция қызметкерлері біреуі ойға, біреуі қырға іссапарға аттанып, редакция басшылары “ақ үйдегі бастықтар шақырып жатыр”, - десіп таптырмауға айналдарғанда көзілдірігін танауына төндіре киген, шашын саусағымен тарай түсіп қағазға үңілген жігіттің жылы ұшырап сәлемдесуі де жылы. Мақаласы газетте жиі басылады, сәлем берісі де өзгеше. “Жазып жатырмысың, Жанат” деп сұрақ-сауал қоямын кездескен сайын. Жымың ете қалған көзілдірікті бозбала: “жазып жатырмын” дейді. Газет қыз-меткерлерінің біразы тақырып іздеп, қоржынымызды

әсерлі сөз, әдемі бояуға толтырамыз деп жан-жаққа іссапарға аттаныпты. “Қағазға үңілсем-ақ саулап қоя беретін сөзің таусылмай ма”,-деймін. “Таусылмайды”, деп жауап береді... Қағазға үңілген сайын жазғысы келіп тұратын болса, жібек матаның суыртпағы секілді тінін босатса болды сөзі құйылып келіп жатса, мына жігіттің тегін болмағаны онда. Сөзі байдың-ойы бай. Сөз қасиеті бойына сіңген кісілер сырттағы құбылысқа жалт етіп жалғыз мәрте қарағаннан дүние-пәленің көрінісін көңіл суретіне түсіріп ала қояды. Көңіл көкірегі бейне фотоаппарат, көрінген нәрсені “анасы қандай, мынасы қалай еді?-деп ежіктеп сұрап жатудың пәлендей қажеті аз. Көрді-болды, көңіл суретіне түсіреді. Ылғи ғана жұмыс үстеліне шегеленіп ақ қағазға маржандай етіп жазып отыратыны көңіл суретінің молдығынан, көкірек көзінің қырағылығынан бәлкім. Әр адамның тағдыры бір-бір кітап. Журналист, жазушы ағайын көбіне өзін, көзқарасын жазады. “Жас алаштай” ағынды асау өзеннің толқынында еркін құлаштап жүзіп есейген, кемел жағаға жеткен Жанат ініміз кейінгі жиырма жылын “Егемен Қазақстан”шаңырағының астында өткізіпті.

Өмірдің өрі мен ылдиды кезек алмасқан үлкен жолында ұшырасқан, сыр бөліскен мықты адамдармен ойласуы, мұндасуы жазған дүниелерінің салмағын арттыра түседі. “Өзім, өзім, өзім” деп кеуде қаққанын көрмейсің, ірі оқиғалар мен зор тұлғалардың тасасында тұрып-ақ өмірге деген бірегей пайымын баяндап беруі кісі қызығарлық. Дарын мен еңбек егіз. Бірінсіз бірі құр тыраштану. Жанын жеп, басын тауға да, тасқа да ұрып дегендей, ұрынып, тер төге білмеген дарынды адамдар шала жанған бықсыма секілді, ерте ме, кеш пе, әйтеуір өшіп тынады. Ал еңбектің ашы терін тамшылытып жүрген топайкөктен суырып алып шығар сұрапыл дарыны болмаса- ол-дағы қыр аспай жатып тұншығады. Жанатта осы екі қасиет тел ұшырасады. Аса алғыр қиялы қамшылап ерте тұрғызып, кеш

жатқызып қолтығының астына қанат бітіргендей сезілсе, ал бірігей еңбекқорлығы қай-қайсымыздан да асып жығылып, тал қалғызады. Соның куәсі ретінде “Шағалалар жылай ма, осы?...” жинағын сүзіп шыққан кезімізде

ойы орнықты,
болжамы бай,
тілі мәйін,

оқырман қиялын әр қиырға жетелеген жігерлі тағдырларды көз алдымыздан өткеріп тынысымыз кеңігендей сезілгенін жасыра алмаймыз.

Рас, осы кезде кешегі қызыл төңкеріс лаңы, аштық құрбандары, зұлмат зобалаңы, Ұлы Отан соғысында оққа ұшқан бауырларымыздың тағдыры аз жазылып жүрген жоқ. Жылау мен жоқтау, иықты зіл қаратас болып басқан қырсық пен кесепат шексіз. XX ғасыр қазаққа нағыз тозақ болыпты. Енді қайтпек керек? Жаңа ғасыр табалдырығынан аттағалы тұрмыз, осы көз жасымыз бен жылаулы, зарлы кейпімізбен енеміз бе... әлде оң-солымызға қарап ірі сілкініп алып үлкен үмітпен енеміз бе!...

XXI ғасырға қазақ не тозақтан өтсе-дағы жойып алмаған жақсы салты, жарқын дарыны, мықты қажыр-қайратымен енеді дейді Жанат ініміз. Ініміз артқа жалтақтап, жылап, жоқтау айта бермей, біразырақ ой тоқтатып, қайрат жинап, жақсы күндерге ұмтылуға үндейді. Жігерге, мықтылыққа жетелейді.

Мұхаммед пайғамбардың ғұмырнамасын жазған Ирвинг Стоун төмендегіше қызық мысал келтіреді.

“Замандастарының айтуынша Мұхаммедтің бойынан, жүрген жүрісінен, сөйлеген сөзінен кісіге деген мейірбандық аңқып сезіліп тұрады екен. Дүнидегі не қилы кереметтерге куә болдым, ерлік жасадым, ғажайыпты басымнан өткердім деп ешқашан мақтанбаған, айтатыны тек қана құран сөзі. Ал,

өлгідей “жасады, өткерді” деп жүргендер кейінгі мұсылман мүфтилері ғана”, -деп жазады тарихшы.

Інімізді ғажайыптың ғажайыбы пайғамбарға теңегелі отырған жоқпын. Ойға оралатын жалғыз нәрсе: еңбегіне, мейірбандығына, тәлім-тәрбиесіне сенген кісі Абай айтқан “мақтан, дабырадан” бойын аулақ салғаны деп түйемін. “Өзің сен, өзінді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап” дегенді Жанат үйреніп емес, бойына мінез ғып сіңіріп өскен. Ерекшелігі де осында.

Туасы көп дарындар табиғатына, өскен ортасына тартып туады. Бұлай дейтін себебim: қалың құм арасын сойып аққан Қаратал өзенінің бойы, көгілдір Балқаш жағасы, Қаратал өзенінің құйғаны, ініміздің аунап-өскен төл ортасы, қасиет мекені. Бұл өңірден Бақай батыр, Жөлменде би, Пышан ақын секілді атақтылар шыққан. “Ер Бақай ел шабуды сүймейді екен, залалсыз момындарға тимейді екен; Қан сорғыш залым менен қалмақтарды, қор етіп қамшыменен илейді екен” деген сөз сол кешеден қалған. Құм шағыл шикіл даласы көгілдір өзенмен қойындасқан, ну қамысында отызыншы жылдарға дейін тарғыл шері жортқан күні аптап, түні жұлдызды осынау өлке сөзге бай. Бақайдың жанарын қалың қасы басып тұрады екен. Ашуланған кезде қасын саусағымен көтеріп, назарын тіктеп қараса ол адамға көз тистін болған. Баяғы аруақты бабалардың өлмейтін батасы тиді ме, әлде қазақы көркем сөздің қасиеті жұқты ма, мына нарықтық заманындағы Жанат ініміздің қаламы жорға. Жалғыз ғана мысал: “Іңір қараңғылығы қоюлана көк күмбезінің алыс төріне біртіндеп шырақтар іліне бастады. Бүгінгі түн тұңғыш күн күркіреді. Ертеңгісін дала жүзін жаңбыр суына жуып оянды” (Шағалалар жылай ма, осы”, Алматы, “Қайнар”. 1996, 372-бет). Сурет пе осы? Сурет. Көрмесен де көңілде қалатын бояу бар ма? Бар. Ендеше, өлгі жорға қаламнан ақ қағазға түскен сөз, сөйлем оралымдары

осынау даңғазасы, дабыр-дұбыры мол дүниеде оқырманын жіпсіз жетелейді. Иландарады, иә дегізеді.

Жоғарыда Жанат ініміздің қараптан-қарап басына бейнет тілеп алатын еңбекқорлығын, сосын маңайына, жүрген жеріне ізгіліктен, адамшылықтан шуақ шаша алатын ақ көңіл адал пейілін айтқан едік. Үшінші ерекшелігі деп қадап айтарымыз: сөзбен сурет сала білетін суреткерлігі. Дүниені көкірек көзімен көріп елеп-екшеу бар да, сол түйгенді тірі сөзбен дәл сызып елестетіп шығу бар. Кез келген сауатты кісі екі сөздің басын құрап хат жаза біледі, хат жазған қазақ осы күні кітап шығаруға машық. Ал, сөзбен өрнекті кестелеу сирек өнерліге қонатын бақ. Аспандатып мақтағанымыз емес, барды бар деп қана айтқанымыз. Жанаттың қаламынан туған кейінгі кітаптарында суреткерлігі көзге ұрып тұр.

Сонымен де қымбат бағаланады.

Өз басым қаламы қуатты, қазақ сөзінің майын езіп ішкен қаламгер Жанат Елшібек бойынан ғажайып байқампаз мінез, көргіш, болжағыш сырды сезгендей боламын да тұрамын. Иланамын. Тәнтімін әрдайым. Содан қаламының қуаты кемімесін, табиғат тәңірі бойыңа дарытқан қабілет-қасиетің ұзағынан сүйіндірсін деп тілек етемін.

“Жемісу”, 14 мамыр 1997 ж.

Әділ ДҮЙСЕНБЕК.,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

ӘРІПТЕС ТУРАЛЫ СӨЗ

Бір жүйектен нәр алып, бір жүлгеден дәм татып дегендей, күнде бір есіктен кіріп бір есіктен шығып аралас-қуралас жүрген адамың туралы ой толғау бір жағынан оңай да, бір жағынан қиын екен. Оңайы-оның бар болмысы мен мінезқұлқын бес саусағындай жақсы білесің: демек отыра қал да, жаза бер; қиыны- осы жаза беруде болып тұр: алдыңнан аңдыздай шыққан сол жақсы қасиеттерінің қайсысын бірінші айтсам екен, қайсысына көбірек тоқталған жөн деген сияқты сансыз сұрақтар шырмауында қалып қаламыңды қайта-қайта айналдыра береді екенсің...

Мен Жақанды- Жанат Елшібекті екеуміз “Егемен Қазақстан” (бұрынғы “Социалистік Қазақстан”) газетінде тізе қосып қатар еңбек ете бастаған 1978 жылдан бері білемін. Бұған дейін ол республикалық жастар газеті “Лениншіл жаста” (қазіргі “Жас алаш”) істеп, үлкен мектептен өткен екен. Сөйтіп қазақ баспасөзінің қасиетті қара шаңырағының есігін біраз тәжірибе жинақтап барып ашты. Міне, содан бері жұбымыз жазылмай, бір терінің пұшпағын бірге илесіп келеміз.

Ең алдымен айтарым, Жақаң еңбекқор жан. Оның еңбекқорлығы шығармашылығының барлық қырынан көрініп жатады. Мәселен, жазушылығын алып қаралық Мұнда шын талант иесі жазған кітаптарының санымен емес, сапасымен дараланып шығады. Ал ол бәйгеге қосқан жүйріктер сияқты қалың көпшілік пен ел-жұрттың көз алдында өтетін әділ бәсеке екені сөзсіз. Осы тұрғыдан келгенде жазушы Жанаттың ана бір жылдары “Қош бол, теңіз” атты повесінің жастар мен балалар өміріне арналған таңдаулы шығармалардың жабық бәйгесінде

жүлделі орын алғанын айтсақ, оның еңбекқорлығымен бірге, талантын да таразылағандай боламыз ба деп ойлаймын. Сондай-ақ, оның әр жылдары жазылған “Жауқазын”, “Студенттік меридиандар”, “Алтын ұя, “Атамекен”, “Жоғалған теңіз”, “Шағалалар жылай ма, осы?”, “Қарлығаш” атты жинақтары да оқырмандар көңілінен шыға білді. Қазіргі жазып жүрген “Теңіз мұңы” атты романы жазушының көп жылғы шығармашылық еңбегінің шыңы іспетті дүние деп білеміз. Ол да таяу уақытта оқырмандар қолына тиіп қалары сөзсіз.

Жанат- жалынды журналист. Оның бұл саладағы қызметін де сан қырлы деп айтуға болады. Бірінші жыл жаңалық, ішкі және сыртқы хабарлар, өнеркәсіп және транспорт бөлімдерін басқарған Жақаң қазақ журналистикасының не бір үрдіс үлгілерін де өмірге әкелді. Сол кездегі газет тігінділерін қарай отырып біз журналист Жанат Елшібек жазған және ұйымдастырған мақалалар мен материалдар сериясын өз алдына арнайы өңгіме етуге болар ма еді деген ойда қалдық. Айтпақшы, арнайы дегеннен шығады, оның журналистік шеберлігі мен шығармашылдығы туралы осы салада мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарында бірнеше диплом жұмысы да жазылғанын айта кетудің артықтығы жоқ шығар. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының үш мәрте жүлдегері атанған Жақан үшін бұл да бір үлкен мәртебе.

Құстың қос қанаты сияқты- жазушылық пен журналистік өнерді қатар алып келе жатқан оның тағы бір қырын баса көрсеткім келеді. Ол- Жақаңның қолы қалт ете қалғанда түрлі кроссвордтар мен чайновардтар құрастырумен айналысуы. Оны өнер деп те, шығармашылық деп те айтуға болатын шығар. Қалай атасақ та, төл басылымдарымызға тым кенжелеп келіп, қазір кемел келбет көрсетіп жүрген осы жанрдың өсіп-өркендеуіне Жанат Орынбайұлының қосқан үлесі ересен. Сондықтан да болар жұртшылық, әсіресе жастар жағы, оның

“Сен білесің бе?”, “Зерек” атты кітаптарын іздеп жүріп алады. Осылайша ол қазақ баспасөзінде танымдық туындылар жанрының көкжиегін одан әрі кеңейтуге көп үлес қосып келеді.

Жақаң қазір де бұл “хоббиін” қойған жоқ -”Егемен Қазақстанда” әр сенбі сайын беріліп тұратын “Таным” бөлімін тартымды шығарып жүр. Редакцияға келетін хаттың үштен бірі осы бөлімге түсуі соның айғағы.

Әңгіме әуені қайтадан “Егемен Қазақстанға” ауғандықтан Жақаңның тағы бір қыры туралы айтпай кетсек, әділдік болмас, сірә. Жанат жауапты хатшы ретінде газеттің макетінен бастап мазмұнына дейін жауап береді. Сондықтан да оның әр нөмірінде, әр бетінде әдебиетіміздегідей өзіндік қолтаңбасы бар десек, асыра айтқандығымыз болмас.

Үлкенге ізетті, кішіге қамқор Жақаңның жаны қандай таза болса, шығармашылдығы да сондай кіршіксіз, мөлдір, әрі сан қырлы. Сондықтан да оқырмандары оны әр кез сағынып, аңсап отырады. Бұдан артық қаламгерге құрмет болмаса керек. Біз сені үнемі осы биіктен көрейік, Жақа! Мерейтой құтты болсын!

“Жетісу”, 14 мамыр 1997 ж.

Темірхан МЕДЕТБЕК,
Қазақстан Жазушылар одағының екінші хатшысы.

ЖАНЫ СЕРГЕК ЖАНАТ ЕЛШІБЕК

Дүниеге рухани түлеу мен жаңғыру, дүмпу пен дүбіліс ала келген сонау алпысыншы жылдардағы кесекті кезеңдердің соңын ала бере республикамыздың түкпір-түкпірінен, тар қуысты ғана мекендеп, қарақан басының қамын ғана күйттейтін күйкіліктен ада, ірі мақсат, ұлы мұратқа ұмтылған біздің толқын да Алматыға құйылған-ды. Сол толқынның ішінде, әлбетте, біздің бүгінгі әңгімеміздің кейіпкері Жанат Елшібек те бар болатын.

Менің Жанатпен жітірек танысып, жақынырақ білісуім ерекшелеу болды. Өйткені, скеуміз де ҚазПИ-дің студенттері бола тұра, көршілес бөлмелерде бір жыл бойы қатар өмір сүрсек те, біздер Қостанайдың Жітіқара деген жеріне астық жинауға барғанда ғана дұрыс танысып, кеңірек ұғыстық. Ол кезде Жанаттар оң-солын енді тани бастаған екінші курсқа жаңа ғана көшкен студенттер болатын. Ал мен болсам үшінші курста оқитын, өзімше егде, сақа студентпін.

Мен сол жылғы астық жинау маусымын, кейіннен өмірімнің мәні мен мазмұнына айналған себепке байланысты, өз курстастарымнан бөлініп Жанаттармен өткіздім де, олармен тез арада тіл табысып, достасып кеттім.

Бір маусым бойы қатар жатып тұрып жүрген біз әдебиет хақында, өлең туралы, журналистика жайында ұзақ-ұзақ әңгіме соғып, пікір таластыратынбыз. Ол кезде қазақ баспасөзінде шығып жатқан дүниелердің бәрін жатқа білеміз. Қылт етіп көрінген нәрсе көзімізден таса қалмайды. Тағы да қай нәрсеге де (олпы-солпы болса да) өз пікіріміз бар боп шығады. Сондай пікір таластары тұсында, сыртқы жүріс-тұрысына қарасаң, не

өрттен шыққандай, не өрт сөндіруге бара жатқандай асығып-үсігіп жүретін Жанаттың ой-пікірі көбіне-көп орнықты боп көрінетін-ді. Сол кездегі Жанат бойынан байқағаным: өзі қазір шашылып қалатындай алқын-жұлқын жүргенмен, сөзі аса сабырлы. Қимылы қазір соқтығыс пен қақтығыс тудыратын мінезге ие болғанмен, ісі сондай сақ, әрі алғыр. Бір қарағанда бейқамдау, тіпті салдыр-салақтау көрінгенмен, өте мұқият. “Әйт” десең үркіп қаша жөнелетіндей тұла бойы көзі бақырайған үрейден тұратын сияқты болғанмен, табанының бүрі бар табанды, мығым.

Содан бері отыз жылдан астам уақыт өтіпті. Жанат әлі де сол қалпында.

Тағы бір мына жайды айта кеткім келеді. Ол кез-түріңе де, тіліңе де қарамайтын кез. Тіпті мынаны жеймін, ананы жемеймін деп айта алмайсың. Яғни сорпаңа дейін саясат, шайыңа дейін идеология. Айтқанмен де тесік өкпе студенттің даусын кім құлағына қыстырады? Таңертеңнен кешке дейінгі қорегіміз шошқа еті. Жесең де жейсің, жемесең де жейсің. Алғашқыда тіксініңкірегенмен, көп-көп студенттер тез үйренісіп кетті де, біразы тіпті, әрі-беріден кейін ет жинап қонданып алды. Ал Жанат жазғы жұмыстан кеткенге дейін ештеңе жарытып ішіп-жей алмай, кейде нан шайды ғана қорек етіп, көзі шүңірейіп, жақ еті суалып, сүйегіне ілініп зорға қайтты.

Енді, міне, бүгін кешегі көзілдірікті қатпа қара бала Жанат, жұрт сыйлайтын, ел білетін, сөзінің нәрі, өзіңнің қадірі бар Жанат Елшібек мырзаға айналды. Елуге келді. Еңбегімен келді. Шынында да біздің Жанат-арқасынан ешуақытта жүк түсіп көрмеген, мойынынан ғұмыры қамыт босамаған еңбектің адамы. Ол дар ағаштың астында тұрып та “аттың ер-тоқымы алынбай қалды-ау” деп ойлайтын өпенді шаруаның сойынан. Әйтеуір, оны қай уақта көрсең де мұрнынан шаншылып

жатқаны. Оған қай уақыта қарасаң да екі қолын төрт ете алмай жүргені. Жанат тіпті курортта да мұрнына сужеткізе алмай қапылып жатады... Сірә, ол он жыл кейін бітуге тиіс жұмысқа да асығып тұратын болса керек. Бірақ әлгінде айтып өткендей, барлық шаруасын асығып жасағанмен, атүсті жасамайды. Бәрін де мұқият тиянақты етіп бітіреді. Жанат, меніңше, бір-ақ нәрсеге асықпайды. Ол ешкімнің де, тіпті жауының да көңілін қалдыруға асықпайды. Бұл мәселеде ол соншалықты бозымбай сылбыр, соншалықты салбоксе шабан.

Еңбекшіл адам қашанда ізденімпаз. Ал ізденімпаз адам, өдетте, бір жерде байыз тауып тұра алмайды. Жанат бойындағы сергек асығыстықтың да бір ұшы осында жатыр. Ол күні кешеге дейін жөнді дамымай келген, бірақ адамның ой-өрісін кеңейтіп, танымын ұлғайтатын қажетті шығармашылық сала сөзжұмбақтардың тұтас галереясын жасаған екен. Сөзжұмбақ түзу деген ізденпаздықпен бірге ыждағаттылықты, үлкен төзімді қажет ететін шаруа ғой. Бұл ретте Жанат бойындағы асығыстықтың төзіміне таң қаласың.

Мен бұл жерде Қазақстан Жазушылар мен Журналистер одақтарының мүшесі Жанат Елшібектің жазушылық, журналистік еңбектеріне көп тоқталғым кеп отырған жоқ. Тоқталсам, ол ұзақ өңгімеге ұласып кеткен болар еді. Оның үстіне, Жанаттың ол еңбектері жұрттың бәріне кеңінен белгілі. Тағы да ол еңбектер елеусіз, атаусыз қалмаған. Жанат кезінде сүбелі-сүбелі мақалалар топтамасы үшін Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты болды. Жазушылық еңбегі де абыройсыз емес. “...Қош бол, теңіз” атты композициялық құрылымы жөнінен де, жазылу мәндері жағынан да жұп-жұмыр повесі республикалық “Жалын” баспасының балалар мен жасөспірімдерге арналған бәйгесінде жүлдегер атанды. Оның жүрдек те, жомарт қаламынан “Жауқазын”, “Студенттік меридиандар”, “Алтын ұя”,

“Атамекен”, “Қарлығаш”, “Жоғалған теңіз”, “Зерек” тәрізді публицистикалық, танымдық, әдеби кітаптар дүниеге келді. Жақында ғана қолымызға оның “Шағалалар жылай ма, осы?...” атты кітабы тиді. Қазір Жанат үлкен тақырыпқа бел буып отыр. Ол Балқаш балықшыларының өмірінен “Теңіз мұңы” атты роман жазуда.

Жанат өмірде үлкенге де, кішіге де сыйлы адам. Оның атына кезінде Ғафу Қайырбеков, Мұзафар Әлімбаев, Шерхан Мұртаза сияқты қадірлі ағаларымыз шын ниеттерімен жақсы сөздерін айтқан. Осыдан-ақ оның абырой биігін қай деңгейден іздестіру керек екенін бағамдау қиын болмаса керек.

Сөзімді қорыта келе мен өзімнің адал да, ақкөңіл досым Жанатқа былай дегім келеді:

Жаны сергек Жанатым,
Жүрек шамын жағатын,
Айналаңды жылытар
Таусылмасын жан отың.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

“Егемен Қазақстан” газетінің ұжымы әріптесіміз, республикаға танымал журналист-жазушы Жанат Елшібектің ер жасы 50-ге келген мерейтойымен құттықтайды. Жанат Елшібек газет безендіру ісіне жетік маман, жақсы жолдас, талантты қаламгер, жанұяда қадірлі отағасы. Бүгінгі мерейтой сәтінде әріптесімізге зор денсаулық, шығармашылық табыс, отбасына амандық, адами бақыт тілейміз.

Егеменқазақстандықтар.

14 мамыр, 1997 ж.

Құлбек ЕРГӨБЕКОВ.,
Филология ғылымының докторы.

ДЕРЕКТІ ПРОЗА ДИДАРЫ

- Әй, қойшы, бізде деректі әдебиет бар дейсің бе?

Досым таусыла сөйледі.

- Е, неге болмасын? Назарға ілікпей жүргені болмаса бізде деректі әдебиеттің қызықты үлгілері бар.

- Бар болса, айта қойшы, қандай үлгілері барын?

Әңгіме осылай өзара келіспеушіліктен басталған еді. Қанжығалас жүрген жігіттің өзiлi болар, сыншыларға назы шығар деп ойлағам. Байқасам – бар шыны. Ендеше, оларға жауап беру қажет.

Деректі әдебиет жайында не айтуға болады? Әрине, орыс әдебиетінде деректі прозаның неше атасы бар. Нақты дерекке құрылып жазылған ол еңбектер кезінде тиісінше бағаланған. Айталық, документалист С.Смирновтың “Брест қамалы” кітабына Лениндік сыйлықтың, В.Чивлихиннің “Зерде”, Д.Граниннің “Клавдия Виллор” повесіне СССР Мемлекеттік сыйлықтарының берілуінің өзі көп жәйтті аңғартса керек. Қазақ әдебиеті де деректі проза үлгілеріне кенде емес. Жазушы Сәуірбек Бақбергенов, Әзілхан Нұршайықов, Қасым Қайсенов, Әди Шәріпов, Мәлік Ғабдуллин секілді жазушыларды танытқан деректі туындылар. Күні бүгін де деректі әдебиеттің қызықты үлгілері көптеп жазылуда. С.Бердікұлов, Қ.Тұрсынқұлов, Ж.Бейсенбаев, Ж.Елшібеков секілді жазушылардың соңғы жылдары жарық көрген кітаптары пікіріміздің кепілі. Оқырманмен сырласа отырып, осынау авторлардың кейбір еңбектеріне тоқталсақ дейміз.

Әдебиетте әр қаламгердің бауырынан басқан бәсіре тақырыбы болса ғой шіркін! Қазақ қаламгерлері көрінген

тақырыптың жалына жармасып, шаршап жүр ғой тегінде. Айнымас тақырыбы бар, сол “қорықты” аялай тер төгіп келе жатқан қаламгердің бірі – Сейдахмет Бердіқұлов. Сөздің дәмін журналистикадан алған С.Бердіқұловтың кітабы, тіпті ағымдағы баспасөзге алақандай мақаласы шығыпты деген хабар естілсе, оқырман оның сөз жоқ спорт хақында боларын айтпай-білмей шамалай береді. “Арбаған мені бір сиқыр” кітабы жарық көргенде сүбелі дүниенің шүйгінді бір саласы спортқа бағышталарын іш сезген. Расы да солай болып шықты. Тіпті аталмыш кітап түгелімен спортқа арналған десек те қателеспес едік. Алайда, спорт хақында дәйектеп жазу деген мәселеміз және бар ғой. Міне, осы межеден көз салғанда кітаптағы “Ертеңнен салса кешке озған”, “Яшин, Эйсебио және Фарман”, Теректісай”, Месопотамия мен Медеу”, “Бастау барын мұхит та біледі”, “Жүрсің-ау бір қиырда”, “Сүйінші”, “Мен көрген король”, “Желаяқ”, “Гүл беріп, алтын алды”, “Тау шайқалған жекпе-жек”, “Қасақы”, “Найзабек атаның сайыпқырандары”, “Жеке- дара”, “Тимур және оның командасы”, “Мәңгілікке бірінші” секілді ықшам, шымыр дүниелер спорт сайыпқырандарына арналыпты. Әрқайсысы әр кезде жазылған деректі эсселер. Даңқты шабандоз, атақты футболшы, боксер ... дегендей бұл деректі туындыларда күллі әлемнің кескекті спортшыларының қызықты бейнесі жасалған. Бейнесі дейсіз бе? Әдетте, документалистер оқиға тізбегін қуалап кетеді емес пе? Ал, С.Бердіқұловтың бір ерекшелігі спорт қара нарларының мінез-құлығы, шайқаста өздерін ұстауы, ішкі жан-дүниесіне жіті көңіл аударады. Содан келіп, спортшының кейіпкер ретіндегі мінезі –бейнесі келіп шығады. Көп Кәстекбай Рахметжанов, Дабыл Атанұлы, Шоқыр Бөлтекұлы, Ғұсман Қосанұлы, Октябрь Жарылғапов, Әбдісалан Нұрмаханов секілді қазақ спорт өрендерінің жүргені қандай ганибет.

Әр эссені тосын бастау, тілге ерекше мұтқәәмдық, спорт терминдерінің қазақы баламасын жасап текске табиғи сіңіру С. Бердіқұловтың суреткерлік табиғатына тән текті мінез. Қазақтың көп көгенкөзі С Бердіқұловтың спорт хақындағы деректі тундыларын тамсана оқып, спортқа келді десек қателеспейміз. Спортқа ғана келеді ме олар? Қазақ әдебиетінде соңғы кезде көріне бастаған спорт журналистері де С. Бердіқұловтың деректі туындыларын оқып, әдебиетке ден қойғандар дер едік. Солардың бірі спорт тақырыбына өнімді қалам тартып жүрген Несіп Жүнісбаев. Біз оларды ұстаз-шәкірт болып тізе қосып жазған “84-жылдың теңдессіз 16 күні” аталатын кітабын да сүйсініп оқығанбыз кезінде.

Қазақ жазушысы- Якут АССР-іне еңбек сіңірген мәдениет қайраткері... Кім ол? Ол- жазушы Қалаубек Тұрсынқұлов. Бар қайрат-жігерін деректі әдебиетке бағыштап жүрген қаламгердің бірі- К.Тұрсынқұлов.

Ілгеріде біз оның Ұлы Отан соғысының қан майданында опат болған жауынгерлер дерегін (зиратын) іздеп табу, ерлік істерін тірілту бағытында жазылған деректі туындыларын қызыға оқып, “Лениншіл жас” газеті бетінде қолдап, мақала да жазғанбыз. Онда біз Қалаубек есімін оқушысына, әсіресе, ыстық көрсететін деректі повесть, журналистік жазбалары деген едік. Расы да сол?

Міне, енді ол соңғы он шақты жыл беделінде түріктік тегі бір Саха елі жері жайлы ізденіс сарабына түсіп алды. “Мен Якутия жеріне тұңғыш рет аяқ басып, елге қайта оралған соң бір “ауруға” шалдықтым. Оның-аты-”Саха жерін сағыну” :Поляр шеңберінің маңында”, “Жазушы” 1986, 145 бет)- дейді жазушы. Сағыныш билеген жазушы бауырлас Якутия жеріне он шақты рет арнайы сапар шегіпті. Әр сапарда қазақ, саха халықтарының ертелі-кеш тарихи, әдеби байланыстарының көп дерегін тірілтіп, оқушысының алдына жайып салыпты. Сол

сапарлардан “Аңды-Қарағыз” деректі повесі, “Поляр шеңберінің маңында” жолжазба кітабы жазылып, жарық көріпті. Алайда, жақсы, жаман деп пікір айтқан сыншы ағайын көрінбейді.

Тамыры терең, тарихы қызық тартымды баяндалар туынды-”Аңды-Қарағыз”. Аңыз бен тарихи деректер аралас келіп отыратын бұл шығарма деректі әдебиеттің тәуір бір үлгісі дер едік.

Жазушы күні түнге бара-бар мәңгі мұз тоңына оранып, суық көрпесін мықтап қымтанған қытымыр өңірге несіне қызығып, несіне бар уақытын сарп етіп жүр? Бізде бір жазылмаған заңдылық бар. Жазушы ағайын кез-келген шетелге барып сапардан жол-жазба очерк жазса сүйсініп қарайды. Ал, бауырлас халықтар өмірінен жазылған деректі кітапқа келгенде немқұрайды көзбен қарайды. Неге? Шамасы, аяқ жетер жер ғой деп ойлайтын болсақ керек.

Ал, Қалаубек Тұрсынқұловты қайта-қайта сапарға бастап, осындай кітап жазуға итермелеген жәй-бір тамырдан тараған, өсіп-өнген бауырлас халықтардың бір-бірін жете білмейтіндігі. Бір-біріне мейрімсіздігі. Шындығында якут, бурят, моңғол халықтары жөнінде не білеміз? Жер шалғайлығы, кәсіп алуандығы олардың мінез-құлығын өзгертіп жіберді. Түркі халықтарының терең тамырлы туыстығын халық аңыздары ғана сақтап қалды.

Жазушы Тұрсынқұлов сол көне аңыздарды арқау ете отырып, саха мен қазақ халқының туыстығы жөнінде әдемі өңгіме шертеді. Сондай-ақ, аталмыш кітаптарында бұл екі халықтың бауырластығын дәлелдейтін тарихи деректер арқылы тірілте баяндайтын автор. Тарихи байланыс үзіліп қалмай бүгінгі күнге де жетіпті. Қазақ дәрігері Мұхамеджан Қарабаев Якутияда қызмет атқарса, якут қаламгері Эрилик Эристин отызыншы жылдары Шымкент өңірінде жүріп қазақтар

омірінен “Революция ұландары” аталатын роман жазып аяқтапты. Бұл әрине қызықты деректер, Лена қырғынына қатысқан Уғар Жәнібеков, Бодайбода кен қазған Рысқұл, 1936 жылы Москвада ВЦИК сессиясында Якутия жөнінде баяндаманы Тұрар Рысқұловтың жасауы, Эрилик Эристиннің “Марықчан қырандары” романын Шерхан Мұртазаевтің қазақшаға аударуы, автор баяндауында бір-бірімен сабақтасып жатқан мәселелер.

1977 жылы “Жалын” баспасынан “Шоқан ізімен” аталатын деректі жұқалтаң кітапша жарық көрді. Авторы-“Лениншіл жас” газетінің сол кездегі тілшісі, журналист Жарылқап Бейсенбаев. Ұлы ағартушы ғалым Шоқан Уәлихановтың 140 жылдығына орай жарық көрген шағын кітап қызғылықты оқылатын еді. Бір қарағанда журналистің жолсапары секілді, бір қарағанда кезінде Шоқан болған, ол сипаттаған өңірдің бүгінгі келбетін баяндау дерліктей шағын еңбек, кейін іргелі ізденіске бастар деп ойламаған едік. Араға он жыл салып, ұлы ағартушының туғанына 150 жыл толуына орай аталмыш автор “Жасын тағдыр жарқылы” аталатын көдімгідей кітап берді. Кітап жанрын “Тарихи ғұмырнамалық хикаят”-деп анықтапты. Қазақ деректі прозасын байытуда бұл еңбектің қосқан үлесі аз емес.

“Алда бұдан жүз жиырма жылдай уақыт атакты саяхатшы Шокан Уәлиханов басқан ізді қайталап өтудің қызықты сәттері тұрды”- деп жазған еді автор “Шоқан ізімен” (7 бет) аталатын кітабында. Алғашқы шағын кітап “Жасын тағдыр жарқылына” баспалдақ болыпты. Жарылқап Бейсенбаев ұлы ағартушы ізімен тоғыз тарам сапарға шығыпты. Соның нәтижесінде тоғыз тараудан тұратын деректі кітап жазылыпты. Кітап ерекшелігі неде?

Кітапта жолсапар, ағартушы мұрасын қайталай оқу, ол жөнінде әр кез ғалымдар айтқан пікірлерді саралау, өткен

ғасырда ғалым қолымен жазылған деректерді көнекөз естеліктерімен дәйектеу, қосымша жайларды анықтау секілді толып жатқан мәселелер тоқайласқан. Сан-сала мәселелер қамшының өріміндей жымдаса өрілгенде қызықты деректі, ғылыми, публицистік проза кітабы дүниеге келген. Автор пайымдаулары қызықты. Осыншалық мол ізденістің өзіндік бірсыпыра жаңалығы бар. Бір қарағанда, әбден зерттелген Шоқан өмірінен жаңалықты бірдеңе тауып айта қою мүмкін де емес секілді. Ал, шындығында Ж.Бейсенбаевтың Шоқанның кіндік қаны тамған жерді әйтеуір Құсмұрын емес, нақты “Қараоба” екенін айқындауы-жаңалық. Шоқантануға салмақ қосарлық кітапта бірсыпыра жәйтті нақтылау; қайта анықтау, жаңа деректерді тірілту көптеп кездеседі.

Айта кетерлік жәнә бір жәйт-”Шоқан ізімен” деп аталатын алғашқы кітапқа қарағанда “Жасын тағдыр жарқылы” кітабында автор көп өскен. Суреткерлік көз оянып, автор ерекше тыныс ашқан. Демек, алда автордан күтеріміз аз болмас.

“Фотоәнгімелер” дегенді естігеніңіз бар ма? Әрине, орыс өнерінде фототілшілер өздері түсірген суреттің ізіне ілесе, тарихын тектей қарасөз аараластырылатыны бесенеден белгілі. Қалам мен фотоаппаратты қос қатар пайдаланатын журналистер де бар орыс әдебиетінде. Міне, осындай үлгінің бірін журналист-жазушы Жанат Елшібеков әкеліпті әдебиетімізге Әдеби сында кезінде еленбегенімен Ж.Елшібековтің “Атамекен” фотоәнгімелері оқушысын қызықтырған, тың формалы деректі кітаптың бірі.

Ж.Елшібеков кең байтақ Отанымыздың әр қиырына сапарлайды. Жәй шықпайды сапарға. Фотоаппаратын асынып ала шығады. Мақсат не? Мақсат-еліміздегі тарихи орындар, атақты адамдар, қызықты оқиғаларды жас оқырманға жеткізу. Жеткізу жолы-ексеу: оқушы алдына түсірген фотосуретті тарта

отырып әңгімелеу. Әңгімелей отырып, сөзіне куәліктей етіп фотосуретті ұсына қою. Жеке суреттің тарихын әңгімелеу...

Фотоәңгімелер қысқа-қысқа. Солай бола тұра өте нақты, дәмді. Танымдық қуаты мол.

Әлгінде аталған фотоәнерпаздардан бұл автордың айырмашылығы неде? Олар өздерінің суретті қандай жағдайда түсіргенін баяндайды. Ал, Жанат үшін сурет ілкі мақсат емес. Ол үшін фотосурет әңгіме дәйегі ғана. Демек, “Атамекен” ол кітаптардың қай-қайсынан да мақсаткерлігімен ерекшеленеді. “Атамекеннің” өне бойында автордың қаламы мен фотоаппараты қос қатар қызмет атқарады. Қазақ әдебиеті үшін бұл кітап тың формалы қызықты эксперимент.

С.Бердіқұлов, Қ.Тұрсынқұлов, Ж.Бейсенбаев, Ж.Елшібеков қазақ оқырманына белгілі төрт есім. Біз осы төрт автордың деректі туындыларын әдейі бөлектей әңгімелеп отырмыз. Төртеуінде өзара айырмашылықпен бірге ортақ мінез де бар. Ол қандай ұқсастық? Байқасаңыз төрт қаламгер де сапарда жүр. Кейде олар сапардан репортаж формасында жазуға дейін барады. Баяндалған негізгі тақырыпқа қосымша олар өз көңіл әсерін, сапар сазын да ірікпейді. Баяндайды. Тап осы сәтте бұл деректі туындыларға тән екінші бір ерекшелік төбе көрсетеді. Ол- түптің түбінде осы жазбалардың деректі-мемуаралық сипатқа ойысатыны. Сондай-ақ бұл жазбалар журналистикамен де еншілес.

Төрт қаламгер. Тақырыбы әр басқа. Мәнері басқа-басқа. Ол деректі туындыларында С.Бердіқұлов сызылтып әңгіме айтады, шиіріп-шиіріп кейіпкер мінезін даралайды, Қ.Тұрсынқұлов тарихқа терендеп, оны бүгінмен сабақтастыра баяндайды, Ж.Бейсенбаев Шоқандай ұлы ағартушы жазбаларының әдібін сөгіп, астарын ашады, кейіпкерінің жандүниесіне үңіледі. деректерді тірілтеді. Ж.Елшібеков өзі көрген-білген құбылыстың танымдық сипатына зер салады.

сапырылысқан көп деректен қазақ оқушысына керекін таңдап ала біледі, деректі баяндауға ден қояды.

Осының бәрі не үшін?

Оқушыны ойландыру үшін осының бәрі. Оқушылардың аңсарын ояту үшін. Олардың санасына тарихтық білім құю, танымдық соны сапа дарыту үшін

Ал, осы деректі туындыларда кемшілік бар ма?

Бар. Бірінші- қай-қай автор да белгілі жайды қайталаудан сақтануы жөн. Екінші-қалыпты баяндауда тартыну, деректі оятып. құбылтып баяндауға- баяндауға мінез дарытуға тырысқаны жөн. Әйтпесе, әп-әдемі деректі проза үлгісі деп отырған дүниелеріміз ағымдық баспасөздегі қалыпты материалдардың қатарына түсіп қалуы оп-оңай.

Сөз басына қайта оралайық.

- Көрдің бе,- деймін мен досыма,

- Деректі әдебиеттің бізде қандай қызықты үлгілері барын!? Алайда менің қауіпім басқада.

-Қуана отырып, қауіптенетінің қалай?- дейді досым.

- Әдебиеттегі жақсы үлгіні жарқыратып көрсету, жарасымды дәстүрге айналдыру жағы кемшін. Сондай да деректі проза аяқасты болуы, дамымай қалуы мүмкін. Қысқасы, деректі әдебиет керекті әдебиет.

“Алматы ақшамы”, 6 маусым 1990 ж.

Бақыт САРБАЛАЕВ,

сыншы

СӨЗ ҚАДІРІН БІЛЕМІЗ БЕ, ОСЫ?!

Өмірде ешбір керексіз, жерде жатқан сөз жоқ. Демек, қандай да бір сөздің тіршілік етуге хұқы бар, өмірде өз орны бар екенін мойындауға тиіспіз.

Ақиқат солай болса да, сөздің сөзі тағы бар. Яғни көш бастайтын көсемсөз бар да, көже ішкізетін көп сөз бар.

Біздің бәріміздің дерлік күнделікті айтып, қолданып жүрген сөзіміздің дені-көже ішкізетін сөз екенінің басы ашық. Таныстармен амандасасың; базардағы қауынның бағасын білесің, жөн сұрап, жолға шығасың; бастыққа кіріп, біреуге телефон шаласың...

Ал көргенінде көзіңе түсіп қана қоймай, көңіліңе қонақтап, оқығаныңда ойыңа кіріп қана қоймай, өсер етіп, “Жақсы жазыпты, әдемі айтыпты, дұрыс сынапты”, “Бәрекедді! Жарайсың! Міне, осылай толғау шарт” дегізетін сөздер де кездеспей ме өмірде? ! Онда олардың адамдарды ойландырып, балаларды тәрбиелеуге, жамандықпен жалғасып, өмірді өзгертуге көмектесетін көсем сөздер екені онша дәлел тілей қоймаса керек.

Құрлас қаламгер, белгілі журналист Жанат Елшібектің жақында ғана “Қайнар” баспасынан жарық көріп, қолымызға түскен “Шағалалар жылай ма, осы?...” деген кітабымен танысқанда ең әуелі бізді осындай ойлардың қаумалап алғаны рас. Өйткені, бір қарағанда, Жанаттың кітабындағы дүниелер-қарапайым шығармалар. Керек десеңіз, алды осыдан ширек ғасыр бұрын жазылған журналистік еңбектер: очерктер, жолсапар жазбалары, көсемсөз үлгілері, ой-толғақ, эсселер. Ал солар бүгін оқуға жарап, қазіргі замандас оқырманды қозғап, тебіренте ме?! Біздің байқағанымыз-оқуға әбден жарап, тебірентетіні. Жанат шығармаларының қазір жаңа екендігі, ескіргендігі. Оның оқиганы таңдау, кейіпкер кісі жанына үңілу, алуан адамдардың қызықты сырларын ортаға сала білу

шеберлігі, көбіне-көп оқырман көпшілікке қажет, оларды ойлантар, толғантар дерек-дәйсктерді алға тарта білуі, өз суреттеу-лебіздерін, баяндау-байыптауларын тартымды да тосын пішін-түрлерге құрып, төгілген тілмен, жарқын сезіммен жеткізуі “Өмір - өзен”, “Дүние - дүбір”, “Іңкәр гұмыр”, “Әлем тұнған бояу”, “Құштар көңіл” тарауларына енген дүниелерді бүгін де бітімді, құнды шынайы шығармаларға айналдырған.

Енді бұл байламымызға мысал керек пе?

Міне:

“– Сабыр аға жайлы аз айтылып жүрген жоқ. Дегенмен де қай жерде туып - өскенін өз аузыңыздан естісек...”

“Шымкент облысы, Ленин ауданының “Коммунизм” совхозы. Осында үш жасына дейін болады, кейіннен әке - шешесі Ташкентке көшіп барады, сонда тұрып қалған. 1922 жылы бір топ жастармен бірге Сабыр Рахымов Баку қаласындағы В.И.Ленин’ атындағы әскери училищеде оқиды. Қарапайым солдаттан басталған әскери жолы генерал есімін үлкен данққа бөледі ғой.

- Өзіңіз ше?

Құралай жымиып қойды да:

- Торғай даласында балалықтың бал шақтарын өткіздім. Сәби кезімнен Әліби Жангелдиннің қолында тәрбиелендім.

- Балаларыңыз бар ғой?

Апай басын изеген бойы тағы да ой тұңғиығын шарлап кетті...” (207-бет)

Бұл -”Генералдың зайыбы” атты осыдан 22 жыл бұрын жазылған және ол кезде “От кешкен күндер” деген атпен “Лениншіл жаста” жарияланған очерктен үзінді. Бұл әйгілі генерал Сабыр Рахымовтың әйелі Құралай Натуллаевамен сұхбат негізінде туындаған очеркте алғаш рет біраз беті жабық шындықтың шымылдығы сыпырылған-ды.

Енді осы очеркте Жанат кезінде С.Рахымовты Шымкент өңірінде туған деп жазғаны үшін ғана Қазақстан КП Орталық Комитетіне шақырылып, түсінік беруге мәжбүр болған-ды.

Тағы бір мысал:

“Әр өлеңін образды ойға құратып ақын жыр жиһазын тың теңеулермен, кестелі суреттермен толтыруға ұмтылды. Бұл пікірімізді “Машина бауырындағы ұя”, “Соғысқа барып қайтқан домбыра”, “Сталин өлген күні”, “Тоналған орман”, “Мас әйел”, т.б. тәрізді ондаған өлеңдері түссе керек. Өзіңіз оқып көріңіз, сүйікті оқырман, оңашада.

Дүниеге өлең келер кезінде.
құбылыстар шарпысады сезімде.
Дүниеге өлең келер кезінде
жасын ойнар қасіреттің көзінде.

Осылайша өз үнін, өз өрнегін өлең өлкесінде өріп келе жатқан Темірханның (Медетбековтің- Б.С.) өрелі жырлары өманда көпшілікті қуанта бергей... (304-бет).

Көсемсөзші-оқырман Жанат өз бойындағы әдеби сыншы-сарапшы Жанатқа да тізгін беріп, әр түрлі ақындардың өлеңдерін де осылай талдап-таразылап кетері кездеседі.

Асылы, мұндай мысалдар көп бұл кітапта. Мүмкін, мыңдап келтіруге болар. Өйткені Жанат - көп қырлы, кенен сырлы қаламгер.

Ал, мына Темірхан өлеңінде өрнектелген шығармашылық шабыт-сілкініс Жанат Елшібек болмысына тән емес деп кім айта алар?! Ол әрбір туындысын жазған шағында осылай он ойланған, тоқсан толғанары күмәнсіз. Өйтпесе ақынжанды азамат, алаштың елін сүйген талантты бір перзенті Елшібек Жанат кезекті кітабына “Шағалалар жылай ма, осы?” деп өлең еткізерлік, әрі тосын да нәзік ат қояр ма? Ол осылай деп сұрақ қойғанмен, ойы-белгілі: “Шағалалар да жылайды!”. Ендеше біз де қысқа пікір-пайымдаушымызға “Сөз қадірін білеміз бе осы?!” деп бекер тақырып қойып отырған жоқпыз.

Жанат Елшібек сөз қадірін біледі. Білгендіктен де көп көңілдердің қылын шертетін, ғұмыр-күрестің бір көшін бастайтын көсемсөздерден құралған кітап жаза алған. Кезінде де, қазір де.

Біз де сөз қадірін білелік, ендеше...

“Қазақ елі”, 20 қыркүйек 1996 жыл

Сабыржан ШҮКІРҰЛЫ.,
Республикаға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері

СЕРГЕК КӨҢІЛ СЕЗІМДЕРІ

Ақжарқын мінезді, ақкөйлек пейіл, ойын ірікпей ағыл-тегіл айтып салатын; қандай оқиға болсын бейжай қарай алмайтын, жақсылыққа жаны желбіреп, құрақұшып жүретін Жанат Елшібектің жиырма бес жыл тұрғысындағы қаламдастық тынысы көз алдымда келеді. Мен оның газетшілік, жазушылық шығармаларын қалт жібермеймін.

“Социалистік Қазақстанда” бірге болғанда Жанатпен бірлесіп жұмыс істеу, бірігіп газет нөмерін шығару қызғылықты болатын. Ойды тез түсінеді, дамытып өкетеді, ізденгіш, газет жұмысында ешнәрсені ұсақ-түйек деп санамайды, бәрін мұқият ескере жүреді. Бірақ бабын, тілін табуың керек, ол - көңілінің кілті. Заты, ақкөңіл адам біреудің аларып ежірейгенін, мардамсып кекірейгенін, дауыс көтеріп, орынсыз мыжығанын, пәле баққанын қаны сүймейді. Ондайларға Жанат күйініп, түйіліп қалады.

Жанат Елшібектің осы мінез - қалпы шығармаларына да дарыған, кейіпкерлеріне де жұғысты. Олар - арманшыл, өмірге сергек қарайтын, ниет - пейілдері таза, кісіліктен аттап өтпейтін, кемшілік пен жаманшылыққа жандары қас адамдар.

Бұл менің Жанат шығармашылығын толайым топшылағанда түйгенім. Бұрын мерзімді басылымдар бетінен оқылып, қазір жинақталып кітап құраған шығармаларын тағы бір көңіл таразысынан өткізгендегі ойым.

“Қайнар” баспасынан осы таяуда ғана шыққан 21 баспа табақтық толыққанды жинақтың уақыт ауқымы кең-бүтіндей ширек ғасырды алып жатыр, қамту алабы - байтақ қазақ даласының төрт түстігін түгел орайды. Кітап аты “Шағалалар

жылай ма, осы?.." деп қойылған. Бұл философиялық сұрақты балықшы Төлеухан әріптесі Кәтсенге қойып, оған өзі былайша жауап айтады:- "Шағалалар үнемі қуаныштан шаңқылдай бермес. Олардың да кей сәттеріндегі тынымсыз қиқулағаны - жылағаны шығар. Шағалалардың да өз тобындағы бірін жоғалтып, немесе кездейсоқ сыңарынан айырылып жалғызсырайтын кездері де болар, ө?.." (47-бет)

Мен де осы ойдың жетегінде отырғанда пошта келді, газет келді. "Егемен Қазақстанда" Темірхан Медетбектің "Теңіз тынысы" топтамасы жарияланыпты. Көзім бірден "Теңіз жағасында өліп жатқан шағала" деген өлеңге түсті:

Қара тастақ жағада
Өліп жатты шағала.
Арсы-гүрсі долданған
Толқындармен алысқан,
Аспандағы жөңкілген
Бұлттармен жарысқан,
Жаратылған ағыстан,
Қатерлермен қағысқан -
Өліп жатты шағала
Қара тастақ жағада.
Дегендей-ақ өмірге
Несіне біз қажетпіз -
Өліп жатты жағада
Өлең-сынды өжет күс.
Өлең-сынды өжет күс
Көктей тесіп өтті ғой
Дүниені телегей -
Адырнадан атылған
Зымыраған жебедей.
Өлең-сынды өжет күс

Өліп жатты, апырмай,
Дүниеден бітіспей
Арпалысып
Ақыры
Өліп тынған ақындай.
("ЕҚ" N 114. 1996ж.).

Қандай үндестік! Төлеуханды ойға шомдырған "Жалғыз шағаланың" екінші сыңарының тағдырын Темірхан көргендей. Мұндайды ақын ғана, ақынжанды жазушы ғана сезіп, айтар.

Жанат шығармаларында теңіз, шағала, балық, туған жер тағдыры адамдардың жандүниесі, ішкі ой-толғаныстары арқылы нәзік пернелермен көркем өрнектеледі. Жазушы бұл тақырыпқа- Балқаш пен балықшы өміріне тұрақты оралып отырады. Бұл бүкіл шығармаларының тіні, осы кітаптың да арқауы тәрізді, жыл аралатып соғып, сонау балғын шақтағы кейіпкерлерінің тағдырынан хабардар етіп, сонылап отырады.

Шағала- теңіздің, нәзік сезім мен өрліктің символы, тағдыры қатал балықшының асау толқынмен арпалысқандағы тіршіліктен дем беретін демеушісі, шалқар теңіз - су бетінде қара тұтар серігі. Теңіз, шағала, балықшы тағдырлары бір. Бұрын балықшы мен шағала ғана өздерін асыраушы теңізге тәуелді болып келсе, енді теңіздің өзі де тынысы тарылып, су тартылып, адам арашасына зәру болып отыр. Теңіз жаратылысынан өз сөніне айналған шағала шаңқылы тынып қалмаса деп тілейді, теңіз өзінің қамқор - тілекшісі балықшылар жағасынан көшіп кетпесе екен дейді. Адам мен табиғаттың астасқан бірлігі, біріне-бірінің керегі осында. Жазушы осыны меңзейді, адамдарға өз тіршілігінің тірегі - табиғатқа асқақ қарамауға, оны аялауға үндейді.

Әсершіл Жанат қай жерде жүрсін, қай адаммен тілдессін жан-жағына көз салмай, табиғат көрінісіне сүйсінбей тұра алмайды және көркем кестелейді;

“Аспанның батыс бөлігін арайға бояп күн батып барады. Сонау көкжиектен көтерілген ақшарбы бұлттар да жалынға сүңгіп шыққандай. Қып-қызыл. Сыңсыған торғайлар мен айна көлдердің ара-арасын қуалаған танаптарды астық бастырған қыр кемелері кешіп жүр” (11-бет);

“Көк күмбезіне біртіндеп іліне бастаған шырақтарға, енді міне, дала айқұш-үйқыш сызғылай бастаған жарықтары ұласты. Көкте де, жерде де жұлдыздар ойнап жатқандай. Жымың-жымың етеді...”

(13-бет);

“Астық бастырып жүрген дала кемелерінің қалыпты үні түс-тұстан талып жетеді. Күнгейді бетке алған жұп-жұп құстар ұшып өтті. Қанаттарының суылы сиқырлы өуезді құлаққа жеткізеді. Зеңгір көктің сонау түкпірінен із тастап жұлдыз ақты. Өлдеқайдан адасып келген жалғыз-жарым бұлттар тас төбеден мөлдіреген түн еркесінің бстін көлегейлегісі келеді” (16-бет);

“...Ол қоштасып комбайнға көтерілді. Түн тыныштығын бұзып, қыр кемесі гүр етті. Айнала төңіректе ойнаған түнгі оттарға және бір шырақ қосылды” (22-бет).

Бұл-солтүстік, астықты Арқа өңірі, Елтайдың еңбек майданы.

“Маңдай тұстан аспанға шаншыла бүрқ-бүрқ көтерілген қою қара түтін көрінді де, қызыл жалын сумаңдаған күйі ку қамысты қуалай жөнелді... Көз ұшында өршеленген қанды жалынның ыстық лебі маңдайын шарпып өткендей. Ол тершіп отыр” (28-бет);

“Шойқаң-шойқаң жүріс жігіт ойын бұзып жіберді. Трактордың гүрілі өне бойды дірілдетіп келеді. Күздің суық қара желі суылдап түр. Шаңды боран басылар емес...” (31-бет)

“Сырдың қос жағалауы қолдың саласындай тарам-тарам жарысқан жол. Сол жолдардың, сүрлеу-соқпақтарының апарар адресі мен бағыттары да тарам-тарам. Бірі иен күмға сіңіп

жатса, енді бірі тоғай-тоғайдың арасын қуалап, көгілдір көкжискке самғайды. Қай жолға түссең де Сыр өңірінің ақжарқын, ақпейіл, еңбекқор ұл-қыздарына жолығасың...” (38-бет)

Жалпы кітаптың “Өмір-өзен деп аталған бірінші бөлімі тұтастай еңбек жыры, жастық дәуреннің сезім сырлары десе болады. Әке мен бала, аға мен іні, құрбы қыздар келбеті, кешегі күндер, жас дәурен алдыңнан егінші болып, малшы болып, балықшы болып туған даланың сан қырынан танысындай ұшырасады. Олар еңсе басқан рабайсыз құлдық қара жұмыста емес, жандарын саналы еңбек ажарлаған сұлулықта, арман-мақсат қуған пәк сезімде жолығады. Жақсы адамдардың бай жан дүниесі өз жанынды да жадыратып тастайды.

Кітаптың қалған бөлімдерінің атаулары да “Дүние дүбірі”, “Іңкөр ғұмыр”, “Әлем тұнған бояу”, “Құштар көңіл” деп Жанаттың өзіндей елпілдеп тұр. Алайда, олар құр жытырақ, қызыл сөз емес, салмақты жүк көтеріп тұрған бөлімдер. Әсіресе, “Дүние дүбірі” бөлімі, бұл нағыз бүгінгі өмір, саясат. Ел тағдыры, ұлт тағдыры, жер тағдыры, бүгін мен болашақ толғауы. Нағыз журналистік, жазушылық, азаматтық жанкүйділік сөз, өмірге шұғыл араласу, түйіліп қалған түйіншекті шешуге ұмтылыс, жұртшылық назарын келелі іске аудару. Бұл бөлімде көтерілген келелі-келелі күрделі жағдайларды Жанат кеше айтқанымен, олардың өлі түйіншегі тарқатылып болған жоқ, өлі де өлеуметтік мәнін, саяси маңызын, шешім қажеттілігін жоғалтқан жоқ. Мүмкін оған өлі талай жылдар қажет болар, мүмкін Жанат ол жәйлерді жаңа қырынан қайта көтерер. Бұлайша шегіністер, толықтырулар, қайтауылдап зерттеу Жанатқа тән ізденімпаздық, бұл әрі оның өзіндік баяндау тәсілі, жазушылық стиль- машықтарының бір қыры десе де болады.

Жыл маусымдары мен жеке айлардағы табиғат көріністерін адамдар көңіл күйлерімен астастыра суреттеу, оны жеке, арнайы тақырыпқа шығару қазақ қаламгерлерінде сирек ұшырасады. Жанат “Мезгіл суреттері” (368-387-беттер) жазбаларында әдемі көріністер жасай білген. Соңғы кездері аңшы хикаяттары туралы да Жанат жұртты елең еткізгендей оқиғаларды суреттеп жүр. Соның бірқатары “Жаңғырық” деген топтамамен осы кітапқа да ілігіп үлгеріпті.

Қызық-ай.

Жалпы Жанат Елшібек осы кітапқа енген шығармаларын журналист болып жазып, жазушы болып қалыптасыпты. Ширек ғасырда өткен жолды шежірелеп, сол өткен күндер белгісін жасапты. Мұнда ғибратты тағдырлар, кесек тұлғалы азаматтар, небір ой салғандай жағдайлар туралы айтылады, өнер өлкесіне, зиялы қауым ортасына да бірауық бойлап кетеді, түрлі тың дерек-мағлұматтар мол. Татымды оқиға, тіл көркемдігінен жеңіл оқылады. Әйтеуір біреу туралы бірдеңе жазу емес, жекеден жалпыға ортақ, әлеуметтік мәні бар ой-пікір қозғау, ғибраттық істерге насихаттық сөз айту, ізгілікке үндеу бар. Бұл- сергек көңіл сезімдері, сезім пернелерінің үйлесімді үні, көп түсті бояуы қанық адам жан дүниесінің сырлары.

“Жас алаш”, 22 маусым 1996 ж.

Қали СӘРСЕНБАЙ.,
журналист-жазушы.

ҚАЛАМГЕР ҚАЛАМГЕР ТУРАЛЫ

Журналист, жазушы Жанат Елшібектің қаламының жүрдектігі, жазған дүниелерінің қызықтылығы кезінде “Лениншіл жас” (қазіргі “Жас алаш”) біттерінде айқын танылды. Алайда онымен бірге қызметтес болған аға-іні, құрбы-құрдастар арасында газет макетін безендіру шеберлігі әлі өнеге болып айтылып келеді. Қазіргі кезде Жанат Елшібек “Егемен Қазақстанда” жауапты хатшы болып осы бір мазасыз, машақатты жұмысты жалғастырып келеді. Газеттің мазмұндылығы, қызықтылығы ондағы әріптестер еңбегі десек, оның өдемі де, әрлі, сәнді шығуы Жанат аға бастаған шығармашылық топтың еңбегі. Ер жасы елуге келген қаламдас ағаға абыройға бөленіп, ел игілігі үшін жаңа жетістіктерге жете беріңіз, отбасыңызбен қоретін қуаныш, қызығыңыз мол болсын деген “Алматы ақшамының” ізгі тілегін жолдаймыз.

КӨНІЛ КӨЗІ

немесе Жанат Елшібек шығармашылығы туралы ой үзгі

Қазақ журналистикасының өргі-бергі тарихын көктей шолып өтіп, 70-ші жылдарға келіп табан тіресек, шабысы бөлек, тегеурінді де текті лектің қолтаңбасын, өнер сайысын тамсана сөз етуге болады. Қазіргі қазақ баспасөзінің төрінде де, жуан ортасында да отырғандар осы буын өкілдері екені рас. Демек, олардың әрқайсысы да бір-бір мектепке айнала бастады десек, артық айтқан болмаспыз.

Өзі де, жазуы да мінезге бай, тереңнен толғап қайран қалдыратын Жарылқап Бейсенбайұлы, тақырыптың түбіне

жетіп, егжей-тегжейлі үңгіп зерттеп, ой қазанында қайнатып, әбден иін қандырып барып, әр сөзін қашап ұсынатын ұстамды ұста Жанболат Аупбай, әрі тез, әрі әбжіл, жұтындырып жазатын Несіп Жүнісбай, очеректерінің өзі әңгімеге бергісіз сыршыл Қуаныш Жиенбай, алдымен материалдың оқылығыштығы мен құрылымын ойлап алып, қағазға жеп-жеңіл қауырсындай мөлдіретіп түсіре қоятын әсемпаз Ергали Сағаттар жөнінде реті келгенде айтқан әбден жөн. Осынау бірін-бірі байытып, толықтырып келе жатқан кіл жүйріктердің жуан ортасында Жанат Елшібектің жұлдызы да жарқырап көрінеді.

Сексенінші жылдардың басында “Лениншіл жастың” (қазіргі “Жас алаш”) табалдырығын жүрексіне аттағанда біздің көргеніміз осы қаламгердің алды еді. Сол тұста “Егемен Қазақстанға” ауысқан Жанат жөнінде әр лездеме сайын айтылып қалатын сағыныш сөздерді көңілге бір тоқып қоятынбыз. Әр кезде макетке айрықша көңіл бөлетін “Лениншіл жастың” көп уақытқа дейін Жанатты сағынғаны, ұмыта алмағаны рас.

Сірә, журналист болып ғұмыр кешу әркімнің пешенесіне жазбаса керек. Ол көлденең көкатының аракідік соғып кетіп, көңіл көтеретін, ойран салатын ордасы емес. Өкінішке орай, қазақ журналистикасының ұзақ жылдар бойы осы дертке шалдыққаны, хабар жазғанның бәрінің де (малшы, базаршы, бақалшы да) осы қасиетті ұйымның мүшесі болғаны жасырын емес. Жанаттар осы масқарампаздыққа қарсы күресіп, журналистика деген ғажайып әлемнің не екенін барша жұртқа дәлелдеп берген буынның, кешегі орақ тілді, от ауызды, тиген жерін опырып түсетін оғыландардың ізін лайықты жалғастырғандар.

Ол ең алдымен журналист, оның ішінде жалықпай жаза-жаза, жүре-жүре болған журналист емес, бес қаруы сай, әмбебап қаламгер. Әдетте ойды жеткізудің, көркемдік көкжиегін

кеңейтудің түрлі жолдары, әдіс-тәсілдері болады. Жанат Елшібек ерекшелігі де сонда-ұлттық журналистиканы осы тұрғыдан байытып келе жатқан қаламгерлердің бірі.

Ол біріншіден, суретші. Әдетте, журналистің ең басты ерекшелігі жазуында болғанымен, өмірдің өзі одан сан алуан қасиетті талап етеді. Бұл ретте әрі тапқыр, әрі ізденгіш Жанаттың кешегі “Лениншіл жас” пен бүгінгі “Егемен Қазақстанның” бетіндегі алуан түрлі көркемдік безендірулерде қолтаңбасы айқын көрінеді.

Жалпы, журналистиканың ең басты қасиеті байқампаздық болса керек. Бұл тұрғыдан келгенде Жанат екі есе бақытты. Ол дүниеге тек журналистің ғана емес, эстеттің, суретшінің көзімен қарайды. Бұл да болса тәңірінің бір алабөтен сыйы ғой. Сондықтан да Жанаттың өмірбақи науқандық есептер жазып, қара көбейтіп, журналистің атын жамылып жүретіндерге үлгі боп тұмағаны қандай жақсы болған.

Байқампаздық. Талғампаздық. Талапшылық. Шын мәніндегі шығармашылық адамының өмірбақиғы құраны да, ұраны да осы. Оларсыз қанатсыз құспен тең. Өмірді, сұлулықты көру үшін ең алдымен шығармашылық адамының көкірегінде көзі болуы керек. Оны көңіл көзі деп атайды. Жанаттың сол көңіл көзі кіршіксіз таза, мөлдір. Шығармашылық, рухани мұратқа адалдық азаматтың ар-ұжданы былай қойғанда, ең алдымен осы көңіл көзінің мөлдірлігімен өлшенеді.

Жанат Елшібек осынау зымыран жылдар ішінде онға тарта көсемсөздік, танымдылық, әдеби-көркем кітаптар берді. Ол туындылардың әрқайсысы кезінде оқырманнан өз бағасын алды. Белгілі қатам қайраткерлері де оның шығармашылығы жөнінде өзінің жүрекжарды лебіздерін білдірді. Мұзафар Әлімбаев, Ғафу Қайырбек, Шерхан Мұртаза секілді ірі

қаламгердің Жанат шығармашылығына жалт бұрылып, пікір білдіруі тектен тек дейсіз бе?

Суреткер–табиғатпен тағдырлас, тамырлас. Бұл ретте оның “Жоғалған теңіз” (1991), “Шағалалар жылай ма, осы?...” (1996) атты кітаптары сөз жоқ, үлкен табысының бірі. Жазушының аққу өніндей осынау қос кітаптан көкірекке түйіп алар тағылымды, қызықты тұстар көп. Кітап қарапайым тілмен жазылған. Өте жеңіл оқылады. Қызықты оқиғалар, сан алуан тағдырлар, ел мен жердің жағдайы, табиғаттың тылсым сырлары тереңіне тарта береді. Бұл қаламгердің журналистикадағы ширек ғасырлық еңбегінің жемісі.

Біле білген адамға табиғаттан артық ұлы ұстаз жоқ. Кісіні өзге тіршілік иесінен бөлектеп, алабөтен қасиет, сезім, ой түйсік беретін де табиғат. Оның тылсым сырларын түсіну үшін де сірә, суреткерге көп алабөтен қасиет қажет. Демек, Жанаттың ұзақ жылдар бойғы толысып келген талғампаздық, байқампаздық мінезін танытатын да осы кітаптар болуы тиіс. Табиғатта сырт көзге елене бермейтін сұлу сәттер болады. Жүрегі сезімтал, көңілі сергек, қағылез қаламгер сол сәттің бәрін назардан тыс қалдырмай оқырманға ойлы, қызықты сыр шертеді.

Арқасына қапшығын салып алып, сәл-пәл шаршауды қанағатшыл, ынтызар көңілге жеңдіріп, туған жердің тау-тасынан сыр тартып, шежіре жинап жүрген Жанаттар қазіргі кезде біздің журналшылар арасында көп те емес. Тақырыпты табу бар да, оны жүректерге жеткізіп жазу бар. Қаузап жазу мен қалқып жазудың арасалмағын да Жанат айырып береді. Бұл ретте оның жазу мәдениетіндегі, ой мен сезімнің кілтін дөп басып, суретін берудегі ерекшеліктерін атап өтпеске болмайды. Бұл орайда Жәкең базбіреулер сияқты құр тамсану мен таңдануға бой алдырмай, объектіге ойлы көзбен үңіліп,

оқырманын қарапайым, қазақтың қоңыр сөзімен-ақ баурап тастайды.

Жалпы, табиғаттың жанын түсінуде қаламгер кісіге ерекше қасиеттер тән, жаратылысы бөлек болуы керек. Өнерде, оның ішінде жазу саласында анималистер, маринистер ұлттық сападан келіп сараптағанда некен саяқ екенін жасыра алмайсың. Жанат осы көкжиктен жиі көрініп жүр.

Бірде қызу әңгіменің үстінде оны “қазақтың Песковы” деп қалғанымыз бар. Ендігі жерде дұрысы осы ойға тоқтаған абзал. Бұл пікірдің Жанат жазушының жан дүниесін жарқыратып көрсететініне шүбә жоқ.

“Алматы ақшамы”, 19 мамыр 1997 ж.

Марат ТОҚАШБАЕВ.,
журналист

ӘРІПТЕС ТУРАЛЫ СЫР

Қабағын түйсе келген нарық заманында ұлттық басылымдар арасындағы өзгермей қалған бір дәстүр - журналистердің бір-бірімен хабарласып, қаламдастар әлеміндегі жаңалықтардан үнемі хабардар болып жатуы. Осы дәстүрдің өзегімен аға газет “Егемен Қазақстанның” жауапты хатшысы Жанат Елшібековке таяда телефон соғып қалғаным бар.

-Жәке, қал қалай? “Алматыңда не жаңалық?”-Соңғы сұрақ Жәкең өзі көп жылдар істеген бұрынғы “Лениншіл жас”, қазіргі “Жас алаштың” бір кездегі танымал рубрикасы - тұғын. Жәкең күліп уақытының қысқалығына қарамай редакциялардың ортақ мәселелері төңірегінде ой бөлісті. Арасында “Осы тіршіліктің ағымымен жүріп елуге келіп қалыппыз” дегені.

-Ойпырм-ай, елу дейсің бе?

- Иә, өмір көші бұл қырқаға да жеткізіп қойыпты.

Менің есіме 1969 жылдың жазы түсті. Тура сол тұста Жанат “Лениншіл жас” газетінде, мен Алматы облыстық “Жетісу” газетінде журналистік жолымызды бастағанбыз. Жанат Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының тіл - әдебиеті факультетін жаңа бітірген. Қазіргі “Дәурен”, сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті баспасы баспаханасының бет қаттау цехында жұмыс үстінде танысқанымыз әлі күнге есімде. Әсем, толқынды қара шашты, қоңырқай жүзді жігіт күліп тұрды. Сұнғақ бойлы, көзілдірікті, дидарынан ізеттілік пен зиялылық есіп тұр. Өзіне құп жарасқан көк костюмінің сол жақ өңірінде “Лениншіл жастың” значегі.

Кез-келген газет редакциясындағы күйіп тұратын жер-секретариат. Оны газеттің жауынгерлік штабымен салыстыратыны да тегіннен тегін емес. Газет нөмерлерінің бүкіл жұмысының ұйымдастырылатын, оның нобайы қазанда қайнап, пісіп шығатын жер. Журналистік жолымыз солай

болды да, Жанат “Лениншіл жастың”, мен “Жетісудың” секретариатында көп жылдар қызмет атқарып, жұмыс бабымен үнемі көрісіп жүрдік. Шерхан Мұртаза, Сейдахмет Бердіқұлов басқарған тұстар “Лениншіл жастың” тарихындағы айрықша бір сергіліс кезеңдер болғаны анық. Қадрлары да небір сайдың тасындай ірілер болатын: Оралхан Бөкеев, Ақселеу Сейдімбеков, Фариза Оңғарсынова, Серік Әбдірайымов, Сағат Әшімбаев, Көдірбек Сегізбаев, Ырым Кененбаев, Жақау Дәуренбеков және басқалар. Жанат осы ақиық ортаға күмп ете түсті.

Газетті келісті көркемдеу-бір бөсеке. Ара-тұра бас сұға қалғанда “Лениншіл жастың” секретариатында жұмыс бүрқырап жатады. Содан ба, әйтеуір қақаған қыста “Лениншіл жастың” секретариатының терезесіне өмірі қырау тұрып көрген емес. Қазіргі “Санағ” баспасының директоры Серік Әбдірайымов, осы Жанат, марқұм Тұрарбек Пұшпақбаев қызыл танау болып жатқандары...

Газет күнде шығады.

“Лениншіл жасқа” алпыс жылдай өмірін арнаған суретші ағамыз Бағдат Момбеков өзінің оңаша бөлмесінде: “бізге бір пысық бала келді, өзі макет үшін жаралған сияқты”, деп отыратын.

Сол бала кезгі Жанат, бүгінде қарымды қаламгер, жазушы-журналист Жанат Елшібеков ентелеп келген елуді де ерттеп мініпті. Журналистер арасында “макеттің майын езіп ішкен” деген тіркес бар. Бұл өз шығармашылығының бір бөлігін газет безендіру ісіне арнаған, оның қыр-сырын кәсіби деңгейде меңгерген қаламгерлерге арналады. Жанат тап сол “макеттің майын езіп ішкен” журналист. Оны қазақ журналистикасында өз алдына бір сала етуге белсене үлес қосқан, өз алдына зерттеуге тұрарлық еңбек сіңірген азамат. Кейін “Егемен Қазақстан” газетіне аусуына себеп болған таптырмас бір қасиеті де осы шығар.

Көне гректерде *“I desus, i nostrum, melioridus utere falis”*
(Біздің мақтанышымызсыз ғой, жалтақтама, тарт алға.

Тағдырың тәлсейлі болғай!”) деген қанатты сөз болған. Бұрынғы қызметтестері Жанатты осындай ізгі тілекпен шығарып салғаны есте.

Жанат журналистік қазанның отын жағып қоймай жазушылық салада да тәуір қадамдар жасады. Әр жылдарда жарық көрген “Жауқазын”, “Студенттік меридиандар”, “Алтын ұя”, “Атамекен”, “Жоғалған теңіз”, “Зергек”, “Шағалалар жылай ма осы?” публицистикалық, танымдық әдеби кітаптары оның қаламгершілік қарымын байқатады. Қазақ сөз өнері зергерлерінің бірі, ақын Ғафу Қайырбеков оның шығармашылығы туралы былай дегені бар: “Жазушыға керегі екі нәрсе –бірі суретшілік талап, екіншісі әдемі көркем тіл. Бірі болмаса, бірі жоқ. Көп жағдайда соның біреуінің жоқтығын мойындамай қаншамыз ұзақ өуре боламыз. Жанатта құдайға шүкір, екеуі де бар. Екі бірдей шағын шығармасына мынау қиын заманның екі бірдей толғақты мәселесін өзек еткен жазушы Жанат Елшібеков жалпы әдебиетімізге, оның ішінде балалар әдебиетіне нағыз суреткер, талантты профессионал жазушының келіп қосылғанын дәлелдесе керек”. Бұл Жанаттың әдеби шығармашылығына берілген тиісті баға. Қазір Балқаш балықшылары туралы қалам тербеп жүрген “Теңіз мұңы” атты романы оның шығармашылығындағы тағы бір биік болары сөзсіз. Жарық көрген шығармаларында ол адам құқығы, экологиялық, құқық мәселелерін алғашқылардың бірі болып көтерді. Публицистік еңбектері үшін оның Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты атануы да осындай тынымсыз ізденісінің нәтижесі.

Жәкеңнің ізденісінің тағы бір қыры таным дүниесі саласында дер едік. Ол шын мәнінде ұлттық сөзжұмбақ өнерінің негізін қалаушы. Әрине, Жанат Елшібеков шығармашылығының қыры мен сыры туралы мақалада толық сөз етіп шығу мүмкін емес. Екі жиырма бестің төрінен көрінген қаламгердің бергенінен берері көп екені сөзсіз. Ал үшінші жиырма бесте оның қаламгерлік биігінің өз орны болғай.

“Заң”, 21 мамыр 1997 ж.

Қайнар ОЛЖАЙ,
журналист

ЖУПАРЫ БӨЛЕК, ЖҰМБАҒЫ ЕРЕК

Журналист Жанат Елшібеков ойды сөзбен өрнектеп,
жұртшылықты өзгеше әсерге бөлеп келеді

Қазақ журналистикасын көктемгі далаға теңесек, сол сансыз гүлдің ішінде Жанат Елшібеков өз ерекшелігімен назар аудартар еді. Оралханның қара сөзбен жырланған әңгімелерімен ауызданған біздің буың Жанат Елшібековтің ребустарын, сөзжұмбақтарын, криптограммаларын, анаграммаларын шешу арқылы ойын өсіріп, санасын шыңдағаны да шындық.

Өзіміз сөздің өнер екенін университет қабырғасында Зейнолла Қабдоловтың дәрістерінен түйсінсек, сөздің - ойын екенін Жанат Елшібектің жаңағы сансыз ұтқыр өрнектерінен аңғарғанбыз. Сонсын жата-жабыса сол ойынға қатыстық. Ребустардың шешуін астанадағы газетке жіберіп, жауабы шыққан нөмірден өз фамилиямызды іздеген күндер есте. Газет деген тамаша әлемге дендеуімізге, ендеше, Жанат Елшібековтің үлесі болғаны да. Іштей болсын мойындайтын нәрсе бұл.

Кейін оның жер-көктегі қилы-қилы қызықтарды жалықпай жинағанына да куә болдық. Кейбір қаламдастар менсіне қоймайтын бұл саланың да тыңын қазақ журналистикасында Жанат көтерді. Қарыс елі кітап етіп шығарды. Біздің тілімізге “Гиннестің рекордтар кітабы” аударылғанша Жанат Елшібектің кітабының орнын басқа ештеңе ауыстыра алмас.


Сөйтсек , ұсақ-түйек дегеніміз - ”ұсақ-түйек” болмай шықты. Көзге көрінбейтін тозаңнан бал жинайтын араның

тірлігі бұл. Болмаса сансыз ұсақ құмнан әйнек балқытып, моноклит құйып, ақыры аспан тіреуішіндей зәулім салып шыққандай еңбек. Мәселе, сол құмды кіріктіре білуде. Міне, Жанаттың суырылып шығар жері осы түс. Ақыл, білім, алғырлық, тапқырлық және ұзақ уақыт іздену мен көз майын тауысып еңбектену ұштасқанда барып құм кірігеді, нәтижесінде зәулім тұрғызылады.

... Қазақ даласы тағы сансыз гүлге тұнып тұр. Тура қазақ журналистикасы сияқты.


“Түркістан”, 21-27 мамыр 1997 ж.

ЖАНАТ
ЕШІБЕКОВ
Қарлығаш




ЖАНАТ
ЕШІБЕКОВ

Зерек



Жана
Елішбөкпе
Атамекен



Жанат Елішбөкпе

ЖАНАТ ЕШІБЕКОВ



Құлтөлеу МҰҚАШЕВ,
“Қазақстан мектебінің” арнаулы тілшісі,
Баубек Бұлқышев атындағы сыйлықтың иегері.

ТЕҢІЗДЕН ТАМЫР ТАРТҚАН

*Белгілі қаламгер Жанат Елшібековтың шығармашылық келбетіне
кескіндеме.*

Алпысыншы, жетпісінші жылдар “Лениншіл жас” (қазіргі “Жас Алаш”) газетінің даңқы да, таралымы да шырқау биікке шығандап көтерілген жұлдызды кезеңі еді. Жас журналистер шоғырының ұстаханасына айналған бұл басылымның босағасын аттаған өркім-ақ өз мүмкіндігін, дарын-қабылетін, жазу шеберлігін әр қырынан жарқырата көрсетуге ұмтылатын. Тура осынау дүрілдеген шақта “Ленжастың” шаңырағында кімдер қызмет істеді-оны көзқарақты жұртшылық, әсіресе, сол кез бұл басылымды қолдан-қолға тигізбей оқыған бүгінгі орта буын өкілдері жақсы білуге тиіс. Атағы жер жарған республикалық жастар газетінің тізгінін өз әріптесі Шерхан Мұртазаның қолынан алған Сейдахмет Бердіқұлов қанатының аясында Оралхан Бөкеев, Сағат Әшімбаев, Ақселеу Сейдімбеков, Болат Бодаубаев, Серік Әбдірайымов, Жақау Дәуренбеков, Мағира Қожахметова, Ырым Кененбаев, Сейітқазы Досымов, Жарылқап Бейсенбаев, Жанболат Аупбаев тәрізді жазу мәнері, қалам сілтесі бір-біріне ұқсамайтын журналистика жұлдыздары тер төгіп жүрді.

(Иә, иә, жаңсақ айтып отырған жоқпыз, бұлардың бәрі де қазақ журналистикасының шын мәніндегі жарық жұлдыздары болатын. Бүгін осы қаламгерлердің көшін жалғастырған дарынды жастардың дені аталған журналистерді лайықты ұстаз тұтатындығына дау жоқ).

Бұл күнде қазақ әдебиеті мен журналистикасында бөлек-бөлек шоқтықты орындары бар осынау қаламгерлер хақында кеуде кере әңгімелеуге әбден болады. Ал, сол алау жүректердің бел ортасында өзіне ғана тән жазу мәнерімен оқырмандарын жиі-жиі қуанытып Жанат ағамыз да жүрді. Жанат Елшібек жазған очерктер, суреттемелер, мақалалар мен репортаждар қазіргі таңда журналистика шежіресіне айналғаны сөзсіз.

Осы ретте айтар бір ерекше жәйт - Ж.Елшібек қаламынан туған дүниелер газеттің сарғайған парақтарында қалып қоймай, жеке кітаптарының өзегін құрады, я болмаса баспа жүзіндегі деректі жинақтарға енді. Автордың оннан астам төл кітаптарынан басқа көркем очерктері жиырмадан астам түрлі жинақтарға кірген. Атап айтсақ, қаламгердің баспа жүзін көрген бірқатар кітаптары:

“Жауқазын”. Деректі повесть, “Қайнар”, 1976 ж.

“Студенттік меридиандар”. Очерктер, “Мектеп”, 1982 ж.

“Сен білесің бе?”. Үйрен, ізден, ойлан, “Жалын” 1981 ж.

“Алтын ұя”. Очерктер, репортаждар, “Мектеп”, 1983 ж.

“Атамекен”. Фотоәңгімелер, “Жалын”, 1984 ж.

“Қарлығаш”. Суретті кітапша, “Жалын”, 1989 ж.

“Жоғалған теңіз”. Повестер мен әңгімелер”, “Жалын”, 1991 ж.

“Зерек”. Танымдық ойындар өлемінде, “Өнер”, 1991 ж.

“Шағалалар да жылай ма, осы?”. Очерк, көсемсөз, ой-толғақ, деректі әңгіме, эссе, “Қайнар”, 1996 ж.

Құрастырған кітаптары:

“Алтын дінгек”. Очерктер, “Қайнар”, 1993 ж.

“Жастықтың жанартаулары”. “Жалын”, 1983 ж.

“Тың планетасы”. Деректі әңгімелер мен очерктер, “Жалын”, 1984 ж.

“Жан сұлулығы”. Очерктер, “Мектеп”, 1987 ж.

“Арыңды жасыннан сақта”. Мақалалар, өңгімелер, очерктер, “Жалын”, 1989 ж.

“Ауылдың айтқыштары”. (Бірінші, екінші кітапша). “Өнер”, 1994-95 жж.

“Мың бір қызық”. Түрлі басылымдардан аударған, “Өнер”, 1994-1995 жж.

“Мың бір қызық”. Түрлі басылымдардан аударған, “Өнер”, 1995 ж. “Елбасы”, “Ана тілі”, 1996 ж.

Бұл кітаптардың бәрі де талғампаз оқырманның көңілінен шықты десек, қателеспейміз. Осы еңбектердің атын тізіп шығу оңай болғанмен, қаламгерлік қызметтің ыстық-суығын өз басынан кешіріп көрген әрбір адам осынау жинақтарды дайындауға өзіндік шығармашылық өрнегі бар дарынды автордың қаншалықты мандай тері мен көз майын сарп еткенін жан-жүрегімен сезінер еді.

Соның да бір дәлелі болар - кезінде осы кітаптар жөнінде баспасөз беттерінде арнайы мақалалар жазылып, жылы лебіздер білдірді.

Әрине, Жанат Елшібек кітаптарының қай-қайсысы болсын, жұртшылық назарын аударып, рецензиялар жазылып, дүркін-дүркін ашық пікірлер айтылып жатуы тегіннен тегін емес. Бұл - ерекше бет-бейнесі, өзіндік жазу-сызу мәнері, айшықты қолтаңбасы бар журналистің және жазушының еңбегіне деген ыстық ықыластың, ізгі ілтипаттың, зор құрметтің белгісі.

Осы ойымыздың жалаң мадақ еместігін көрсететін бір ғана дерекке жүгінейік.

Мәселен жанат Елшібектің “Жалын” баспасынан жарық көрген “Жоғалған теңіз” повестер кітабы турасында көрнекті ақынымыз, әдебиет әлемінің жаңалығын жанарынан шығармай қадағалаған марқұм Ғафу аға Қайырбеков “Қазақ әдебиеті”

газетінде үлкен “Туған бесікке оралу” талдау мақаласын жазып: *“...жалпы әдебиеттімізге, оның ішінде балалар әдебиетіне нағыз суреткер, талантты профессионал жазушы келіп қосылды”* деп ағынан жарыла қалам тербеді.

Ал, кез келген адам туралы (оның үстіне журналист те, жазушы да көп емес пе!) пікір айтып, қолына қалам ала бермейтін жазушы Шерхан Мұртаза “Егемен Қазақстан” газетінің өткен жылғы 7-маусымдағы нөмірінде “Шағалалар жылай ма, осы?...” кітабы жайында қордалы ойын төмендегіше түйеді: *“Алуан-алуан жүйрік бар, өліне қарай шабады демей ме халқымыз. Бұл жазушы, журналист дейтін ағайындар да шетінен жүйрікпіз деп ойлайды. Бірақ қалай шабарын құдай берген талант шешеді.*

Осы дүрмектің ішінен журналист-жазушы Жанат Елшібековті де көреміз. Дүрмек ішінде болғанмен шабысы, жүрісі бөлек. Өз өрнегі бар.

Жанат журналист, Жанат жазушы не жазса да материалға жан бітіреді. Оның очерктері көркем әңгіме сияқты оқылады. “Мәңгілік рух”, “Генералдың зайыбы”, “Қайда жүрсің, Балзия?”, “Жетімбұрыш”, “Шағалалар жылай ма, осы?...” сияқты очерктеріне осындай көркемдік қасиет тән”

Сонымен қатар Жанат Елшібектің шығармашылық өлемін әр қырынан сөз еткен белгілі әдебиетші-сыншылар Зейнолла Серікқалиев, Құлбек Ергөбеков, Бақыт Сарбалаұлы оның тынымсыз ізденісіне, тіл қолданысына, штрихтарды ойнатудағы шеберлігі мен деректерді орнымен пайдаланудағы ұтқыр қасиеттерін қаламгердің жетістігі ретінде нақты мысалдар келтіре отырып жоғары бағалайды. Иә, журналист үшін де жазушы үшін де жазған дүниенің көп көңілінен шыққанына не жетсін!

МЕН ОЙЛАЙМЫН, жалпы, Жанат Елшібек шығармашылығын қысқа мерзімде тереңіне сүңгіп, жілікше

шағып талдап шығу қолымнан келмес еді. Оның тақырып таңдаудағы ерекшеліктері, материалды беру шеберлігі, форма мен мазмұн үйлесіміндегі, қым-қуыт тосындық сырлары туралы, бөлкім арнайы уақыт бөліп ғылыми еңбек жазуға отырмасаң қаламгердің шығармашылық зертханасын жан-жақты аша алмайсың.

Кейде толғанамын, алысқа бармай-ақ, көршілес орыс әдебиеті мен өнеріндегідей бір адамның шығармашылығын бір адамның соңынан қалмай шүкшія, қопара зерттеу дәстүрі бізде қашан қалыптасар екен деп. Мүмкін сөйткенде ғана белгілі объектіні толығырақ үңгуге болатын шығар...

Солай, бола тұра, Жанат Елшібектей сөз ұстасының қаламгерлік құпияларын сырттай болжап та жақынырақ сезінетіндеймін. Сонда оның шеберлік сыры неде?

Асылы журналистикада, әсіресе газетте сенсацияның маңызды орын алатыны рас. Көптеген әріптестеріміздің елді елең еткізер жаңалық қуатыны содан. Бірақ сенсацияны жазу оңай ғой. Белгілі бір оқиғаны дер кезінде көресің де жариялай қоясың. Халық та бір сәт шу ете түскендей болады. Өкінішке орай, оныңыздың өмірі өте қысқа болып та жатады. Уақытша табысыңыз тез ұмытылады.

Ал, қаламгер үшін ең қиыны – елдің бәрі күнделікті білетін, бірақ көрмейтін құбылысты оқырман “құдай-ау, өз аяғымыздың астында жатқан осыны қалай байқамағанбыз?!” деп, аң-таң болатындай етіп жазуда болса керек.

Міне, жанат Орынбайұлы Елшібектің басты ерекшелігі осында! Оның дүниелерінің естен кетпестей өміршең келетіні де осыдан. Ол үшін, әрине, қиялдағыны шалатын қырағылық, жіті аңғарымпаздық, сергек ой, бәрінен бұрын қаламгерлік ыстық жүрек, одан соң ұшан теңіз білім мен мол тәжірибе керек.

Жанат очерктері мен мақалаларын ерекшелейтін поэтикалық тақырыптардың өзінен-ақ көп жайды аңғаруға

болар еді. Мұндай жетістік, сөз жоқ, бірден қолға түспейді. Ол ұзақ жылғы талмай ізденудің, маңдай тердің жемісі. Әйтпесе, жұрттың бәрі білетін, бірақ байқай бермейтін өмір суреттерін ойып алып, мөлдірете алдыға тастай салу екінің бірінің қолынан келе ме?!

ӨЗІ АЙТАДЫ: ойлап отырса, жазуға қаршадайымнан икемделген екем. 6-сыныптан бастап шағын мақалаларым “Қазақстан пионері” (қазіргі “Ұлан”) газетінде жас тілшілерді ынталандырып, қанағаттандырып, талмай ізденуге жетелеп отыратын ғажап салт бар еді.

Онда ай аяғында балғын авторлардың тырнақалды табыстарын талдап, жұртқа кең таныстырып, шолу жасалып тұратын. Арнайы сыйлықтар тағайындайтын. Өлі есімде, осы газеттің 30-40 кітаптан тұратын шағын кітапханасын жеңіп алып едім. Сондағы қуанғанымды көрсең!

Бүгінгі танымал қаламгерлердің денін осы газет тәрбиелеп қалыптастырады десем артық емес. 11-сыныпты бітіргенше газет арқылы қазіргі белгілі жазушылардың бірталайымен өзара сырттай таныс едік.

Мектепті күміс медальмен тәмамдағанмын. Сол тұстағы сезімімді “Жебе қалам” аталатын портреттік очеркте: “Ұшқыр уақыттың қанатына ілесіп тағатсыздана күткен мезгіл де жетті. Барша аудан орталығы Үштөбені екі-үш мәрте көрген маған Арман-қала, Ай-қала, Гүл-қаланың әр бұрышы, әр ғимараты тамаша! Бейне көкемнің үйі күтіп тұрғандай, келген бетте “Коммунистік 63-ті” іздедім. (Қазіргі Абылай хан даңғылының бойындағы Денсаулық сақтау министрлігінің ғимаратында ол кезде бүкіл газет-журнал редакциялары, оның ішінде “Лениншіл жас” та орналасқан болатын).

ЦУМ-нің төңірегінде бұл үйді қинамай-ақ тауып алсам да, ішке енген жүрегім дауаламаған. “Кімге барамын?...”, “Не деймін?...Мені кім күтіп отыр дейсің?...” Бірақ ... кіріп-шығып

жатқан адамдардың жарқылдаған жайдары жүздері ерекше батылдық бергендей. Жедел баспалдақпен жоғары көтерілдім. Үшінші қабаттағы “Лениншіл жастың” табалдырығын аттаған мезетте жүрегім кеудеме сыймай қайтадан тулап кеткені. Өйткені, аядай төрт бұрышты дәліздің бүкіл қабырғасы жағалай есік екен. Оның үстіне бәрі де айқара ашық... Іркес-тіркес қойылған үстелдер ... Өңкей қағазға шұқшиғандар ... Құрсауға түскендей күй кешкен менің ілкі сәттік жағдайымда сезген ұзын бойлы жігіт жылы ұшырай жөн сұрай бастады.

-Көне, балақай, бері қарай жүр, - деді ол оң жақтағы бөлмеге бастап.-Жазғандарыңды оқық. Мен-Қалдарбек Найманбаев деген ағаңмын.

- Сізді білемін ғой, - дедім өзімді енді ғана еркін ұстап.-Мақалаларыңызды, Әбілсейіт Айханов, Тимур Сегізбаев туралы жазғандарыңызды оқығанмын. Мен сіздердің штаттан тыс тілшілеріңізбін. (Қолымдағы дәптерге желімдеген “Лениншіл жас”, “Қазақстан пионері” газеттерінде жарияланған материалдардың қиындыларын көрсеттім). Журфакқа барғым келеді. Соған анықтама ма, мінездеме ме берсеңіздер.

-Жарайды. Дұрыс екен...

Біздің әңгімемізді көкжелкемнен гүж ете түскен дауыс бөліп жіберді.

-Оу, Қалаға, не тіршілік? Беттер дайын ба?

Орнымнан ұшып түрегеліп, қолымды ұсындым.

-Шер-аға, біздің мектептегі юнкорымыз. Оқуға келіпті, журфакқа тапсырмақ. Мінездеме сұрайды.

Бағанадан өткір жанарымен бас-аяғымды шолған ол келте ғана тіл қатты. Әлгіндегідей емес, қатулы көрінген қою қабағы да бөлекше жайдарыланып, жүзінен мейірім шуағы төгілген оның үні құлағымның түбінде ұмтылмастай жаңғырып тұрғандай.

-Беріндер сұраған қағазын. Септігі тиер.

Ғажайып әсерге бөленген мен редакциядан төбем көкке жеткендей болып шықтым.

Бұл күнгі және бір “ашқан Америкам” - өзім сырттай “жасы жер ортадан асқан егде адамдардың қатарында шығар” деген пікірімнің тас-талқан болуы. Сөйтсек, ұшқыр да, қарымды қаламымен қалың оқырманның жүрегіне жол тапқан Шерхан ағаның небәрі орда бұзар отыздан енді ғана асқан арыстан жүректі, семсер тілді, нағыз қылшылдаған шағы екен-ау.

Айтпақшы, әскери комиссариаттың тиісті куәлігі болмағандықтан құжатымды журфакқа өткізе алмаған мен шарасыздан қайтадан “Лениншіл жасқа” жүгірдім. “Басқа кімім бар?” Ал уақыт болса ыргалып - жырғалуды көтермейді. Ертең - құжат тапсырудың соңғы күні. Менің қалімді сезген журналист жігіттер ақыл-кеңестерін айтып жатыр. Көбі:

-Тездетіп ҚазПИ-дің филфагына тапсыр, - десті.

-Мұғалім болғым келмейді. Әлде келер жылы келсем бе екен, - деймін екіұдай күй кешкен мен.

-Балақай, алдымен түсіп ал. Кейін ауысып кетерсің. Әйтпесе, бірдей-бірдей жазушылар мен журналистердің көбі сол ҚазПи-ді бітірген ғой.

Сөйтіп, лениншілжастықтардың демеуімен филфакқа оқуға түсіп кеттім. Емтиханда жазған шығарманың бірінші бетіне “Лениншіл жастың” жас тілші ретінде берген мінездемесін, бірге іліп жібердім. Кім біледі, дуалы ауыз Шер-ағаның айтқанындай, “септігі тиген” болар.

“Пәк жүректе ұялап қалған осынау елеусіз ғана сәтті үкілеп жаңғыртудың еш артықшылығы жоқ шығар деймін”, -деп жазған екенмін.

Қысқасы, ұзамай “Лениншіл жас” газетіне “Мен-студентпін” деген мақалам шықты. Елдегілер өзім ауылға

жетпей жатып-ақ жоғары оқу орнына қабылдағанымды содан біліпті.

Соңғы курста жүргенімде Шерхан Мұртаза “Лениншіл жасқа” қызметке алды. Одан Сейдахмет Бердіқұловтың қол астында үлкен мектептен өттік. Екеуі де туғаннан редактор болып жаратылған ғажап адамдар ғой. Олардың қанатының астында болып, тәрбиесін көру екінің біріне бұйырмайтын бақыт, өрине.

Ол кезде жас журналистердің іссапарларға жиі шығып, таңдаған тақырыптарына сәйкес таласа жазу дәстүрі қалыптасқан болатын. Тезірек шындалуға сол әдетіміз де зор ықпал етті ғой деп ойлаймын. Сонда көбінесе, газет тілшілерінің қолтаңбалары очерк жанрына қалам тербеуіне сәйкес бағаланатын. Мәселен, әлгі тұстарда қанаттаса қызмет істеген Оралхан Бөкеев, Әнес Сараев, Ақселеу Сейдімбеков, Кәдірбек Сегізбаев, Серік Әбдірайымов, Кеңшілік Мырзабеков, Сейтқазы Досымов, Ырым Кенебаев, Орысбай Әбділдаевтардың очерктері көркем әңгімедей тартымды оқылатаын. Солардың ішінде “Ұйқым келмейді”, “Шағалалар мен шағылдар”, “Өмір деген тамаша ғой, бауырым”, “Он алты мен он сегіздің арасы”, “Мүзмоншақ” сияқты очерктің тақырыптары да жадымда өшпестей болып сақталып қалыпты. Көркем очерк дегеніңіз – көркем шығармаға апаратын баспалдақ. Жоғарыда аталған азаматтар қабілет қарымы мен қалам жүйріктігіне сәйкес еңбек жолдарын “Лениншіл жастай” қара шаңырақта бастап, қазақ журналистикасынан өздеріне лайықты орындарын алды. Ал, қазіргі жағдайда қолымда жүректтей дипломым мен ұшқыр қаламым бола тұра “ЛЖ” немес “СҚ” сияқты орталық басылымдарға қызметке орналаса алмаған болар ем-ау деп топшылаймын. Неге десең бүгінде тамыр- таныстық етек жайып кетті ғой. Қанша дарынды болып тұрсаң да, демеп, жебеп отырған тәтең не көкең болмаса жұмысқа қабылдана қоюың неғайбіл. Содан баспасөзді қаламының оты, ойының

жоқ кездейсоқ біреулер басып ала бастайды. Қазір “Қазақ журналистикасы неліктен мешеуленіп кетті ө”-деп бас қатырамыз. Меніңше оның басты себебі әлгіндей қатынаста жатыр.

Содан соң бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда бүгін заман ағымына сай жеделдік, сүп-сүр суық дерекке сүйену алдыңғы қатарға шықты. Мұның да артықтығы бар шығар, алайда, материалды берудегі тас шайнатқандай қатқылдық немесе сөлін сығып алған өскіндей сүреңсіздік шайлықтырады. Кез келген құбылысты адамы жан-жүрегіңнен өткізіп барып жазғанға не жетеді.

МЕН ОЙЛАЙМЫН, осы тұста журналист, жазушы Жанат Елшібектің өзге қаламгерлерден және бір айырмашылығы-оның газетті техникалық безендірудегі шеберлігінде, бұл істің сырын “сүйсін шағып, майын ішкен” дейтіндей білгірлігінде, басылым макетінің шын сәулетшісі деңгейіне көтерулуінде екенін баса айту ләзім. Осы артықшылық ол жазған дүниелердің де тамыр-тамырына жайыла көрініс беріп, көпшілік көңілінен шығып жүрген бас газет “Егемен Қазақстанның” көркемдік безендіруіне осы басылымның жауапты хатшысы Жанат Елшібек тікелей ықпал етіп отыр десек қателеспейміз.

ӨЗІ АЙТАДЫ: “Лениншіл жаста” Сейдахмет Бердіқұлов ағамыздың бір әдеті- жұмысқа жаңа қабылданған жігіттерді секретариаттың көрігіне салып алушы еді. Мен де сол мектептен өту бақытына ие болдым. Газет макеті адамның киімі сияқты. Ол да өте үйлесіп, жарқырап тұруы керек. Әрбір материалдың мазмұнын ашып, ажар беріп, менмұдалап тартып тұратын да сол. Демек, макет-үлкен өнер.

Мені “Лениншіл жастан” сол кездегі Орталық партия Комитетінің органы “Социалистік Қазақстан” газетіне үш рет қызметке шақырды. Сейдағаң ұзақ уақыт босатпай жүрді. Ақырында соңғы рет қолқа салғанда “ЛЖ-ның” бөлім меңгерушілігінің әйгілі “СҚ-ның бөлім меңгерушілігіне шақыру

жастар басылымы тәрбиелеген кадрларға деген зор құрмет деп білеміз, енді барғаның дұрыс” деп бастасын берді. Сөйтіп, “Социалистік Қазақстанның” көркемдеу бөліміне меңгерушісі болып тағайындалдым. Содан, міне, осы газеттің жауапты хатшысы болып, басылымының ыстық-суығын көтерісіп келемін.

Таяуда Лондонда шығатын “Обсервер” газетінің қызметкері, белгілі ағылшын журналисі Дэвид Рэндаллдың “Әмбебап журналист” деген кітабы жарық көрді. Онда тәжірибелі қаламгер материалы қалай безендірілуі керек, газеттің әр айдарын, тақырыбын, шмуцқа дейін қайтіп берген жөн, хабарды нендей көркемділікпен жұтындырып беруге болады... жалпы, журналистің қоғамда атқарар ролі неде деген сауалдарға тайға таңба басқандай жауап берді. Негізінде, бұл-әрбір журналистің үстеліне жататын кітап.

Ол кез келген мемлекет арасындағы жанжалды да, бітімді де журналистер жасайтындығын айтады. Рас қой. Ендеше, журналистика еріккеннің ермегі емес, теңдессіз қару.

Қоғамда ол көтеретін жүк те зіл батпан...

МЕН ОЙЛАЙМЫН, газет макеті мен мақала формасының өзінен өсемдік іздейтін Жәкеңнің қылқалам шеберлеріне үйір тұрып, солардың сұңғат өнеріндегі жылт еткен табыстарын жеткізуге асығатын әдетіне оның жанарын сұлулыққа суғаруға ұмтылатын осынау мінезі де көбірек түрткі болады.

Бұл тұрғыда, басқасын айтпағанда, Жанат Елшібектің белгілі суретшілер Айша Ғалымбаева, Гүлфайрус Исмаилова, Раушан Момбековалардың өнерлеріне қатысты “Туған топырақ бояулары” ұштағанына таптастырылған “Көкжиегі кең сырлы өлем”, “Қылқалам құдіреті”, “Парижді тандандырған” аталатын очерктерін атасақ та жетіп жатыр. Қаламгер бұл дүниелерінде аталған адамдардың шығармашылығын көңілге де талғампаз, өте білікті өнер зерттеушісі биігінде тұрып егжей-тегжейлі талдау жасайды.

Жанаттың тағы бір ерекшелігі- өзінің де суретке, сызуға икемділігінен болар, түрлі сөзжұмбақ, басқатырғы құрастыруға, табиғаттың жансыз фотосуреттеріне тіл бітіруге бейім. Ол жоғарыда айтқанымыздай, үлкен-үлкен “Сен білесің бе?”, “Зерек”, “Атамекен” аталатын кітаптарын да жазады.

ӨЗІ АЙТАДЫ: хобби деп жүреміз, менің бала кезден қалыптасқан бір әуескерлігім- түрлі танымдық ойындармен айналысу. Алғашқы ребустарым “Қазақстан пионері” газетінде жарияланды. Содан күні бүгінге дейін осы “ермектен” қол үзген емеспін. Әрине, оның менің терең түсіне қоймайтын кейбір кісілер үшін бұл өте жеңіл нәрсе де болып көрінуі ықтимал. Әйтпесе, ол кез келген жастағы адамның ой-өріс қабілетін дамытуда таптырмайтын құрал.

Кроссвордтың түрлері көп. Оны жалпылама түрде “Сөзжұмбақ” деп атай салуға болатын шығар. Бірақ олар да жанр-жанрға бөлінеді, 10-15 түрі бар. Менің “Сен білесің бе?”, “Зерек” кітаптарым қалың оқырманға жетпей қалды. Қазір де сұраушылар көп.

Тегінде, АҚШ, Жапония, Австралия сияқты өркениетті елдердің барлық газеттері сөзжұмбақтың түр-түрін жиі беріп отыруды дәстүрге айналдырған. Былтырдан бері “Егемен Қазақстан” газеті де осы салтты болса да, оқырмандардың сұрауын қанағаттандыру мақсатымен тұрақты жариялап келеді.

Ертеден қолға алған және бір әдетім-фотосуреттерді сөйлету. Ұзақ уақыт секретариатта қызмет етуімнің ықпалы бола ма, суреттерден сыр іздеуге дағдыланыппын. Тақырып таңдауыма да сол әсер етті-ау деймін, табиғат көріністерін сөйлейтін мөлтек әңгімелер жазуға күштар едім. Нәтижесінде “Атамекен” аталатын фотоәңгімелер жинағым жарық көрді. Бұл кітап кейінірек Қазақстан Журналистер одағының сыйлығына ие болды.

МЕН ОЙЛАЙМЫН, мұндай сан қилы әуескерлікпен журналистика мен жазушылықты қатар алып жүру оңай іс емес. Жәкең жазушылыққа қалай келеді екен? Жұмыс тәртібі

қандай? Уақытты қалай жеткізеді? Болашақ жоспарларында не бар... деп.

ӨЗІ АЙТАДЫ: “журналистің жазушыға айналуы оңай, ал жазушының журналистке айналуы қиын” деген қағидадағыдай, сонау бір жылы Оралхан Бөкеев, Тынымбай Нұрмағанбетов, Молдахмет Қаназов сияқты таланттарды ашқан “Жалын” журналының жбық бәйгесіне бағымды сынау үшін “Қош бол теңіз” хикаятымды жолдадым. Бұл шығарма ұзамай жүлделі орынға ие болды. Осы оқиғаға сынақ болды-ау деймін, бұдан соң іске байсалдырақ кірісе бастадым. Тегінде, айта кеткенім орынды болар, алғаш қалам ұстауыма түрткі болған қазір 80-ге таяп қалған анам Төлеуғайша еді. Ол кісі әр кезде: “Балам, күнделік жаз, өткен күнде белгі бар” деп отыратын. Әкем де үнсімі “не жазып жүрсің?” деп сұрап қояды.

Қазір қатар жазып жүрген дүниелерім бар. Балқаш тағдырына, ондағы балықшылар өміріне арналған “Теңіз мұңы” романым жазылуы тиіс. Табиғаттағы, адам өміріндегі ғажайып құбылыстар суреттелетін “Жаңғырық” еңбегін жалғастырудамын. Сондай-ақ өз айналамда болған, көзбен көріп, көңілге түйген оқиғалардан сыр тартатын роман күнделік жоспарда тұр. Бір ғана мысал-баяғыда академик Қаныш Сәтбаевтың мерейтойы өте елеусіз ғана өтті. Бас редакторымыз Балғабек Қыдырбекулының ғалым туралы нөмерге кетіп бара жатқан мақала мен суретті Орталық партия Комитетіне көрсетіп, жариялауға рұқсат сұрап қайтқаны күні бүгінге дейін көз алдымда тұр. Ондағылар суретті кішірейтіп, мақаланы газеттің төменгі жағына беру туралы нұсқау беріпті. Сондай заманды да көрдік. Кейін академиктің 90 жылдығы дүрілдеп өтті. Жекелеген газет-журналдар Қаныш ағаға тұтас нөмерлерін арнады. Қос-қос беттер берілді. Алмағайып заман дегенің сол.

Роман-күнделікте осы сияқты журналистік өмірде болған жайларды қаз-қалпында, еш боямасыз, нақты деректерге сүйене отырып суреттемекпіз. Және бір мысал-Шерхан Мұртаза газетке бас редактор болып келген беттен газет шекесіндегі ескі

айдарды алып тастап, ұлттық рухқа негізделген ұран жазғызды, ай аттарын қазақшалатты. Оған дейін ондай іс санаға да келмейтін, қорқақтайтынбыз. Осылайша халық тағдырында маңызды орын алатын мұндай батылдықтар әлгіндей кішкене қадамдардан басталады. Ол ерліктер ізсіз қалмауы тиіс. Роман-күнделікте сондай жайлар сөз болады. Ойда жүрген өзге де жоспарларым көп. Бірақ оның бәрі жуық маңда іске аса қояды деп айта алмаймын. Бәрі алдағы өмірдің үлесіндегі дүниелер. Көп жағдайда уақыт тапшы. Күнделікті газет жұмысының өзі айналуға мұрша бермейді. Сондықтан көп жылдардан бері барлық кітаптарымды сенбі, жексенбі күндері мен кезекті еңбек демалысы кездерінде жазуға машықтанғанмын. Бұл кесте бүгінде бұлжымас тәртіпке айналды. Жалпы, журналистика да, жазушылық та жанкешті еңбекті талап етеді. Бірақ осы азапты жолды таңдағанымда еш өкінбеймін. Егер өмірді басынан қайта бастауға мүмкіндік туса мен бәрібір осы мамандықты таңдаған болар едім.

МЕН ОЙЛАЙМЫН, “Жанат Елшібек шығармашылығының ұрпақ тәрбиесіне қатысы бар ма?” деген сауал туар.

Бұған өзім салған, беттен-ақ “әрине, болғанда қандай!” деп жауап берер едім. Көзіқарақты оқырман жазбай таниды-оның барлық шығармашылық ғұмыры- тұнған тәрбиеден тұрады.

Адамгершілік, эстетика, этика, отансүйгіштік, табиғаттану... бәрі Ж.Елшібек шығармашылығының алтын арқауына айналған.

Жанат ағамыз бен сол үйдегі жеңгеміз, Қазақтың мемлекеттік Көркемсурет академиясы жанындағы колледж оқытушысы, Республика білім беру ісінің үздігі Зейнеп Сыдықова екеуі Фараби, Шоқан деген екі ұл, егіз Құралай, Алтынай есімді қос қыз тәрбиелеп өсірді, немере сүйді. Балалардың бәрі де жоғары білімді, бүгінде халық шаруашылығының түрлі саласында қызмет етеді...

Баса тоқталатын жайт-Жанат Елшібек шығармашылығы, өсіресе табиғат құбылыстарымен үндес келеді. Автор не жазса да сылдыр сөзді сыпырмайды, фактіге де малтығып қалмайды, ұдайы толғаныс сезімін төл тақырып Темірқазығы-табиғатпен, теңіз шуымен, шағала шаңқылымен ұштастырады.

ӨЗІ АЙТАДЫ: туып-өскен жерім Балқаш жағасы, Қаратал бойы болғандықтан ба, өмірлік тақырыбым теңіз болып келеді.

Ол кезде су мол еді, Қаратал арнасынан шалқып-тасып, өткел бермейтін. Әсіресе, көктемде бір ауыл мен бір ауыл қатынасы алмай қалатын. Айнала үйрек-қазы сыңсып, айнадай жарқырап жатқан ұсақ көлдер, мұндай ну қамыс, қалың тал, жиде тұнып тұратын.

Ол Қаратал мен бүгінгі Қараталды салыстыруға келмейді, өрине. Балықшы колхоздары түгел тараған, жер азып-тозған. Мұның бәрі жаныңды жаралайды, мұңға батырады. Көз алдыңа жоғалған теңіз, жанарыңа жас келеді. Табиғат тылсымына бойлауда Василий Песков, Ярослав Головановтарды үлгі тұттым деуге ұялмаймын. Өз бойымдағы қабілетті дамытуға осы қаламгерлер көбірек ықпал еткендей.

...СОҢҒЫ БІР КЕЗДЕСКЕНДЕ Жанат ағам: “Қызық, жасым елуге келгенше түсімде ылғи толқыған теңіз көремін!” деп еді. Тіліме Жөкеңнің “Шағалалар жылай ма, осы?” деген тіркесі оралды. “Шағалалар да жылайды екен” деп ойладым. Ол туған ел мен жерін сүйген журналист, жазушының шарқ ұрған шағала жүрегінің дүрсілінен, сарғайған сағынышының белгісінен анық байқалады.

Иә, шағалалар да жылайды екен... Жылайды. Теңізбен тамырлас туындылар сырына үңіле білейікші...

“Қазақстан мектебі”, N5 1997 ж

Күлпара ЖҰМАҒАЛИ.,
журналист

ГАЗЕТ ЖӘНЕ ҒҰМЫР

Анығында, біріншісі - сыншы, екіншісі - жазушы. Бақытқа-сыншылығынан гөрі, редакторлығы, Жанатқа-жазушылығынан гөрі журналистігі тым жақсы жарасатын сияқты.

Қасиеттері-ешкімге әлімжеттігі жоқ, “ақырын жүріп, анық басатындар”.

ӘРІШТЕСТЕРДІ ДӘСТҮРЛІ ӘНГІМЕГЕ ТАРТҚАН ЕДІК

Жанат ЕЛШІБЕК., “Егемен Қазақстан, газетінің жауапты хатшысы.

Жанат айтады:

Ұзақ Бағаев деген журналист болды. Ертеректе дүниеден өтті. Жылы-жылы очерктер жазатын. Сол кісі: “Баламның баласының баласына-журналист болма! деп айтып кетем”, - дейді екен. ығыр болғандығы ғой, әбден. Ол кезде қиын, газет-журналдың бері қорғасынмен шығады. Кезекшіліктің өзі қиямет-қайымға бара-бар еді...

Бірге Атақты “Правданың” редакторы келіп, кездесу өткізетін. *di.* Былай дегені бар: “Сіздер бізге аппараты көп, жағдайы жақсы, мықты” деп қызығасыздар. Сол “Правда” шет елдік басылымдардан шамамен 50-60 жылға кешігіп келеді”.

Ол кезде қайдан білейік, компьютердің не екенін?! Және шет елге бас редакторлар ғана барып келетін. Оның өзінде Мәскеу құрамымен. Солардың көріп айтып келгеніне мән боп, аузымызды ашып отыра беретінбіз.

Ол кезде шынын айту керек, шет елдік журналистердің тәжірибелерін біздің сақа журналистер де білмейтін.

* Қазіргі ақпараттық сипаттағы материалдың беделі жүріп тұрған кез.

- Жауапты хатшы боп отыра бересіз бе?

руым да,

— Қызмет ойлайтын адам емеспін. Тамыр-танысым да, тергеушім де — қаламым. Жауапты хатшылыққа сайлаған сенгендік. Бү дө — өнер. Тәжірибем бар, Сейдахмет мектебінен өткендігім және бар.

- Жылдың қай мезгілі ұнайды?

- Көктем, өсіресе, мамыр айы.

- Неше әйеліңіз бар?

- Бір әйел, 2 ұл, 2 қызым бар.

- Шығармашылық тоқырау деген не?

- Ой ~~тоқтау~~, тақырып аясын тарылтып алу, қайталауға, таптаурыңға ұрыну.

- Өтірік жазып көрдіңіз бе?

мың

— 30 жылға жуық уақытта ірілі-уақты ~~1000~~-даған материал жазсам, соның бәрі-шындық. 30 жолдық хабарым да нақты деректерден түзіледі.

- Жек көретін өз мінезіңіз.

- Асығыстық, кейін істелетін шаруаны бітіріп тастауға ұмтылушылық.

- "Теңіз мұнын" қашан аяқтайсыз?

- "Теңіз мұңы" — көп қырлы туынды бола ма деп ойлаймын. Өзегі-теңіз тынысы, Балқаш балықшыларының өмірі, Балқаштың экологиялық жағдайы. Түсімнен теңіз кетпейді, теңіз кешіп жүрем. Таяу жылда бітетін шығар.

- Жазушыға қандай қасиет аса қажет?

- Еңбекқорлық, тағы да еңбекқорлық.

- Журналист неден сактану керек?

- Жалғандықтан.

- Әдебиеттегі Ар мәселесі...

Кез-келген ақын-жазушы журналист бола алмайды.

Кеңседе, қызметте отырып мақала, кітап жазған емеспін. Үйде жазамын. Кітаптарымның бәрі сенбі, жексенбі және еңбек демалыстарымда жазылды.

Жұмыс уақытымның бәрі газетке арналады.

- Сіз кімсіз?

- Сырт көзге аңқылдаған, елпілдеген, сергек сезімтал жан боп көрінуім мүмкін. Себебі, бүкіл адаммен ортақ тіл табыса аламын.

Негізі, жұмбақтау, түйық кісімін.

- Неше кітабыңыз бар?

- Төл кітабының саны 10, құрастырған кітаптарым 10-15.

- Дәл осы жасыңызда басқа мамандықты қалар ма едіңіз?

- Қайтадан жазу өнерін қалар едім.

- Жазудан шаршаған жоқсыз ба?

- Шаршаған жоқпын. Жазуды, өз ісімді өте жақсы көремін. Өттен, газет жұмысынан артыла бермеймін.

- Танымдық, зеректік ойындар, сөзжұмбақ, криптограмма, ребус, т.б.-сүйікті кәсібіңіз-о баста несімен қызықтырған еді?

- Алғашқыда әсерленіп үйір болған сияқтымын. 6- сыныпта 2 ребусым республикалық газетке шықты. Бұл өзі-ең қиын, әрі елеусіз жанр. Көпшілік оны ойын деп келді. Мен ойын емес, өнер деп қарадым. Сол жолдағы еңбегім жеміссіз емес. Соңғы жылдары газет-журналдар өздерін "оқыту үшін" беріп жүр.

- Өмірден нені біле алмай келесіз?

- Жақсы, талантты адамдардың, жақсы істердің дұшпаны, іштарлық жасайтындар көп. Соны біле алмай келемін.

- Тап қазіргі кезеңде қай тақырыпқа жазған оңтайлы?

- Қаламгер өзі жазған еңбекке адалдықпен, жауапкершілікпен қарауы керек.

- Нені жаза алмадым деп ойлайсыз?

- Жаза алмаған ой да, тақырып та жеткілікті.

- "Біз қайда барамыз"?

- Біз көз жасы көп төгілген халықпыз. Жаратқаннан артық күдіретті есепші жоқ. Қазақтың көрген азап-мазағы, қиындығы мен ауыртпалығы, ендігі жерде қуаныш боп қайтатын кезі жетті. Қазақстанда жаңа дәуір, өрлеу дәуірі басталайын деп отыр.

Ғалымдардың, келешекті болжаушылардың, ғажайып қасиеті барлардың зерделеуінше, тұтас 2000 жылға созылатын жаңа дәуір табалдырығында тұрмыз.

Жаңа көкжиектерге беттеп барамыз.

"Заман Қазақстан", 23 мамыр 1997 ж.

Алпысбай ШЫМЫРБАЙҰЛ.,
Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты,
“Ұланның” бұрынғы қызметкері.

ТАНЫМДЫҚ ОЙДЫҢ ТАПҚЫРЫ БАСТАУ

Құлаққа бір үн келеді...

“Балқаш көлінің бүгінгі картасының бояуы бұрынғысына ұқсаңқырамайды. Көкшіл түстерді бірөңкей сүреңсіз сарғыш бояу алмастырған...”

“...Бір кездегі сыңсыған қамыс суды бірқалыпты ұстап тұрады екен ғой...”

“...Оралған жыл құстарының тізбегін әр ауылдың аспанынан көресің...”

Бұл үн- кеше көгілдір көлін “теңіз” деп өскен, асау Қаратал өзенінің Балқашқа құяр сағасында балалық бал дәуренін өткізген журналист-жазушы, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Жанат Елшібектің қолтаңбалық “үні”... Біз бүгінде ер жасы-50-ді еңсеріп отырған, “Ұлан” (кешегі “Қазақстан пионері”) газетінің бұрынғы (60-жылдарғы) жас тілшісі, қазір есімі танымал қаламгер ағаларың Жанат Елшібек туралы әңгімелемекпіз.

Қауырсын қалам-қанаты

- Менің балдай тәтті балалық шағым шағалалары шарқ ұрған көгілдер Балқаштың іргесіндегі шағын Фрунзе атындағы колхоздың төрінде өтті. Кейін іргедегі ұсақ ұжымдар (колхоздар) бірігіп, іргеленіп “Көпбірлік” атанды. Он-он бес жыл көлемінде теңіз тартылып, ескі жұртта аз-мұз ғана үйлер қалды, балалық шақ іздері сайраған сол бір шағын ауылымды сағынамын, -деп сыр тиегін ағытты Жәкең.

- Жазу өнеріне, шығармашылыққа құштар көңілімен жетелеген жас тілшілік ізденістеріңіз жөнінде айтсаңыз.

- Менің тұңғыш мақалам, ұмытпасам, алтыншы-жетінші класта оқып жүргенімде “Қазақстан пионері” газетінде “Пионерлерге риза” деген атпен жарық көрді. Онда өзіміздің ауыл балықшыларына жас өркендердің жазғы каникулда көрсеткен көмегі, яғни үлкендер сапында теңіз толқынында еңбек еткен сәті сөз болатын. Қазір көп жұрт біле бермейтін жәйтті айта кеткенім жөн: мектеп бітіргенге дейін менің маатериалдарым “Жанат Орынбаев” деген атпен жарияланып жүрді. Мектепті бітіргенге шейін “Туу туралы куәлікте” үлкен атамның атына жазылғанын білмегенбіз ғой. Әлде мән бермедік пе? Әйтеуір, өкемнің атымен кіші-гірім мақалаларым бүркырап шығып жататын. Алғашқы мақалам жарыққа шыққандағы қуанышымда шек болған жоқ. Сол мақалаға орай республиканың түс-тұсынан қарлығаш хаттар келгенде, көңілім одан бетер тасыған Содан мен пошташы кісінің үйінің бір “өкілі” болып алдым. Күнделікті газет-журналдарды сұрыптасып жанында ұзақ отырушы едім... Көп ұзамай сүйікті газетімізде “Екі ребус” атты танымдық тырнақалды туындым жарық көрді. Өр жерден келер хаттар, тіпті қарша борады. Күніне кеміне 10-15 хат алушы едім. (Ауыл адамдары, ұстаздарым, пошташы кісі сол кезде менің осы мақалаларымды әжептәуір оқиға, дәреже көреді екен-ау...) Әсіресе, “Фельетонды өзіміз жазамыз” айдарымен “Дедекбай” деген фельетоным жарық көргенде, хаттың астында қалдым. Бір өкініштісі: сол хат иелерінің бағдар, мекен-тұрақтары осы күндері сақталмапты... Десе де сол кезде жазу машығында бағын сынап, талаптары таудай боп жүрген Жақау Дәуренбеков, Дәулет Исабеков, Қайсар Әлім, Ырым Кененбаев, Сылам Нұрмағамбетов сияқты жас авторлардың біразымен кейінірек, өмір соқпағында жүздесіп, қайсыбірлерімен бір шаңырақта

бірге еңбек етіп, өріптес болдық. Қандай бақыт, қандай тамаша! Бала кезімде пионер газеті табыстырған көбіміз бұл күнде баспасөз саласында қоян-қолтық араласып жүрміз.

Мектеп бітіретін жылы “Қазақстан пионерінің” үздік жас тілшісі ретінде газеттің Грамотасымен марапатталып, шағын кітапхана жеңіп алдым. Өзің бар, бәріміз де осы “Қазақстан пионерінің” (Ұланның”) мол етекгі “шинелінен” шықтық қой!...

... Содан балаң, бозбала Жанат арман қуып, астанаға келді. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1969 жылы бітіріп шықты. Студент кезінде бұрынғы Коммунистік (қазіргі Абылайхан) даңғылындағы 63-үйдегі “Пионер” газеті редакциясында Құрманбай Толыбаев, Сәбит Жиренов, Есенжол Домбаевтардың ақыл-кеңесін алып, бірге қатар жүріп, хат қорытып, ағаларына көмектесіп отырушы еді. Жанат өзінің жазуға деген қабілеті арқасында Шерағандай (Шархан Мұртаза) саңлақ қаламгердің көзіне ілігіп, журналистер “ауылынан” бірақ шығады! Сөйтіп, ол 1969 жылы “Лениншіл жасқа” (қазіргі “Жас алаш”) қызметке орнадасады. Жастар басылымында тапжылмай он жылға жуық еңбек еткен шақта ол журналистиканың ыстық-суығына түсіп, қауырсын қаламын шындауға ұмтылады. Жазу өнерінің қыры мен сырын үйреніп, тәжірибе жинақтады. Журналист кадрларының нағыз ұстаханасы саналатын жастар басылымында қалам ұштап, алау жастықтың көрігіне түсу-ғажайып сынақпен бірдей. Мінеки, осынау қызығы мен қуашыны қат-қабат өзіндік университеттен өткен Жанат ағаларың алуан тақырыпта қалам тербеп, қағілез де дарынды, сергек те сезімтал журналист ретінде дара қолтаңбасын көрсетеді.

Газет макетінің биік өнер екенін өзінің бөлек ізденісімен, қабілет шеберлігімен өзгелерге айқын дәлелдейді. Сондықтан да

болар, оны кезінде лениншыл жастың әріптестері “макеттің майын ішкен, “газеттің бас архитекторы деп атайтын. Сонымен бірге ол көптеген бөлімдерді басқарды...

Бұл үрдіс жаңа биікке жол бастады. Жанат Елшібек 1978 жылы қазақ баспасөзінің қара шаңырағы- “Социалистік Қазақстан” :қазіргі “Егемен Қазақстан”) газетінің шақыруы бойынша көркемдеу бөлімінің меңгерушісі болып қызметке тағайындалды. Аға басылымда да өз қабілетін көрсетеді. Кесек-кесек дүниелер жазады. Бірнеше бөлімді басқарып тәжірибелі де іскер журналистік қырларын байқатады. Ал 1991 жылдың ақпан айынан бері ол республикалық ұлттық саяси газет- “Егемен Қазақстан” газеті редакциясының жауапты хатшысы өрі редакциялық алқаның мүшесі.

- Жәке, шығармашылық ізденістеріңіз бен қажырлы еңбектеріңіздің “жемісі” өз оқырмандарыңызға “қыздың жиған жүгіндей” болып көрінеді. “Ұстазы жақсының ұстамы жақсы” деген канатты сөз бар ғой. Алғашқы ұстазыңыз жөнінде бір-екі ауыз лебізіңізді естісек...

- Қолға қалам ұстатқызып, “Әліппені” жаттатқызған ең алғашқы ұстазым Базархан Ибраев деген ағай еді. Ол кісіні бүкіл ауыл “мұғалім” деп құрметтеп атап кеткен. Маған қарындашты үшкірлеп әдемілеп ұштауды сол кісі үйретіп еді. Мұғалім ағай кейінірек теңіз тартылып жұрт орнынан сетінеп көшкенде, Балқаш қаласына көшіп кетті. Мен оқу қуып Алматыға аттандым. Сол кісі “Жанатымды бір көрсем” деп үнемі сұрастырып жүреді екен... Менің де шәкірттік көңілім алғашқы ұстазды ойласам, елендеп, сағына, елегізі береді-ау...

- Қаламгерге тән басты қасиет не деп білесіз?

-Қалт еткенді байқап, сезіну, соны қағазға түсіру аз, осы жарияланбаған барлық жәдігерлікті мұқият тізбелеп, текшелеп, том-томдап жинастыру керек. Менің баспа бетін көрген барлық мақала, туындыларым сұрыптаулы, сақтаулы тұр. Мектептегі

күндерде үзбей күнделік жазушы едім. Оның да кейін таразылап қарағанда, көп пайдаға асқаны бар. Танымдық ой-жұмбақтарымды да дәптер-дәптер етіп жасап, қаттап қоя беруші едім. Мен үшін қаламымның ұшынан туғанның бәрі қымбат..

Қаламы жүрдек, лирик журналист- жазушы Жанат Елшібек ондаған кітаптың авторы. “Қош бол, теңіз” повесі “Жалын” баспасының балалар мен жас өспірімдерге арналған дәстүрлі жабық бөйгесінің сыйлығын иемденген.

Оның қаламынан сондай-ақ оқырманды сезім шуағына бөлейтін “Жауқазын”, “Студенттік меридиандар”, “Алтын ұя”, “Атамскен”, “Жоғалған теңіз”, “Шағалалар жылай ма, осы?”, “Сен білесің бе?”, “Зерек”, “Мың бір қызық” тәрізді очерктер, паовесть-өңгімелер, танымдық түрлі кітаптар туды.

- Қазір “Қарлығашым келдің бе?” деген повесть жазып жүрмін. Алғашқы үзінділері “Ақ желкен” журналында жариялануда. Құлазыған жұртта қалған жалғыз үйдегі тіршілік... Қалаға көшіп кеткен кейуана немересін ертіп келіп, жаз бойы атажұртта құлауға жақын ыстық ұясын паналайды. Өмір мен табиғатты егіз ұғым ретінде түшынбақпын,- деп түс өлетіндегі редакциядағы өңгімесін онан әрі жалғады.- Болашақ “Теңіз мұңы” романына материалдар жинастырып жүрмін. Оның кейбір фрагменттері қағаз бетіне үзік- үзік түсуде...

ТАНЫМДЫҚ ОЙДЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Сендердің ауылда үлкен тойды атқаратын нән, үлкен самаурын көргендерің бар шығар. Ал қазақ тілінде шыққан алып сөзжұмбақты көргендерің бар ма? Оны құрастырған тағы да өз ағаларың-ізденімпаз журналист Жанат Елшібек.

Жанат-республикамыздың мәдени өмірінде осы жас жанр-ой-танымдық жұмбақтар дәстүрін қалыптастыруда тынбастан тер төгіп жүрген қаламгер.

- Заман, уақыт өзгерер, бірақ таным өзгермек емес. Адамның ой-қабілетін, дарынын, білімін өсіріп, қабілет мүмкіндігін шыңдауда түрлі ой-жұмбақтың мәні орасан зор, - дейді Жәкең.

Жанат Елшібек кезінде “Ұлан” газетінде “ТОМ” (Танымдық ойындар мектебі), “Зерде” журналында “Зерек” деп аталатын білмекке құштарлар клубтарын жүргізсе, бүгіндері аға газетіміз “Егемен Қазақстан” бетінде таным бөлімін ұйымдастырып отыр. Мұның өзі танымдық дүниелермен айналысушылар легінің толқын-толқын буынға ұласып отырғанын көрсетсе керек.

Жасөспірімдердің ойын ұштап, танымын шыңдап-тәрбиелеуде, әрелі іс. Таяуда Республикалық оқушылар сарайында сырттай оқытатын “Зерде” танымдық ойындар отауының жетекшісі, химия пәнінің мұғалімі, әдіскер-оқытушы Мейрамхан Нұрақынқызының бастамасымен журналист-жазушы, танымдық ой-жұмбақтар шебері Жанат Елшібекпен арнайы шығармашылық өткізді. Зерделікке, зейінділікке, құштарлық сезімге бөлеген бұл кеш өнер мен өмірдің қауышуы іспетті бөлекше әсер қалдырды. Айнала-төңірегің тұнған жұмбақ, тылсымы мол құпия екенін, ал ол сырлы әлемге ойы ұшқыр жас өрендер көзімен үңілу тіптен басқаша екенін осы кездесуде Жанат ағаларының тағылымды тұжырымы дәлелдей түскен. Өйткені, өнер де, өмір де ойланудан, ой сараптаудан бастау алып жатса керек. Ойынның өзі шырмауы көп дүниенің бір ғана кілті емес пе. Ойнамаған бала ойланбайды да... Кеш осындай ойға жетелеп қоймай, оған анық көз жеткізеді.

- Қазір өркениетті елдердің бәрі де ой-жұмбақтарды, танымдық туындыларды насихаттауға үлкен мән береді. Бұл-

бізде кенже жанр, оның болашақ көкжиегі кең. Баспасөз бетінде қайта түлеп, жаңғыртып жүрмін,- дейді Жәкең, ағынан ақтарылып.

ТҮЙІН

“Жол анасы-із” дейді дана халқымыз. Иә, өзіндік жолмен өзіндік соқпақпен келе жатқан Жәкеңнің- Жанат Елшібектің соқпағы сонадайдан бірден көзге түсері анық. Ол соқпақ талап пен мақсат тауының биік белесіне көтеріліп бара жатқандай. Кезекті белестен, келесі биіктен көрсек екен сол соқпақты.

“Көгілдір Балқаштың толқынында, Қараталдың арынды ағынында тербелген Жанат Елшібектің шығармашылығы менің көз алдыма бейне-бір ой-теңізін жарқырата елестеткендей әдемі әсерге түсірген. Сол ой өлеміне өз арнасымен аспай-саспай құйып жатқан сыршыл да сезімтал, ақ жарқын да, ақ жүрек қалам иесіне шаңқай түсінді бұлт шалмасын, қаламыңа шабыт берер қиялың талмасын дегіміз келді шын ниеттен.

“Ұлан”, 20 мамыр, 1997 ж.

Жанболат АУПБАЕВ.,
публист-жазушы.

ПЕРДЕСІЗ КӨҢІЛ

Өмірде қақ-соқпен ісі жоқ, бар ойы мен мақсаты жұмысымды адал атқарып, елге жақсылық жасасам, көмектесем деп тұратын адамдар болады. Журналист-жазушы Жанат Елшібеков міне осындай жан. Онымен қызметтес, өріптес, жолдас болған ширек ғасырдан астам уақыт ішінде мен оның мінезінен айнығанын көрген емеспін. Азаматтық парызға келгенде адал, өзгенің жетістігіне өзінікіндей қуана білетін творчество иесі қандай ауыр жұмысты атқармасын, мұны мен істеп жатырмын деп айғайлап айтпайды. Кәсіби шеберлікке тән ынта-ықыласпен оны үнсіз ғана қолға алады. Тап-тұйнақтай етіп орындайды. Қашан көрсең сергек, қимылы ширақ. Өстіп осындай табанды мінезі, жайдары жүзі арқылы төңірегіндегілерге жан жылуын шашып жүреді. Өз басым өріптесімнің осы қасиетін ерекше бағалап, қатты қадір тұтамын.

Шынымды айтайын, мен білгеннен бері бұл кісінің көргені газет. Ал оны шығару дегеніңіз оңай шаруа емес. Әсіресе, редакциядағы бас штаб-секретариаттағы макет жұмысына жүктелер жауапкершілік тіптен ерекше. Өйткені мынау деген материал газет бетінде өзіне лайық орнын алмаса, мазмұнына сай айшықталмаса онда ол жарты құнын жоғалтқан дүмбілез дүниемен бірдей. Мен білетін Жақан “Лениншіл жаста” жүрген кезімде нөмерге баратын әр мақаланың жүрек соғысын дөп басып, дәл табатын қан тамыршысы еді. Осындай туа бітті табиғи қасиетімен үнемі ізденіп жүретін жоғары кәсіби шеберлігінің арқасында ол материалдарымыздың маңдайын жарқырата отырып сызып, макетке оны жұтындырып тұрып беретін. Жазылған дүниеміздің бір жолы сыймай қалса, оған дәл өзі кінәлі сияқты сезініп, қиналатыны да жадымызда.

Газетте істегендер макетшінің қолында қандай құқ пен мүмкіндік барын жақсы біледі. Секретариат қызметкерлерінің бұл мәселе тұрғысындағы “ережелері” де бөлек. Өмір бойы осы тіршіліктің қиын да қызықты қыр-сырымен айналысып, бүгінде “Егемен Қазақстан” смяқты аға басылымның жауапты хатшысы болып отырған Жақаңның пайымдауынша ол былай: “Газеттің ажары макетшінің ұшқыр қиялына тәуелді, ертеңгі шығар нөмердің бет-бейнесін көргіштігіне байланысты. Секретариат қызметкері үшін өзі жұмыс істеп жүрген басылымды “киіндіру”- үлкен өнер. Газет беттеріндегі орынды қойылған оймақтай штрих, ұтқыр пайдаланылған әр сызық бүкіл нөмірдің кескін-келбетін даралап тұрады. Киоскілерге түскен кейбір басылымдарды оның атын көрместен-ақ ажырату қиын емес. Мұны әлгі газеттің өзіне ғана тән бет-бейнесінің болғаны деп білу керек”.

Газетті көркемдеу жөнінде осындай озық ойы, өзіндік жаңаша сызу мәнері бар журналистер бізде көп емес. Жақаң сол аздың бірі. Мұндай пікір мен баға оған бұдан 19 жыл бұрын беріліп еді. 1978 жылдың маусым айы болатын. “ЛЖ”-дағы жауапты хатшының орынбасарлық қызметінен “СҚ”-ның көркемдеу бөліміне меңгеруші болып ауысып кетіп бара жатқан Жанат Елшібековке редакторымыз Сейдахмет Бердіқұлов: “Қазақ баспасөзінің “Лит. газета” үлгісіндегі жаңашыл макетшісі, газетіміздің бас сәулетшісі”-деп тілек айтқаны бар. Қазір ол сол сенім биігінен толық көрінді ғой деп ойлаймын.

Газетте жүрген көп адамның кейін мүлдем көрінбей жоғалып кеткенін мен жақсы білемін. Оның негізгі себебі: қара жұмысқа жегіліп сансырауы, өзін-өзі ұстай алмаушылық, ұсақ-түйек тіршілікке бой алдырушылық, енжарлық пен ізденбеушілік дер едім. Басқасын білмеймін, редакциядағы қара жұмыстың жетегіне жүріп, жазу мәселесі жөнінен шектеліп қалатын адамның бірі осы Жақаң болса керек-ті. Өйткені редакциядағы секретариат, оған жетекшілік ететін жауапты хатшының жұмысы- нағыз от. Бір қуаныштысы, осы оттың

ортасында жүрген Жақаң өзін жоғалтқан жоқ. Танымсыз ізденіс, ұшқыр ой жүрдек қаламымен ол газеттегі өзіне лайық тақырыпты таба білді. Соның нәтижесінде өзін іздейтін оқырмандары бар авторға айналды. Дәлел керек пе, айтайық.

“Лениншіл жаста” істеп жүргенде ол “Қазақстан пионері” газетінің қолқалауымен таным клубын жүргізіп отыруға келісімін бергені бар. Әу баста оқушыларды үйрену, іздену, ойлану бағытына баулыған мұндағы ребус, кроссворд, өлем ойы алыптарының қысқа да даналық сөздері, қызықты цифрлар тізбегі уақыт келе 1981 жылы “Сен білесің бе?” деген атпен жеке кітап болып жарыққа шықты. Осымен бір мезетте “Комсомольская правдадағы” фотожурналист Василий Песковқа еліктеген Жақаң өз бетінше “ЛЖ”-да сурет түсіруді үйреніп, “Табиғат терезесі” деген айдарды жүргізді. Республикамыздың түпкір-түпкіріне барып түсіріп әкелген мөлдіреген пейзаждарға этюд жазуды жүйелі түрде қолға алды. Осы талап пен ізденіс текке кеткен жоқ. Жоспарлы, мақсатты түрде ойластырылған бұл жұмыс 1984 жылы “Атамекен” атты фотоәңгімелер кітабының дүниеге келуіне себеп болды. Ал оның “Зерек” кітабы ше? Кезінде бұл да “Білім және еңбек” журналының өтінішімен қолға алған танымдық ойындар клубы болатын. Ақыры 1991 жылы аталмыш басылымдағы жарияланған оның сөзжұмбақтары, оқушыларды тапқырлық пен шеберлікке баулитын қызықты ойындары, кроссвордтары тағы бір жинақ болып шыққаны бар. Жақаңның бұлардан басқа “Қарлығаш”, “Жоғалған теңіз” “Алтын үя” атты кітаптарының да жоғарыда баяндалғандай өзіндік тарихы бар. Олар сол “Лениншіл жас” пен “Егемен Қазақстанның” қызу да қауырт жұмыс қазанында қайнап жүріп, бір сәттік, бір демдік мезетте жазылған дүниелер.

Таяуда мен Жақаңның “Қайнар” баспасынан шыққан “Шағалалар жылай ма, осы?” атты очерктер жинағын көріп қалдым. Кітап бетін парақтай бастағанымда ондағы кейіпкерлер көзіме бірден жылыұшырап сала берді. Себебі, бұлардың дені

сонау жетпісінші жылдардың ортасында “Лениншіл жаста” жарияланып, өзіміз қызыға оқыған дүниелер еді. Ғажабы сол, олар уақыт өтсе де өзінің өміршендігін жоғалтпаған! Мәселен, “Шағалалар жылай ма, осы?..” очеркін алып қаралық. Кезінде ол қазір бәріміз жапырласа жазып жүрген ээологиялық тақырыптың тұңғыш қарлығашы болатын. Осы дүниенің атауы 1977 жылы “Жалын” баспасынан жарық көрген “Серт” жинағында “Шағалалар жылай ма, осы?..” деп көпе-көрнеу өзгертіліп жіберілгені бар. Цензура жібермей қойған. “Күс жылаушы ма еді?. деп тақырыпта да ішіндегі сөздерді де “жырлайды” деген орынсыз өзгерістермен сүргілеген. Ал Жеңістің отыз жылдығы қарсаңында генерал Сабыр Рахымовтың жұбайы Құралай Натуллаева туралы жазған оның “От кешкен күндер” атты очеркі үшін автордың Орталық Комитеттің бөліміне түсінік беруге тура келгенін де білеміз. Бар гәп басты кейіпкерді очеркте туған жері Шымкент облысындағы Ленин ауданы деп жазғандығында (қазақ деп айту қайда...) еді. Бұл мақала кейін “Қазақстан” баспасынан шыққалы жатқан кітаптан тағы да алынып қалғаны бар. Енді міне, арада жылдар өткен соң бір кездегі өзгертіліп қырқылған жинақтан алынып тасталған сол дүниелер өзінің дерекнамалық өміршендік сипатын жоғалтпай автордың жаңа жинағына еніп отыр. Қуанышты жайт!

Бүгінде біздің кейіпкеріміз, сөз етіп отырған адамымыз Жақаң-Жанат Елшібеков ер жасы елуге толып отыр. Артында ерген інілері- біздер ақжарқын, елгезек, бауырмал ағамызды мерейтойымен құттықтай отырып: “Жақсылығыңызға жанкүйерміз, тіршілігіңізге тілектеспіз! Сізге зор творчестволық шабыт тілейміз!”-дегіміз келеді. Бұл ешқандай бүкпесіз, пердесіз көңілден шыққан шын сөз.

“Жас алаш”, 15 мамыр 1997 ж.

Гульнара НУРПЕЙСОВА.,
“Казахстанская правда”

ЖУРНАЛИСТ, ПИСАТЕЛЬ, “АРХИТЕКТОР”

В редакционных коридорах встречается много людей: в основном-красивых и умных. Нередко талантливых. Сразу об этом, конечно, не узнаешь. Это уже потом, позже, разберешься-кто есть кто... А Жанату Елшибекову сегодня исполнилось пятьдесят

Известный журналист и писатель, признанный и ценимый не только читателями, но и, что гораздо сложнее,- пишущей братией, сегодня он ответственный секретарь газеты “Егемен Қазақстан”, человек, имеющий и справедливый голос, к которому прислушиваются, человек, с мнением которого считаются не только на заседаниях редакционной коллегии, но и в штабе по выпуску газеты. Он начальник этого штаба, прозванный там “архитектором”.

Жанат Елшибеков-член Союза писателей Казахстана, автор “Подснежника”, “Студенческих меридианов”, “Золотого гнезда”, “Карлыгаш”, “Земли отцов”, “Потерянного моря”, “Эрудита”, книг “Знаешь ли ты?” и “Плачут ли чайки?”. За повесть “Қош бол теңіз” (“Прощай, море”) получил премию на конкурсе, проводимом издательством “Жалын”, за лучшее призведение для детей и юношества.

Читатели и коллеги хорошо знают Жаната Елшибекова и по его репортажам, зарисовкам, очеркам, проблемным публикациям, которые рассказывают о людях, их делах и проблемах, мыслях и задумках.

“Яркий журналист, талантливый писатель”, - это отзывы о Жанате Елшибекове. Он родился и вырос в рыболовецком колхозе, на берегу красивого озера Балхаш, и не многие сумеют так, как Жанат Орынбаевич, описать красоту родного края, любого его уголка, на первый взгляд даже самого обыденного. Но настоящий мастер сделает это так, что ему поверишь, удивишься. И его полюбишь наверняка. Главное-не жалеть ни сил, ни энергии, ни души. А это у Жаната Елшибекова получается.

14 мая, 1997 г.

НАЧАЛЬНИК ШТАБА
Жанату Елшибекову- 50 лет

В газете начальником штаба называют ответственного секретаря. А Жаната Елшибекова считают еще и “архитектором” газеты. Титул, конечно, неформальный, но дорогого стоит, т.к. в газетном мире талантливые дизайнеры- на вес золота. Поэтому можно сказать, что “Егемен Казахстан” повезло с Жанатом а Жанату - с газетой. Такая вот взаимная симпатия.

Остается только удивляться, как умудряется Жанат совмещать хлопотную свою работу с писательской деятельностью. Впрочем, говорят, талантливый человек во всем талантлив. У Елшибекова удивительные книги, поэтические, пронзительные, грустные и вместе с тем-социально значимые. Вот некоторые из них “Прощай море”, “Подснежник”, “Плачут ли чайки?”, “Потерянное море”... Откуда эта грусть? Наверное, из детства, которое прошло в суровом рыболовецком колхозе на берегу Балхаша. Там еще мальчиком, угадал Жанат свое предназначение и начал писать в газеты “Қазақстан пионері”, “Лениншіл жас”, в журнал “Балдырган”. Впоследствии, после окончания Казахского педагогического института, он долгое

время работал в “Лениншіл жас” (“Жас алаш”) на одном с “Экспресс К” этаже. А значит, все мы хорошо знаем Жаната, любим его за добрый нрав и высокий профессионализм. И сегодня рады поздравить коллегу с юбилеем. Желаем Жанату ярких книг, новых почитателей его удивительного таланта и интересных свершений в газете.

Коллектив “ЭК”

15 мая 1997 года.

Тұрсын ЕЛЕУСІЗҰЛЫ,
ақын

АСЫЛ ОЙЛАР ТОҒЫСЫ

Белгілі қаламгер сезімтал да сергек жазушы-журналист Жанат Елшібектің “Шағалалар жылай ма, осы?...” публистикалық әрі көркемдік рауаятын тапқан кітабы қолыма түскенде заманымыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматовтың бастан аяғына дейін оқушыларымен сырласатын ғаламат шығармаларына қоса, қазағымыздың ұлы жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың “Мен журналиспін” атты кітабының мазмұны мен ондағы риясы шын көңілден шыққан күнтізбесіндей сырларына қайта кезіккендей әсерде болдым. Алғашқы екеуі де шығармашылық қадамдарын журналдан бастағаны белгілі. Ендеше мен сияқты талай оқырманын таң қалдырып жүрген әр саладағы шығармалары болашақта халқымыздың нағыз өрелі туындылары қатарына қосылып, үстелі үстінде күнде мен мұңдалап сырласатын, үлкен-кішіге де тәлімі мол өмір-өзен мәнін ұғындырған сиқырлы екеніне, сахнадан көрген үлкен концерт аралығында жаныңды жадырататын эстрадалық интермедия іспетті санамда жаңғырып тұрып алды.

Әр парақта асыл ойлар тоғысқан,
Оқырманының жан сарайын, деп басқан,
“Шағалалар жылай ма, осы кітапта-
Құстарға да жан ашу бар о бастан,- деп жырлағым келді

Ширек ғасырға журналистік әрі жазушылық ықылымы мол еңбегінің шұрайлы штрихтары мен кестелі уытынан, теңіз суреттерінің Женат келтірген этюд бояуларынан ұшқан құстай

ағып өткен қызғалдақ дәуренінің сыршылдықы сипаты ашылғандай сезіндім.

Кітаптың алғашқы “Өмір-өзен” бөліміндегі Райгүл сынды Сырдың ақмаржанын аялаушылар туралы очеркінен эпикалық суреткерлікті көрдім. Төттілігі тіл үйірген бал қаймақтай, татулықтың ала жібін аттамаған қызғалдақ дәуірінің төрт құрбысы еңбек көрігін қалай гүлдетсе, бос уақыттарын да сондай пайдалы істерге бағыштайтындары туралы нанымды да өмірге жарасымды ой түйеді. Талғам-таразысынан алғанда тіршіліктің тұтқасы-еңбектің не екеніне енді ғана бойлап, оның мәнін түсіне бастаған, қыздар жанының жай көзге көріне, шалына бермейтін акварельдік палитрасына, тереңде жатқан сиқырлы сырларына қанықтарады.

Теңіз бетіндегі шалқи толқып, жыбырлаған сан иректі балауса денесіндегі қан тамырындай сезінген Сарыесік аулының озат балықшысы Төлеуханның беймаза кәсібі мен мақұлыққа жаны ашығанда:

-Көтең, шағалалар жылай ма, осы- деді сұрақ қоюы ғайып болар теңізді ұлы күрестің басталғанын аңғартады. Бүгінгі шайқалған теңіз кемерінен аласарып, сабадағы қымыздай орталанар шағына жақындап қалғандай дөңбекшиді. Теңіз жайы да, оның әр сөтіне қызыққан шағалалар тіршілігіндегі-өтпелі сағаттардай айнымалыға ұқсайды. Теңіз келбеті де оның ажарындай сан құбылады. Су бетіндегі ай нұрыменн шағалысқан бояулар Төлеуханның қуанышы мен қайғысын танытқандай болады.

Теңізді көрмегендердің Әбдіжөміл мен Хәмингусей және Айтматовтың туындыларының құпиясын, суға зекір тастаған қайық үстіндегі қайсар жандардың тағдырын білем дегендер жалған секілденеді. Сөйтіп оқушысын өмір шындығына нандырады.

ҚЫСҚАША ТҮСІНІКТЕМЕ:

Автордың қазірге дейін баспа жүзін көрген қомақты тоғыз кітаптарынан бұрын: “Алтын діңгек”, “Жастықтың жанартаулары”, “Тың планетасы”, “Жан сұлулығы”, “Арынды жасыннан сақта”, “Ауылдың айтқыштары”, “Мың бір қызық” атты жинақтары құрастырылған, қолынан күндіз-түні қаламы түспейтін еңбеккерлігін айтсақ, тіпті біреулер қайран қалуы мүмкін-ау, сірә?.

Иә, Жанат Елшібек-өзіндік жазу машығы, өр түрлі образдар галереясын жасай алатын, көркемдік шындықпен полотносы көруге ұялмай шақыратын қаламы жүрдек, сыншы Зейнолла Серікқалиев айтқандай, бесаспап журналшы өрі болашағынан көп үміт күтіретін, нағыз атақтарға лайық публицист-жазушы.

Аталмыш кітаптың “Дүние-дүбірі”, “Іңкөр ғұмыр”, “Әлем тұнған бояу”, “Күштар көңіл” секілді бөлімдерге топтастырған беттердегі экология жайлы толғаныстары “Жетімбұрыш” деректі әңгімесіндегі бес көріністі аянышты оқиғаларға бей-жәй қарай алмайсыз. Себебі, қолдан келер көмек жоқ, әркім өз қамында жүрген кезең туды. Бұл жайіт қашан аяқталады, оны тек бір Алла ғана біледі.

“Уақыт-сынын ұстатпайтын” тақырып аясынан халқымыздың сүйікті газеті “Егеменді Қазақстанның” бүгінгі мен болашағына көз жібересің. Халқымыздың қалаулы жазушысы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның ізін қуған дүлдүл жүйріктері Уәлихан Қалижан, Нұрлан Оразалин, тағы басқаларының мәңгілік есте қалар игі қадамдарына талғам таразысынан көз жүгіртесің. Осылар, жайлы автордың болашақ роман-сыйлықтардың біріне ие болса екен деген аппақ қардай пақ көңілден сөз тиегін ағытасың...

“Әлем тұнған бояу” бөліміндегі халқымыздың мақтанышына айналған Қазақстанның халық жазушысы

Шерхан Мұртаза, көсемсөздің дүлдүлі Сейдахмет Бердіқұлов, өзім шығармаларын жоғары бағалайтын жазушы- журналшы Қалдарбек Найманбаев туралы айтқан тосын пікірлері мен шығармаларына берген бағалары- Жанат Елшібекті маған төселген әдеби сыншы ретінде танытты. Әсіресе, Қ Найманбаевтың шығармашылығы туралы әділ бағаларына риза болдым.

Сөз құны сүбелі іспен айшықталған, тәлімі мол толғаныстағы кітаптың таным деңгейін мен оқыған, көңіліме тоқыған сайын өзіне сағызша желімдей берді. Шымырлап бойды алып, тағыны жетіп қайырған сөз бен алапат сезімінің қиюын тауып, сезімтал жаныма шым-шым батқан жазбаларынан рухани азыққа тойғандай болдым. Қаламгер- заман бір күндік те емес, бүгіндік те емес. Оның кешегісі- бүгіндік, ал бүгінгісі- ертеңдік деген ойға шомдым.

Кітап авторының “Кітап дидары. Ол қандай?”- атты бөліміндегі баспа өнімдерін безендіру төңірегіндегі бірер пікірлерін қазір баспаханада істейтіндердің көпшілігі біле бермейді. “Көркемдеушілердің қай-қайсысы да кітапты полиграфиялық жағынан сауатты да ажарлы, техникалық көркем де

айрықша безендіруге күш салуға тиіс”,-дейді автор. Бұл, әрине газет макетін, баспахананың сыры мен қырын жетік білетін жанның сөзі.

Әсілі, “Шағалалар жылай ма, осы?...” кітапты қолына ұстаған ауыл-жастарынан бастап, жоғарғы оқу орындарында оқитын болашақ баспагер, журналшылардың үстелі үстінде жататын оқу құралы деп бағалаймын. Уақыттың демін, әрі соңғы кезеңінің үнін аңғартатын туындысында жазушы Жанат Елшібек денсаулық байлығы- спорттың маңызы, осы саладағы жұлдызы жанған саңлақтар жөнінде сан-салалы ой толғапты. Дүние жүзіндегі ең биік шың Эверестке шығуға талаптанған

қазақстандықтар Қазбек Уәлиев, Валерий Хрищатыйдан қызық деректер келтіреді.

“Аспан кезбелері” деген әңгімесінің негізгі арқауы беймәлім ұшатын (НЛО), яғни жұмбақ планетадан келгендермен ұшырасқан адамдардың сөздері кітап оқушыларын ойландырады, толғандырады.

Кітап аты тосын болғанмен қоршаған орта-табиғат қақындағы мөлтек сырлары мен әңгіме, этюдтері, аға қаламдастары туралы эсселері, әсілі, өнер адамдарының тағдырымен біртұтастық тапқан. Жазушының тақырып ірілігімен бірге басқалардан жемісті үйренісін, бірақ ешқайсысына ұқсамай өзінше жазу ізденісін байқатады.

Оқырманмен ой бөлісіне жеткенімде автордың “жазғаным ұнаса, көңіліңді тербетсе...” жүрек лүпілін қағып алып, Жанат армандаған, ұнаған ұстаздар жайлы тебіренген кітабын сөремнен орын алған тың туынды есебінде бағаладым.

“Қазақстан мұғалімі”, 15 қаңтар 1997ж.

Әнуар ТАРАҚ,
журналист.

ТАБИҒАТ ТІЛІНДЕ ТОЛҒАҒАН

* Жанат Елшібеков-қаламы ұшқыр журналист қана емес, жазушылық қарымын танытқан, өзіндік бет-бағдары бар қаламгер. Олай деу себебіміз, жазушының 1991 жылы “Жалын” баспасынан жарық көрген “Жоғалған теңіз” атты кітабын оқу арқылы көз жеткізе аламыз. Мұндағы “Қош бол теңіз...” повесі “Жалын” баспасының балалар мен жасөспірімдерге арналған жабық бөйгесінде кезінде жүлде алғанын да білеміз. Жинақта мұнан басқа “Жынды, кемпір, белгісіз жауынгер және қызылшілер” атты повесі бар. Бірқатар өңгімелер қамтылған.

Кітаптың сыртқы көркемделуінен-ақ, яғни, жағада көрініп тастар мен шарқ ұрып ұшып жүрген шағалалардан оның айтар ойын сезгендейсің. Шағалалардың шаңқылдаған үні естілмесе де, құрып бара жатқан көлдің ауыр жайы адамдардың ақылға сыйымсыз әрекеті мен оның тағдырына араша тұрудағы жанталасы кейіпкерлердің іс-қимылымен бейнелі, жанды көрініс тапқан. Тілеулес, Ақсымбет, Шешенхан, Серікболдардың ықыластана оқитын сабақтарының бірі-жағрафия. Ал, оны беретін “Жағрапия” ағайы- Тәжібай болса, өмірден көрген-білгені мол. Байқалда әскери міндетін өткерген, талай жерде болған тәжірибелі, зерделі жан. Сондықтан оның оқушыларды өрнәрседен хабардар ете отырып, тек жағрафияны жақсы оқуға шақырып қоймай, сол арқылы табиғатты сүйеге, оны көз қарашығындай қорғауға шақыруы да бойындағы биік азаматтық бітімінен. Повестегі теңізге байланысты оқиға аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Әбікен Еспеновтың ұлы Мәліктің “Пионер” журналында бірнеше суреттерінің жарық көруінен ербиді. Балалар Балқаштың бұрын байқалмаған бояуын көре отырып, жасынан теңізде еңбек еткен, соның табиғатына жаны ашып,

қорғап жүрген Мақан аталарын да таниды. Сөйтіп, Мәлік суреттері арқылы балалар сонымен бірге болған сәттерін ойда жаңғыртады. Жазушы осы ұтымды көрініспен шегініс жасап, оқиғаны ширатып өкетеді, мазмұнын аша түседі”.

Жазушы повесте сырт қалмайды. Командировкаға келген журналист ретінде осындағы оқиғаларға араласады. Қалада оқыған Мәлік үшін мұндағының бәрі таңсық. Әрнәрсені қасындағыылардан сұрап, мазалайтындығы арқылы жазушы баланың теңізді көруге, тануға, табиғатты құштарлықпен сүйеге ұмтылуын әсерлі жеткізеді. Мәліктің Серікбол, Меңдіғали сияқты ауыл балаларымен берге жүруі, “Смелый” кемесіндегі саяхаты, құс базарын тамашалауы, аққулар мекеніне баруы-әсерлі тіл, бояуы қанық оқиғалармен суреттелген. Сонымен бірге құстың түрлерін, олардың ұялауын, тағы басқа қасиеттерін автор Мәлік сауалы төңірегінде туындата отырып Мақан атай жауабы арқылы теңіз табиғатын тануға құштарландырады. Мәлік пен Тілеулестің Шайтанаралда браконьерлерге кезігуі де повестің композициялық құрылымын татымды етіп, кейіпкерлердің табиғатқа, аң-құсқа деген жанашырлық көзқарасын қалыптастыра түскендей. Мақан атайдың дауылда асау толқындармен арпалысып ажал құшқан сәті-повестің шарықтау шегі болғанымен, мұндағы ұтымды детальдар, бейнелі тіл, тебіреністі ішкі толғаныс-қаланған кірпіштей өз орынын тапқан. “Құтырылған дауылдың түрі жаман... Балаларды ертпегенім қандай дұрыс болған. Бейнет көрер еді”-деп балаларға деген аяушылық сезімін, сүйіспеншілігін қамқор қарт бір сәт жоғалтпайды. Ақтық көзжұмар сәтінде де майданнан оралмаған ұлы Жарасты есіне алады. Бұл арқылы жазушы теңізде туған, теңіз шыңдаған жандардың қажырлылығын, қайсарлығын асқақтатқысы келгендей.

Повесть, біріншіден, бір-біріне желілене жалғасатын қызықты оқиғасымен тартымды. Сонан соң жеңіл де әсерлі тіл оның мазмұндылығын арттырған.

“Жез таяқ қалтылдап есік көзінде ұзақ тұрды”. “Қып-қызыл боп еңкейген күн бүлдіршін қолынан ытқып кеткен шардай тура қарсы бетте бір шөкем бұлтқа ілініп тұр”. “Көне қайықтың жақтауына көк бас аппақ шағаланың бес-алтауы қаз-қатар тізіліпті. Бейне суретке түсуге таласқан бүлдіршіндердей”. Мұнда бейнелі сөйлемдер повестің өнбойында молынан ұшырасады.

Жазушы теңіз балықтары мен құстарын көптеп келтіре отырып, олардың кейбір ерекшеліктерін балалардың әңгімесіне тиек сту арқылы олардың туған табиғатына деген ықыласын сездіртеді. Мәселен, карп балығының тұқы аталуын Мәлікке түсіндіртуі де тіл қадірін ұғындыруымен қымбат.

Жазушы уақыттан озық жүруімен, келер күндердің тынысын сезінуімен ерекшеленеді десек, мәселен, Мәліктің қалада қазақ мектебінде оқуы, жүргізуші Бористің қазақша білуі, повесть бірнеше жыл бұрын жазылса да, жас оқырмандарын ана тілін ардақтауға шақыруы- бүгінгі күнмен үндесіп тұр. Сөйте тұра қаламгер кейіпкерлер аузына “мынауский идея”, “моряк”, “смелый” сияқты орыс сөздерін салатыны повестке көлеңке түсірмейді. Әр кейіпкер шынайы сомдалған. Оқи отырып өмірмен беттескендей сезінесіз.

Ал, “Жынды” кемпір және белгісіз жауынгер және қызыл ізшілер” повесі аты айғақтап тұрғандай, соғыстың кейінгі жылдарға қалған қасіреті, жазылмаған жарасы. “Жынды” кемпір атанған Жамал апайдың жалғыз ұлы Әлиінен хабар-ошарсыз қалуы негізінде повесть оқиғасы өрбиді. Дана, Сандуғаш, Ермек, Нұрақым сияқты алғыр да табанды балалардың Әлидің қаза тапқан жерін іздестіріп, хат жазып, анықтап табуы Жамал апайдың Смоленскінің Гнездово селосындағы ұлы жерленген бауырластар зиратына баруға

дейінгі оқиғалар қызықты оқылады. Бұл арқылы жазушы балалардың әкелер, ағалар рухын құрмет сезімін танытуды мақсат тұтқан. Сонымен қатар повестің бастапқы сәтінде оқушыларды туған жердің тануға, ежелгі тарихын ескерткіштерін біліп, қорғап, күтіп жүруді меңзейтіні де қазіргі уақытпен үндесіп тұрғандай. Ал, Жамал бейнесі солғындау шыққан.

Жазушының өңгімелерінің ішіндегі ұнағаны-”Бір күн, бір түн” мен “Теңіз тағдыры”. Әсіресе, “Бір күн, бір түн”- көз алдыдан өткені тіршілік көріністері. Мұнда кейіпкердің туған табиғатына деген шынайы сезімімен қатар ата-ана мен балалар арасындағы психологиялық қарым-қатынасы ашылған. Жазушы өсем табиғат аясын суреттей келе, еңбектің балаға дарытқан өсерін, ықпалын іс-әрекетте ұтымды көрсете білген. Ал, “Теңіз тағдыры” триптихындағы ортақ ой-тартылған, суы азайған Балқаштың жайы.

Ілеге бұғалық салынып, Қапшағай жасанды теңізінің жасалуына байланысты, елдегі дүрбелең, шын мәнінде Балқаштың келешегіне қиындық әкелетіндігі өңгіме желісіне өзек болған. Жердің тозуы-елдің тозуына әкелінген кейіпкер сөзімен жеткізеді. “Мезгіл бояулары”, -оқуға ыңғайлы, шағын дүниелер. Табиғаттың мезгілдік көріністері- ажарлы тілмен келісім тапқан.

*Қорыта айтқанда, Жанат Елшібековтың “Жоғалған теңіз” кітабы- жас оқушыларын жалықтырмайтын, туған жер табиғатының алуан сырларына қанықтыратын, тілі тұщымды, мазмұны көркем, салмақты дүние. Табиғат тілін түсінетін жан-қаламгер тебіренісін толғанбай оқуы мүмкін емес. Кешегі тоқырау уақытында жазылған шығарма, сол кездегі әдебиетке тән социалистік реализмі қалыбымен құйылса да, бүгінгі күнге бұлқыныс танытатын тұстарымен де ерекшеленеді.

“Алматы ақшамы”, шілде 1997 ж.

Тұрсын СЫДЫҚОВ,
филология ғылымының докторы.

БИИККЕ КӨТЕРГЕН АҚ ТІЛЕК

Қазақ ой ойлауға жоқ, той тойлауда алдына жан салмайтын дарақы, даңғой, қарнын кийіттеген бейдауа халықпыз деген жанайқайы ма, әлде күншілдердің ойбай қыжылға толы, қарлығыңқы үні жиі естілетін ауруға шалдыққалы қашан. Бұл үшін екі көзіңе бір-бір тіреу тіреп, төсекте төңбекшудің еш орны жоқ. Бізге бір құдайым бәрін қиған, онда да шүлендігі ұстап, қосуыстап берген. Иә, қазақта тойшыл да көп, ойшыл да көп. Тек бір ғана аксиомаға жығыласыз. Тойшыл ойшыл болмайды. Қырық, елу, жасқа келген мерейтойын “Рахат-Паллас”, “Анкараның” хандар мен ханышалардың сәулеті мен дәулетіне ғана үйлесімді, алтынмен, піл сүйегімен зерленген мейрамханаларда өткізілетін мырзалар, әй қайдам, ой қуатындар өулетінен деуге аузың бармайды. Алпыс ұлттың тілін біліп, алпыс түрлі ғылымның тегершігін шыр айналдырған ұлы бабамыз Әл-Фараби тапқан-таянғаны бір уыс құрма, бір таба нанға кейде жетсе, кейде жетпей, түлкі құрсақ ғұмыр кешіп, туған жерден жырақта сағыныш пен арманға оранып көз жұмған ғой.

Ғылым қуған, ой қуған алтындатқан табақтан гөрі, жеткізбейтін тылсымның қабығына, түпсіз тұңғыық сабағына көп қарайды. Табаққа қараған қолы неге жетсе, соның бәрін табақтың сыйқырымен алғандықтан, бейопа тірлікте алдырам деп өзі алданып жүрген диуаналардың сайқымазақ алдамшы тірлігі. Ал, рухымен көлді жұтып, демімен тасты жандыратын, алыптар мен сұңғыла ойдың желмаясы алдына шеккен, кие жайлаған Ғалымдар үйінің босағасынан аттап, өрі өріптестері мен пікірлестері, қадіры бар зиялы қауымды жинап, алқалы

кеңес өткізіп отырған бұл Мерейтой қарын біткенге емес, дарын біркенге лайық мінез салт. Бұл үйдің босағасын күмәнділер мен күнәлілер аттамайды, ісі мен күшіне сенгендер ғана аттап, жүрегі дауаламақ. Асымен бас шұлғытатын бақай есепке түтіні қосылмайтын, басымен, халқына берген нәрімен тамсандырып, бас шұлғытатын, өмір атты буырқанған сайыста бәйгеге қосқан жүйріктің өзiргi шабысын сынға салатын үміткерлер мен тілеулестiрдiң ағынан жарылып сыр сандығын атқаратын кеудесінде кені, көзінде нұры бар жанның мерейін үстем етіп, қазыналы кереуеннің бағытын түзеп беретін Мерейтой бұл. Ғалымдар үйінің шаңырағының астына жиналғандар бұл кештен соны күтеді.

Елу ер жасы, ол көнергендіктің емес, өнерді өмірім деп, соның азабы мен рахатына тіккен жанкештінің қолы бақыт құсына енді-енді жетіп, енгендіктің дер жасы. Сол дер жасқа, ер жасына жеткен Жанат Елшібек жүріп өткен жол қандай, кім еді, кім болды, кернеуі қалай қарай бағыт түзеп барады енді соған қысқаша бір-екі ауыз тұжырым айтайық.

Құлынның қазанат болмағы ноктасынан, баланың дана болмағы отбасынан. “Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің”. Жанат-қазақ халқының тарихында тұңғыш жоғарғы оқу орны, флагманы саналатын, ғылым мен әдебиеттің көшбасшылары ұшып шыққан, Сәкен, Мұхтар Әуезов, Қажым Жұмағалиев тәрізді ұлы ғұламалар дәріс оқыған, иісі сіңген, киесі қонған аудиториядан білім нәрін алған азамат. Бір кезде М.Қаратаев, Айхын Нұрқатов, Тайыр Жароков, Қалижан Бекқожин, Ғафу Қайырбековтер академик Серік Қирабаев, Н.Ғабдуллин т.б. жатқан темір төсекке аунап, таңды-таңға ұрып кітап кемірген, қара су мен нанға “семірген”, кеудесіндегі талант ұшқыны тұтанып біртін - біртін алауға айналғанын қуана еске алатындардың бірі. ҚазПИ оған білім ғана берді десек, ол аздық етеді ҚазПИ ақын, жазушылық, журналистік өнерді

бермейді, ол ең бірінші ұстаздық өнерді бойға сіңірді, адам жанының инженерін барлауды бірінші орынға қоятын қатал да құт жайлаған білім ордасы ҚазПИ-дің қабырғасынан ұшып шыққандар-бала жанының бағбаны Іске бесаспаптық, қарапайымдылық, принципшілдік, ізденімпаздық, досқа адал, дұшпанға әділ, адамның ет-бауырына еніп, тоңған жанына жылу беру, қайсарлық, еңбекқорлық, төзімділік, өйтеуір жұмыр басты пенденің бақытын аялау, өзін аямау тәрізді адами ізгі қасиеттер оған дипломмен қоса беріледі. Жанат ҚазПИ-анасынан соның бәрін жанына дарытып, жүрегіне сіңіріп, ұясынан ұшқан қанатты балапаны екенін танытып жүргеніне біздің мақтануға хақымыз бар

Қаны мұзды еритетін ыстық, аузын ашса жүрегі көрінетін акедей, ақкөңіл Жанат кімді де шен-шекпеніне қарап емес, ақыл-парасаты, адамшылығына, жан - сезім тазалығына қарап бағалайтын, көкірек көзі өткір, елгезектілігімен оны танитын адамдардың құрметіне ие Адамға мейір сыйлап, тоңғанды жылытып, жасығанды болаттай шынықтыруға дайын тұратын дарқан пейілі қазіргі адамдарға көп қона бермейтін қасиет Адамды қанаттандырып, оның бойындағы, еңбегіндегі әркім - ақ тани бермейтін, таныса да мойындап, елеп - емірене бермейтін құбылысты Жанат бірден байқап, қоламтаны көсіп, жылтырағанды тауып, маздата жағуға бәйек боп жүргені Мінезге бай, Дініне мықты, бір сөзді, өлдекімдердей оп-оңай шаруаны қиындатып, кілтін аспанға жасырмайды Істің адамы. Оның осы үлкен мінез, нәзік қалам қайратына да дарыған “Жауқазын”, “Алтын ұяда” жинақтарына енген суреттемелерінен де ол айқын сезіліп тұрады Оның оннан астам кітаптарына заманымыздың жасампаз жарқын істері арқау болып, биік адамгершілік қасиеттер, сұлу да сырлы жан иелері алдыңнан арайлы таңдай күліп шығады...

Жанат тілмен емес, жүрекпен сөйлейді. Сөйлемдері суретке, ойға, образдарға толы. Бастап оқысаң көдімгі су асты ағасындай қойнына шым бойлатып, тартып ала жөнеледі. Өйткені ол нені айтса да біліп айтып, зерттеп, тың құбылысты шапшаң аңдып, соны мінез, қуатты іс-әрекетке бөлеп жеткізуге күш салады. Демек, “Ата мекен”, “Студенттік меридиандар”, “Алтын ұя”, “Қарлығаш”, “Жоғалған теңіз”, “Зерек”, “Шағалалар жылай ма, осы?” жинақтарымен оңаша ойдың отын маздатып сұқбаттасқанда, журналист, жазушы, публицист Жанаттың алымдылығы мен алғырлығына енжар қарамасың анық.

Басқа жазушы, журналист, тіпті ұстаздардан да табыла бермейтін қасиет Жанатқа біткен. Үйренуге, ойлануға тәрбиелемейтін “Сен білесің бе?” жинағы күллі Қазақстанға атын өйгілеп, танымал еткені мәлім. Осы жинағымен ол мектеп баласынан бастап, ақсақалды қарияға дейінгі аралықтағы барша қазақты ой сайысына шақырып, білім, білік зердесін бармақпен басып, ширықтырып салып қояды. Онан сіз ақыл-ойыңызды оятып, санаңызды шынықтыратын логикалық құралдар: сөзжұмбақ, сөзтізбек, криптограммалар, анаграммалар, ой-жұмбақтар, шарадалар, викториналар, ребустар, білгенге маржан дейсіз бе - бәрін табасыз. Бәз бір мүйізі қарағайдай жазушы-ақындардың шығармаларын оқитын оқырмандары санаулы ғана болса, “Сен білесің бе?” жинағы күллі оқырманның басына жастанып жатып оқитын, ойлауға, ізденуге еріксіз мәжбүр ететін, ойлауды қойғанның аяққаптай ісік кеудесін басуға табылмайтын “ем”. Жанат Елшібек қандай еңбекқор, энциклопедиялық білім жинағын азамат десеніңші... Бір ғана сөз жұмбақты құрастыру үшін қаншама өдебиеттерді ақтарып, шана - шана ішінен инені іздеп табу керек. Ол біреу емес-100, 200 болса ше? Асылы, біздің Жанатты энциклопедист деуіміздің осындай бұлтарпас негізі бар. Халықтың мүлкіне, өз

рухани перзентіне деген адалдықтың, табандылықтың, еңбекшілдіктің мұндай үлгісі, профессионалы мұқым республикада Жанат Елшібек екені бүгін мойындалған, көз көріп отырған шындық.

Төрткүл дүниенің сырын, қозғалысын бағып отырған, ешнәрсені жанардан таса қылмайтын Жанат, қазір өнер баспалдағымен тағы да жедел көтеріліп, аса жауапты іске кірісіпті. “Теңіз мұңы” романын жазу үстінде. Қаламы төселген, уақыттың қыр-сырына қанық, айтқаны жерде қалмасына, атқаны далаға кетпесіне сенімді ол, оқырманы іздеп жүріп оқитын кесек дүниеге қол созды. Классик суреткер Ә.Нұрпейісов бар болғаны үш кейіпкерін “табаға салып шығғырып”, жанайқайын, жүрек соғысы -кардиограммасын беретін “Сең” романынан кейін дүниеге келетін “Теңіз мұңы” ғасыр қасіретін егіз ішекпен толғай шартіп, тасқа айнала бастаған беріш жүректерді еритетін, семген сезімдерді инемен шабақтап оятатын толағай туындыға айналсын деп тілейік. Мидың мың градустық домнасының отын өшірмей, буырқана күн кешуге жаралған Жанаттан күткеннің көңілі күпті болмайтынына сенбеудің өзі қиянат. Шәкірт тәрбиелеуге баулыған мұғалімдік институттың дипломын журналистік мамандықтың мұғалімі дәрежесінде қызметін жалғастырған, адами ізгі қасиеттер бойында тұнып тұрған, жаны сұлу, жанары отты, төрткүл дүниені алдыға қойып, танды таңға оздырып, кітаптан кітапты балалатып, жұмыстың, қызметтің де мойнын қамыт алып тастайтын небір ауырына жегіліп, шен-шекпен іздеп емен есіктерге өңмендемей, уайымы қаламының, елінің амандығы, қатарының қарағайдай сыңсып тұруы болған, қарапайым жүріп, қарапайымдылықты бойтұмар етіп тапқан жігіттің жігіті осы Жанаттай- ақ болсын дейді бүгін қаумалаған досы, ормандай халқы.


Жапондар елу жасында басын мөңгі бұлт ораған Фудзияманың төбесінде тұрып, тәңірмен сырласқан пенде жүзге ендікпей жетіп, басқан ізінен ырыс өніп, еліне құт-береке әкелетін ірі тұлғаға айналатынын жазады. Сіз де, Жәке, бүгін Ғалымдар үйі-Шыңғысша, Қалтайша айтқанда, Көктөбенің төбесіне шығып, тәңірмен болмаса да Тәңірдің жерге жіберген қыдырларымен сырласып отырсыз. Жапондар жапоннан аямаған тілекті қазақ қазақтан аясын ба, тілегіміз құдайдың құлағына шалынсын.

Ғалымдар үйі, 23 мамыр 1997 ж.

Ж.ЕЛШІБЕКОВ
ЖАУҚАЗЫН


ЖАНАТ ЕЛШІБЕКОВ

**АЛТЫН
ҰЯ**



Ж.ЕЛШІБЕКОВ

**СТУДЕНТТІК
МЕРИДИАНДАР**



Қайсар ӘЛІМ,
журналист

“ЖОҒАЛҒАН ТЕҢІЗДЕН” ТАБЫЛҒАН ЖАҚҰТ

Егер халқы шығармасын сүйіп оқыса, бар ілтипаты мен зейіні сол қаламгердің кітабына құлап тұрса, жазғанын аңсармен іздеп, қомағайлана түссе, тіпті бар ғой сонымен өзі де бір туыстас, мұндас, үміттес адам болып кетсе-ондай жазушының бағы жанды дей беріңіз Соның бірі- Жанат Елшібеков, Мәселен, оның “Жалын” баспасынан былтыр жарық көрген “Жоғалған теңіз” повестер мен өңгімелер жинағын оқырман жылы әсермен қабылдады. Облысқа түскен даналарын балық үлескендей талап әкетті. Бұған дейін оның қаламынан шыққан “Қош бол, теңіз...” повесі де Жанатқа зор бедел, абырой әперген болатын. Кезінде “Жалын баспасының балалар мен жасөспірімдерге арналған жабық бөйгесінде жұлдызы жанып, жүлде алған бұл шығармасын Жанатты кәсіптік шеберліктің биігіне беттеткен, өмірі сонысымен де ұзақ пішілген дүние болып қалған еді. Ал, енді сөз орайы келгенде айта кетейік, былтыр осы кітабымен қабаттас “Зерек” деп аталатын түрлі сөзжұмбақ, аннаграмма, криптограммдан тұратын танымдық, алғырлық қасиеттерге балалардың ойын шыңдайтын, құмарлығын үстейтін әдемі жинағы жарық көрді. Қайсыбірін тізе берейік, бұған дейін де оның қаламымен түзілген кітаптар сөрелерде шаң басып жатқан емес. Бұл- оқырмандар ілтипаты емес пе? Бұл- іңкөрлік белгісі емес пе? Демек, жазушының күн-түн қатқан еңбегі жаныпты, сонысымен де келешегінен көп үміт күттіреді екен.

Жазушы Жанат Елшібековтың мына қолымызға алып, құмарта оқып шыққан “Жоғалған теңіз” повестер мен өңгімелер жинағы туралы пікір айтудан бұрын бұл кітап

жөнінде республикалық баспасөз беттерінде жылы-жылы баға берілгенін еске сала кетейік. Бұған Ғафу Қайырбековтың өзі көңіл аударуы тегіннен-тегін емес шығар. Даңғайыр ақын екінің бірінің еңбегін елеп жатпайтынын әлімсақтан білеміз. Ол кісінің жөне арзан ой, асығыс баға кеспейтіні тағы аян. Сол себепті де дуалы шыққан әр лебізге имандай сеніп жүретіміз бар. Ол “Қазақ әдебиетінде” жарияланған “Бесікке қайта оралу” деген мақаласында Жанат Елшібековтың шығармашылық жолын осы “Жоғалған теңіз” арқылы біршама зерттепті. Бір жерінде былай дейді: “Жазушыға керегі екі нәрсе-бірі суретшілік талант, екіншісі әдемі көркем тіл. Бірі болмаса, бірі жоқ. Көп жағдайда соның біреуінің жоқтығын мойындамай, қаншама ұзақ өуре боламыз. Жанатта құдайға шүкір, екеуі де бар...” Дұрыс айтады екен Ғафан, соңғы бетін жапқанда біздің де көзіміз айқын жеткендей еді. Бұл еңбектің қазақ балалар әдебиетінің қазынасына қосылған қомақты дүние екендігіне ешқандай шүбә келтіруге болмайды.

Жинаққа енген “Қош бол теңіз...” повесі балалар өміріне арналғанымен, ересектерді де бей-жай қалдырмасы анық. Суретші бала Мәлік Балқаш өңіріне барып жазғы каникулын өткізеді. Тез арада ақжарылқап ауылға мидай сіңісіп кете барады. Жаңа достар табады, балықшы Мақан атасының қасында жүріп теңіз сырын, балық өлеміне жете қаныға түседі. Суретші бала бұл жолы өмірді өзгеше қырынан тани бастайды. Ол жан сырын әркез өз достарымен бөлісе алады екен. Ауыл балалары қаладан келген суретшіге алғашында көңіл аудара қоймап еді, біртіндеп оның адалдығына, қиялшылдығына, суретшілік талабына көздері әбден жеткен соң, соңынан бір елі қалмай қояды. Өздері Балқашта туып, сол өңірде тұрып жатса да көздеріне іліге бермейтін талай сұлулықты мына қалалықтың ілезде көкірегіне түйіп алуының сыры не екен бөтір-ау! Балалар да енді Балқашқа Мәлікше қарауға дағдылана бастайды. Олар

Мақан атасының әр сөзіне енді мән беріп, бұрынғыдан да әсерленіп тыңдайтын болады. Мақан ата бір қаға берісте көк айдынға көз қиығын сала отырып, былайша толғанып кетсін: “Осындай шалқар тіңізді несіне “көл” деп жазған әлгі кітаптарыңа. Балқашта болмаған, Балқашты көрмеген біреу жаза салған ғой. Мейлі жаза берсін. Бөрібір мен үшін Балқашым көк айдыны шалқыған теңізбен бірдей. Амал нешік, соңғы жылдары кемері төмендеп, тартылып барама деп қорқамын... Жағалауындағы қамыс та сиреп барады. Балықтың түр-түрі құрып кетпесе де...” Қамығып отыр, Мақан ақсақал, қабағынан қар жауғандай. Неге үйтеді екен? Жайшылықта балықтан өзгені білмейтіндей көрінетін шал бұл жолы балаларға заңғар таудай еңселеніп кетсін.

Осы балалармен өзің де ойға шомасың еріксіз. Сөйте - сөйте Балқаш та анау тартыла бастаған Аралдың кебін кимесе кетті деп шошынасың. Оның бетін аулақ қылсын деңіз. Бірақ повесть кейіпкерлерінің туған жерге деген сүйіспеншілігін сезгеннен соң ондай қорқынышты ойың су сепкендей басылады. Өйткені Мәліктің, оның достарының пешенесіне келешекте талай өркенді істер жазылып қойылған. Бір қуаныштысы, олар жер мен ел тағдырына жүреппен өксі алатын дәрежеге жетіп қалғандар еді.

Бұл повестің танымдық жағын бөліп айтар едік. Арқа бойында өскен біздерге теңіз әлемі тылсым болып келгенін несіне жасырамыз. Жазушының кестелі тілі, көркемдік бояулы теңіз ғұмырын басымызға телігендей болды. Теңіздің дауылын сағынасың енді, майда толқындарына балтыр салып тұрғандаймын ба? Балықшы Мақанның ау тартқанын қандай әсем, қайықты қалай қалақша еседі. Ол кісі балықтың жиырма түрін сүзіп алады екен. Ал бізге-табан, сазан, шорағай, ақбалық секілділерді ғана көргендерге әлгі жиырманың түрін түстеу оңай болмаса белгілі. Несін жасырайын, Балқаштың сұлу келбеті

санамды билеп алды, онымен менің де қоштасқым келмей кетті. Кітаптан да оқып, ғашық болады екенсің-ау! Енді өңімде көргім келеді теңізді, Балқашқа барғым келіп кеткені қалай?!

Екінші повестің аты тым шұбалаңқы екен- “Жынды” кемпір, белгісіз жауынгер және қызыл ізшілер”. Бұдан алдыңғы уақытта Жанат тиісті қорытынды шығара білсе екен дейміз. Шығарманың жалғыз ауыз атауымен де жер шарына мәшһүр болған мысалдар жеткілікті ғой.

Жә сонымен енді осы повестің өзіне келейкші. Бір қарағанда аты әйгілеп тұрғандай, оқиғасы да таныс секілді ме? Иә, мұнда соғыста хабарсыз кетіп араға қырық жыл түссе де тапжылмай баласын күтіп жүрген “жынды” кемпір жайлы қасіретті сыр шертіледі. Ауылдағы көрші-көлем де қызық қой кейде, қайғыдан қажыған бейкүнә кемпірді жынды ғып шығарыпты. Сөйтсе, қызылізшілер үйіне барып қамқорлық жасап көрсе, кемпір анау айтқандай тіпті де жынды емес екен. Ақыл - есі дұрыс, балаларға мейірім шуағын төгіп, бар тәттісін алдарына қойып, аналық алақанын жаяды. Мүмкін, кім біледі, жазушының бір табысы қайсы десек, қызылізшілердің кемпір жанын ұға білуін суреттейтін осы тұсы болуы кәдік. Қайғыға ортақтаса білудің өзі адамгершілік белгісі ғой, кішкентай кейіпкерлер жан азабын терең түсініп, жанкешті жұмыстар атқаруға бел байлапты. Ізі баяғыдан-ақ өшіп қалған көмексі соқпақтарға үмітпен түсіп, талқармағындай болады. Ізденген мұратына жетеді ғой түбі. Бұлар белгісіз жауынгерді ақыры тауып тынады. “Жынды” кемпір алыс сапарға шығып, баласының қабірін көзімен көріп, бір уыс топырағын әкесінің басынан салмаққа шүберекке түйіп алады. Содан, асыл әже ауылына келгесін шерін тарқатып ас беріп, көз жұмады... Бейбақ ананың жаны сөйтіп жынды деген лақаптан тазарып, қара жерге баласын тірі көргендей армансыз, пәк күйінде тапсырылыпты. Тағдырға не шара десейші сол. О дүниеге

армансыз аттанғандай болған ана жүрегі бір түрлі маған ешқашан өлді деуге сыймайтын сияқты болып көрінеді...

Жинаққа бұл екі повестен басқа бірнеше әңгімелер де еніпті. Бәрінде өмірдің шынайылығы көркем тілмен өрілген. Әрқайсысы теңіздің деміндей жанды шарпиды, мұңға батырады. Енді бірде теңіз дауылындай өн-бойынды дүр сілкіндіреді. Қысқасы, мөлтік суреттер сенің ежелгі тыныс-тіршілігіндей етене қабылданады. Бұл өңірге жат ұғымды жатсындырмай жіберетін нендей қасиет екен десем, ол-жазушының шеберлігі болып шықты.

... Бұл кітапты оқып тауысқанда жаңа ғана теңіз кешіп шыққандай, тіпті теңіз саяхатынан оралғандай жеңілейіп қалдым. “Жоғалған теңізден” жақұт тапқандай болдым ғой.

“Торғай таңы”, 20 маусым 1992 ж.

Сәндібек ӘЛІБЕКОВ,
журналист.

ТЕҢІЗ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

Белгілі жазушы, Қазақстан журналистер сыйлығының лауреаты Жанат Елшібековтың есімі қалың оқырмандарға жақсы таныс. Оның өзі жазған немесе, құрастырған кітаптар жұртшылыққа белгілі. Қазір оларды көпшілік іздеп жүріп оқиды. Мәселе автордың жазғандығында емес, қандай тақырыпта қолына алса да көп ізденіс, жан-жақты дайындалып алып іске кірісетінінде. Өзіңе қатты талаптар қоя білетіндігінде.

Міне, осы автордың өткен жылдың аяғында “Жалын” баспасынан “Жоғалған теңіз” атты кітабы жарық көрді. Ол негізінен жоғары класс оқушыларына арналған. Алайда жазушы ересек оқырмандарына да тың ойларын орынды ұсына білген.

Елшібеков өзі Балқаш өңірі, Қаратал ауданында туып - өскен. Мына еңбегі туған жерінің табиғатына балықшылар өміріне, теңіздің құпия сырларына арналған. Бір қарағанда осы тақырыпқа тыннан не айтуға болады? Бәрі де белгілі емес пе? - деген күдік ойға оралды. Автор өз ойының балаларға түсінікті болуы үшін кітабын шағын тақырыпшаларға бөліп, оны барынша қысқа, нақты баяндауға ұмтылған. Оның осы әдісті алуы көп жағдайларды ақтайды да. Сондықтан да кітап өте жеңіл оқылады. Жанаттың тілі көркем, оның тапқырлығы бізді еріксіз баурап алады.

“Қош бол, теңіз” повесінде жаз айларындағы демалысын да бір топ балалардың теңізде болуы суреттеледі. Бір жазда өртүрлі себеппен бірге өткізген Серікбол, Мәлік, Тілеулес, Мендіғали, тағы басқалары жайлы сөз болады. Арасында ауданнан келген Мәліктің өмірі, дүние танымы өзгелерден ерекше. Ол бұрын теңіз көрмеген бала. Өз құрдастарының көңілін қимай, олардың романтикалық өмірлеріне ынтық



болып, бірер айдағы демалысында осында қалған. Ал оның өзгелерден тағы бір айырмашылығы- сурет салады. Қыл қалам арқылы табиғаттың тылсым сырын білуге ұмтылады. Онысы табыссыз да емес. Өзі алғаш көрген, көзіне ыстық, көңіліне күй болып төгілген. Құйған, Жыңғылдықайыр ауылдарының балықшылары туралы салған суреттері республикалық газеттерде жарияланып та жүр. Автор Мәлік образына көбірек көңіл бөліп, сол арқылы көп ой толғайды. Түсінген адамдарға тәрбие тақырыбынан мол сыр шертеді. Сурет өнері жәйлі көптеген мағлұматтар беріп, оқырмандарының ой-өрісінің өсуіне, қиялдарын тербеуге, өнер сырын білуге баулиды. Өнер күдіретін білу де үлкен талынттылықты қажет етеді. Осы орайда Мәліктің жас та болса осы саладағы талпынысы, алғашқы қадамдары толық куә. Оның өнеріне көзі жеткен ауылдағы жас достары да бір айдың қалай өте шыққанын, суретші достарының нағыз туыстай болып кеткенін өздері де білмей қалады.

Осы повесть үшін автор “Жалын” баспасының балалар мен жасөспірімдерге арналған дәстүрлі жабық бөйгесінің жүлдесіне ие болды. Осының өзі-ақ жоғарыдағы ойларымызды дәлелдеп тұрғандай.

Кітаптағы толқымай оқи алмайтын шығарма- “Жынды кемпір, белгісіз жауынгер және қызыл ізшілдер” повесі. Онда жұрттың “жынды кемпір” атап кеткен Жамалдың тағдыры сөз болады. Мектеп оқушылары байқағандай, ол кісі хабарсыз кеткен жалғыз ұлы Әлиді әлі- ақ майданнан “оралады” деп ойлайды екен. Жалғыз жүріп үнемі ұлымен сөйлесуді дағдыға айналдырыпты. Мұны басқа жұрт қайдан білсін? Оны жынданып кетті деп шығарыпты. Ғазиз ана көп ойланудан қияли болып кеткен. Осының шындығына көзі жеткен бір топ оқушы балалар Әлиді іздеуге кіріседі. Ақыры оның Смоленск маңында мерт болғанын анықтайды. Қарт анаға осының өзі де

үлкен медеу болады. Осы шығармада жас достардың тапқырлығы, ұйымшылдығы, мейірімділігі оқырмандарын іштей тартып тұрады. Шіркін, біздің күнделікті өмірімізде де оқушы жастардың барлығы да тек осындай болса ғой...

Кітапты оқып отырғанда: “неліктен “Жоғалған теңіз” деп аталған екен? - деген сұрақ көкейімізден кетпейді. Біз соған жауап іздедік. Сондағы байқағанымыз, кітаптың соңғы тарауларындағы осы аттас шағын өңгіме бұл сұрағымызға жауап берді. Осы тараудағы бір тақырыптағы үш өңгіме желісінде бір роман жанрына жүк боларлық сыр жатыр екен. Бұдан біз жазушының аз сөзбен көп ойларды жеткізе білгеніне шексіз қуандық

Бұл үш өңгімелер бір ортақ мәселеге- Балқаш көлінің экологиялық тақырыбына арналыпты. Осындағы бір шағын өңгіменің кейіпкері Тоқметбай былайша сыр ақтарады:

- Балқаштың балығы да азып барады. Кезінде тәжірибе үшін жіберілген көк серке мен жайын көлдің ежелгі балықтары саналатын сазан, қарабалық, алабұға секілді балықтарды жойып жіберді десе де болғандай.

Иә, табиғатта артық ештеңе де жоқ. Оны қолдан жасап, өзгертеміз деп бұрынғы дәрежемізден де айырылып қалған жайларымыз жеткілікті. Мұндай мысалдарды талай естіп те, көріп те жүрміз ғой. Бірақ ондаған жылдар бойы есепсіз, ойсыз салған ойранның жарасы оңайлықпен жазыла ма? Өткен жалдары осындай өлшеусіз жасалған олқылықтарымызды ТАБИҒАТ АНА кешіре алар ма екен? Әй, қайдам!? Ол жаралар жазылғанша да сонша уақыт керек шығар - ау!

Оқырмандарды тағы бір елең өткізетін шығармалар-кітаптың соңғы тарауларындағы “Мезгіл бояулары” атты шағын өңгімелер. Мұнда автор кейіпкерлері арқылы тілдеспей-ақ, өзі байқаған табиғаттың бір ғана мөлт еткен көріністерін сол қалпында көркем тілмен суреттеуге ұмтылған. Осы шағын

өңгімелерді оқи отырып, автордың байқампаздығына нәзік сезімталдығына, тілінің бейнелі, тапқырлығына риза болдық. Шағын өңгімелер бейне деректі фильмдерді көріп отырғандай әсер қалдырды. “Мезгіл боялары” табиғаттың өртүрлі кезеңдеріне арналған. Сондықтан да бұлардың осылай аталуы заңды да.

Біз жазушы Жанат Елшібеков жаңа кітаптарын осындай үлкен әсер, тағы бір үкілі үміт үстінде оқып шықтық. Алған әсеріміз ұшан-теңіз. Оны сол бойда жас оқырмандарымызға жеткізуге асықтық. Осы кітап арқылы танысқан олардың Құйған, Жыңғылдықайыр балықшылар ауылдарындағы құрдастары есімізде ұзақ сақталады. Сол повестегі басты кейіпкерлері өз мінезі, өз ісі, өз қылықтарымен ерекше бейнеленген. Шығарма, сонысымен қызықты, сонысымен тартымды.

Біз белгілі журналист, тамаша жазушы Жанат Елшібековке творчестволық табыс тілейміз. Жоғарыда оның журналист ретінде бірнеше кітаптар шығарып, көпшілікке танылып қалғанын айтқан едік. Біздің байқауымызда мына кітабы алғашқы көркем шығармасы. Бұл жолғы табысы да жақсы басталған. Жазушының тілі жатық, образдары ойнақы, дәл, көпсөзділік жоқтың қасы. Ең бастысы - өз оқырмандарының ой - өрісіне, талғамына, орай әдіспен жазылған. Біз авторға осы жағынан рахмет айтып, алда да қаламы ұштала берсін, ойлаған мақсат - мұратына жетсін деп игі тілек білдіреміз. “Жоғалған теңіз” кітабы мектеп оқушылары үшін жақсы базарлық болуға әбден лайық дегіміз келеді.

“Ақтөбе”, 3 сәуір 1992 ж.

Жетпісбай БЕКБОЛАТУҰЛЫ,
журналист.

ТАНЫМ ШЫҢЫНАН ДАМУ БИІГНЕ

“Өнер” баспасынан жарық көрген “Зерек” кітабын парақтағанда
туған ой

Әлемдік экономиканың “Жас жолбарыстары” саналатын Оңтүстік-Шығыс Азияның елдері бүгінде дүние жүзін аузына қаратып отыр. Күні кеше ғана бұдан бес –алты ай бұрынғы өзіміз сияқты Европа мемлекеттерінің отары болған осынау өлкелер түбінде “өз қожайындарын” басып озады деген ой азуын айға білген небір футуролог - ғалымдардың да үш ұйықтаса да түсіне кірген емес-ті. Мәселен, кәріс ағайындардың ойламаған тұстан озып кетуі есепке мығым жапон ғалымдарын да қайран қалдыруда. Экономика “жабысының” бас-аяғы бес - он жыл ішінде адуын “тұлпарға” айналу кереметін зерттеген өлеуметтанушылар тосын құбылысқа түрліше баға беруде. Дегенмен, көптеген ғалымдардың пікірі мынаған саятындай: гәп-”шығыс даналығының” батыс практицизмімен ұштасуында.

Халқымыз дүниенің өзге жұрттарымен тең дәрежеде сөйлесерліктей саяси дербестікке қол жеткізу үстінде. Бірақ осы орайда бөрімізді мазалайтын ой-Қазақстан “жолбарыстар” жолын қайталай ала ма? Ол үшін қандай алғышарттар қажет? Жеріміз қисапсыз байлық қоймасы екені рас, бірақ ол қазынада келер ұрпақтардың да үлесі барлығы ақиқат қой. Кенге кедей Оңтүстік-Шығыс Азия “жолбарыстарымен” Қазақстанның бір ұқсас жері-халқымыздың көне Шығыстың, дана Шығыстың төл перзенті екендігі. Яғни, халықтың бойында тұнып жатқан қабілеттің көзін ашу, ақыл-ой арнасын тарихи шығармашылыққа бағыттау қажет. Елдің келешегі-өсер ұрпақпен, жеткіншек жастармен тынымсыз жұмыс істеу. Осы

орайда бала қиялын қанағаттандырып, тіршілік тылсымына үңілдіретін алуан түрлі танымдық туындылардың, логикалық, психологиялық жұмбақтар мен ойындардың ауыл мектебіне де жетуіне күш салу қажет.

Бұл таяу болашақтың ісі болар, ал бүгінгі жағдайымыз қалай? Шәкірттерге, жастарға арналған ой дамыту, қиял ұштау құралдары жасалуда ма? Мадияр ғалымы Рубликтің текшелері тоқырау жылдарында дүкендерде “жалт етті де, жоқ болады”. Ал, педагогика төңірегінде жан бағып жүрген өз ағайындарымыз тым-тырыс, барлық тірлікті “коммунистік тәрбиеге” артып қойып, қол қусырып отырған сыңайда.

Жуырда ғана “Өнер” баспасынан жарық көрген, танымдық ойындар табиғатына арналған “Зерек” атты кітаптың авторы, белгілі журналист-жазушы Жанат Елшібеков білімге құштар жас өрендерге, қауымға, сондай-ақ педагогика ғылымымен шұғылданатын зерттеушілерге базарлық болатындай елеулі еңбекті дүниеге әкелгенін атап өткеніміз абзал. Білімді екшеудің, зердені жетілдірудің, сөзжұмбақ шешу, ой-жұмбақтар, ребустар, шарадалар мен метаграммалар құрастыру сияқты тәсілдері ертеден белгілі. Қазақтың халықтық педагогикасында да жұмбақтар мен жаңылтпаштар елеулі орын алған. Ал, ежелгі грек ойшылдары Геродот, Плутарх, Ликрофон, атақты итальян суретшісі әрі ғылымы Леонардо да Винчи, француз ғалымдары Э. Табуру, Р. Декарт, көрнекті американдық өнертапқышы С.Морзе, белгілі орыс суретшілері А. Монферан, В.Растрелли, әйгілі жазушы Л.Толстой, композитор С.Прокофьев қолдары қалт еткенде танымдық ой-жұмбақтарды, шытырман есептерді шешумен шұғылданған. Атақ-данқы жер жарған қолбасшылар мен корольдердің өздері бос мезгілдерін көбіне ой еңбегіне арнағаны мәлім. Ал, қазір сөзжұмбақтар құрастырып, логикалық есептерді шешумен айналысатын жандар аз емес.

Дүние жүзіндегі мерзімді басылымдардың барлығы дерлік сөзжұмбақтардың түр-түрін басады деуге болады. Тіпті “Правда” сияқты “байсалды” газеттің өзі 1990 жылғы 14 қазан күнгі санында тұңғыш рет өз бетінде кроссворд жариялады.

Тұрмыс-тіршілігіміздің осылайша етене бір бөлігіне айналған танымдық ойындарды психологиялық-педагогикалық құбылыс ретінде қарастыра отырып, Жанат Елшібеков өз еңбегін біртұтас методикалық желіге құрған. Кроссворд, чайнворд, криптограмма, анаграмма, ворбингвордс, ребус, пиктограмма, цифрограмма, шрифтограмма, кросснамбер, чайннамбер сияқты жұмбақ ойындардың барлық түрлерінің жасалу жолдары, әрқайсысына тән құпиялары мен өзіндік ерекшеліктері ғылыми тұрғыда егжей-тегжейлі зерттелетін бұл кітап республиканың Халыққа білім беру министрлігінің, Ғылым академиясының жалпы алғанда педагог-ғалымдарымыздың назар аударуына лайық дүние.

Жанат Елшібеков-қазақтың тәрбиетану ғылымында сөзжұмбақтар тарихын, оларды құрастыру тәсілдерін танумен түбегейлі айналысқан зерттеуші-журналист қана емес, сондай-ақ ол қазақ тілінде құрастырылған тұңғыш алып кроссвордтың авторы да. Жалпы, біздің еліміздің газет-журналдарында басылып жүрген кроссвордтардың ұзын саны жүз сөзден аспайды. Ал, “Зерекке” енген “алыпта” берілген 335 балама-сауалдардың жауабын дұрыс табу үшін 1400-ге жуық тор көзді толтыру керек. Мұнда физика, химия, техника, математика, геометрия, медицина, әдебиет, космос, этнография, музыка, география, зоология, биология, лингвистика, спорт тақырыбына арналған терминдер мен атаулар мольнан тоғысқан.

Аталған кітапты қазақтың танымдық журналистикасындағы тұңғыш толымды еңбек деуге болады. “Зерде” журналының “Атом”, “Зерек”, “Оқып туған” секілді білмекке

құштарлар клубтарының, “Ақ желкен” журналының “Айгөлек” ой-жұмбақтары бөлімінің, “Ұлан” газетінің “ТОМ” (танымдық ойындар мектебі) беттерінің дүниеге келуіне себепкер болған журналист Ж.Елшібековтің шығармашылық әлемі турасында Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің түлегі Дәулеткерей Құсайынов өткен жылы үздік бағамен ғылыми дипломдық жұмыс қорғады.

Сөзжұмбақ құрастыру-үздіксіз ізденуді, көп ойлануды, жан-жақты білімділікті, тынымсыз еңбекті қажет етеді. Әсіресе, танымдық ой-жұмбақтардың мектеп оқушылары мен жастардың ой-өрісін кеңейтуге, білім аясының артуына үлкен ықпал жасайтыны аян. Сан-салалы ғалымдардың алуан сырлары мен қырларынан хабардар болуға, жаратылыстағы құпия құбылыстарға сергек үңіле білуге, әлемдегі түрлі жаңалықтар мен күнбе-күнгі тіршілікте зер сала бермейтін қарапайым жайларды терең ұғуға септігін тигізетін де- осы сөзжұмбақ. Қарап отырсаң, танымдық ойындарды мектеп методикасына енгізу, газет-журналдарға жариялау арқылы жеткіншектерімізді ізденімпаздыққа, ой еңбегінің тәсілдеріне үйретеді екенбіз. Жоғарыда айтып өткеніміздей, шығыс даналығының бір қыры-астарлы ой, мағыналы тәсілдер болса, осы қасиеттердің барлығы бойынан табылатын танымдық, логикалық, психологиялық ойындарды мектеп бағдарламасына енгізу, оларды компьютерлеу тәуелсіз республикамыздың ертеңгі күніне ауадай қажет шаруа деуге болады. Әрине, біз осы арқылы Оңтүстік-Шығыс Азия жолбарыстарын “қуып жетеміз, басып озамыз” деп айта алмаймыз. Дегенмен ойды ұштап, зердені шындайтын танымдық ойындар халқымыз “ұлы орыс халқымен” сан ғасыр қоян-қолтық тірлік кешуі арқасында айырылып қалған шығыстық қасиеттерімізді қайта түлетуге септігін тигізері сөзсіз.

Ж.Елшібековтің “Зерек” кітабы жаңашыл педагогтарға, ғалымдарға, жалпы халықтың келешегі толғандыратын әрбір азаматқа ой салар деген пікірдеміз. Сәл қынжыларлығы-кішінің де, үлкеннің де қолынан түспейтін (ойымызды нық түйіндейік) кітаптың ұлан-ғайыр республикамыздағы мектептер мен кітапханаларға, басқа да білім ошақтарына бір-бірден де жетпейтіндігі. Өйткені, оның тиражы небәрі-25 мың дана. Қазіргі қағаз тапшылығы кезінде қалың оқырманға осындай қажетті кітапты жүз мыңдаған тиражбен шығарса баспа пайдаға да, абыройға да бөленер еді. Онсыз да баспаларымыз аударма дүниелерді орынды-орынсыз жарысып шығарып жатыр емес пе?! Ендігі жерде берері мол төл туындыларымызға жанашырлықпен назар аударғанмыз жөн-ау.

“Алматы ақшамы”, 17 ақпан 1992 ж.

Әшірбек АМАНКЕЛДИЕВ.,
журналист

ТАПҚЫРЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ


“Сөзжұмбақ деген не? Оның қандай түрлері бар? Жалпы сөзжұмбақтар қалай жасалады? Осынау сауалдар сөзжұмбақ сырына терең үңілгісі келген әркімнің-ақ назарын аударары анық”.

Бұл Жанат Елшібековтің биыл “Өнер” баспасынан шаққан “Зерек” деген кітабынан үзінді. Кітаптың алғашқы сөзі осылай басталған... Қараңдаршы кітаптың аты да, авторы да көзге жылы ұшырап тұрған жоқ па? Жылы ұшырап тұр ғой! Ия, бұлар өзіміздің кәдімгі “Зерек”-білмекке құштарлар клубы және оның жүргізушісі, белгілі журналист Жанат Елшібеков. Бұлармен біз журнал бетінде сан рет ұшырасып, қилы-қилы сөзжұмбақ, анаграмма, криптограмма, викторина, т.б. шешіп немесе шеше алмай қиналып едік қой. Қиналсақ та, барлық уақытта жолымыз бола бермесе де “Зерек” клубы бізді ізденуге, ойлануға, тапқырлыққа, білуге ұмтылуға ғылым мен білімге шақырған. Мұрнымызды терлетіп, кейде намысымызды да қоздырған.

Осы клубқа қатысып жүріп, біздің бір байқағанымыз және көз жеткізгеніміз: сөзжұмбақты шешу, я болмаса оның басқа да ойындарының жауабын табу- жәй қол боста айналыса салатын еріккеннің ермегі емес екен. Бұл көп ізденуді, асқан тапқырлықты, логикалық данышпандықты және қызықты да танымдық талай-талай кітаптарды ақтарып оқып шығуды сондай-ақ үнемі үзбей оқып тұруды қажет ететін болып шықты.

Былай өншейінде мән бере қоймаймыз ғой. Сөйтсек, сөзжұмбақтың да қызық шығу тарихы бар көрінеді...

“Үстіміздегі ғасырдың бас кезінде Капстадта (Оңтүстік



Африка Республикасындағы қазіргі –Кейптаун қаласы) шығып тұратын үлкен газеттің редакторы бейтаныс біреуден хат алды. Хат иесі өзінің қызықты бір ойын ойлап тапқанын хабарлап жазған екен. Конверттің ішіндегі жалғыз парақ қағаздың бетіне көптеген шаршылар сызылып, цифрлармен толтырылған. Қағаздың екенші бетінде жұмбақ-сауалдар талданып көрсетілген де, олардың жауаптары бөлек жазылыпты. Редактор жаңа жұмбақ ойынмен жан-жақты танысып, оның авторына риза болған күйі хатты қалтасына сала салады.

Бір күні көпшілік достарының арасында отырған редактор оларға әлгі хатты көрсетеді. Сол сәтте жиналғандар жабылып сөзжұмбақты шешуге кіріседі. Қызыққа түскен олар жұмбақты бірер сағатта зорға шешеді. Осы жерде редактордың достары бұл сөзжұмбақты газетке жариялауға кеңес береді. Сөйтіп, әлемдегі тұңғыш сөзжұмбақ келесі күні жарық көреді. Редакция алдағы уақытта осындай жұмбақ ойындарды үзбей жариялап тұратынын ескереді”... Сөзжұмбақ деген тапқырлық ойыны дүниеге қашан келген. Мұны өзі халықаралық түсінікте “кроссворд” деп атайды ғой. Ол ағылшын тілінде “қиылысқан сөз” деген мағына береді екен. Қай нәрсені де дамытып, өсіріп өкететіні секілді адам баласы содан бері сөзжұмбақтардың мазмұн мен түр, формасы жағынан алуан-алуан түрлерін өмірге келтіреді. Кроссвордтан бастап, чайнворд, криптограмма анаграмма, вордингвордс, ребус, пиктограмма, цифrogramма, шрифтограмма, шарада, метаграмма, лабиринт, викторина, стрелкограмма, кросснамбер, чайннамберге дейін. Автор келтіргендей, бір данышпан айтпақшы: “Адамның танымы неғұрлым биіктей берген сайын, дүниенің көкжиегі де соғұрлым кеңіе бермек”. Сөзжұмбақтар әлемі де бара-бара кім білсін, танымды, ой-сананы дамытар өнерге, ғылымға, айналар, бәлкім? Бұған қызығып, құмартқаны соншалықты, 1978 жылы Генри Блейз деген бельгиялық біреу 25 мың тор

көзден тұратын алып сөзжұмбақ құрастырыпты. Оны толтыру үшін 7748 сұрақтың жауабын табу керек болған. Генри Блейз бұған сегіз жылын сарп еткен. Бұдан кейін оның отандасы Роже Бокар да өзінің алпыс бес жастан асқанына қарамастан әуелі 25.000 сөзбен сонан соң 50.4000 сөзден тұратын сөзжұмбақ жасап, “нардан бір-ақ жығылған”, яғни әлемдік рекорд жасаған. Ондағы атаулар мен есімдер ғылымның, өнердің, спорттың қаншама салаларын қамтыған деңіз!

Міне, қызық қайда жатыр! Баяғыда аталарымыз: “ерінбеген етікші болады” дейді екен. Мұндай істің үдесінен шығу үшін ерінбеу ғана емес, білімпаздық, ізденгіштік және тапқырлық, бір сөзбен айтқанда энциклопедиялық зерде мен зеректік керек-ақ!

Ертеде бір құмырсқа тасып-тасып дәннен тау тұрғызған екен, деуші еді ғой ертегіде. Сол айтпақшы, біздің “Зерек” клубында жарияланған сөзжұмбақ, викторина, анаграмма, шарада, ребустар т.б. тапқырлық ойындарын жинақтай келгенде қалың бір кітап болып шығыпты. Бір кітабыңыз не, одан да асып кетіпті. Біздің енді мақтанатындай жөніміз бар. Сол кітаптың ең-ең бірінші оқырманы және ойын-жұмбақтарының е-ең алғашқы шешушісі “Зерденің” оқушылары болып отыр. Уақыт деген қалай ә? Зымырап өте шығады. “Зеректің” ойындарын кеше ғана бастаған секілді едік.

“Зерек” кітабында алдымен кроссвордтарға орын берілген. Қиыннан қиыстыра білсе мұны да неше түрлі пішін мен кескін-келбетке келтіріп, сан алуан тақырыпқа арнап жасауға болады екен-ақ. “Домбыра” дей ме, “Жұмыр жер” дей ме, “Шахмат”, “Қазақ өндері”, “География”, “Зоология”... “Жұмбақтар әлемі”... әйтеуір толып жатыр. Және бір ерекшелігі автор осы сөзжұмбақтардың өзіне қазақы ұғым мен қазақы сипат беруге ұмтылған. Мысалы олардың біреуінде:

Ізі бар, қадамы жоқ аяғының,

Тимейді ұшы жерге аяғының.

Қос қолды хайуанға арта салып,

Салады әуеніне баяғының,- деп сөзжұмбақтың өзін жұмбақтап, жылы тиіп, қазақы бояу-сипатта беріліп тұрған жоқ па“! Құдай-ау, бұл не зат болды, деп басымызды қасыңқырап, сәл ойланып қалсақ шешуі-арба, ия көдімгі арба екен! “Көліктің түрі” немесе “Көне көлік” деп қарабайыр бере салғанынан гөрі өлеңмен жасырған қандай ұтымды! Мұнда әрі поэтикалық сұлулық пен логикалық тапқырлық өріліп тұр. Бұрынғы ата-бабаларымыз өзінің қандай да көзқарас-пікірін, ой-тілегін философиялық терең мағынамен, мақал-мәтел немесе өлең сөзбен жеткізуге тырысқан.

Бұдан кейінгі чайнворд, криптограмма, анаграмма... стрелкограмма, ең аяғы ребус пен ой-жұмбақтарда да ғылым-білім, өнердің өлемдік көкжиегі және біздің өзіміздің ұлттық таным-түсінігіміздің ерекшелігі ескеріліп отырған. Бұлардың қай-қайсысын шешу үшін үлкенімізге де, кішімізге де өдебиетті, тарихты былай қойғанда, физиканы, химияны, географияны, тіпті спортты да білу қажет екен.

Басқасын былай қойғанда, шағын шарадалардың өзіне зер салыңызшы... “Алғашқы буыным тасқын су, екіншісі мал құлағындағы белгі. Ал екеуі бірігіп химиялық элемент кұрайды”, немесе өлең тілімен:

Мен өзім ағашпын-

Көресің ауылдан да қаладан.

Ал өзен болсам долданған,

Табасың тек Кавказдан,-

дейді. Бұлар да кішкене ойлануды химия мен географияны еске түсіруді талап етеді.

“Зерек” кітабынан бұдан басқа да қызықты ойындар мен жұмбақ жайларды кезіктіресің. Мәселен, “Сіз миллион,

миллиард... триллион, тіпті секстиллионға дейін білесіз, ал бірдің артында алпыс ноль тұрса, оның қалай аталатынын білесіз бе? Я болмаса әйгілі “Әлемнің жеті кереметін” атап бере қойыңызшы?

-Египет пирамидалары, Вавилон аспалы бағы...

- Әр жағы есіңізге түспей тұр ма?

Міне, осы сияқты сауалдарға жауапты “Зерек” кітабынан таба аласыз.

“Зерде” N5, 1992 ж.

Бауыржан ОМАРОВ.,

журналист

ЗЕРІКТІРМЕЙТІН “ЗЕРЕК”

Жанат Елшібековтің есімі республика оқырмандарына қаламы жүйрік журналист-жазушы, тәжірбиелі газет қызметкері ретінде жақсы танымал. Көпшілік кезінде оның бірнеше жинақтарын жылы қабылдады. Ал “Өнер” баспасынан жуырда ғана жарық көрген “Зерек” атты кітаптың жөні бөлек. Бұл еңбек тек әдебиетшілер немесе танымдық мәні бар журналистік дүниелерге құмар оқырмандарға ғана емес, жалпы жұртшылыққа арналған Арифметикалық төрт амалды меңгеріп алған бастауыш кластың баласынан бастап, зейнетақының дәмін татып, құрметті демалыстың қызығын көріп отырған қарт кісілерге дейін “Зеректің” оқырманы бола алады. Өр шаңырақта өсіп-өніп келе жатқан перзенттердің ойы алғыр, қиялы жүйрік болуына да бұл кітап үлкен септігін тигізбек. Күні бойы бір тыным таптырмайтын шаруадан қолыңыз босады ма, “Зерекке” бас қойыңыз. Шаршағаныңыз лезде басылады. Жолға жиналдыңыз ба, сөмкеңіздің сыртқы қалтасына “Зеректі” сала салыңыз,- ұшақтың немесе пойыздың ішінде жол бойы сөзжұмбақ шешіп барасыз. Демалысқа шықтыңыз ба, сенімді серігіңіз тағы да- “Зерек”...

Тілге тиек болып отырған жинақ журналист Жанат Елшібековтің ұзақ жыл еңбегінің жемісі. Табан аудармастан талайдан бері республикалық “Зерде” журналының танымдық ойындар бөлімін жүргізіп келе жатқан ол сөзжұмбақтың, тапқырлықты талап ететін ойындардың түп-түрін дүниеге келтіреді, оларды жетілдіреді, ой-жұмбақтарға халықтық қағидаларды өзек етуге тырысты. Жұртшылықтың жаппай ынтасын аударған сайын сөзжұмбақтар жасау журналистің сүйікті машық ісіне айналады.

“Зерек” кітабы “Кроссвордтар”, “Чайнвордтар”, “Криптограммалар”, “Анаграммалар”, “Цифрограммалар”, “Шрифтограммалар”, “Стрелкограммалар”, “Лабиринттер”, “Шарадалар мен метограммалар”, “Ребустар”, “Ой-жұмбақтар”, “Викториналар”, “Білгенге-маржан” деп аталатын бөлімдерден тұрады. Жинақ оқырманды қызықтыратын байламы берік жүйеге бағындырылған.

Аталмыш кітап сөзжұмбақтың түрлерін жасап үйренушілерге таптырмайтын оқулық іспетті. Мұнда қарапайым “чайнвордтардан” бастап күрделі “кроссвордтарға” дейін енгізілген. Қазақ тілінде құрастырылған ең үлкен кроссворд та осында. Ол “Жұмыр жер” деп аталады. Алып кроссвордқа тігінен 331, көлденеңінен 307 сөз орналастырылған.

Бұл жинақты пайдаланып өртүрлі конкурстардың, демалыс кештерінің сценарийлерін жасауға әбден болады. Кітапқа енген викториналық сұрақтар, қызықты мәліметтер ойнақылығымен, тапқырлықты қажет етуімен құнды. Көгілдір экран арқылы жүргізілетін кейбір сүреңсіз ойындарға осынау сауалдар мен деректер қолданылса бәйгенің ажары әлдеқайда ашыла түсер еді.

Тағы бір атап көрсететін жәйт, орта мектептерде оқушылардың ой-өрісін дамытуға, қол боста айналысатын ой еңбегін жетілдіруге арналған оқулықтар жоқтың қасы. Міне, осы тұрғыдан алғанда “Зерек” барлық кластың оқушыларының рухани қажетін өтеуге жарайды. Егер аталмыш дүние педагогтар қауымы талабынан табылып жатса, мектеп оқулығы ретінде бекітуге ұсынудың еш әбестігі болмаса керек. Әсіресе, ой еңбегімен шұғылданатын үйірмелер мүшелерінің үйіріліп оқитын кітабына айналары сөзсіз.

Автордың ұзақ жылдар бойы бар уақытын сарп етіп, көз майын тауысып, тірнектеп дерек жинап жүріп жасаған дүниесі

Сөтті шыққанына кітапты оқыған оқырман оң-оңай-ақ көз жеткізетіні анық. Сондай-ақ бұл әрбір журналистің күнделікті негізгі ісінен қолы қалт еткенде айналысар машықты кәсібінің (хобби) өзі үлкен жеміс берерін дәлелдеген еңбек.

Бұған қосарымыз- “Зерек” тек көңіл сергітуге, бос уақытты зеріктірмей өткізуге, іш пысқанда ғана қолға алуға жарайтын жеңіл дүниелердің жиынтығы екен деп ойлап қалмаған жөн. Мұнда шешуі оңай ойындар да бар, сондай-ақ білікті ғалымға да ауыр соғатын мазмұны терең, құрылымы күрделі сөзжұмбақтар да жетіп артылады. Өртүрлі деңгейдегі ой-өріс иелері өздеріне лайықты дүниелерді оңай табады.

Қорыта айтқанда, “Мың естігеннен бір көрген артық” дегендей, біздеріміз де “Зеректің” оқырманы болайық. Бәлкім, әр шаңырақта желкілдеген құрақтай өсіп келе жатқан ұландар кітапты оқып сөзжұмбақ жасаудың қыр-сырын үйренер, жинақ авторы көп уақыт тер төккен істі одан әрі жалғастырып, бұл саланың өзіндік мектебін солар қалыптастырар дегіміз келеді.

“Жас алаш” 1992 ж.

Алпысбай ШЫМЫРБАЙ,
журналист

ТАПҚЫРЛЫҚ ТӘЖІН КИГЕН

Ой-жұмбақ зергері Жанат Елшібеков ағаларының жаңа кітабы таяуда қолдарыңа тимек. Ол “Зерек” деп аталады.

Бүгін өздерінді уақыттың ғажайып сырларынан, ғасырлар қойнауларынан, таңғажайып тағдырлар мен он сегіз мың ғаламның тұтас жаратылысынан хабар, дерек алып беретін “Уақыт машинасымен” саяхаттауға шақырамыз. Бұл жәй қиял емес. Ол “Уақыт машинасының” саны 25 мың, құны бар болғаны 6 сом ғана! “Жүргізуші капитаны” (авторы)–белгілі журналист–жазушы Жанат Елшібеков ағайларың. Егерде сендер үлгеріп, осы машинаның бірін иеленсеңдер, да көп ғажайыпқа тап боласыңдар. Мәселен, оның тіркесуінше, “Күн–тіршілік тірегі”, тек бір секундта оның өзінен бөлінетін “шексіз энергияның небәрі 2 миллиардтан бір бөлігі ғана Жерге келеді екен. Осының өзі барлық тіршіліктің өзегі болып тұр...”

...Уақыт машинасын енді өткен ХХ ғасырдың екінші жартысындағы заманға қарай бұрсаң, жазушы Виктор Гюгоның “Херт и Блакет” баспасына бір ғана жазу–”?” сұрақ белгісі қойылған хат жазып жатқанының куәсі боласыңдар... Егерде осы маңда аз–кем аялдай тұрсаңдар, онда баспагерлер оған кешіктірмей жазған жауабы небәрі бір жазу–”!” леп белгісі бар хаттарын сенен жазушыға апарып беруінді өтінер еді...

... Содан біздің бүгінгі заманымызға ұшып келіп, бірнеше өрмекшінің торын тарқатып алып, экватор бойымен Жер шарын түгел орап шықсаң, оған кеткен бар жіптің салмағы небәрі 340 грамм ғана тартады екен! Жіңішкелігіне қарамастан ол өзінің жуандығымен бірдей болат сымнан мықты екен.

... Осының бәрін, жас жиһанкезім, саған таяуда “Өнер” баспасынан жарыққа шыққан қаламгер Жанат Елшібековтың “Зерек” атты кітабы сыр етіп шертеді.

Бұл танымдық мәні жоғары, қызғылықты кітапқа өр алуан ой-жұмбақ түрлері–сөзжұмбақ, кроссворд, чайнворд,

криптограмма, анаграмма, пиктограмма, цифрограмма, шрифтограмма, стрелкограммалар, лабиринттер, шарадалар мен метаграммалар, ребустар, логикалық жұмбақтар, викториналар және “Білгенге маржан” атты танымдық бөлім топтастырылған.

Кітаптың негізгі ерекшеліктері-біріншіден, формалық ізденістерінің айшықтығы (әр тарауда ой алыптарының даналық сөздері, ой - жұмбақтың тарихи, жасалу жолдары беріліп отырады), екіншіден, безендіру үлгісі (әр ой - жұмбақ бейнелі, бедерлі суретімен беріледі) үшіншіден, салауаттығы, білімдарлығы, төртіншіден, жанр молдығы дер едік.

Бұл кітапты мектеп программасына енгізіп, пән оқулықтарына қосымша пайдалануды республикамыздың Халыққа білім беру министрлігі ескерер деп ойлаймыз.

Бельгиялық ой-жұмбақ зергері Роже Бокар 1988 жылы 50400 сөзден тұратын (ұзындығы 31 метр) сөзжұмбақ құрастырған екен (Жанат ағайларыңның “Жұмыр жер” атты “алып” сөзжұмбағына 335 сөз енгізілген, 31-бет). Біз қолдарыңа тиетін бағалы еңбекті тұтас алғанда Қазақстандағы ең алып сөзжұмбақ деп бағалауды жөн көрдік. Қазақ балалары күні бүгінге дейін тапшылық көріп келе жатқан осындай танымдық ойындар жасауды қолға алып, өрістетіп жүрген ізденімпаз қаламгер Жанат Елшібековтің осы кітабы алдағы уақытта лайықты сыйлықтардың біріне ұсынылып жатса, құба-құп болар еді деп ойлаймыз.

“Ұлан”, 12 ақпан 1992 ж.

Елшібеков Ж. Зерек. Танымдық ойындар әлемінде. Өнер. 1991 ж.

25 000 дана

* Күнделікті баспасөз беттерінде, газет-журналдарда, апталықтар мен календарыларда сөзжұмбақ жиі жарияланады. “Сөзжұмбақ” жалпы танымдық ойындардың ортақ атауын білдіреді. Сөзжұмбақтың түрлері де көп. Олар-кроссворд, чайнворд, криптограмма, шрифтограмма, анаграмма, вордингворс, ребус, пиктограмма, цифрограмма, шарада, метаграмма, лабиринт, викторина, стрелкограмма, кросснамбер,

чайннамбер. Сонымен бірге танымдық ой жұмбақтарға психологиялық жаттығулар мен логикалық есптер де жатады.

Сөзжұмбақтардың қай-қайсысының болсын өзіндік жасалу жолдары мен тәсілдері, бір-біріне ұқсай бермейтін ережелері мен шарттары, құрастыру кезінде естен шығармас талаптары бар. Сондықтан да сөзжұмбақтың кез-келген түрі әншейін құрастырылып, тек ойын ретінде немесе уақыт өткізу үшін ғана жасалмайды. Сөзжұмбақ-үздіксіз ізденуді, көп ойлануды, жан-жақты білімділікті қажет етеді. Әсіресе, мектеп оқушылары мен жастардың ой-өрісін кеңейтуге білім аясының мейлінше артуына үлкен ықпал жасайтыны аян. Сан-салалы ғылымдардың алуан сырлары мен қырларынан хабардар болуға, жаратылыстағы құпия құбылыстарға сергек үңіле білуге, әлемдегі түрлі жаңалықтар мен күнбе-күнгі тіршілікте зер сала бермейтін қарапайым жайларды тереңрек ұғуға септігін тигізетін де- осы сөзжұмбақ.

Бос уақытын қызықты да мазмұнды өткізуді ойлайтындардың арасынан әр жастағыларды кездестіреміз. Кіші де, үлкен де сөзжұмбақ құрастырып, я болмаса шытырман жұмбақтарды толық шешкенше тағатсызданады.

Ең басты шарт-алынған сөздер мағыналы, нақты, мейлінше түсінікті, ықшам болуы керек. Берілген осы сөздердің балама-сауалдарының да өте жинақы, оралымды жазылғаны жөн. Сөзжұмбаққа алынатын сөздердің жалпы санына шек қойылмайды. Бірақ, сөздер санының жиырмадан кем болмауын қадағалаған дұрыс.

Сіздерге ұсынып отырған “Зерек” кітабының авторы Жанат Елшібеков. Автордың көп жылғы еңбегінің жемісі саналатын “Зерек” атты бұл кітабы республика кітап дүкендеріне түсті.

“Сана”, 29 сәуір 1992 ж.

Елеусіз КӨКЕНҰЛЫ,
ҚазМУ-дің студенті.

ТАТЫМДЫ ЕҢБЕК

Табиғат сұлу сурет, күрделі құбылыс. Ол-сонымен бірге жаратылыс ұғымының жарығы мен жасампазы да.

Табиғаттың да өзіне тән мінезі бар. Демек, ол-жанды әлем. Тек, оның адамдармен тілдесуді емес, іс - әрекет арқылы түсінуді ғана жазған. Оның тірі пенделер бойындағы сергектік атаулыға таңсық боп ғұмыр кешетіні де сондықтан болса керек.

Белгілі журналист Жанат Елшібектің “Жоғалған теңіз” атты кітабын оқыған кезде табиғат пен адамдар арасының алыстап бара жатқан қарым-қатынасы аңдалғандай. Екі повесть және бірнеше әңгімелерден жиналып, тұтас туындының көтеріп отырған мәселелері адамдардың табиғат алдындағы қиянатын баса көрсетіп, жауапкершілікке шақырады.

Кітап негізінен балаларға арналғанымен ересек оқырмандарды да бейжай қалдырмайды. Тоқырау деп топырақ шашып жүрген кешегі уақыттың рухы мен тыныс-тіршілігін оқиға желісіне айналдыра отырып, пәтуәсіздікке ұшыраған бүгінгі патриоттық тәрбиенің маңыздылығын өз шығармаларында көркем тілмен жеткізуді мұрат санағандай. “Қош бол теңіз” атты повесіндегі сурет салуға өуесқой оқушы Мөлікті кейіпкер етіп алуда да жазушы алдында үлкен мақсат тұрған сияқты. Сол арқылы пәктік пен табиғи ортаға деген сүйіспеншілікті алау ғып жағып, жеке мүдделерінің қамымен кеткен тоғышарлардың әрекетін өшкерлеуді міндет еткен.

Кітаптағы “Жынды кемпір”, “Белгісіз жауынгер және қызылізшілер...” повесіндегі Жамал апай мен пионерлер арасындағы байланысты да жазушы шеберлікпен, күрмеуін келтіріп баяндай алған. Повесть жолдарын оқып отырған оқырманның кешегісін еске алмай, ертеңгісіне алаңдамауы мүмкін емес. Нарық, нарық деп бала тәрбиесін ұмытып,

мейірім, шапағаттан ада болып бара жатқан әлеуметке бұл кітапты оқу артықтық етпейді. Оқып қана қоймай, ондағы тәрбиеге қатысты қамтылған дүниелерді перзент бойына дарыта білсе, онда жазушының да, ата-аналардың да мұратқа жеткені.

Жинақтағы тағы бір көтеріліп отырған жүк-экология тақырыбы. Бұл жерде де жазушының көңіл күйзелісі көзге шалынып, жанайқайы құлаққа жетеді. Балқаш тағдырының талаң-таражаға түсіп, кемеренің кеміп, суының тартылған шағында арашаға адам табылмай жатқанын қаламгер ашына тебіренеді. Бұл да бір сабақ.

Қазір қазақ тілінің мәртебесі биіктеп, мемлекеттік аясы кеңейіп жатқаны белгілі. Осының дәлелі болар, көптеген сөздердің жергілікті ұлттың пікірін ескермей, күшпен тану арқылы орыс тілінен енген сөйлемдердің бүгінде қазақ төрінен қағылып жатқан жағдайы бар. Бұл әрине қуанышты. Өкінішке орай, “Жоғалған теңіз” атты кітапты оқып отырып, көңілге кірбің түсіріп алған өттеген-ай тұстарының барлығын да жасыру дұрыс бола қоймас. Кітаптың 1991 жылы шыққанын ескерсек, оқырман ретінде өкпе білдіруге құқым бар деп білемін.

Айталық, аталған повесть, әңгімелер арасында ҚазГУ, каникул, минут, документ, село деген сөйлемдер аз ұшырыспайды. Меніңше, бұл сөздер соңғы кезде ҚазМУ, демалыс, минут, құжат, ауыл деп аталып жүргені аян. Бұл бөлкім, ертеректеу баспаға тапсырылып, кеш жарық көргендіктен де болады ма екен?

Ал, жалпы бағам- жазушы Жанат Елшібековтің “Жоғалған теңіз” атты шығармасы табысты еңбек, оқуға татырлық кітап, әсіресе балаларға бұл үлкен базарлық деуге тұрарлықтай құнды дүние.

“Сұхбат”, N 18. 1992 ж.

Әзиз АЛДАБЕРГЕНОВ,
журналист.

ЖҰМБАҚТАР СЫРЫ САН АЛУАН

Зымыран уақыт қанатына ілесе келіп, өлдеқашан-ақ өзінше бір әңгіме арқауына айналған, өрі өркім өз қалауынша өткізетін “бос уақыттың” босқа өтпеуі кім-кімді де толғандырады анық. Үлкен де, кіші де күнделікті жұмыстан немесе сабақтан соң қызғылықты, бірақ тек көңіл көтеріп, уақыт “өлтірер” ермек үшін ғана емес, қайта адамның ой-өрісін кеңейтіп, танымын тереңдете түсуге септігін тигізер, қайтарымы мол іспен айналысуды қалайды. Бұл ретте мерзімді баспасөзде жарияланып жататын баршаға ортақ танымдық жұмбақ ойындар түрлері де бос уақыттың мазмұнды, мәнді етуіне игілікті қызмет етеді.

Танымдық ойындар саласында, үздіксіз ізденіп, нәтижелі еңбек етіп келе жатқандардың бірі-журналист Жанат Елшібеков. Біз оның мерзімді баспасөзде, жыл сайынғы “Қазақ календарында” шығып жатқан сөзжұмбақтарымен, шешуін тапқанша таншылмайтын шытырман ойындарымен талай жүздестік те.

Жанаттың бұған дейін Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты Бағдат Қожабаева мен оның темір тұлпар тізгіндеген сінділері туралы әдемі сыр шерткен “Жауқазын” деректі повесі және студенттердің құрылыс отрядының өмірінен жазылған “Студенттік меридиандар” атты жинағы жарық көрді. Ал, өткен жылы “Жалын” баспасы оның “Сен білесің бе?” атты үшінші кітабын оқырманға ұсынды. Бұл автордың жоғарыда айтқанымыздай, танымдық ойындар құрастырудағы бірнеше жылғы еңбегінің нәтижесі іспетті.

Шешу тәртібі онша күрделі болмайтын кроссвордты есептегенде, сөзжұмбақтың өзге түрлерінің шешуін іздеу мен оның құрастыру жолдары жас талапкерлерге толық мәлім емес

деуге болады. Міне, оқушылар үшін осы бағыттағы олқылықтың орнын толтырар сәтті қадам да жасалды.

Бұған дейін құрастырған таным ойындарын жинақтап, толықтырып, оны оқырманға ұсынуы жинақ авторының әлі де осы мақсатта ерінбей-жалықпай еңбектену, іздену үстінде екенін танытады. Бұған “Сен білесің бе” кітабымен танысқан әр оқушы оңай көз жеткізеді. Тағы бір айта кететін жәйт-кітап өндірісінде едәуір қиындық тудыратын мұндай жинақты пайдалануға, алып жүруге ыңғайлы етіп шағын көлеммен, әсем безендіріп шығаруда баспа коллективі сіңірген еңбек те жылы лебізге лайық.

Біз әңгіме етіп отырған “Сен білесің бе” кітабы: “Сөзжұмбақтар”, “Сөзтізбектер”, “Криптограммалар”, “Анаграммалар”, “Ой-жұмбақтар”, “Шарадалар”, “Викториналар”, “Ребустар” және “Білгенге маржан” атты тоғыз бөлімнен тұрады. Сондай-ақ бөлімдердің соңында олардың шешуі келтірілген, бұл оқырманға өз жауаптарының қаншалықты дұрыс екенін тексеріп көруге мүмкіндік туғызады.

Әр бөлімге жеке-жеке кіріспе-түсінік берілген. Онда сөзжұмбақ түрлерінің шығу тарихына тоқталып, олардың жасалу жолдары туралы оқушыға түсінікті, жатық тілмен баяндалады. Қызықты деректер ұтымды, әсерлі келтірілген. Алғашқы “Сөзжұмбақтар” бөліміндегі 30 кроссвордқа қажет ғылым мен техниканың, өнердің сан-саласынан мәлімет оқушының танымын кеңейтіп, сөздердің мағынасын кең мәнінде түсінуге қызмет етеді. Бөлімде келтірілген формасы мен мазмұны әралуан кроссвордтар атақты адамдарды: ғалымдарды, жазушыларды, Еңбек Ерлерін көпке танытады, насихаттайды.

Мұндағы арнайы тақырыпқа құрылған “Жеңіс”, “Қазақ өндері”, “Ең...ең”, “География” “Суретші”, “Зоология”, “Жылдар”, “Домбыра” және “Әдебиет” сөзжұмбақтары оқушының пән бойынша білімін молайтып, ойлау қабілетін дамытады. Оларды өз бетінше ізденуге тәрбиелеп, өнер білімге

құштарлығын арттырады. Кітаптың өзге бөлімдерінде ұсынылатын жұмбақ ойындардың маңызы туралы да осыны айтуға болады.

“Сен білесің бе?” кітабындағы сөздердің әріптерін ауыстыру және әріптермен тұтас буындарды түрлендіру арқылы жасалған анаграммалар мен шарадалар да оқушы көңілінен шығары анық.

Осы кітаптағы “Ой-жұмбақтар” бөлімінің басқа бөлімдерден ерекшелігі айқын байқалады. Мұндағы бір-біріне мүлде ұқсамайтын жұмбақтарды құрастыруда әріптер мен сандар, шартты таңбалар мен құпия сызықтар ұтымды пайдаланылған. “Жүйесін тап”, “Әріптерді орналастыр”, “Құпия жол” ой-жұмбақтарының шешуі сурет-символдар арқылы бейнеленіп отырған “Сөйлейтін сызықтар” оқушыға алдын-ала тиянақты әзірліксіз іс бастап, оны аяқтау қаншалықты қиындыққа түсетінін, әр қателігің- оған дейінгі еңбегінді жоққа шығаруы мүмкін екенін аңғартады. Жалпы бұл бөлімдегі есептерді шешу тапқырлыққа, ой саралауға машықтандырады.

“Білгенге маржан” бөліміндегі шағын-шағын деректер де бірімен бірі іштей сабақтасып жатыр “Республикам менің-Қазақстаным”, “Қазақстанның 82 қаласы”, “Ильичті бірінші суретке түсірген”, “Совет ордендері”, “108 минуттан 185 тәулікке дейін” деген тақырыптармен берілген материалдардан мол мағлұмат алуға болады. Олар шәкірттердің ой- өрісін кеңейтіп, оқып-үйренуге қызығушылығын, талпынысын арттырады.

Жаңа жинақты тұтас алғанда ол өркімге қажетті деп айтуға болады. Ж.Елшібековтің “Сен білесің бе?” кітабы бос уақыттың мазмұнды өтуіне көмектесіп, көп жайдан хабардар ететін үлкеннің де, кішінің де көңілінен шығатын еңбек.

“Лениншіл жас”, 20 март 1982 ж.

Алмас ЖУАЛИН,
журналист

СЫРЛЫ ӘЛЕМ

Адам танымы шексіз. Адамдар алғаш Күн сағатын , мөлдір су “айнасын” пайдаланғаны, яки, Я.И.Перельманның “Қызықты физикасында” адамдардың бірер минутта мұнара басынан секіріп, өз полюсінен айналып жатқан Жердің басқа бір аумағына шаршап, шалдыққан жиһанкездердей емес, “оңай” түспек болғаны (ал, олар бәрібір сол мұнара түбіне түсіп отырған, кейін И.Ньютон заңдылығына сәйкес 70-80 метр биіктіктен құлаған дененің ауытқу шамасы бар болғаны 10 мм-ге жуық болатыны анықталады) жайлы өзiл-жоба келтірілгені естеріңізде болар...

Дүние сырлары ұшан-теңіз... Оны тереңдеп біле түссем, жан-жақты ұғына түссем деген жанға журналист Жанат Елшібековтің таяуда “Жалын” баспасынан жарық көрген “Сен білесің бе?” атты кітабы тамаша жолсерік бола алады. Бұдан бұрын Ж.Елшібековтің Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, республикамыздағы механизатор қыз-келіншектерінің ең алғашқы қарлығаштарының бірі Бағдат Қожабаева мен оның құрбылары жайлы “Жауқазын” және студенттік құрылыс отряды жөнінде жазған “Студенттік меридиандар” атты деректі очерктер кітаптары оқырмандар қолына тиген еді.

Ал, біз “Сен білесің бе?” кітабынан Жанаттың ұзақ жылдарғы ізденісінің жемісін, тиянақты, сүбелі жұмысын, толғаныс-толғамдарын, мүмкіндік-қабілеттері көкжиегін аңғардық.

Кітап “Сөзжұмбақтар”, “Сөзтізбектер”, “Криптограммалар”, “Анаграммалар “Ой-жұмбақтар”, “Шарадалар”, “Викториналар”, “Ребустар” және әр түрлі суыт жаңалықтарға арналған “Білгенге маржан” атты 9 тараудан тұрады.

Тараулар-жүлгелер шебер қолмен қиюластырылып (өр тарау өз топтарында құпия сөзжұмбақ, сөзтізбектердің, т.б. шығу тегі, яғни, тарихы, жасалу жолдары жөніндегі сабақтар, бейнелеу құралдарымен көрнекті жасалған шарттары, жұмбақтардың шешулері жүйеленіп берілген), материалдар жан-жақты екшелген, іріктелген.

Шығарманы танудың шартты шегі, үш бірлігі тұрғысынан алып қарастырсақ, оған оңай көз жеткіземіз. Мәселен, Уақыт біздің эрамыздан бұрынғы мыңжылдықтардан- осы күн арқылы- болашаққа “барлау” жасап жатса, орын жағынан үй мүліктері, оқушының күнделікті көрнекі оқу құралдары, “аспан шырақтарын бақылайтын (65-бет) аспаптан”-“Қара теңіздің солтүстік жағалауын мекен еткен ертедегі тайпаға” (71-бет), сосын “аспан денелерінің қозғалу жолынан” (65-бет),- “Биатлоншылар жарысы өткен Лейк-Плэсидтің жанындағы тауға” (95-бет) дейін жалғасып кете береді. Ал, Кеңістік тұрғысынан қарасақ, ғылым, тіршілік, еңбек, әдет-ғұрып, тұрмыс-салт, мамандық т.б. болып, сан салаға бөлінеді.

Кітаптың негізгі ерекшелігі-ойлау тәсілдеріне арналған мұндай жұмыстарды республикамызда тұңғыш рет топтап, екшеп, саралап, талапкер, ойшыл, қиялшыл ұландарға бағыт-бағдар берерлік деңгейде жасалуы дер едік. Екінші сөзбен айтқанда, кітап өзі көтеріп отырған тақырыбын терең зерттеп, оның сөлін ғана (бұл жерде кітап редакторы Х.Байназарованың тыңғылықты еңбегін де ауызға алған жөн) алған. Бұған дейін 200-ге тарта сөзжұмбақ жұмыстарын жасап, оның дені баспасөз бетінде жарық көрген Ж.Елшібеков жаңалықтың жақсы лебі бар бұл кенже жанрда жас шәкірттерге, талапкерлерге көп көмек, қол ұшын береді.

Кітаптың танымдық мәні де айтарлықтай. Мұнда он мыңға тарта түрлі термин, атаулар жинақталып, түзілген. Бұл кішігірім “энциклопедиялық білім” деген сөз. Яғни, бүгінгі,

шамырқанған ғылыми-техникалық прогрестің сәулесі деп те орынды атауға болады. Дегенмен, бұл ретте осындай көпшілік қауым, ұстаздар, мектеп оқушылары үшін “қолдан қолға өтетін” бұл кітаптың небәрі 20 мың тиражбен ғана шыққанын айтуға тиіспіз. Алдағы уақытта осы тақырыптас “алыстан сермеп, жүректен тербеп” жазылған кітаптар жөнінде бүгінгі оқырман қауымның талап-тілегі кеңінен ескеріліп отырса деген тілегіміз бар.

“Білім және еңбек” журналы №3, 1982ж.

· НА ДОСУГЕ

“Знаешь ли ты?”—книга алма-атинского журналиста Жаната Елшибекова. Выпущена она массовым тиражом издательством “Жалын”.

Составлена эта книга так, чтобы удовлетворить самого разностороннего читателя-любителя поломать голову в свободное время над интересной загадкой, ловко составленной задачей, хитроумной головоломкой.

Книга интересна и тем, что автор увлекательно рассказывает об истории возникновения и особенностях построения таких популярных игр, как кроссворды, чайнворды, криптограммы, ребусы, шарады, викторины. Раздел “Это надо знать” будет полезен школьникам: здесь собраны такие факты, которых нет в учебниках.

Книга подобного жанра на казахском языке – первый опыт автора и издательства. И он вполне удался.

“Вечерняя Алма-Ата”, 26 ноябрь 1981 ж.

Талғат ӨТЕГЕНОВ.,
журналист.

ИӘ, СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Балалар, сендер күнделікті газет-журналдарды қызыға қарап отырсаңдар, “сөзжұмбақ”, “сөзтізбек”, “анаграмма”, “ребус” деген сияқты өзгеше материалдарды жиі ұшыратасыңдар. Айқыш-ұйқыш цифрлар жазылған тор көздерге көз салып тұрасың да, құпия сырын ашуға сен де кірісіп кетер едің. Сөйтсең, қиын ештеңесі жоқ сияқты, берілген сөздердің баламаларын тапсаң болды, сөйлеп қоя береді. Ал, құпия ойынын құрайын десең оңай көрінген нәрсе сәтті шыға бермейді. Сонан соң оны жасау жолдарын түсіндіретін құралды іздейсің, ұстаздарыңнан сұрайсың. Бірақ, сенің күнделікті оқитын әдебиетіңнен өлең, жұмбақтарды қалай жазу керектігі жайлы азды-көпті мағлұмат алғаныңмен, жұмбақ ойындардың өзіндік ерекшелігін түсіндіріп беретін материалды таба алмайсың...

Бүгінде “Жалын” баспасынан жарық көріп, кітап дүкендеріне түсе бастаған “Сен білесің бе!” деген кітап білімге құштар балалардың бәрін қуанышқа кенелтетін құрал.

Жанаттың өзі де мектепте оқып жүрген кезінен өзінің төл газетінің белсенді жас тілшілерінің бірі болған. Алғашқы жұмбақ ойындары “Қазақстан пионерінде” жарық көрген. Кітапты оқып, танысу барысында жұмбақ ойын түрлерін біліп қана қоймайсың, солардың алғашқы пайда болу тарихынан, жасалу жолдарынан да мол мағлұмат аласың. Бұл жайлы кітаптың “Сөзжұмбақтар”, “Сөзтізбектер”, “Криптограммалар”, “Ой-жұмбақтар”, “Шарадалар”, “Викториналар”, “Робустар” және осылармен үндес, мазмұндас “Білгенге-маржан” бөлімінде мөлтек материалдар сыр шертеді.

Біздің күнделікті өмірімізде онша көп мән бере бермейтін қарапайым нәрселер болады ғой. Бірақ соны білудің мәні үлкен. Мәселен, ескіше ай аттарын, жыл қайыруды, республикамызда қанша қала, неше аудан бар екендігін, облыс құрамында қандай аудандар барын білу, адам өмірінің мүмкіндігі, 1889 есігінен еніп, 353 залын аралап шыққанда 22 километр жол жүретін Ленинградтағы ғажайып Эрмитаж жайлы, Совет ордендерінің тарихы туралы да хабарыңның болуы ерекше емес пе?! Мысалы, сен үшін сүйікті В.И.Ленинді алғаш рет суретке түсіргендердің бірі М.С.Наппальбаум екендігі белгісіз болуы да ғажап емес қой. Сондықтан да, Жанат Елшібековтің жаңа кітабымен таныса отырып, сенің де көп нәрседен, қажетті жайлардан мағлұмат аларыңа сенеміз...

! “Қазақстан пионері”, 7 февраль 1982 ж.

Талғат ӨТЕГЕНОВ,
Қанат ҚАЙЫМОВ.

ШАРТАРАПТАН СЫР ШЕРТКЕН

Журналист Жанат Елшібеков есімі оқырмандарға жақсы таныс. Мерзімді баспасөз беттерінде, түрлі баспалардан шығып жатқан жинақтарда жарық көріп жүрген оның алуан тақырыптағы очерктері сыршылдығымен, көркемдік шыншылдығымен, әдемі штрихтарымен көңілге жылы ұялайды. Бұдан бірер жыл бұрын баспа жүзін көрген тұңғыш кітабы “Жауқазын” деректі повесі-панфиловтық механизатор қыз-келіншектер, Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты Бағдат Қожабаева және оның ізбасар құрбылары туралы сыр толғаса, ал Жанаттың екінші кітабы “Студенттік меридиандарда” құрылысшы студенттер отрядының үшінші семестрдегі ерен еңбектері әңгімеленеді. Енді міне, жерлесіміз өз оқырмандарына үшінші кітабын ұсынып отыр. Ол- “Сен білесің бе” деп аталады.

Жанат Елшібеков танымдық ойындар саласында көп жылдар бойында еңбектеніп келеді. Оған айғақ-автордың республикалық газет-журналдарда, баспалардан жылма-жыл жарық көріп жатқан өртүрлі жинақтарда, “Қазақ календарының” жыл сайынғы басылымдарында жарияланып жүрген сөзжұмбақтары мен шытырман ойындары. “Жалын” баспасы шығарған “Сен білесің бе?” кітабын осынау еңбектің жылдар бойғы жемісі іспетті десе де болады. Кітаптың аты терең мазмұнына, жеткізер идеясына, негізгі нысанаға сай өте орынды қойылған. Сыртқы безендіруінде де өзгешелік бар. Көлемі де (форматы) шағын, қалтаға салып алып жүруге лайықталған.

Біз де аса тартымды шыққан кітапты қызыға қолға ұстап бірден-ақ көз жүгірттік

Шынында да кітапты парақтап, онымен жіті танысқан кез-келген оқушы аннотациядағы жолдардың өте дұрыс, орынды жазылғанына қосылар еді... Ғылым мен техниканың, мәдениет пен өнердің сан саласы, ең ақыры үлкен спортқа дейін қамтылған бұл кітап арқылы оқырман қауым мындаған терминді біледі.

Кітап “Сөзжұмбақтар”, “Сөзтізбектер”, “Криптограммалар”, “Анаграммалар”, “Ой-жұмбақтар”, “Шарадалар”, “Викториналар”, “Ребустар” және “Білгенге-маржан” деп аталатын тоғыз бөлімнен тұрады. Әрбір бөлімге жеке-жеке берілген шағын ғана беташар кіріспеді автор оқушыларын сол ойын түрінің шығу тарихымен, жасалу жолдарымен, өзіндік құпия сырларымен таныстырады. Қысқаша түсініктемелерді нақты деректер мен дәлелді мысалдар арқылы толықтырып, ойындарды ретімен сабақтайды.

Сөзжұмбақтардың неше алуан түрлерін құрастырумен шұғылданып жүрген адамдарға оларды шешуден гөрі, оны жасау әлдеқайда қиын екендігі түсінікті. Сөзжұмбақтар жасалу сәтінде мазмұндық ерекшеліктерімен қатар көркемдік шешімдері өзара қабысып жатуы керек. Бұл қашанда ең қатаң ескерілер талап. Ал Жанаттың кітабындағы барлық ойындарын қарай отырып, осы биік міндет тұрғысынан шыға білгеніне еріксіз қуанасың. “Сөзжұмбақтар” деп аталған алғашқы бөлімдегі тек осы ойын түріне тән суреттегі симметрияның сақталуы, сондай-ақ, сөзтізбек, криптограмма, ребустардың тақырыбы мен штрих-бейненің әдемі үйлесуі көңіл аударарды. Тартымды да мақсатты ойға негізделі сызылған әр жұмбақ-суреттің сапалылығы кітап құндылығын арттыра түскен.

Кітаптағы тоғыз бөлімінің арасынан өзіндік сонылығымен дараланатын “Ой-жұмбақтар” және “Білгенге-маржан” секілді топтамалар оқушы назарын ерекше аударары сөзсіз. “Ой-жұмбақтардағы” “Әріптер, әріптер...”, “Құпия жол”,

“Сөйлейтін сызықтар” расында да, тартымды емес пе? Ал, “Білгенге-маржан” бөлімінде “Республикам менің-Қазақстан”, “Қазақстанның облыстары мен аудандары”, “Қазақстанның 82 қаласы” “Ильичті бірінші суретке түсірген”, “108 минуттан 185 тәулікке дейін” деген тақырыптарымен жүйеленіп берілген мөлтек материалдар үлкеннің де, кішінің де ой-өрісін кеңейтіп, қажетті мағлұматтарды алыстан іздеп әуреге түспеулеріне көп септігін тигізеді.

“Сен білесің бе?” деп аталатын осы кітапты біз тек қалың оқырманның қабілетін шыңдап, білім аясының ықпал ететін, олардың бос уақыттарын көңілді де мәдениетті өткізулеріне үлкен септігі тиетін еңбек ретінде ғана емес, осындай шытырман ойын-жұмбақтарды құрастырамын деген талапкерлерге арналған методикалық құрал деп те қабылдауымыз керек.

Жоғарыда орынды аталған ерекше бөлім “Ой-жұмбақтардағы” жасалу жолы бір-біріне мүлдем ұқсамайтын, бірақ көз жүгірткен бойда елең еткізер сиқырлы бөліктер, құпия таңбалар, жыпырлаған торкөздегі көрінбейтін цифрлардың ортақ шығындысын білдіретін жұмбақ ойын-есептер, аралас әріптер... Бәрі-бәрі ойға шомылдырады. Шешуін тапқанша тағатсыздандырады. Жұмбақ кілтті табу білімінді, күнделікті оқыған-тоқығаныңды, есіңе сақталған жайларды ортаға салу деген сөз. Бұл да бір үлкен сын екенін түсінер еді әркім-ақ.

Біз мезет кітаптағы “Құпия жол” ой-жұмбағына назар аударыңызшы, сонда сіз ешқандай жазулы сөзді таба алмайсыз. Суреттен байқайтының каникулда жүрген көңілді балалар, костер оты алаулаған ақ шатырлы ауылға қарай бет алып барады. Тау шыңдары, жасыл шыршалар. сайраған құс, ұзыннан ұзақ созылған соқпақтың өн бойын қуалай тізілген таңбаларды көресің... Сөйтсек, бұл сөйлейтін таңбалар екен. Ол ақиық ақын Ә.Тәжібаевтың “Костер әні” өлеңінің бір шумағы

болып шықты. Міне, мұны біз ана тілімізде баламасы бар ой-жұмбақтың тамаша бір мысалы деп білеміз.

Жалпы алғанда Жанат Елшібековтің “Сен білесің бе?” атты кітабы біздің өнерімізде енді-енді қалыптасып келе жатқан тың тақырыптағы санаулы кітаптардың бірі деп білеміз. Адамның тынымдық дүниесін мейлінше кеңейтуге үлкен үлес қосатын осындай туындылардың алдағы уақытта көбейе түскенін қалаймыз. Өйткені, ол жас жеткіншектердің білімін көтерумен бірге, олардың тәрбиесіне де әсер етпек дейміз. Мәселен, “Қазақ әндері”, “География”, “Суретші”, “Зоология”, “Домбыра”, “Әдебиет” сөзжұмбақтары, “Өзендер мен көлдер”, “Астрономия”, “Музыка”, “Африка”, “Космос”, “Глобус”, “Қазақстанның аудандары”, “Физика”, “Химия”, “Астаналар”, “Мехико чемпионы”, тағы сол сияқты сөзтізбектер, криптограммалар, анаграммалар, “Білгенге-маржан” бөліміндегі шағын-шағын материалдардың қай-қайсысы да оқушылардың назарын аударады. Осы орайда авторға “Шарадалардың” өлеңмен ғана емес, тұжырымды қара сөзбен жасалуына да мысал келтіре кеткені жөн еді демекпіз. “Кроссвордты” – “Сөзжұмбақ” демей “Сөзөрім” деп атаған қалай болар екен деген ой да келеді.

Сонымен оқырман қолына жақсы кітап тиді. Автордың, “Жалын” баспасының, кітап редакторының табысы саналатын “Сен білесің бе?” тек мектеп оқушылары үшін емес, ол мұғалімдердің де күнбе-күн пайдаланар, түрлі кештер мен үйірмелер өткізуге бірден-бір қажет көмекші құралына айналады демекпіз. Амал нешік, тиражы аз екен – 20 мың дана. Ал, біздің республикамызда миллиондаған мектеп оқушысы бар емес пе?

Айтар тобықтай түйін, бұл кітаптың кішінің де, үлкеннің де қолынан түспесі анық.

“Октябрь туы” /Талдықорған облысы/ 18 февраль 1982 ж.

Т.МАЛИКОВА.

“СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?”

Адам білуге ынтық, білімге құштар. Өмірде болып жатқан құбылыстардың сырына үңілмей өте алмайды. Білсем, білгеннің үстіне біле түссем дейді. Мысалы, космос кеңістігіне адам баласы қай кезден бастап ұмтылыс жасаған? Күнделікті басылымдардан көріп, кей кездерде шешімін табуға атсалысып жүрген сөзжұмбақ, шарада, анаграмма, криптограмма, сөзтізбек, ой-жұмбақ, викторина, ребус деген не және олар қалай жасалады? Қазақстанда қанша қала, қанша аудан бар, қазақша жыл, ай аттары қалай? Қабілет жас таңдай ма? Бұның бәрін білгенге не жетсін. Ұлы Абайдың “Білгенге- маржан” деуі де сондықтан болса керек. Қарап отырсақ әлемде болған, болып жатқан, алда болатын кереметтер мен қызықты құбылыстар көп. Мысалы, сегіз жасында өлең жазған ақындар да жиырма жасында ғылым докторы болған жас та, он жеті жасында полк командирі болған адам да болған. Олар кімдер. Және оны қалай білуге болады?

Міне, көп білуге құштар оқырман мен әлем кереметтеріне үйір келетін жастар үшін Алматыдағы “Жалын” баспасы Жанат Елшібековтың “Сен білесің бе? деген әсем безендірілген кітабын ұсыныпты. 1981 жылы жарық көрген бұл қызықты кітап ашылысымен-ақ оқырманды баурап әкетеді.

Бұл Ж.Елшібековтың көп жылғы еңбегінің жемісі. Жұмбақ ойындардың құпия сырларына үңіліп, олардың әрқайсысына тән жасалу жолдарын үйрену жас жеткіншектердің ой-өрісін кеңейтумен бірге қабілетін шыңдап, білім аясының артуына айрықша ықпал етеді. Мектеп оқушыларының шар тараптан хабардар болып оқулықта ұшыраспайтын көп жайлармен танысуға көмектеседі Сонымен бірге бос уақытын көңілді де

мәдениетті өткізуді мақсат еткен әр адам, әр жастың серігіне, қойын кітапшасына айналатыны сөзсіз.

Кітап тоғыз бөлімнен тұрады. Оның “Сөзжұмбақ” деп аталатын бөлімі сөзжұмбақ түрлері мен оның қалай жасалғаны, шығу тарихы жөнінде жан-жақты деректер береді. Сол деректердің бірі мынадай.

...Үстіміздегі ғасырдың бас кезінде Капштадта (қазіргі Кейптаун қаласы ЮАР) шығатын газеттің редакторы бейтаныс біреуден хат алады, ол өзінің қызықты бір ойын ойлап тапқанын хабарлап жазған екен. Конверттің ішіндегі бір парақ қағазға көптеген шаршылар сызылып, олар цифрлармен толтырылған. Оның екінші бетінде сол шаршыдағы жұмбақ сауалдар талданып, жауаптар бөлек жазылыпты. Автордың тапқырлығына риза болған редактор хатты қалтасына салып алады. Бір күні достарымен кездескенде әлгі хатты көрсетеді. Жиналғандар жабылып сөзжұмбақты шешуге кіріседі. Жұмбақты әрең шешкен достары редактордан оны газетке жариялауды өтінеді. Сөйтіп әлемде бірінші рет тұңғыш сөзжұмбақ жарық көреді де, кейін кеңінен тарап кетеді.

Бельгиялық Генри Блейз дүние жүзіндегі ең үлкен сөзжұмбақтың авторы атанды. Оның 1978 жылы құрастырған кроссворды 25 мың тор көзден құралып, оған жауап беру үшін 7748 сұраққа жауап беру керек болды. Оны құрастыруға Блейздің сегіз жыл уақыты кеткен. Ал барлық сұрақтарға дұрыс жауап беру үшін екі жылға жуық уақыт кетеді екен.

Біздің елімізде алғаш сөзжұмбақ 1929 жылы “Огенек” журналында жарық көріпті.

Кітапта 30 сөзжұмбақ, 28 сөзтізбек үлгілері және олардың жауаптары жарияланған.

Криптограмма, анограмма, ойжұмбақ, шарада, викторина, ребус сияқты сөзжұмбақ түрлері де жатық тілмен, қызықты өрнектермен берілген.

Сөзжұмбақтың ең көп тараған түрі-викторина немесе сұрақ-жауап ойыны. Ол әсіресе, мектеп оқушылары мен студенттерге аса пайдалы. Ол жеткіншектердің ой-өрісін шыңдайды, көп нәрседен хабардар болуға баулиды, алғырлыққа, тапқырлыққа үйретеді. Оқулықтар көлемінде алған білім аясын мейлінше кеңейтуге, күнделікті баспасөз бен кітаптардан оқығанды түйіндеп, тұжырымдауға көмектеседі. Даңқты даталар мен деректерді, шоқтықты оқиғалар мен аяулы есімдерді, сондай-ақ қызықты да елең еткізер жайларды білуге ынтықтыратын да осы викторина дей келіп, автор үлгі ретінде жүзге жуық сұрақтар мен оның жауаптарын ұсынады.

Мысалы, республика комсомолының тұңғыш съезі қай жылы ашылды? Ақтөбе ферросплав заводының қазақстандық тұңғыш ферросплав бере бастаған жылы. Социалистік Еңбек Ері атағы қай жылы белгіленді? Қазақстаннан шыққан тұңғыш академик? Түрлі-түсті көлдердің қай жерде екенін білесің бе? Республикамызда тұңғыш Ленин орденіне қай облыс ие болды? Дүние жүзіндегі тұңғыш әйел профессор? Азияның кіндігі деп қай қаланы атайды? Қазақта тұңғыш “СССР халық артисі” атағына кім ие болды?

Немесе “Адал мақсатқа арамзалықпен жете алмайсың”, “Ана тіліне немқұрайды қарау-өз халқының өткеніне, бүгініне, болашағына немқұрайды қарау деген сөз”, “Еңбек дегеніміз-күрес, күрес дегеніміз-рахат” сияқты ұлы адамдардың ұлағатты сөздерін де викторинада кеңінен пайдалануға болады екен. Тек оларды кімдердің айтқанын табу керек. Ал, табу үшін білік, байқампаздық керек екені түсінікті.

Ең алғаш газет бетінде жарық көрген көркем шығарма Д.Дефоның “Робинзон Крузо” романы екенін, ең кішкентай мемлекет Монако екенін, жыртқыш атаулының ішіндегі жүрегі ең кішкентайы арыстанның жүрегі екенін, ең алғашқы кеменің

авторы орыс өнертапқышы И.П.Кулибин болғанын осы кітаптан оқып білуге болады.

Кітаптың “Қабілет жас таңдамайды”, “Республикам менің-Қазақстан”, “Қазақстанның облыстары мен аудандары”, “Қазақша жыл аттары”, “Эрмидажда болдың ба?”, “Совет ордендері”, “Химия-өмір” деген тараулары көңілге түрлі ой салып, дүние танымды кеңейтеді, білімінді көтеріп, ой-өрісінді арттырады.

Бір сөзбен айтқанда, Ж. Елшібековтың “Сен білесің бе?” кітабы әр үйге, әр жасқа қажетті дүние.

“Коммунизм жолы” /Ақтөбе облысы/, 6 февраль 1982 ж.

Жұмабек КЕНЖАЛИН

журналист

“СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?”

Журналист Жанат Елшібековтің есімі қалың оқырман қауымға таныс. Кезінде оның “Жауқазын”, “Студент мердиандары” кітаптарын оқырман қауым жылы қабылдаған болатын. Енді, міне автор өзінің үшінші кітабын ұсынып отыр. Ол “Сен білесің бе? деп аталады. Аннотацияда айтылғандай, кітап Жанаттың жылдар бойғы ізденісінің, еңбегінің жемісі анық. Автордың алуан тақырыптарға арналған сөзтізбек, анограмма, криптограмма, ребус, сөзжұмбақтары күнделікті баспасөзде жарияланып жүргенін білеміз. Міне солардың ең таңдаулылары автордың жаңа кітабына сніпті.

Кітап сөзжұмбақтарынан ғана құралған десек, бір жақты пікірге ұрынар едік. Ал, шын мәнінде, тоғыз бөлімнен тұратын кітап беттерінен оқырмандар өздері біле бермейтін көп жайлардың сырына қанығады. Ғалам ғажайыптарының құпия сырларынан мәлімет алады. Айталық күнделікті газет-журнал беттерінде сөзжұмбақтар жиі жарияланады. Ал, көбіміз осы сөзжұмбақтың құрастыру заңдылықтарын, оның түрлерін, пайда болу тарихын біле бермейтініміз де рас. Міне автор осы сауалдарға жауап іздейді.

Иә, шын мәнінде, сөзжұмбақ үздіксіз ізденуді, білімділікті талап етеді. Оның кроссворд, чайнворд, криптограмма, анограмма, ребус метограмма секілді көптеген түрлері бар. Осылардың әрқайсысының өзіндік жасалу жолдары, ерекшеліктері тағы бар. Автор, міне, осы сөзжұмбақтардың жасалу заңдылықтары мен оған қойылатын талаптармен таныстырады. Әр- қайсысының өзіне тән ерекшеліктеріне тоқтала келіп, олардың шығу тарихына байланысты мәліметтерді де оқырмандар назарына ұсынады.

Осы ғасырдың басында дүниеге келген сөзжұмбақ тарихынан бельгиялық Генри Блейз де орын алады екен. Ол 1978 жылы өлемдегі ең үлкен сөзжұмбақ жасаған. Генри жасаған сөзжұмбақ 25 мың тор көзден құралады. Ал осы торкөзді толтыру үшін 7748 сұрақ жауабын табу керек болған. Сөзжұмбақты құрастыру үшін Генри сегіз жылын арнаған. Міне, осы секілді қызықты деректерді кітап беттерінен көптеп кездестіруге болады.

Кітапта оқырмандардың танымдық, эстетикалық талғамына сай ой жұмбақтарға да молынан орын берілген. Мәселен, “Цифларды тауып жаз”, “Середегі кітаптар”, “Бөліктерді орналастыр”, “Ол қандай мақал?” деген ойындар жас жеткіншектерді тапқырлыққа баулап, олардың ой-қабілетін жетілдіре түсуіне көмектесері сөзсіз.

Ал, шарадалар мен викториналар адам жасының үлкен-кішілігін таңдамайтыны белгілі. Викторина түрлі кештерде, ойын-сауықтарда жиі қолданылады. Ол кімнің де болсын, есте сақтау қабілетін арттырып, сұрақтарға нақты дәл жауап қайтаруға үйретеді. Білім аясының кеңеюіне мүмкіндік жасайды. Міне, осыған орай, “Викториналар” бөлімі тақырып-тақырып бойынша топтастырылған.

“Сен білесің бе?”, “Ұлы адамдардың лұғатты сөздері”, “Ең... ең...” “Бірінші болып жаңалық ашқандар” деген тақырыптардың өзі-ақ оқушыларға нені білу қажеттігін аңғартады.

“Білгенге-маржан” бөлімі оқырмандарға ғаламның гажайыптарынан мол мағлұматтар береді.

Кітаптың форматы да шағын. Қалтаға салып жүруге ыңғайлы. Кітап бос уақытын ойдағыдай өткізуді мақсат еткен әрбір адамның жан серігіне айналары сөзсіз.

“Торғай таңы” /Торғай облысы/, 20 март 1982 ж.

Т.ӨТЕГЕНОВ.

БІЛУГЕ ҚҰШТАРЛАР ҮШІН

Жанат Елшібековтың “Сен білесің бе?” атты кітабы (Алматы, “Жалын”, 1981 ж.) “Сөзжұмбақтар”, “Сөзтізбектер”, “Криптограм-малар”, “Анаграммалар”, “Ойжұмбақтар”, “Шарадалар”, “Виториалар”, “Ребустар” және “Білгенге-маржан” атты тоғыз бөлімнен тұрады. Әрбір бөлімді бастар алдында автор өз оқушыларын сол ойын түрдерінің тарихы туралы деректермен және оны құрастырудың құпия-сырларымен таныстыру мақсатында қысқаша түсініктемелер беріп, қарапайым мысалдармен толықтырып отырады.

Жалпы мұндай ойындармен шұғылданып жүрген адамдарға түрлі сөзжұмбақтарды шешуден гөрі оны құрастыру әлдеқайда қиын екендігі түсінікті. Сөзжұмбақтар жасалу сәтінде мазмұндық ерекшеліктермен қатар көркемдік шешімдері бір деңгейде болғандығы абзал. Жанаттың бұл кітабындағы ойындарын қарай отырып, осы талап тұрғысынан шыға білгендігіне еріксіз қуанасыз. “Сөзжұмбақтар” деп аталған бөлімдегі ойындарда симметриялық сақталу, сөзтізбек, криптограмма, ребус ойындарындағы тақырып пен сурет бірлестігі, сол сияқты кез келген ойын түрлерінің суреттерінің сапалылығы кітап құндылығын артыра түседі дер едік. Әсіресе, кітаптағы тоғыз бөлім арасында өзіндік бір сонылық танытатын “Ой-жұмбақтар” және “Білгенге-маржан” атты топтамалар оқушы назарын ерекше тартады. “Ой-жұмбақтарындағы” “Әріптер, өріптер...” “Құпия жол”, “Сөйлейтін сызықтар, т.б. расында да тартымды. Ал, “Білгенге-маржан” бөліміндегі “Республикам менің-Қазақстан”, “Қазақстанның 82 қаласы”, “Ильичті бірінші счуретке түсірген”, “108 минуттан 185 тәулікке дейін” деген тақырыптармен берілген материалдар кімнің болса да қажетті мағлұматтарды алыстан іздеп әуреге түспеулеріне көп септігін тигізеді.

Бұл кітапты біз қалың оқырманның қабілетін шындап, білім аясының артуына айрықша ықпал ететін, олардың бос уақыттарын көңілді де мәдениетті өткізулеріне үлкен септігі бар еңбек скендігімен қоса, осындай шытырман ойын-жұмбақтарды құрастырамын деп талаптанушыларға арналған методикалық-нұсқау құралы деп те түсінуіміз керек.

Жалпы алғанда, бұл кітап-бізде ендіенді қалыптасып келе жатқан өнер саласындағы санаулы кітаптардың бірі, танымдық мәні бар журналист еңбегі. Мәселен, “Қазақ әндері”, “География”, “Суретші”, “Зоология”, “Домбыра”, “Әдебиет” сөзжұмбақтары, “Өзендер мен көлдер”, “Астрономия”, “Музыка”, “Африка”, “Космос”, “Глобус”, “Астаналар”, “Қазақстанның аудандары”, т.б. сөзтізбектері “Білгенгермаржан” бөліміндегі мөлтек материалдар.

! “Кітап жаршысы”, 27 февраль 1982 ж.

“ЗНАЕШЬ ЛИ ТЫ?”

Так называется новая книга алма-атинского журналиста Жаната Елшибекова, выпущенная массовым тиражом республиканским издательством “Жалын”.

Составлена книга так, чтобы удовлетворить самого разностороннего читателя-любителя поломать голову в свободное время над интересной загадкой, ловко составленной задачей, хитроумной головоломкой.

Книга интересна и тем, что автор увлекательно рассказывает об истории возникновения и особенностях построения таких популярных игр, как кроссворды, чайнворды, криптограммы, ребусы, шарады, викторины.

Раздел “Это надо знать” очень полезен школьникам: в нем собраны такие факты, которых нет в учебниках.

Издание подобного жанра на казахском языке-первый опыт автора и издательства.

“Друг читателя”, ноябрь 1981 г.

Ожан ҚАЛИЕВ.,
журналист

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Қызық кітапты бірінші оқып отырғанда жаңа бір досты тапқандай сезінесің. Сол кітапты екінші рет қайталап оқығанда сол ескі досыңды қайта көргендей боласың”, –деп жазған Вольтер жақсы кітап туралы. Иә, жақсы кітап - жан азығы. Оған кезіге қалсаң досыңмен, серігіңмен, ақылшыңмен, сырласыңмен кездескендей күйде қаларың хақ.

Жуырда ғана “Жалын” баспасынан жарық көрген Жанат Елшібековтың кітабы “Сен білесің бе?” деп аталады. Иә, кітаптың әдемі өсемделіп шығуына орай кітап атының өзі ғана бірден көп нәрсені аңғартардай әсерге кезігесің. Кітап сыртындағы үлкен қызық сұрақ белгісі “мен мұңдалап” шақырғандай, “сұрағымның жауабын шеш, сырымды аш достарым” деп тұрғандай, оқуға, білуге жаны үйір жандардың көзін бірден тартады. Кітапты қолға алып алғашқы бетін ашқанның өзінде “үйрен, ізден, ойлан” деген ақыл кеңеспен басталады. Кітап негізінен мектеп жасындағы оқушыларға арналғанымен, қай жастағы адамдар болмасын әрбір сәттегі бос уақыт үзілістерінде қолға алып, үйренетін, ізденетін, ойланатын жәйттерге бірден жетектеп алып кететін құрал екені әу дегенде-ақ аңғарылады. Бұл кітапты құрал дейтінім, оны қолға алып аша қалсаң, шын мәнінде ойландыруға бірден еріксіз баурап әектетіндігінде.

“Сен білесің бе?”-атты бұл кітап Жанат Елшібековтің көп жылғы еңбегінің жемісі екені байқалады. Кітап сан алуан тақырыптарға арналған сөзжұмбақ, сөзтізбек, криптограмма, анаграмма, жұмбақ, ребустардан тізілген. Аталған кітаптың басқаларға қарағанда бірінші ерекшелігі-ізденуге, ойлануға құралған ана тілінде шыққан тұңғыш туынды болуында.

Екіншіден, жұмбақ ойындардың шығу тарихымен таныстыра отырып құпия сырларына үңілдіріп әр тараптан тың мәліметтерімен қорлана түсуге үйретеді. Үшіншіден, сөзжұмбақтардың жасалу жолдарын жүйелі түрде ұғындыра отырып, жас жеткіншектердің ой-өрісінің кеңейтіп, талғамын тұшытарлық игі іздер, соны соқпақтар аша түседі. Оқушылар шар тараптан хабардар болып, оқулықтарда ұшыраспайтын көп жайлармен танысуға көмектеседі. Олардың ой-өрісін, қабілетін шындай түсіп, білім аясының молая, арта түсуіне айырықша ықпал етеді.

Мәселен, сөзжұмбақ ең алғаш қай елде, қашан пайда болғаны туралы мына бір дерекке көңіл аударайық. Үстіміздегі ғасырдың бас кезінде Кейптаун қаласында шығатын газеттің бас редакторы бір күні/бейтаныс біреуден хат алады. Хаттың жалғыз парақта көптеген шаршылар сызылып, цифрлар толтырылған екен. Екінші бетінде жапуабы беріледі. Редактор бір кешкілікте сөзжұмбақты достарына көрсетеді. Шұғыл түрде қызық ізденіске түскен олар жабылып, бірер сағатта сөзжұмбақты әрең шешеді. Достары редакторға газетке жариялауға кеңес береді. Сөйтіп, әлемдегі тұңғыш сөзжұмбақ келесі күні жарық көреді.

Бельгиялық Генри Блейз әлемдегі ең үлкен сөзжұмбақтың авторы екен. Оның 1978 жылы құрастырған сөзжұмбағы 25 мың торкөзден тұрады. Мұны толтыру үшін 7748 сұрақтың жауабын табу керек. Осынау қызықты ойынды құрастыруға Блейз өзінің сегіз жылын арнапты. Бағасы 980 франк тұратын Блейздің сөзжұмбағы тез-ақ өтіп кеткен. Осы сөзжұмбақты бірінші болып шешкен адамға арнаулы жүлде тағайындалған. Автордың ойынша барлық сұрақтарды дұрыс шешіп шығуға екі жыл керек екен. Ал мұндай ойындармен тұрақты айналысатын шеберлердің өздері табан аудармастан үш ай отыруға тура келіпті.

Ал біздің елімізде бірінші сөзжұмбақ 1929 жылы 12 майда “Огонек” журналында жарық көрген.

Кітап тоғыз тараудан тұрады. Олар: сөзжұмбақтар, сөзтізбектер, криптограммалар, анаграммалар, ой жұмбақтар, щарадалар, викториналар, ребустар және “білгенге маржан” бөлімдері. Әрбір тарау сөзжұмбақтардың өзіне тән ерекшеліктері, сол жұмбақ сөздерді шешу үстінде қарапайым, ойға орамды тілмен баяндап беру арқылы оқушыларға жеңіл де оңай түсіндіріп отырады. Сөзжұмбақтарды тым жалпылама жайып жібермей, белгілі бір жүйеге келтірілген арнаулы тақырыптар аймағында құрудың жеңіл тәсілдері, жолдары үйретіледі.

Бұл кітап негізінен мектеп жасындағы оқушыларға арналған. Әрбір адамның жанқалтасына салып жүріп, көңілін сергітер жан серік сырласы болуға лайықты кітап деп ойлаймыз.

“Қызыл ту” /Повлодар облысы/, 18 март, 1982ж.

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ.,
журналист.

АЯСЫКЕҢ

Жақында “Жалын” баспасынан жарық көрген жаңа кітап осылай деп аталады. Авторы - белгілі журналист Жанат Елшібеков.

Кітаптың алғы сөзінде атап көрсетілгеніндей, бұл сан алуан тақырыптарға арналған сөзтізбек, криптограмма, анаграмма, ребустары мен шытырман ойлы жұмбақтары мерзімді баспасөз беттерінде жиі жарияланып жүрген ізденімпаз автордың көп жылғы еңбегінің жемісі.

Бірнеше бөлімнен тұратын кітапта сөзжұмбақтың жасалу жолдары мен тәсілдері, оларды шешудің ерекшеліктері мен шарттары жайында жан-жақты өңгімеленген. Сөзжұмбақтың ең күрделі түрі-кроссворд. Автор өзара қиылысқан тор көздерді бір сөздермен толтыру арқылы құрастырылған осы жұмбақ-ойынның атын ерекшеліктерін тілге тиек ете отырып, оның шығу, көпшілікке тарау тарихы жайлы да кеңінен ой толғаған. Сөзжұмбақтың сөздері жиырмадан кем болмауы керек. Бүгіндері баспасөзде 30, 40, 50 сөзді қамтитын сөзжұмбақтар да жиі кездеседі. Ал, ең алып сөзжұмбақ қайда, қашан дүниеге келді? Кітапта осы жөнінде де қызықты деректер келтірілген. Әлемдегі ең үлкен кроссвордтың авторы-бельгиялық Генри Блейз. Ол осыдан төрт жыл бұрын 25 мың тор көзден тұратын сөзжұмбақ құрастырған көрінеді. Бұл торкөздерді толтыру үшін 7748 сұрақтың жауабын табу керек. Осынау қызықты ойынды құрастыруға Блейз өмірінің сегіз жылын арнапты. Ал, оны шешу де оңайға түспейтін көрінеді. Автордың ойынша, берілген барлық сұрақтарды дұрыс тауып, қатесіз шешіп шығу үшін екі жылға жуық уақыт керек. Міне, осының өзі-ақ сөзжұмбақ еріккеннің ермегі емес, қайта

ізденімпаз адамдардың ой серігі екенін көрсетеді. Иә, шынында да шытырман ойлы сөзжұмбақты шешу екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Сөзжұмбақ жасаумен айналысатын адамдарға қойылар талап қандай? Сөзжұмбақтың қай түрі болмасын мағыналы, нақты, мейлінше түсінікті, ықшам жасалуы керек. Берілген сөздердің баламалары да жинақты жазылғаны абзал. Ж.Елшібековтың кітапқа енген сөзжұмбақтар осы талаптарға толық жауап береді десек артық айтқандық болмас. Мысалға Ұлы Жеңіске арналған тақырыптық сөзжұмбақты алайық. Республика деректеріне негізделген осы сөзжұмбақтың етек-жеңі жинақы болғанмен, айтар сыры мол. Мұнда совет халқының Ұлы Отан соғысындағы жеңісіне қатысты біраз мәселелер қамтылған. Осындай тапқырлық, ұшқыр ой, шынайы шеберлік “Қазақ өндері”, “Суретші”, “Зоология” және басқа сөзжұмбақтарға да тән.

Чайнворд-тізбектелген сөздерден құрастырылатын жұмбақ ойын. Ол негізінен белгілі бір тақырыптарға арналып жасалынады. Сөзжұмбаққа қарағанда сөзтізбектің ерекшелігі де, міне, осында. Абзалы сол, автор осы ерекшелікті ескере білген. Содан да болар, кітаптағы сөзтізбектер оқырманды бірден баурап, неше түрлі ой сұрлеуіне салады. Бұл арада автор құрастырған сөзтізбектердің тәрбиелік мәні де зор екенін айта кету керек. “Еңбек даңқы”, “Совет Армиясы”, “Музыка” сөзтізбектері осының айқын айғағы.

Жұрт арасында кең тараған қызықты әрі күрделі жұмбақ ойындардың бірі-криптограмма. Оның “Құпия сөз” деп аталуы да тегін емес. Кітапта криптограммаланың толып жатқан түрлері, қолдану әдістері мен жұмбақ сырлары жайлы мол мағлұматтар жинақталған. Сондай-ақ автор “Анаграмма”, “Викторина” сынды жұмбақ ойындарды жасауда да шеберлігімен танылған.

Алынған сөздер мен сөйлемдерді суреттермен бейнелеп беретін жұмбақ-ойын ребустың да өз ерекшеліктері баршылық. Кітапты оқыған әрбір адам оған анық көз жеткізеді. Олар кітаптан терең ойдастырылған, көркем безендірілген ойға өзек боларлық ребустарды көптеп кездестіреді. Кітапта сөзжұмбақтың кез келген түрімен аралас құрастырылған ребустар да көп. Бұл да автордың сөзжұмбақтың қыр-сырына әбден қанық екенін аңғартады.

Жұмбақ ойындардың құпия-сырларына үңіліп, олардың әрқайсысына тән жасалу жолдарын үйрену жас жеткіншектердің ой-өрісін кеңейтумен бірге, қабілетін шыңдап, білім аясының артуына айрықша ықпал етеді. Ж.Елшібеков кітабының құндылығы да, міне осында.

“Ленин туы ” /Солтүстік Қазақстан облысы/, 28 май 1982 ж.

Марат АЛМАТИН

ТОҚЫЛҒАН СӨЗДЕР ӘЛЕМІ

Қалың оқырман Ж.Елшібековтің есімін оның мерзімдік баспасөз беттерінде жиі жарияланатын кроссворд, чайнворд, криптограмма, анаграмма сияқты сөзжұмбақ түрлері арқылы жақсы білетін. “Сен білесің бе?” осы еңбектің жүйеленілген заңды жалғасы. Автор кітапқа жаңа сөзжұмбақтарын ендіріп қана қоймай, оның тарихы, жасалу жолдары, сөздерді тоқу тәсілі жөнінде де қызықты әңгімелейді.

Сөзжұмбақты тарихы шынында да қызық. Өзіміз өмір сүріп отырған ХХ ғасырды ғажайып жаңалықтар ғасыры деп жатамыз ғой. Сөзжұмбақ-оның төл перзенті. Ол дамыған мәдениеттің бір белгісін көрсетеді. Осы ғасыр енді ғана басталған тұста Африканың кейіннен Кейптаун (Оңтүстік Африка Республикасы) атанған бұрынғы Капштад шаһарының тұрғындары жергілікті газеттен сөздерден тоқылған мол сауалды шытырман қызық бір ойынды кездестіріп, әлгіні шешу жолында бас қатыра ойланады. Бұл бейтаныс біреудің хатпен жолдаған сөзжұмбағын достарының ақыл-кеңесімен газетке жариялаған редактордың кездесуінде күдік те туғызбай қойған жоқ. Бірақ мұндай ойын, пайдалы ермек жұртшылыққа қатты ұнайды.

Дүние жүзіндегі тұңғыш сөзжұмбақ осылай жарық көрсе, ал қазір ол баспасөздің бос уақытты тиімді әрі тартымды өткізуге жәрдемдесетін қызықты ермек жанрына айналды. Ермек болғанда да оны “арзан ермек” деп ешкім айта қоймаса керек. Өйткені, ол құрастырушыдан да, шешушіден де үлкен білгірлікті талап етеді.

Жанат Елшібеков мұны терең түсінетіндігін көрсеткен. Оны кітапқа енгізген сөзжұмбақтар, сөзтізбектер, криптограммалар, анаграммалар, ой-жұмбақтар, шарадалар,

виториналар, ребустар дәлелдей түседі. Автор пайдаланған сөздер мағыналы, нақты, мейлінше ықшам әрі түсінікті. Берілген сөздердің баламалары да жинақы жазылып, ойға оралымды жеткізілген.

Сөзжұмбақ шешу үшін адамның белгілі дәрежеде білімі мол эрудициясы болу керектігі түсінікті. Оны шешу үстінде адамның ой-өрісі кеңіп, білімі толыға түседі. Кітаптағы алғашқы сөзжұмбақты-ақ алайықшы. Заттарды бір қалыпты температурада ұстайтын аспапты не деп атайды. С.Мұқановтың “Өмір мектебі” кітабындағы кейіпкер-аңшының есімі кім? Ұйғырдың музыкалық аспабы қалай айтылады? Дүние жүзіндегі ең биік қыраттың аты қандай? Совет Одағы теңіздерінің бірі қайсы? Жауап беріп көріңізші. Оларға дұрыс жауап беру үшін физикадан, музыкадан, әдебиеттен, географиядан тәп-тәуір хабарыңыз болуы керек-ақ. Сөз жоқ, бұл шешушіні ойлантатыны хақ. Кітаптың да әні осында. Ол ойлануға, ізденуге үйретеді.

Кітаптың “Сөзжұмбақтар” бөліміне ғана автор отыз сөзжұмбақ енгізген. Оның ішіне Жеңіске, қазақ өндеріне, географияға, көркемсурет өнеріне, зоологияға, қазақ музыка аспабы мен әдебиетіне, жылдарға арналған тақырыптық сөзтізбектер де бар. Ондағы 1100-ге жуық сауалдар өміріміздің қай саласын қамтымайды десеңізші. Сол сияқты отызға жуық сөзтізбектің де жекелеген өріптерге, астаналарға, ғылым мен техникаға, мамандыққа, спортқа арналғандары тартымдылығымен ерекшеленеді. Олардың берілу формасы да әр түрлі. Мысалы, “Жұмбақстан” сөзтізбегі ұйқас жолдармен, шумақтармен берілген:

“Жаурағанды күйдірет,
Аяғы жоқты жүрдірет.
Өз еркіне жіберсең

Дүниені бүлдірер” деген сияқты және

“Жоқ өзінде бас та

Қас та,

Мойын да

Ұзындығы жазулы түр бойында” немесе:

“Екі езуі құлағына жетеді,

Тамақ жесе ызың-ызың етеді”– міне осы тәріздес ұйқастарды алып қарайықшы. Жұмбақпен күрделіленген мұндай сөзтізбек шынында да автордың табысы. Шешімі “от”, “сызғыш”, “ара” болып тұрған осынау ұйқастарға да мін таға алмайсың.

Кітапқа енгізілген бұдан басқа да көптеген криптограммалар мен анаграммалардың, ойжұмбақтардың, викториналар мен шарадалардың да үйретері мол, берері көп. Әсіресе, мектеп оқушыларына пайдасы көп. Өйткені, олар шешушінің ой-өрісін кеңейтумен бірге түрлі тақырыпта мағлұматын молайтуға көмектеседі. Тіпті оқулықтарда жоқ көптеген жайлармен танысуына, өз бетінше ізденуіне септігін тигізеді.

Кітап көркем безендірілген. Бұл республикамыздағы “Жалын” баспасының “Ізден. Үйрен. Ойлан” сериясымен шығарған осындай алғашқы кітаптарының бірі. Оған енгізілген қызықты деректер де оқушыны өзіне тартатыны сөзсіз.

Қорытып айтқанда, Жанат Елшібековтың “Сен білесің бе? кітабы – қызықты да тартымды, пайдалы дүние.

“Жетісу” /Алматы облысы/, 23 шоль, 1982 ж.

Т.ЖИДЕЛИН

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Адамның өмірді білуге, түсінуге деген құштарлығы ешқашан толастамайды. Қайта оның әр күнгі көргені, естігені білігін тереңдетіп, тәжірибесін байытады. Ал өз білімінді сынаққа салып, саралаудың өзі бір ганибет.

Осыған орай “Жалын” баспасынан шыққан “Сен білесің бе? атты жинақ лайықты назар аударады. Авторы республикаға танымал журналист Жанат Елшібеков. Елшібековтің көп жылғы еңбектенуінің нәтижесінде жарық көрген жаңа жинағы тоғыз бөлімнен тұрады. Олар—сөзжұмбақ, шарада, анаграмма, криптограмма, сөзтізбек, ой жұмбақ, виторина, ребус және басқалары. Кітаптың бір ерекшелігі ойын түрлерінің әрбіріне жеке-жеке түсінік беріліп, оның алғашқы отаны қай ел екендігі, Россияға қашаннан бастап ене бастағаны жайлы айтылады. Сондай-ақ кітапқа енген сөзжұмбақ, криптограммалардың жауабы әр бөлім соңында беріліп отырады. Міне, мұның бәрі ойынды үйренушілер үшін өте қажет—ақ.

Кітаптағы викториналардың оқушының ой-өрісін өсіруге деген ықпалы мол болмақ. Сайып келгенде, ол мектеп жасындағы жеткіншектер мен студенттер, жалпы көпшілік қауымының оқулықтар мен әдебиеттер көлемінде алған ғылым мен техника, өнер, республика, еліміз бен әлем тарихы жайындағы білімдерін түйіндеп, тұжырымдауға, қайталап жетілдіруге негіз қалауда. Бір сөзбен айтқанда, бұл кітап білсем, үйренсем деген әр оқырман үшін —ойлы кітабына айналар тартымды дүние екні сөзсіз.

“Коммунистік еңбек” /Гурьев облысы/, 25 август, 1982 ж.

Ш.ЖАНДАЕВ

ҚИЫННАН ҚИЫСТЫРА БІЛГЕН

Бұл жолы қолға алған кітабымыздың атауы да бірден елең еткізеді. Жинақ “Сен білесің бе?” деп аталады. Кітапты Алматыдағы “Жалын” баспасы шығарған. Авторы – журналист Жанат Елшібеков.

“Қиыннан қиыстырар ер данасы” дегендей, ғылым мен өнердің әдебиет пен мәдениеттің сан алуан сырларынан мағлұмат беретін, хабардар ететін кроссворд, чайнворд, криптограмма, анаграмма, ребус, метаграмма, шарада, викторина құрастыру еріккеннің ермегі емес. Ол кімнен болсын жан-жақты білімділікті, алғырлықты, ізденпаздықты талап етеді.

Сөзжұмбақтың шығу тарихының өзі қызық. Осы ғасырдың бас кезінде Капштада, қазіргі Оңтүстік Африка Республикасының Кейптаун қаласында бір үлкен газеттің редакторы белгісіз біреуден хат алады. Ол бір күні достарымен бас қосқан кезде әлгі сөзжұмбақты шешуге кіріседі. Бәрі де көп ойланып, толғанып, бас қатырып шешімін зорға табады. Міне содан бері сөзжұмбақ әуесқойлары көбейіп келеді.

Кітаптың қай бетін ашып оқысаңыз да автордың көп ізденгенін аңғарасыз. Ондағы әртүрлі сөзжұмбақтарды, сөзтізбектерді шешу үшін әркім-ақ едәуір ізденеді. Мұның өзі адамның жан-жақты ғылым, техника, әдебиет, өнер, спорт, тағы басқа салалардан хабардар болуын қажет етеді. Әсіресе, “Жеңіс”, “Қазақ әндері”, “География”, “Суретші”, “Зоология”, тағы басқа да бірнеше сөзжұмбақтар адамның ой-өрісін кеңейте түсері рас. Сан алуан құпия сөз тіркестерінен тоғысатын осындай сөзжұмбақтардың шешімін табуға келгенде оқыған-тоқығаны көп адамның суырылып шығатынын көзіміз көріп жүр.

“Сөзжұмбақ деген не?” деген кіріспемен ашылған кітап оған әрі нақты мысалдармен оқушыны еліктіріп, еріксіз жетелей береді. Әрине, осы бір шағын газет материалдарына бұл кітапта жарияланған сан түрлі сөзжұмбақ түрлерінің бәріне бастан-аяқ пікір айтып шығу мүмкін емес. Сонда да “Физика”, “Теңізшілер”, “Химия”, “Живопись”, “Астаналар”, “Мамандық” деп аталатын, тағы басқа көптеген сөзтізбектердің мектеп оқушыларына беретін танымдық мәні бар деп айта аламыз.

Әр адам қабілетінің өртүрлі болатынына ешкім дау келтірмейтін шығар. Біреу сөзжұмбақты үнемі сәтті құрастырумен көзге түссе, басқалар криптограмма, анаграмма, ой-жұмбақ, шарада, викторина, ребустардың қалай құрастырылып жасалатынын білмеуі де мүмкін. Автор осы жайларға да баса назар аударған.

Кітаптың соңғы беттеріндегі “Қабілет жас таңдамайды”, “Республикам менің – Қазақстан”, “Қазақстанның облыстары мен аудандары” “Қазақстанның 82 қаласы”, “Қазақша жыл аттары”, “Ильичті бірінші суретке түсірген”, тағы басқа бөлімдерді қамтитын “Білгенге-маржан” деп аталатын тарауы білімге, өнерге талпынған жастар үшін кішігірім бер энциклопедия. Олай дейтініміз, бұл деректер мектеп оқушылары үшін, өнер-білімге құштар жандарға аса қажетті материал.

Кітапта бірен-саран кемшіліктердің бар екенін де айта кеткен жөн. Мәселен, 9-шы сөзжұмбақтағы көлденеңінен 20-шы сөз Орал облысы, Жымпиты ауданындағы совхоз делінген. Ал, оның шешуі-“Қособа”. Дәл осы сөз сәтті емес, тым ұсақ, ал адамдарға республикадағы барлық совхоздың атын білудің қажеті де жоқ шығар. Оны оқушылардың таба алмауы да мүмкін. Содан кейін 11-ші сөзжұмбақтағы “Қазақ әндерінде” тігінен жетінші “Б.Жамақаевтың өні” делінген. Оның

шешуі—“Сен ғана”. Бұл дә сөтті шықпаған дер едік, себебі “Сен ғана” екі сөзден тұрады. Сондай-ақ “Кісі аты”, шешімі—“Олжамұрат” деген жауаптар да оқырманға ой салмайда. Содан кейін сөзжұмбақтарға қысқартылған сөздерді пайдалануға болмайтынын ескерген жөн.


Осындай бірді-екілі кемшілігі болмаса Ж.Елшібековтың “Сен білесің бе? деген кітабы пайдалы, пайымды еңбек.

*“Орталық Қазақстан” /Қарағанды облысы/,
16 октябрь 1982 ж.*


АУЛДЫҢ АЙТҚЫШТАРЫ



ААТҒЫН ДИҢГЕК



Жан сұлулығы



АРЫҢДЫ ЖАСЫҢНАН САҚТА



Ақбала АЙЕКЕЕВА.,
журналист

АЛУАН СЫРЛЫ ЖҰМБАҚТАР

Өмірде уақыттың мәнді өтуін, әсіресе әркім өз қалауынша өткізген “бос уақыттың” ермек үшін ғана емес, септігін тигізер ой еңбегіне жұмсалудың ұлы адамдар ертеден-ақ қарастырған. “Уақыт – ой-өрісті, қабілетті дамытудың көкжиегі, – деп К.Маркс айтқандай, оны қайырымы мол іске арнау кімді болсын ойландырмай қоймайды. Бұл ретте мерзімді баспасөзде жиі жарияланатын “Сөзжұмбақ”, “Сөзтізбек”, “Анаграмма”, “Ребус” сияқты т.б. шытырман ойындарымен оқырман қауымды елең еткізіп жүргендердің бірі – журналист Жанат Елшібеков.

Жанаттың тырнақалдысы Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты Бағдат Қожабаева мен оның темір тұлпарды ұршықша үйірген сінділері туралы жазған “Жауқазын” атты повесі кезінде оқырман қауымынан тиісті бағасын алды. Одан кейін құрыш білік студенттердің құрылыс отрядынан жазылған “Студенттік меридиандар” жинағы журналист творчествосындағы үздіксіз ізденісті, тақырыпты игерудегі жетістіктерді аңғартады. Ал, өткен жылы “Жалын” баспасы оның “Сен білесің бе? атты үшінші кітабын оқырман қауымға ұсынды.

Кітап “Сөзжұмбақтар”, “Сөзтізбектер”, “Криптограммалар”, “Анаграммалар”, “Ой-жұмбақтар”, “Шарадалар”, “Викториналар”, “Ребустар”, “Білгенге-маржан” атты тоғыз бөлімнен тұрады. Әр бөлімнің соңында олардың шешуі келтірілген, бұл оқырманға өз жауаптарының дұрыс, бұрыстығын тексеріп көруге мүмкіндік береді.

Автор әр бөлімге жеке-жеке түсінік берген. Мәселен, алғашқы “Сөзжұмбақтар” бөліміне кіріспестен бұрын

“Сөзжұмбақ” деген не? Ол қалай жасалады?” деп сұрақ қоя отырып, оған анықтама береді. Сөзжұмбақтың кроссворд, чайнворд, криптограмма, метограмма, т.б. түрлеріне жеке-жеке тоқталып, олардың шығу тарихынан хабар берген. Бөлімде келтірілген формасы мен мазмұны әр алуан кроссвордтар атақты адамдарды, ғалымдарды, жазушыларды, еңбек ерлерін көпшілікке танытады, насихаттайды.

Бұл бөлімде арнайы тақырыпқа құрылған “Жеңіс”, “Қазақ өндері”, “Ең...ең”, “География”, “Суретші”, “Зоология”, “Жылдар”, “Домбыра”, “Әсбиет”, “Шахмат” сөзжұмбақтары оқушының білім көкжиегін кеңейтіп, оның пәнге деген қызығушылығын оятады. Сөзжұмбақпен танысқан әрбір оқырманның ғылымға, өнер-білімге, әдебиетке құштарлығы, сөз жоқ артады.

“Ой-жұмбақтар” бөліміндегі бір-біріне мүлдем ұқсамайтын жұмбақтарды құрастыратын әріптер мен сандар, шартты таңбалар мен күпия сызықтар бір істі бастап алып оның тезірек бітіргенше асығатын оқушыларды шыдамдылыққа, төзімділікке баулиды.

Күнделікті өмірімізде оншалықты мән бермейтін нәрселер қаншама десеңізші. Ал сол көзге қораш көрінетінге байыптап қарасаңыз одан көптеген сыр ұғуға болады. Мәселен, республикамызда қаншама қала, неше аудан бар екендігін, ескіше ай аттарын, жыл қайыру, 1889 есігінен еніп, 353 залын аралап шыққанда адам 22 километр жол жүретін Ленинградтағы ғажайып Эрмитажды, Совет Одағы ордендерінің тарихын әрбір адам біле бере ма? Тіпті өзімізге ең жақын, сүйікті көсеміміз В.И.Ленинді тұңғыш рет суретке түсіргендердің бірі М.С.Наппальбаум екендігін мектеп оқушылары түгіл, үлкендердің өзі де біле бермейді. Оқырман қауымы мөлтек материалдармен таныстыратын “Білгенге-маржан” бөлімі

тіршілікте ұшырасатын қарапайым жайлардың тарихы мен құпия қырларын тереңірек білуге жетелейді.

Тұтас алғанда Ж.Елшібековтың “Сен білесің бе” атты жаңа жинағы мектеп оқушыларының шартараптан хабардар болып, оқулықта ұшыраспайтын көп жайлармен танысуына көмектеседі. Сонымен бірге кітап бос уақытын көңілді де мәдениетті өткізуді мақсат еткен әрбір адам үшін де пайдалы.

“Қазақстан мұғалімі”, 4 февраль 1983 ж.

ПЯТАЯ КНИГА

“Земля отцов”—одна из новых книг издательства “Жалын”, пятая по счету алма-атинского журналиста Жаната Елшибекова—сборник документальных рассказов, очерков, лирических этюдов о Казахстане, его людях—тружениках промышленных предприятий, строек, полей и животноводческих ферм. Ряд путевых очерков посвящен Москве, Ленинграду, братским республикам.

В книге четыре раздела—“Родина моя”, “Герои среди нас”, “Узоры родного края” и “Природа—родной дом”. Автор взволнованно рассказывает о природе республики. Лирические этюды о жемчужинах ее—озерах Боровое и Балхаш сопровождаются интересными фотографиями.

“Вечерняя Алма-Ата” 24 август, 1984 г.

Қанат ҚАЙЫМОВ,
журналист.

ОТАНШЫЛДЫҚ СЕЗІМ

* Жанат Елшібеков “АТАМЕКЕН” Алматы, “Жалын” 1984 жыл,

“Москва! Қашанда асқақ та, салтанатты есілер осынау жалғыз ауыз сөзді ең алғаш қай жасымда, қай күні айтқанымды білмеймін. Әйтеуір “апа”, “көке” тәрізді тілашар санаулы сөздердің бірі болғаны анық”.

Журналист ағаларың Жанат Елшібековтың жаңа кітабындағы “Таң нұрындай арайлы” деп аталатын алғашқы бөлімі міне осындай сөйлемдермен басталады. Бұл бөлімде сендер Отағимыздың жүрегі-Москва қаласымен, ондағы Қызыл алаң, көсем Мовзолейі, “Даңқ шебі”, “Космос көрмесі”, революция бесігі атанған Ленинград қаласы, “молшылық мұхиты болып жарқырар нұр теңізі”- Нүрек ГЭС-і жайлы деректі әңгімелер арқылы көп мағлұматтарға қанығасындар. “Адал еңбек пен маңдай терді қашаннан қастерлеп, қадір тұтатын халқымыз дархан ойын бір- ақ сөзбен “Еңбек-ері” деп түйіндеген ғой. Сол еңбек күдіретінің шынайы көрінісі-қос жұлдызды қос алыптың жүздесуі”.

Иә, “Жердегі жарқын жұлдыздар” атты бөлімдегі “Ауыл академиктері” деп аталатын алғашқы әңгіме желісі де осы қос бәйтерек- екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақ күріштен тұңғыш рекордты өнім өндірген Ыбырай Жақаев пен екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, есімі республиканың Құрмет кітабына алтын әріппен жазылған атақты шопан Жазылбек Қуанышбаев тағдыларына арналған. Расында да, “Еңбек - адамды ер атандырады” емес пе! Бұл бөлімдегі басқа әңгімелерден сендер өз замандастарыңның көркем портреттерін көз алдыға келтіресіндер. “Бесжылдықтың жас гвардияшысы”, ВЛКСМ Орталық Комитетінің мүшесі, бір

мысқал мыс үшін маңдай терін тамшылатқан металлург Асқар Байдағұловтың, ВЛКСМ Орталық Комитетінің “Алтын масақ” құрметті белгісін иеленген жас күрішші Райкул Жалғасбаеваның, Талдықорған облысы, Панфилов ауданындағы “Еңбек” атты комсомол-жастар шопандар бригадасы мүшелерінің, Ленин орденді майталман балықшы Момыш Жұмашевтың ерен еңбектері, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақ ССР халық суретшісі Айша Ғалымбаеваның қыл қаламынан туған таңғажайып картиналар туралы әңгімелер қай-қайсыңа да қызықты, кез-келгеніңе үлгі болары анық.

“Жер! Қандай қасиетті сөз! Осы бір сөзде бүкіл тіршілік тынысы тұрғандай. Бұл сөздің терең мағынасын адам тілімен айтып жеткізе алар ма, сірә... Ұлы теңіздер жер төсінде шалқиды. Небір ұзын-шалқар өзендер жер бетінен жосыла ағады. Қалың ну ормандар жер бетінде жайқалады. Жердің төсінде асқақтаған биік-биік тау шыңдары көкке шаншылады. Күміс табаққа құйылған мөлдір судай түп-тұнық көлдер жердің көзіндей жалтырайды. Жердің төсін еміп, жемісін теріп жеген адамзат нендей ғажайыптарды осы жер бетінде жасайды” деген даңқты диқан Ыбырай Жақаевтың толғамдары осы “Атамекен” атты кітаптың “Сұлулық әлеміне саяхат” деген соңғы бөліміне берілген анықтама тәрізді.

Кітаптағы әңгімелердің барлығы автордың, ТАСС, ҚазТАГ тілшілерінің фотосуреттерімен толықтырылып, түсіндіріліп отыратындықтан, оның жанры да фото әңгімелер деп анықталыпты.

Жазушының әр сөзігің аясынан туған өлке, туған жерге, атамекенге деген шексіз сүйіспеншілікті жазбай сезесің.

“Қазақстан пионері” 18 сентябрь, 1984 ж

ТУҒАН ЖЕРГЕ САЯХАТ

Фотоәңгіме... Бұл-журналист Жанат Елшібековтың “Атамекен” деп аталатын жаңа кітабының жанры Автор Отанның, туған елдің тарихына, бүгінгі келбетіне, оның жүрекке аяулы, көңілге ыстық кең-байтақ қойнауларына, көрікті табиғатына оқушымен бірге саяхат жасайды. Және бұл өте әсерлі де, танымы зор саяхат. Фотосуреттерді журналист жеке-жеке тақырыптарға бөлінген әңгімелерінің өдемі де көрнекті фактісі ретінде алады да, оған шебер тілмен образды сипаттама береді. Ал осы сипаттамалардың әрқайсысы бір-бір көркем әңгімедей. ...”Қызыл алаң-біздің жеріміздің ең қастерлі, ең қымбатты нүктесі. Еліміздің әр ошағынан басталған сан тарау жолдың бәрі осында түйісіп жатады. Ендеше, атамекеннің өзі де осы жерден басталса керек!”

Міне, кітаптағы алғашқы әңгіме оқушыны осы сөздермен алға қарай жетелейді. Ленин мавзолейі, революция бесігі-Ленинград, Дубосеково, Нүрек ГЭС-і, Алатау, Алматы, Маңғыстау түбегі, Екібастұз, Балқаш, ақ күрішті Сыр бойы... көз алдында Отанның, туған жердің бет-бейнесі зорая көрінеді. Оқушы кітаптан өзінің танымдық дүниесін кеңейтетіндей көптеген қызғылықты мәлімет алады. Ал ең бастысы осындай қуатты да өмірі жарқын елдің азаматы болғанына мақтаныш сезіммен әсерленесің.

Кітаптың “Сұлулық әлеміне саяхат” бөлімін туған өлкенің қайталанбас табиғаты жайлы сырласу десе де болғандай. Жыл мезгілдерінің түс-бояуы далаға да, тауға да, өзен-көлге де өзінің айрықша сұлу өрнегін сыйлады. Туған жер қыста да, көктем де, жазда да, күзде де өдемі.

...”Жұмыр шардың жоғарғы бөлігін тұтастай шеңберлей ораған төрт әріп көзге оттай басылған. Кішкентайлармен бірге мен де “СССР” деген жалғыз ауыз сөзді іштей өлденеше мәрте қайталай бердім” Кітаптың түйіні де осы сөздерде жатыр. “Пионер” журналы, N2 1985 ж

Бақыт МҰСТАФИН.,
жазушы.

АТАМЕКЕН ТОЛҒАУЫ

Туған жердің түтініне дейін жанға жайлы, жүрекке жақын скені белгілі. Адамның бойында тынымсыз толқып тұратын осындай ыстық сезімнің әсерінен болар, өз Отаның, республикаң, туған ел-мекен туралы әңгіме тиегі ағытылса елең етіп, ынтыға ықылас қоятын әдетіміз бар. Мұның өзі туған жерге деген перзенттік сүйспеншіліктің бір сыры болса керек. Журналист, Жанат Елшібековтың “Жалын” баспасынан шыққан “Атамекен” атты жаңа кітабын қолға алғанда осындай сезімде болдық. Республикалық газет-журналдарда жиі көрініп, әр қырымен-түрлі жанрда жазуымен, бір сырымен-шеберлігімен танылып жүрген, бірнеше кітаптар ұсынып үлгерген бұл қаламгердің мазасыз шарқ ұратын толғанысы тынбайтын ізденісі үнемі үміттендіріп отырушы еді бізді. Мына жаңа дүниелікті зер сала парақтап, үңіле оқып шыққанымызда сол үміт оты лаулай түскенін ілтифатпен білдіргіміз келеді.

“Атамекен” кітабының алғашқы бетінде фотоәңгімелер деген жанрлық анықтама беріліп, мұндағы туындылардың ерекшелігі бірден назар аударады. Бұған дейін белгілі журналист Лениндік сыңлықтың лауреаты В.Песковтың “Таңғы шақ” атты кітабымен танысқанымыз барды. Онда тамаша түсірілген фотосурет және онымен үйлестіріліп қара сөзбен көркем кестеленген маржандай этюд нақыштар тамсандыра таңырқатушы еді. Ж.Елшібеков те осы үлгіні ұстанып атамекен жайлы-туған Отан, республика туралы фото- өрнегімен де, көркемсөз күдіретімен де толғау шертіпті. Бұл талапты орындау жолында көп ізденіп тапқырлық, шеберлік танытқанын алдымен атаған ләзім.

Жинақ төрт бөлімнен құралыпты. “Таң нұрындай арайлы”, “Өскен өлке өркендері”, “Жердегі жарқын жұлдыздар”, “Сұлулық өлеміне саяхат” деп аталатын әр бөлімнің мақсат-нысанасы тоғысар арнасы бар. Мәселен, біріншісінде туған ел көлеміне лайықты әңгімелер қоңыр сазды сырлы мақаламен мәнерленсе, екінші бөлім күн сүйген нұр сипатты республиканың бедерлі бейнесіне көз салдырады. Ал, кітаптың үшінші бөлімі өз еңбегімен ел дәулетін тасытуға үлес қосып жерде жұлдыз болып жанған қаһармандар жайлы әңгіме арнайды, төртінші бөлім Қазақстан табиғатының тамашасын тебірене үзік сырлармен кестеленіпті. Жинақ жас қауым оқырмандарға бағышталып, автор олардың жүрегінде асыл сезімді-Отанға шексіз сүйіспеншілікті маздатар әсем әуенді пернелерді дөп басуға ұмтылып отырады. Отан жүрегі -Москва. Бұл турасындағы әңгіме кімді тоғандырмайды десеңізші. Атамекеннің алтын дінгегі емес пе, арайлы астана. Сондықтан да кітаптың алғашқы бетінен-ақ Москва, Кремль, Қызыл алаң туралы сыр шертілуі құтты қадамдай әсер етеді. Москваның көзге ыстық фотосуреттері де әңгіме тұздығын татымды танытып тұр. “Ту туралы толғаныс” “Ленин Мавзолейі” атты публицистикалық толғаулардың да жас ұрпаққа ұқтырар талғамы айтар ғибраты мол. Кремльдегі Қызыл Тудың сонау 1918 жылы Лениннің нұсқауымен тігілгенін бүгінгі жастардың әрқайсысы біле бермеуі мүмкін. Журналист осы фактіні орынды ойнатып совет адамдарының әрқайсысына қасиетті қызыл ту туралы тебіреністі ой төгеді. Сондай-ақ Ленин Мавзолейінің салынуы жайлы деректерді де сәтімен қиюластырған 22 январь күні академик А.И. Абрикосов Лениннің денесін бірнеше рет бальзамдапты. Ал, 24 январь күні түнде сәулетші академик А.В.Шуев жұртшылықтың ұлы көсеммен қоштасуна толық мүмкіндік туғызатын. Мавзолей жобасын жасау жөнінде шұғыл тапсырма алыпты. Кремль

қабырғасының жанында қара сұр ағаштан салынған Мавзолей не бары үш тәулік ішінде бой көтеріпті. Жүздеген хас шеберлер тынымсыз жұмыс істеп, қарқынды бір минут бөсендетпеген. Кейін гранит пен мәрмәрден бой көтерген Мавзолей 16 ай ішінде салынған екен.

Осы бөлімдегі “Дубосеково немесе N251 биіктік”, “Революция бесігі”, “Нева – Ертіс арасы” атты фотоәңгімелер тақырыптарынан аңғартылғанындай қазақстандықтардың әрқайсысының жүргеніне жақын жайлар туралы баяндайды. Жиырма сегіз панфиловшы-қазақстандықтардың Дубосеково түбіндегі асқан ерлігі, революция бесігі-Ленинград көшелерінде соғыс кезінде саңқылдап естілген Жамбыл үні, Нева және Ертіс жағаларындағы трактор жасаушылардың достығы-міне мұның бәрі әркімнің тұла бойында ыстық сезім отын шарпытар қасиетті арналар емес пе?! Журналист осылардың тереңдегі сырын ақтара жарқырата жазуға ден қойғаны сүйінішті.

Ж.Елшібеков туған республиканың арайлы атырабын шолғанда мерейлі мақтаньшпен шалқып-шалқып қалам тербейді. Әрине ол шымырқанған шабыт әуенімен кете бермей барынша деректі, дәлелді, нақтылы сөйлеуге тырысады. “Қазақстан-ғажапстан”, “Алатаудың алқасы”, “Миллиардтар мекені немесе нан туралы толғау”, “Түлеген түбек” әңгімелерінің аттарында республика ажарындағы айшықты зерлер келісті бейнесін тапқан. Автор құлпырып ғажапстанға айналған республикамыз. Алатаудың омырауындағы алтын алқа Алматы даңқымен, дабылдатқан дархан дала-тың, тамашалы түбек Маңғыстау жайлы ой әрбіте отырып, оқушысын қызықтырарлық штрихтарды, цифрларды, фактілерді ұтымды үйлестіріп айтарын әрлендіре жеткізуге ықылас қояды. Осы әңгімелердің қайсын болсын орайласқан фотосуреттер толықтыра түсіп тұр.

Жинақтың үшінші және төртінші бөлімдеріндегі фотоәңгімелер де бізді еңбек адамдарының ортасына, республика табиғатының алуан бояулы аясына жетелейді. Автор туған аймақтың даңқын шығарып өйгілі аталған адамдарды, көркі кербез қойнауларды таныстырып, алға тосады. “Әне, сұлу Сыр”, “Кербез Көкше келбеті” әңгімелері осындай тұшымды дүниеліктер.

Ж.Елшібековтің бұл жинақты көп толғаныспен ізденіспен жазғаны анық аңғарылады. Ол атамекенін барынша сүйе білген, міне сол ыстық сезім кестелі сөз өрнегі, келісті фотосуреттер бедері болып кітап беттеріне жақсы нақышталыпты. Журналистің тілі шұрайлы да көркем, фотоәңгімелер жеңіл оқылып, жылы әсерлерге бөлеп отырады. Жалпы алғанда бұл жинақтың өмір танытушылық мәні де зор. Автор жас оқырмандарына тәлім болар көп тұрғыда тереңнен ой қозғайды.

Осындай жақсы кітаптың келісімі көркейе түсер еді-ау деген бірер тілек те айтуға болады. Фотоәңгімелер болған соң фотосуреттердің әсерлі, түрлі-түсті, яки үлкен көлемде берілгені дұрыс болар еді. Бір көлемді кішкентай суреттер автордың қолтаңбасын, шеберлігін онша айқын таныта қоймайды. Содан соң автордың, ТАСС-тың, КазТАГ-тың суреттері айырып жазылмаған екен.

Түйіндей айтқанда Ж.Елшібековтың “Атамекен” жинағы оқырман қауымының көңілінен шыққан кітап екені анық.

“Ленин туы” (Солтүстік Қазақстан облысы) 1984 ж.

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ.

жазушы

Драмакер

СӨЗ БЕН СУРЕТ ҮНДЕСІП...

◆ Журналист Жанат Елшібековтің “Атамекен” атты кітабы “Жалын” баспасынан жарық көрді. Автор бұл жинағында әрі қаламгер, әрі фототілші ретінде танылған.

Жинақтың безендірілуі көркем. Көзартарлық фотосуреттер мен жанрлық ерекшелігі елең еткізерлік фотоәңгімелер де қызықты. Сөз бен сурет үндестік тауып, кітаптың мазмұнын аша түскен.

Байқампаз журналист талмай ізденіп, кішкене оқиғалар мен ұсақ фактілердің өзінен әжептәуір маңызы бар түйін жасай біледі

Мысалы, кітаптың “Таң нұрындай арайлы” аталатын бөлімінде Москва, Қызыл алаң, Ленин Мавзолейі туралы көптеген тосын да қызықты мәліметтер бар. Көбін бұрын естімегенбіз, естісек те көңіл аударар бермегенбіз. Кремльдегі СССР-дің Мемлекеттік туын қашан және кім ілген?! Ленин Мавзолейі қай уақытта және қалай салынған? Бұл Мавзолейдің тұңғыш сақшылары кім болған және олардың кейінгі тағдырлары қалай?! Бұл кімді де болса елең еткізетін, өте-өте қызық сұрақтар ғой. Автор осыларға қарадүрсін емес, барынша татымды әрі жүрекке шымырлап жететіндей жылдамдықпен жауап қайырады. Бұл сияқты маңызды деректер, жас ұрпақ үшін аса қажет фактілер жинақта өте көп. Мұның өзі “Атамекеннің” танымдық жағынан ғана емес, тәрбиелік мәні тұрғысынан да құнды екенін дәлелдейді.

Жинақта еліміз бен халқымыздың ерлік шежіресіне, үлкен оқиғаларға толы тарихына да көптеген әңгімелер топтастырылған. Бұл ретте әйгілі 28 панфиловшы-батыр өшпес ерлік көрсеткен Дубосеково, даңқты крейсер “Аврора”,

Ленинград қаласындағы Жамбыл көшесі, т.б туралы жазылған өңгімелерді айрықша атай кеткен жөн. “Өскен өлке өркендері” тарауы негізінен Қазақстанның бүгінгі жарқын бейнесін, гүлденген өңірін, таңғажайып табыстарын көрсетуге арналған. Мұнда, әсіресе, қазіргі Алматының келбеті, Тың өңірінің алтын астығы, түлеген түбек –Маңғыстаудың ұшан-теңіз байлығы туралы байыпты баяндаулар, жүрек-жарды толғаныстар әсерлі.

Ал “Жердегі жарқын жұлдыздар” тарауында ауыл академиктері Ыбырай Жақаев пен Жазылбек Қуанышбаевтардың арасындағы достық қарым-қатынас жаңаша бір қырымен көрінген. Сондай-ақ бұл бөлімдегі жас металлург Асқар Байдағұлов, күрішші Райгүл Жалғасбаева, шопан Гулбике Оңғарбаева, балықшы Момыш Жұмашев сияқты еңбек майталмандарының бейнелері де журналист қаламының қарымдылығын көрсететіндей сәтті шыққан. Ал, халқымыздың қадірлі суретшілернің бірі Айша Ғалымбаеваның творчестволық портреті Ж.Елшібековтің өнер “тілін” де бір кісідей жақсы түсінетінін аңғартады.

“Сұлулық әлеміне саяхат” бөлімі түгелімен табиғатқа арналған. Автор қоршаған ортаны сырттай қызықтаумен шектелмейді, оның сұлулығын, әсемдігін жанымен, жүрегімен ұғынады. Осыдан алған әсерін ақынжанды сыршылдықымен ақ қағазға мөлдіретіп, түсіре біледі.

Қорыта айтқанда, “Атамекен” Жанат Елшібековтің журналистік жолдағы елеулі табысы. Бұл сәтті ізденісін автор бұдан да былай жалғастыра берер деп сенеміз.

“Лениншіл жас”, 8 декабрь 1984 ж.

С. ЕШМҰХАНБЕТОВ.

АТА МЕКЕН КЕЛБЕТІ

Жуықта Жанат Елшібековтің “Атамекен” атты кітабы “Жалын” баспасынан жарық көрді.

Кітап төрт тараудан тұрады. Алғашқы “Таң нұрындай арайлы” тарауында Отанымыздың жүрегі-Москва қаласының кешегісі мен бүгінгі келбетіне тоқталып, оның тарихымен таныстырады. Әсіресе, Қызыл алаң мен Кремль жайла да оқушысын оқшау қалдырмайды.

Екінші “Өскен өлке өркендері” деп аталатын тарауында ғажарстан-Қазақстан жыл озған сайын алып құрылыстарымен құлпырып, гүлдене түскені жайында айта кетеді.

Кітаптың өр тарауы қызықты фотосуреттерімен безендірілген.

“Кітап жаршысы” сентябрь, 1984 ж.

Сайлаубай ТОЙЛЫБАЕВ.,
журналист.

АТАМЕКЕН ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

Қай қаламгерді болсын даралап тұрар оның өзіндік қолтаңбасы. Бұл қағида жазушыға да, журналистке де тән. Бүгінгі талғампаз оқырманның өресі биік, талабы зор. Әр оқушының үнемі қадағалап, назардан шет қалдырмайтын өз авторы бар десек артық айтқандық емес. Осы орайда журналист Жанат Елшібеков есімін ерекше ілтипатпен атар едік. Республикалық жастар газеті “Лениншіл жаста” ұзақ жылдар еңбек еткен ол небір татымды туындылар жазды. Соның ішінде оның бесжылдық қаһармандары, социалистік жарыс озаттары жайында ой тербеген очерктерінің орны бөлекше. Кез-келген очеркі сыршылдығымен, шынайылығымен баурап алады. Ұтқыр деталь, нанымды штрих, әсерлі эпизодтар бірін-бірі толықтырған тамаша очерктері көркемдігімен ерекшеленеді. Қазір “Социалистік Қазақстан” газетінде қызмет істейтін Ж.Елшібеков жоғарыдағы талап үдесінен шығатын жақсы очерктерімен оқырманын қуанту үстінде.

Қолтаңбасы қалыптасқан журналистің кітаптары да оқырман қолында жүр. Бұдан бірнеше жыл бұрын жарық көрген алғашқы деректі повесі “Жауқазында” панфиловтық механизатор қыз келіншектер туралы сыр өрбіткен еді. Республикадағы қанатты бастаманың қарлығаштары – Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты Бағдат Қожабаева және оның құрбылары жайындағы кітап кезінде жақсы бағаланған. Сондай-ақ, “Студенттік меридиандар”, “Сен білесің бе?”, “Алтын ұя” кітаптары да көп көңілінен шыққаны белгілі. Оған айғақ–1981 жылы “Жалын” баспасынан шыққан “Сен білесің бе?” танымдық ойындар кітабының Қазақстан Журналистер одағының сыйлығына ие болуы. Енді міне, ізденімпаз

журналист, жерлесіміз Жанат Елшібеков жұртшылық назарына бесінші кітабы “Атамекенді” ұсынып отыр.

Жаңа туынды негізінен өзара сабақтас, өзектес төрт тараудан тұрады. Олар: “Таң нұрындай арайлы”, “Өскен өлке өркендері”, “Жердегі жарқын жұлдыздар”, “Сұлулық әлеміне саяхат”. Ал кітаптың фото-әңгімелер аталуы тегін емес. Алғашқы беттен бастап, соңғы түйінге дейін желісін үзбейтін деректі әңгімелер, мөлтек новеллалар айшықты да татымды фотолармен берілген. Бұл суреттердің құндылығы—автордың жеткізбек ойын, шертпек сырын көз алдыға қаз-қалпында елестетін, толықтыра түсуінде.

Орайлы тұста мұндай кітаптардың қазақ тілінде өте сирек жарық көретінін ашық айтқан жөн. Сондықтан да “Атамекенді” “Жалын” баспасының соны ізденісі әрі жаңалығы деуіміз орынды.

Алғашқы тарауға тұтасымен Отанымыздың жүрегі—Москва, Ленинград хақында, журналистің өзі болған тарихи орындар мен шоқтықты оқиғаларға қатысты әңгімелер топтастырылған. Кітаптың қызыл тіні болып өрілер туған жерге, өскен елге, атамекенге деген сүйіспеншілік әп сәттен-ақ айқын аңғарылады. Ол даңғазы даурықпа, я болмаса жалаң айғай емес. Қуаныштысы да осы! Кітапты парақтаған мезеттен шуақты сезімге бөленесің Автордың өзі туып-өскен Балқаш жағасындағы қарапайым балықшы ауылының тіршілік-тынысын, жұпыны кескін-келбетін астана төрінде тұрып тағы бір көз алдына елестете әңгіме өрбітуі аса нанымды. Әңгіме желісінде кешегі мен бүгінгі күн әдемі үйлесім табады. Кремль, Қызыл алаң, Ленин мавзолейі жайында ерекше тебіреніспен толғанады. Баршаға ортақ осынау сурет ешкімді бей-жай қалдырмасы анық. Бұл ойымызды беташар әңгіменің нысаналы түйіні аша түскендей. “Қызыл алаң—біздің жеріміздің ең қастерлі, ең қымбатты нүктесі. Еліміздің әр ошағынан

басталған сан тарау жолдың бәрі де-осында түйісіп жатады. Отанға деген символикалық асқақ үн “Ту туралы толғаныс”, “Ленин мавзолейі”, “108 минут, 211 тәулік тәрзіді өңгімелерге өдемі ұласып, ой көкжиегін кеңейте түседі.

Расында, Қызыл алаңның қайталанбас сұлулығы, салтанатты да сәулетті дара келбеті әрдайым жүректерге нұр күйсе керек. Қаршадайдан жадыға өшпестей ұялаған Ленин мавзолейі туралы қызықты деректер негізінде жазылған өңгіме үлкенді де, кішіні де ғажайып әсерге бөлейді. Оқып отырып көсем дидарын көруге ынтыққан жүректер лүпілін сезгендей күй кешесің.


Ал, ту туралы толғанысын автор былайша сабақтайды: “Қызыл алаңда түсірілген кадрлардың бірі алдымда жатыр. Қолыма алып қарай беремін, қарай беремін. Көзге оттай басылар дүние: Кремль. СССР-дің Мемлекеттік туы...” Шындығында Кремль үстінде желбіреген еліміздің ал қызыл Туына қалай үңілгенінді байқамайсың. Октябрь символына айналған ол тұңғыш рет ұлы көсеміміз В.И.Лениннің ұсынысы бойынша желбіреген. Отты жылдары ерлікке бастаған Жеңіс Туы жайында да орынды сөз етеді. Елең еткізер штрихтарды, танымдық мәні зор нақты деректерді автор ұрымтал тұста сәтті қиюластырған. Мұның өзі оқырманның ой-өрісі мен білімін кеңейтуге септігің тигізері сөзсіз. Осы орайда жасампаз өміріміздің ғажайып сипаттамасы саналатын космос жайындағы, сондай-ақ қазақстандық панфиловшы батырлардың ғаламат ерлігі дүниеге келген Дубосеково туралы деректі өңгімелер тілге тиек етуге тұрарлық.

Революция бесігі-Ленинградқа арналған фото-өңгімелер де оқушысын бейтарап қалдырмайды. Аты аңызға айналған даңқты крейсер “Аврора”, революция штабы “Смольный” құрғақ аталып қана қоймай өзекті өңгіме арқауы боп өріледі. Өткен жылдар жаңғырықтарын бейбіт өмір жаңалықтарына

ұтымды ұштастырудағы автордың ізденісі көңілге қуаныш үйіреді. Мәселен, “Мәңгілік рух”, “Нева-Ертіс” дүниелері пікірімізді айғақтай түссе керек. Алғашқыда Жамбыл атындағы көшені сөз ете отырып, тоғыз жүз күн құрсауда ерлікпен шайқасқан қаламен қазақстандықтардың да бірге таныстағанын әдемі штрихпен жеткізеді. Ол жыр-семсер “Ленинградтық өрендеріміз!”. Отты жылдары қаһармандардың қайратын жани түскен, рухын көтере биіктеткен жыр алыбының сәлемі айрықша естілді емес пе?! Жамбыл жыры плакат болып ілінген көшелердің бірі қазір ақын есімімен аталады екен. Журналист осыны тамаша деталь ретінде суреттейді. Ленинград пен Павлодар троктор жасаушылары арасындағы достық байланыс та сәтті баяндалады.

Кітаптың екінші тарауы – “Өскен өлке өркендері” күн дидарлы республикамыздың жарқын келбетін әр қырынан айшықтай көрсетеді. Осындағы әңгімелер шоғыры ат тұяғының дүбіріне ғана қанық бір кездегі марғау өлкенің бүгінгі космостық самғау баспалдақтарын бейнелейді. Публицистикалық пафоспен жазылған деректі әңгімелердің қай-қайсысын да тебіренбей, толқымай оқу мүмкін емес.

Туған республикамыз жыл озған сайын құлпырып, гүлдене түсуде. Октябрь шұғыласына шомылған Қазақстан бүгінде аймағы абат, жері жәннат жиделібайсын өлкеге айналып отыр. Сондықтан болса керек автор республика жайында әңгіме өрбіткенде ерекше желпініп шалқып кетеді. Жүрекжарды пікірін тобықтай түйін ретінде әр әңгімесіне қазық етіп алады. “Қазақстан-Ғажапстан”, “Алатаудың алқасы”, “Түлеген түбек”, “Лүпілдейді Екібастұз жүрегі” секілді тақырыптардың өзі-ақ көп жайды аңғартады. Қызықты да, нақты деректерге құрылған бұл әңгімелер тартымды шыққан. Жеңіл оқылады. Тілі де көркем.



Астанамыз Алматыны бір ғана сөзбен “Алатаудың алқасы” деп сипаттау өте дәл тұжырым. Шындығында жасыл желекке орнаған астанамыз өлемдегі ең сұлу қалалардың сапынан саналады. Оның кешегісі, бүгіні мен болашағы туралы шуақты сезіммен әңгімелейді. Автор оқушысын қаланың ежелгі тарихынан шымшымдап болсын хабардар ете отырып, қазіргі сәулетті ғимараттарымен, ақшаңқан монументальді ансамбльдерімен таныстырады. Бұл орынды да. Өйткені, онсыз кітаптың мазмұны мен сюжеті ойдағыдай ашылмаған болар еді.

Әсіресе, Қазақстан жайлы толғана сыр шерткенде оның даңқы да, мақтанышы да тың эпепоясымен тығыз байланысты екені баршаға мәлім.

Журналистің кезекті бір әңгімесіне “Миллиардтар мекені, нан туралы толғау” деп айдар тағуы осындан-ау. Кешегі қаңбақ кезген сайын даланың ғажапқа айналғанын автор аса құштарлықпен жырлайды. Осы толғауды өскен өлкеміз туралы, маңдай тері тамшылаған диқан туралы, қасиетті нан күдіреті туралы қара сөзбен жазылған жыр десе де болғандай. Мұндағы ұтымды өрі орнымен пайдаланылған цифрлар мен фактілер мектеп оқушыларынан бастап, кез-келген жастағы адамға пайдалы екені даусыз.

Кітаптың “Жердегі жарқын жұлдыздар” бөліміндегі деректі әңгімелер еңбек қаһармандарына арналған. “Дала академиктерінде” әйгілі күрішші, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақасв пен атақты шопан, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев арасындағы үлкен достықтың жалғыз ғана көрінісін сыр етіп шертеді. “Қос бәйтерек” атанған дала алыптарының бір-бірін іздеп барып, сәлем берген сәтін тебіренсіпен жазған автор жас ұрпаққа өнегелі істі үлгі етеді. Бұл жерде жалаң баяндамай айтар ойын жақсы штрихпен әсерлі жеткізіп берген.

Осы тараудағы “Елу миллионға үлес”, “Толқында туғандар төрізді туындылардың басты кейіпкері-талдықорғандықтар. Бірінде Панфилов ауданындағы жас шопандар өмірінен әңгіме қозғаса, ал екіншісінде көгілдір айдыннан су ырзығын сүзген Киров атындағы балық колхозының Ленин орденді балықшысы Момын Жұмашев пен оның әке ізін қуған ұлдары сыр өрбітеді. Осынау көркем очерктердің тағлымдық әсерінің ерекше екенін айтқан жөн.

Кітаптың соңғы тарауы “Сұлулық өлеміне саяхат” аталады. Мұнда автор негізгі мақсат етіп алған нысанасын одан өрі жалғастырады. Тұтасымен табиғат тақырыбына арналған осы бөлімдегі мөлтек әңгімелер мен лирикалық новелла-этиюдтер журналистің өзіндік қолтаңбасын айшықтап тұр. Жүрек қылын тербер табиғат туралы әңгімелер туған республикамыздың көз тоймас сұлулығын паш еткендей. Кербез Көкше, көгілдір Балқаш, түлеген Маңғыстау жайындағы дүниелер тартымды. Адам мен табиғат арасындағы көзге көрінбес нәзік байланысты сезімталдықпен суреттейді.

Туған жерге, елге, туған табиғатқа деген ыстық сүйіспеншілік “Атамекеннің” алтын арқауы боп өріледі. Осынау өзекті желіні журналист үзіп алмай, өдемі таратқан. Белгілі жүйемен публицистикалық сарында жазылған әр тараудағы әңгімелер бірін-бірі толықтырып, мазмұнын байытып, кітаптың көркемдік ажарын аша түскен.

Түйіндеп айтсақ Ж.Елшібековтің жаңа кітабы – атамекен туралы тамаша толғау.

“Октябрь туы” /Талдықорған облысы/, 10 октябрь, 1984 ж.

Белгілі журналист, жазушы Жанат Елшібековтың жаңа кітапбы “Атамекен” деп аталыпты. Кітапты қызыға, құмарта оқып шықтық. Өйткені ол туған жер, ыстық мекен, ерен еңбегімен ел құрметіне бөленіп, ертегідей елеулі істер тындырған ғажайып жаңалықтар туралы сыр шертеді. Кітапты оқып шыққанда әйгілі диқан-ата Ыбырай Жақасвтың мына сөзі еріксіз еске түседі. Ол: “Азамат баласына ғасырлар бойы жұмбақ болып келген сонау түпсіз тұңғық аспан әлемінде жұлдыздай самғап, тылсым табиғаттың бүгүлі сырын ашып, кеменгер ақыл-ойдан туған ғылым мен техника жетістігін бүкіл әлемге паш еткен ғарыш қырандарын төсімен емізген, баулап өсірген қияға қанат қақтырған біздің жер-Совет жері”.

Иә атамекен кім-кімге де өте қадірлі, қасиетті. Заман ағымы ұғымына сай бұл қасиетті сөздің де аясы көңілді. Қазір ол СССР деген алып елді, жасампаз еңбегімен бүкіл ғаламды таңғалдырған көп ұлтты, біл тілекті халықтарымыздың қасиетті мекенін бейнелейді. Ал атамекен туралы сөз қозғалғанда біздің ойымызға астанамыз Москва, тарихи Қызыл алаң, революция бесігі-Ленинград, тағы осындай жүрекке ыстық орындар ойға бірден оралады. Осы ойымызды дәл тапқандай, автор да алғашқы “Таң нұрындай арайлы” атты тарауда осылар жайлы сыр шертеді. Мұнда ол Ленин Мавзолейі, Москва маңындағы Дубосекова, космосқа Ю.А.Гагарин сапары, тағы басқалар туралы толғанды. Бұлар сырт қарағанда бір-бірімен қабаспайтын тақырып сияқты. Ал ойланып, зер салып қарасақ, оларда ұқсастық, ортақ заңдылықтар бар екен. Әрқайсысы да уақыт сынына жауап беріп, алып еліміздің ерлік тынысын елестетеді. Олар халқымыздың мәңгі есінде. Сондықтан бұл жерлердің, бұл оқиғалардың әрдайым таң нұрындай жарқырап,

әр жүрекке жылы ұялар анық. Автор өз сырын аз сөзбен, тың тербеніспен бере білген. Соны мен қоса әр тарауда да көпшілік оқырман біле бермейтін соны деректер орынды келтірілген. Оларды оқи отырып риза боласың, бұрынғы білгендердің еселене түседі.

Жинақ үлкен төрт тараудан құрылған. Бірақ олар өзара сабақтас, бірін-бірі толықтырып тұр. Еңбек майталмандарына арналған тарау “Жердегі жарқын жұлдыздар” деп аталыпты. Мұнда ауыл академиктері аталған Ы.Жақаев пен Ж.Қуанышбаев, Ленин комсомолының XVIII съезіне делегат болып қатысқан Балқаш кен-металлургия комбинатының озат металлургі Асқар Байдағұлов, Сыр саңлағы атанған механизатор Райгүл Жалғасбаева, шопан Гүлбике Оңғарбаева, тағы басқалары туралы жазғандары оқуға жеңіл, әрі шағын, кейіпкерлерінің еңбек жолдары нанымды, әсерлі баяндалады. Жазушы кім туралы жазса да мол дайындылығын, сол мамандықтардан толық хабары барлығын байқатады.

Кітаптың соңғы тарауы “Сұлулық әлеміне саяхат” деп аталады. Осындағы қай материалдар да тың фактісі, жаңа ойы, тартымды суреттер және бейнелі сөзімен есте қалады. Осында суретші Айша Ғалымбаева туралы шағын очерк бар. Бұл материалдан дарынды апамыздың ерен еңбегі, сол арқылы туған республикамыздың тынысымен танысамыз.

А.Ғалымбаева үлкенді - кішілі үш жүздей картина жазыпты. Бұлардың әрқайсысы алуан тақырыпта жырлайды. Ал біз үшін тың тақырыбы өте қымбат. Әсіресе “Қостанай пирамидалары” көрермендердің есіне ұзақ сақталады. Біз атақты суретшімен кездескендей әсер алдық. Олай болса ол шығарманың автор мақсатынан шыққаны ғой деп ойлаймыз.

“Атамекен” кітабы “Жалын” баспасынан мектеп оқушыларына арнап шығарылған. Сондықтан автор шығармасын барынша жеңіл, қысқа, тартымды етіп жазған.

Бұл орайдағы еңбегі жеміссіз емес. Кітап туған ел, оның өндірісі, өмірді жаңартушы еңбек майталмандары, табиғат тамашалары, әсем құрылымдары туралы үлкен толғаныспен жазылған. Жинақтың жас оқырмандарын ойландырып, толғандырады хақ.

“Атамекен” – туған ел, оның абзал адамдары туралы толғау. Біз кітаптың тіліне, автордың тақырыбын толық игере білуіне ризалық білдіреміз. Бұл кітап балаларға арналған өте құнды, тамаша базарлық дегіміз келеді.

“Коммунизм таңы” (Қостанай облысы) 24 ноябрь, 1984 ж.

ЕЛБАСЫ

жайлы ел-жұрты әңгімелеген тұңғыш жинақ
“Ана тілі” баспасынан жарық көрді

Өмір - жасампаз. Сол жасампаздықтың жадысы - тарих атты шашасынан шаңы үзілмейтін шежіренің айтулы да айшықты беттері болады.

Қазақстан үшін ол- тәуелсіздігіміздің бес жылы.

Кеше ғана сияқты еді... Қас-қағымдай болмай бес жыл да өте шығыпты. Тұманы түріліп, мұнары сейіліп, көкжиегі кеңейіп, көк байрағы желбіреген халқымыздың - қайта түлеп, қайыра қанат қаққан халқымыздың ғасыр тоғысындағы ғаламат істері ұрпақтан ұрпаққа кетер, аңызға да ұласар әлі...

Осы аз уақыт аралығында халқымыздың бастан кешкені де қат-қабат, басқан іздері де сан мың тарау. Бұрынғы ескі жүйеден құтылып, оның қасаң қағидаларынан арылып, жаңа қоғамы қадамдарға бет бұру, экономикалық қатынастардың жаңа жүйесіне көшу - тәуелсіздігін алған жас мемлекет үшін, оның еркіндікті аңсай күтіп арманына жеткен халқы үшін ғасырға пара-пар күндер мен жылдарды алға тартты.

Тосқауылдан тайғанақтамай, қиындықтан қаймықпай, тірлік пен білікті тең ұстаған халқымыздың бағына Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтай перзентінің ел басқаруы- тарихтың сыйы!

Барлық істердің басында тұрған, елінің құрметі мен ұрметіне бөленген Елбасы - Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев халқымызбен, елімізбен, жерімізбен, біздің тарихымызбен тіні бір ажырамас біртуар тұлға екені де баршаға мәлім.

Республикалық “Ана тілі” баспасынан шыққан “Елбасы” атты кітап, міне, біздің тұңғыш Президентіміз жайлы жан-жақты сыр шертеді. Бұрын қалың оқырман қауым Нұрсұлтан Әбішұлының өз туындыларымен жақсы таныс

болса, бұл кітапта зиялы қауымның көкірек көзі, ой-зердесі арқылы тұңғыш Президентіміздің бейнесі сомдалады.

Кітап екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде еліміздің белгілі қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, философтар, тарихшылар, журналистер, ғалымдар ойға ой жалғап, Президенттің коллективтік портретін жасайды. Ол авторлар тобын: Әбу Сәрсенбаев, Әлжаппар Әбішев, Хамит Ерғалиев, Халифа Алтай, Морис Симашко, Сағадат Нұрмағамбетов, Асылы Османова, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Жабайхан Әбділдин, Бибігүл Төлегенова, Тұрған Тоқтамов, т.б. кұрайды.

Кітаптың екінші бөлімі- Президенттің сұхбаттарынан тұрады. Мұнда Нұрсұлтан Назарбаевтың “Россия”, “Независимая газета”, “Аргументы и факты” және “Егемен Қазақстан” газеттеріне берген әр жылдардағы сұхбаттары топтастырылған. Мұнда уақыттың өзекті мәселелері төңірегіндегі әңгіме барысында Елбасының саясаткерлігі, көрегендігі, білімдарлығы, реформаны жүргізудің нақты бағыттарын белгілеудегі басты ролі, парасаттылығы, айтқыштығы, адамгершілігі мен азаматтығы әр қырынан жарқырай ашылып, төңті етеді.

Қазіргідей қиын уақыт Президентке де рухани демеу, қолдау өте қажет. Бұл кітап, сондай-ақ халықтардың басын біріктіруге, ынтымағын күшейтуге, сол арқылы Елбасының парасатты тұлғасын биіктете түсуге игі әсері мол басылым деу ләзім.

Белгілі қаламгер - журналистер Жақау Дәуренбекұлы мен Жанат Елшібековтің оосындай игілігі іске мұрындық болып, кітапты құрастырушылық еңбектерін де елеі кеткен орынды.

Кітап әсем безендіріліп, шапшаңдатылған әдіспен екі аптаның ішінде жарық көріп отыр.

“Егемен Қазақстан”, 1 қаңтар 1997 жс.

Бейбіт САПАРАЛИН,

журналист- ғалым

ТУҒАН ЕЛГЕ САЯХАТ

Республика оқырмандарына өзінің очерк кітаптарымен танысып жүрген журналистердің бірі- Жанат Елшібеков “Жалын” баспасынан жақында шыққан жаңа жинағын “Атамекен” деп атапты.

Бір-бірімен тығыз ұштасатын төрт тараудан құралған кітаптың әр парағын ашқан сайын әрқилы сырға қанығасың. Туған елге саяхат- Отанымыздың жүрегінен басталады да, ондағы Кремльге, Қызыл алаңға, көсем Мавзолейіне, еліміздің мемлекеттік туына деген Совет азаматының іңкөрлігі фотоәңгімелерден айқын көрініс тапқан.

Бір мезетте Волоколам, Нелидово, Дубосеково, Горюны, Гусеноводағы сұрапыл шайқастарда қасықтай қаны қалғанша күрескен ерлерді еске алсақ, бірде революция бесігі- Ленинградтағы тарихи ескерткіштер алдында ойға батамыз, келесі бір сәтті-”Алатаудың алқасы” атанған Алматыны аралап, кең байтақ Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі тамаша табыстардың куәгері боламыз. Әрбір әңгімені оқыған сайын және сол әңгіме идеясын жалғаған суреттерді көре отырып, автормен бірге сапарда жүргендей әсерде қаласың. Оқырманды бірден еліктіріп өкетіп өзіне ертіп алу - автор шеберлігінің бір қырын танытқандай.

“Өскен өлке өркендері” тарауында-миллиартар мекені жөнінде, түлеген түбек Маңғыстау мен әлемге әйгілі Екібастұз жайлы ой өрілсе, “Жердегі жарқын жұлдыздар” бөлімінде қос алып Ыбырай Жақаев пен Жазылбек Қуанышбаевтың, халық суретшісі Айша Ғалымбаеваның, әкелі-балалы балықшы Жұмашевтардың, сондай-ақ металлург Асқар Байдағұлов, күрішші Райгүл Жалғасбаева, шопан Гүлбике Оңғарбаева

ескілді жас еңбек озаттарының портреттері шынайы сомдалған. Соңғы тарауда да қамшының өріміндей қосыла өрілген сөз бен сурет кербез Көкше келбетімен, Бурабай ауылындағы табиғат музейімен таныстырады. “Аялы алқан” атты шағын этюдте адам қолынан жем жеп үйренген сүйкімді тиін туралы сөз қозғала отырып, табиғатты қорғау проблемасы көтеріледі.

Айта кетерлік бір жәйт, Жанат өз туындыларына - фототәңімелер деп ат қойыпты. Журналистика жанрларын сапалық жағынан байытауға қосылған бұл үлес- автодың қабілеттілігін танытады. Айтылар ойды оқырман санасына әсерлі етіп жеткізуде нақты фотосуреттердің атқаратын ролі зор. “Достықта жоқ шекара”, “Алатаудың алқасы”, “Лүпілдейді Екібастұз жүрегі”, “Ауыл академиктері сияқты айдарлар журналистің тақырып қоюдағы тапқырлығын көрсетеді. Көркем тілге суарылған көркем ой кітаптың өн-бойында өрбіп отырады. Журналистің бір ерекшелігі-нақты цифрлық көрсеткіштерді адам қызығарлықтай ойната білуінде. Мәселен, “Шалқар даламызды-шығысынан батысына дейін Күннің жүріп өтуіне үш сағат уақыт кетеді екен”. “Қаланың миллион тұрғынының әрқайсысына 76 текше метр жасыл желектен келеді”, т.б. тіркестер оқушының көкейіне қона кетеріне дау жоқ.

Жалпы алғанда, Жанат Елшібековтың бұл жинағының жұртшылыққа айтары мол. Негізгі өзгешелігі-жанр жаңалығы. Ал, тұтасымен алғанда, журналистің тартымды тілге, көркем ой мен ойнақы фактілерге сүйенуі - шығармалардың шоқтығын биіктете түскен.

“Білім және еңбек” журналы, N12, 1984 ж.

Жұмабек КЕНЖАЛИН,
журналист

“АТАМЕКЕН”

Қаламы қарымды журналист Жанат Елшібековтың есімі оқырман қауымға бұрыннан да таныс. Кезінде оның “Жауқазын”, “Студенттік меридиандар”, “Сен білесің бе?”, “Алтын үя” атты кітаптарынан лайықты бағасын алғаны белгілі. Автордың “Студенттік меридиандары” студент жастар өмірін, оның ішінде бесінші еңбек семстрін ойдағыдай өткізіп жүрген құрылысшылар отрядтары туралы жазылған алғашқы туындылардың бірі ретінде бағаланса, ал “Сен білесің бе?” атты кітабы. Қазақстан Журналистер одағының сыйлығына ие болды. Үздіксіз творчестволық ізденіс үстінде келе жатқан журналист жуырда өз оқырмандарына тағы бір дүниесін ұсынды. Ол - “Атамекен” деп аталатын әңгімелер, эсселер жинағы.

“Атамекен” өзінің аннотациясында жазылғанындай, Отанымыздың жүрегі - Москва, революция бесігі Ленинград туралы сыр толғап, ұлан-байтақ республикамыздың қарышты қадамын, оның келбеті жайында әңгіме өрбیتуді мақсат еткен. Шынында да қолымыздағы 168 беттік кітаптың соңғы парағын жапқанда автордың нысаналы еңбек еткеннің, көп ізденіп, абыройлы жұмыс тындырғанының куәсі болдық. Осылайша пікір түйдік те, төрт бөлімнен тұратын туындының әр бетіндегі зейнетінен бейнеті молырақ журналистік сапарларда тірнектей жиналған тамаша фактілермен, толымды деректермен іштей сырластық.

Кітаптың өзге ерекшеліктеріне тоқталмас бұрын ең алдымен айтарымыз - автор тілінің жатықтығы. Әңгімелер көбіне нақтылы тарихи деректермен басталады да, өзіміздің өміріміздегі күнделікті болмыспен сабақтасады. Мұндай

тұстарда Ж.Елшібсковтің сөз қолдану шеберлігі, өзіндік қол таңбасы айқын байқалады. Публицистикалық пафоспен орбитін әңгімелер оқырманын сәт сайын ынтықтыра жетелеп отырады. Мәселен “Москва!” Қашанда асқақ та салтанатты естілер осынау жалғыз ауыз сөзді ең алғаш қай жасымда, қай күні айтқанымды білмеймін. Әйтсеуір, “апа”, “көке” тәрізді тілашар санаулы сөздердің бірі болғаны анық (5-бет). Бұл құрғақ таңданыс, тамсану емес. Мұнда автордың жүрек лүпілі бар. Кітаптың бағасын өсіріп тұрған да осындай оқырманын сезім шуағына бөлейтін жолдар. Шығармаға қойылатын ең басты талап-тілдің байлығы, құнарлығы, шұрайлығы болу керек десек, автор, міне, бұл міндет өрісінен көріне білген.

Жоғарыда біз, кітап төрт тараудан тұрады дедік. Өзара бірін-бірі толықтырып, кітап мазмұнының ашыла түсуіне қанаттас болған бұл тараулар “Таң нұрындай арайлы”. “Өскен өлке өркендері”, “Жердегі жарқын жұлдыздар”, “Сұлулық өлеміне саяхат” деп аталады.

Алғашқы тарау бүкіл бітім-болмысымен тарихты таңданып келе жатқан Советтер елінің астанасы Москва, СССР-дің Мемлекеттік туы туралы толғаныстармен ашылады. Мұнан соң автор Ленин Мавзолейі жайындағы өзінің көргендері мен білгендерін түйеді. Совет халқы Ұлы Жеңістің 40 жылдық мерекесі қарсаңында тұр. Ал мұндай сәттер күні кешегі от кешу жылдардың куәсі болған қалалар мен селолардағы, майдан далаларындағы сұрапыл соғыс суреттері санада сансыз рет қайталанатыны да ақиқат. Иә, өткенімізге ой жіберіп, Ұлы Жеңіс салютінің жақындай түсуіне үлес қосқандар рухы алдында әрдайым бас иеміз. Атадан балаға мирас болған тамаша қасиет жас ұрпақтың желбірете ұстар туына айналып келеді. Осы ізгі дәстүр кітаптағы “Дубосекково немесе N251 биіктік” деп аталатын эссеге арқау болған. “Қасиетті жеріміздің сүйемдей пұшпағын жау табына тастағысы

келмеген 28-дің сом тұлғасы, кескін-келбеті шетінен елестеп өткендей... “Айрықша қақаған қарашаның суық күндері, түіп тұманына бөккен ауа... Өрт пен оқ-дәрінің аңқыған иісі... Тынымсыз гүрсіл мен жарылыс...” Мәне, осы жолдарды оқып отырып, сол сәт өзіңіз де сонау ерлік мекенінен оралғандай сезінесіз.

Автор сол қасиетті жерді былайша көреді: “Шайқас алаңы... Баяғы окоп... Нақ өзі... Жаңбыр мен еріген қар суы шайып, кеміре бергендіктен ордың қабырғасын бөренелермен өріп, табанына цемент құйыпты. Тас баспалдақтар еріксіз төмен жетелейді. Окоптың жыланша ирелендеген жықпыл-жықпыл сүрлеуі жабық блиндажға апарады. Іші қап-қараңғы, сыздан дымқыл иісі сезіледі. Бәрі-бәрі... Бұдан қырық жылғы қиян-кескі айқасты еріксіз көлбеңдеті-ау. Күн құрғатпай лек-легімен ағылып жататын адамдар үн-түнсіз батырлардың рухына тағзым етіп, бастарын иеді”.

Кітаптың екінші бөліміне жері жомарт республикамыздың бүгінгі тынысы, ондағы әлеуметтік өзгертулер, тың өлкесінің толағай табыстары арқау болған. Мұндағы алғашқы эссенің “Қазақстан-ғажапстан” атаулы да тегін емес. Бүгінде “жүз тілдің планетасы” атанып отырған Советтік Қазақстан қадамы “Алатаудың алқасы”, “Миллиартар мекені немесе нан туралы толғау”, “Түлеген түбек”, “Лүпілдейді Екібастұз жүрегі” деп аталатын өңгімелердің өзегі. Автор өзінің көрген-білгендерін баяндап қана қоймайды. Мұнда оқырманға мол мағлұмат беретін деректер бар. Әсіресе, Ж.Елшібековтің Алматы қаласы жөніндегі туындысы кітаптың мазмұнын байытып тұр. Келесі бөлімнің “Жердегі жарқын жұлдыздар” деп аталуында да бір сыр бар. Иә, жердегі жұлдыздарды қалай ұғамыз? Олар да астрономиялық денелер секілді жаңа ма екен? Автордың түйуінше, ерен еңбегімен елді нұрлы шуағына бөлеп отырған-дикандар, малшылар, механизаторлар, міне, жер жұлдыздары

осылар. Сондықтан да ол жер жұлдыздары жайындағы өңгімелері ауыл акедимиктері туралы толғаудан бастайды. Ыбырай Жақаев, Жазылбек Қуанышбаев жайын да жазылған дүние екі алыптың мінез дархандығын көз алдыңызға алып келеді. Осы бөлімдегі “Бір мысқал мыс”, “Әне сұлу Сыр”, “Елу миллионға үлес”, “Толқынды үлес”, “Толқында туғандар”, “Туған топырақ бояулары” деп аталатын өңгімелер де әкелер даңқын абыроймен жалғастырып келе жатқан жас қайраттар жөнінде сыр шертеді. Соңғы бөлім - “Сұлулық әлеміне саяхат”. Мұнда Ақ еділдің төменгі жағалауларынан асқарлы Алтайдың бауырына дейін 3000 шақырым жерді алып жатқан ұланғайыр Қазақстанның өзіне ғана тән қайталанбас табиғаты туралы жазылған өңгімелер топтастырылыпты. Әсіресе автордың жыл мезгілдері жөніндегі “Қаңтарда жауған жаңбыр”, “Сәуір саздары”, “Мамыр моншақтары” деп аталатын этюдтері оның туған табиғаттың суреттерін өзінше түсініп, өзінше түйе білетіндігін аңғартады.

“Атамекеннің” тағы бір құнды тұсы өрі өңгіме, өрі эссе фотосуреттермен қоса берілген. Ал, бұл суреттердің шығарманы байытып тұрғандығын анық. Кітаптың полиграфиялық безендірілуі де сәтті шыққан.

Қорыта айтқанда, өз оқырмандарына жаңа туынды тарту еткен журналист Жанат Елшібековтің бұл қадамы құптарлық. Демек, “Атамекен” оқушы талғамынан шығары сөзсіз. Ал, бұл-қалам ұстаған жан еңбегінің басты өлшемі болса керек.

“Торғай таңы” /Торғай облысы/, 12 январь, 1985 ж.

Қуанбек БОҚАЕВ,
журналист

ТУҒАН ЖЕРГЕ САЯХАТ

Соңғы жылдары республика оқырмандарына есімі кеңінен таныла бастаған талантты журналист Жанат Елшібековтің жуырда “Жалын” баспасынан “Атамекен” атты кітабы жарық көрді.

Республикалық баспасөздерде публицистикалық мақалалары мен очерктері жиі жарық көріп жүрген Ж.Елшібековтің бұған дейін бірнеше кітаптары басылып шыққаны белгілі.

Ал, “Атамекен” кітабында ол талантының тағы да бір қырын таныта білген. Бұл туынды тек фотоэтюдтер ғана емес, публицистикалық мақалалар жинағы деп атауға да болады. Өйткені кітаптың негізгі жүгін фотосуреттер емес публицистикалық мақалалар көтеріп тұрғанын оның беттерін парақтап оқи келгенде айқын аңғарып Ж.Елшібековтің енді біз публицист ретінде де танығандай болдық. Бұл еңбегінде автор туған жер деген ұғымды тар шеңбермен шектемей, бүкіл Советтік Отанымыз территориясы көлемінде алып түсіндіруге ұмтылыс жасаған. Кітап “Отанымыздың жүрегі” деген мақаламен ашылыпты. Автор Москваны аралап жүргендігі өз әсерін ғана өрнектеп өте шықпайды, қасиетті орындарға мыңдаған меймандармен бірге қазақстандық еңбек өрендері келгенін хабардар етіп олардың да ой-толғаныстарын білдіре отырып, солар болып тебіренеді. Осындай тебіреніспен автор “Кировец” тракторларын шығаратын алты орденді Киров заводының табалдырығын аттайды. Ол заводты аралай жүріп оның шежіре сырын, қол жеткен табыстарын Қазақстанға берген көмек-қолқабыс туралы әңгімелей отырып Павлодар трактор заводының іргетасы қалай қаланғанын, оның өркендеу

барысы туралы кеңінен сыр толғайды. Сөйтіп, кітапқа үңілген оқырманның көз алдына Ертістің өсем иінінде асқақтай бой көтерген Павлодар қаласындағы трактор жасаушылардың мәдениет сарайындағы жастардың кешкі ойын-сауығы, сарайдан шыққан жұмысшылардың жасыл желек көмкерген гүлзерлердің арасымен қайтып бара жатқаны елестейді. Ленинград пен Павлодар қаласының тыныс-тірлігі бір-бірімен астастырыла келе мақала Ертіс жағасындағы мынандай көрініспен түйінделеді. “Гүлзар бойын қуалай әдемі орнатылған Ленинград көшелеріндегідей алты қырлы шырақтар көгілдір Неваның самаладай жарқыраған оттарын елестетеді. Сәулетшілердің үздік қиялынан туған тамаша гимараттар осы бір тұстан тым асқақ, тым сұлу көрінеді”. Мұндай салыстырулар ыстық сезім алауына малына көркем тілмен көрікті суреттермен әңгіме арқауына айнала отырып, туған жерге деген сүйіспеншілікті автордың барынша терең ұғындыра білуі оның журналистік шеберлігін де аңғартса керек.

Кітаптың келесі бөлімдерінде Қазақстанның көрікті жерлері, әйгілі орындары, сәулетті қалалары екінің бірі байқай бермейтінін, байқаса да жиі айтыла бермейтін өзгеше қырынан, айшықты боялармен суреттеледі. Бұларды оқи отырып, біресе Маңғыстау түбегіне ару астанамыз Алматыға сапар шегіп, енді тың көтерген астықты алқаптағы ауыл-селоларды аралап, республикамызды шарлап шыққандай боламыз. Сөйтіп қайда барсаңыз да небір сұлу суреттерге, ерен ерліктер мен ғажайып құрылыстарға, тамаша құбылыстарға тап боламыз. Өзіміз күнде көріп күн сайын естіп-біліп жүрген әйгілі орындарды енді ғана бір қырынан байқап, одан өзгеше өрнектер аңғарасыз. Мұның өзі автордың осынау “Атамекен” кітабын жазу жолындағы мол ізденісін аңғартса керек. Мәселен “Лүпілдейді Екібастұз жүрегі” деген мақалада қоңыр көмір қорын баянауылдық зергер Қосым Пішенбасев алғаш қалай

тапқанын. Екібастұз атауы қалай пайда болғанын тартымды өңгімелей келе автор әлемді теңдесі жоқ алып ГРЭС-терді салудағы совет адамдарының таланты мен қаһармандығын кеңінен толғайды. Сөйтіп ол “Ертіс өңіріндегі алып Американың 31 электостанциядан тұратын жалпы қуыты 13 миллион киловаттық “Теннисси” энергетикалық комплексінен өлдеқайда асып түседі” деп салыстыру жасайды.

Кітаптың тағы бір ерекшелігі мұндағы әр мақаладағы фактілерге орай көптеген фотосуреттер берілген. Мұның өзі мақалалардың нанымдылығын арттырып, тартымды ете түскен. Мұндағы мақалалар мен мазмұнына орай “Таң нұрындай арайлы”, “Өскен өлке өркендері”, “Жердегі жарқын жұлдыздар” және “Сұлулық өлеміне саяхат” деген тақырыптар беріліп, төрт бөлімге жіктелген. Кітап жасөспірімдерге арналып жазылғанымен де жалпы қалың оқырмандардың жақсы серігі бола алатынын, сондай-ақ жас журналистерге шеберлігін шыңдауда үлгі-өнеге дарытарлықтай екенін айқын аңғарғандай болдық. Сонымен қатар Ж.Елшібековтің бұл еңбегі кітап шығару өнерінің соны жетістіктерін танытарлықтай жоғары талғамға сай көркем безендірілуінде де автордың ізденістерінің табы байқалып тұр.

Бір сөзбен айтқанда “Атамекен” жинағы журналист шеберлігінің нәтижесінде шағын туындылармен де қаламгерлік өнерді көрсетуге болатынын нақтылы дәлелдей алады.

“Қызыл ту” /Павлодар облысы/, 5 февраль, 1985 ж.

Гүлзия ПИРӘЛИЕВА

ЖИНАҚ АРҚАУЫ – АДАМГЕРШІЛІК

Соңғы жылдары қай-қайсымымыздың да қабағамызды қайыстырып, қалың күдіктің қамауында “Кітап неге өтпейді?” деген сауалдың тууына не себеп? Шынында да, кітап дүкендерінде шаңға батып тұрған кітаптар қаншама? Неге өтпейді, олардың оқырмандары қайда? Елуінші, алпысыншы жылдарғы кітап дүкендеріне түскен жаңа басылымдардың өп-сәтте таусылып, орындары жылан жалағандай болатын рухани аштық қайда? Халық неге рухани игіліктен тез тойынып немесе жерініп қалған. Оның себеп-салдары қандай, түп-тамыры қайда жатыр деген сауалдар санамызды соққылағанда, еріксіз кітап дүкендерін аралауға, елдің, өсіресе, жастардың пікірін білуге асық боласыз. Сондай сәттерде көз жеткізіп, куә болатын жайларыңыз мыналар: дүкен сөрелерінде сіресіп, бірнеше жылдар бойына қойылған орнынан қозғалмай тұратын кітаптардың көпшілігі-жинақтар және салалық кітаптар, оқулықтар және тағы басқалары. Қайсы бір жеке кітапханалармен таныссаңыз да тек классикалық, көркем, тарихи шығармаларды көресіз. Үй иесінің мамандығына немесе әуестігіне байланысты салалық кітаптар болмаса, топтама жинақтар жиған бірде-бір жеке кітапхананы да кездестіре алмайсыз

Ал, бізде “Еңбекпен есейген ерлер” атты сериямен жыл сайын орта есеппен 9-10 кітап жарық көреді. Оған “Қайнардың” еңбек адамдары туралы кітаптарын, “Жазушы”, “Жалын” баспаларынан жыл сайын жарық көріп жататын коллективтік очерктер жинағын қосыңыз. Біздің есептеуіміз бойынша кітап дүкендерінің сөрелерінде сіресіп, кітап санын көбейтіп тұрғандардың дені осы жинақтар екендігіне еріксіз көз жеткізесіз.

Бұл кітаптардың, коллективтік жинақтардың жанрлары да, тақырыптары сан алуан. Десек те, оларға ортақ олқылықтар жеткілікті. Атап айтар болсақ. “Қайнар”, “Жазушы” және “Жалын” баспаларынан жыл сайын жарық көріп жататын сериялы кітаптар мен жинақтардың кейіпкерлері көбіне ортақ болып келеді. Олардың оқырмандарға айтар жаңалықтары да тапшы. Себебі, ондағы очерктердің дені республикалық “Социалистік Қазақстан”, “Лениншіл жас” газеттерінде және салалық журналдарда жарияланған болып шығады. Мұндай дүниелерді тағы да жинақтап, бірнеше мың тиражбен шығарғанда ұтпағымыз не? Оның үстіне жинаққа енгізілген дүниелердің көпшілігі очерк жанрында, онда кейіпкердің өмірбаяны немесе оның бір эпизоды ұзақ-сонар суреттеледі, сонысымен де кейде адамды жалықтырып жібереді.

Алайда, топтама жинақтың өзін жеке туындысындай қастерлеп, жоғарғы жауапкершілікпен қарайтын журналист қауымның баршылық екендігін де естен шығармағанымыз жөн. Кез-келген шығармасы мен жинағын оқушы қауымға ұялмай ұсынатын журналистің бірі – Жанат Елшібеков. Туысында творчестволық ізденісі, жан-жақтылығы, елді елең еткізерлік тың дүниелерді табуға, жазуға күштар журналистің жаңа жинағы “Арыңды жасыңнан сақта” деп аталыпты. Жинақ бүгіндері бүкіл әлемді толғандырып отырған адам факторы, адамгершілік, ізгілік, ар-ұят мәселелерін және жастар проблемаларын алға тартады. Құрастырушы қазақтың белгілі жазушы, ғалым, журналистерінің мораль тақырыбына арналған сүбелі дүниелерін талғай, іріктей білген. Қай мақаланы оқысаңыз да, қазіргі кезең келбеті, жастар бейнесі, олардың рухани дүниесінің қалыптасу жайына қанығасыз. Жинаққа енген белгілі жазушы-журналистер Әбіш Кекілбаевтың, Сапар Байжановтың, Өтебай Қанахиннің, ғалымдар Досмұхамед Кішібековтың, Мақаш Тәтімұхаметовтың публицистикалық

мақалалары мен әңгіме-очерктері оқушысын еріксіз ойландыратын туындылар. Және тек аталған авторлардың мақалалары жинақтың көтеріп отырған жүгін ақтайтын секілді. Мысалы, белгілі жазушы Әбіш Кекілбаевтың “Кім болсаң да бауырым...”, “Өзің ойланып көрші студент...” атты екі бөлімнен тұратын “Азаматтың кемел бейнесі” деген шығармасы философиялық тереңдігімен оқушысын тартады. Елдің ертеңін ойлағын азаматты бүгінгі жастардың жайы, проблемалары толғандыратыны табиғи нәрсе. Олай болса қаламгер, әрі қайраткер Әбіш Кекілбаевты ауылдан қуып келген абитуриенттен бастап бүгінгі студенттің, ертеңгі маманның білім деңгейі, мәдениеттілігі, жалпы адам интеллектісі жайлы толғанысы қатты ойландырады. Жазушының жастарға қояр талабы мен міндеті мынадай: “...Қазіргі жас қыз бен жігіт жоғары білім туралы дипломды алсын мейлі, алмасын мейлі, заводта металл жонсын, жайлауда қой бақсын мейлі, адамзат ұрпағының ғасырлар бойы жинап-терген білім қорынан бір күн де, бір сағат та қол үзбеуге, қалайда интеллигент болуға міндетті”.

Ал, Мақаш Төтімұлының “Семья жарастығын ойласақ” атты мақаласында бүгінгі демографиялық жағдай жан-жақты әңгіме болады. Оның мақаласы нақты деректерімен қызықты да тартымды. Әсіресе, жасы келген қыздардың тұрмысқа шықпай қалуы, соның салдарынан халық санының өсімі кеміп отырғандығы, сондай-ақ түрлі экологиялық апаттардың сәби өлімін көбейтуге себеп болуы, және біздің елімізде әлі күнге дейін әлеуметтік мәселелердің толық шешілмеуінен баланы шектеу, тағы басқа да толғақты мәселелер кеңінен қамтылған. Сондай-ақ, қазіргі жастар бойынан кездесетін жақсы қасиеттермен қоса көлеңкелі жақтары да басқа авторлардың әңгімелерінің, очерктерінің өзегі болыпты. Олардың қатарына жазушы З.Ахметованың “Ынтымақты от басы -қоғамның

ұйытқысы”, журналист Н.Муфтаховтың “Асыл қасиет”, С.Байжановтың “Ар көпірі” атты туындыларын қосуға болады.

“Арынды жасыңнан сақта” атты жинақтағы мақалалардың оқылуына, оқырмандардың қызығушылығын тудыруда ондағы суреттердің атқарып отырған ролін атап өту керек. Жинақтың әрбір бетіндегі суреттер өзінің ерекшелігімен, тың ізденісімен айшықты. Біздің көп кітаптардағы бір текті сұрқай сурет мұнда жоқ. Тіпті әрбір мақаланың берілу тәсілінің өзгеше, соны ізденістердің барлығы байқалады. Шетелдік басылымдардың безендірілу, көркемдеу тәсілі мұнда өзіндік өрнегін тапқан. Бір сөзбен айтқанда суретші Р.Хальфиннің жинақты көркемдік безендірудегі еңбегін елеусіз қалдыруға болмас.

Жалпы, жинақ тек жастардың ғана емес, көпшілік қауымның қызыға оқитын шығармасына айналары ақиқат.

“Алматы ақишамы”, 26 қаңтар 1990 ж.

ҚИЛЫ-ҚИЛЫ ҚЫЗЫҚТАР

жеке кітап болып “Өнер” баспасынан жарық көрді.

Қазіргі қаржы тапшылығы баспалардың да еркін көсіліп кетуіне мүрсат бермей отыр. Кезінде өз оқырмандарына апта сайын емес-ау, тәулігіне бір жаңа кітап ұсынатын баспалар бұл күнде ең қажетті, ең керекті дүниелерді ғана іріктеп шығаруда. Уақытша қиыншылықтың толқынына малтығып батып кетпей, сирек болсын талғампаз оқырманның назарына ілігер туындыларымен көрініп жүрген “Өнер” баспасынан таяуда тағы бір ерекше кітап жарық көрді. Әсем безендіріліп, қатты мұқабамен шыққан көлемі 12 баспа табақ кітап “Мың бір қызық” деп аталады.

Атынан көрініп тұрғандай-ақ бұл кітап тұтасымен қилы-қилы қызықтарға арналған. Адамның шексіз де құдіретті, ғылым мен техниканың үздік жетістіктерін, ғарыш ғажайыптары мен табиғат тамашаларын, олардың құпиясы мен сырын ашып көрсететін қызықты метриалдар өзара сабақтас ондаған тарауларға біріктірілген.

“Адам қабілеті шексіз”, “Ғасырлар қайнауында”, “Ең...ең...ең...”, “Сұмдық-ай, мұндай да болады екен!”, “Естімеген елде көп”, “Әйгілі есімдер төңірегінде”, “Сенесіз бе, сенбейсіз бе?” т.б. бөлімдердегі адам айтса сенгісіз таңғажайып оқиғалар, қызықты деректер ешкімді де бей-жай қалдырмайтыны анық. Бұл кітаптан ЭВМ-ді жаңылдырған адам, тәй-тәй жүрмей жатып екі тілде сөйлеген бөбек, қанатын қақпастан 96 шақырымға дейін ұшатын құс, мылқаулар тілін білетін маймыл, есімі 622 өріптен тұратын жігіт пен 104 жастағы студент т.б. туралы алуан-алуан қызықтарды оқисыз. Сонымен бірге ғылым мен техника өлеміне, табиғат құпияларына, ғарыш ғажайыптарына да жеке-жеке бөлімдер жинақталған.

“Мың бір қызық” кітабы негізінен “Егемен Қазақстан” газетінде соңғы төрт-бес жыл бедерінде тұрақты жарияланып келген “Қилы-қилы қызықтар” айдарымен жарық көрген материалдар топтастырылған. Оларды түрлі басылымдардан аударып, өрі құрастырған журналист Жанат Елшібек.

Таралымы үш мың дана.

“Егемен Қазақстан”, 21 қазан 1995 ж.

ӘР АУЫЛДЫҢ ӨЗ ҚОЖАНАСЫРЫ БАР

Қазіргі қиыншылық кезінде республика баспаларынан кітап шығару оңай болмай отыр. Жарық көрген кітаптардың өзін іздеп жүріп сатып алатын оқырмандардың қатары да сиреп бара жатқанға ұқсайды. Сөйтсе де, соңғы жылдары “Өнер” баспасынан шығып келе жатқан “...деген екен!” атты жинақтар топтамасы көпшілік назарын аударуда. Қазірдің өзінде бұл серияның алтыншы кітабы оқырмандар қолына тиді.

Қалың оқырманның ілтипатына бөленген осы кітаптармен үндес “Өнердің” жаңа туындылары “Ауылдың айтқыштыры” деп аталады. Оның бірінші және екінші кітапшасы жарық көрді. Иә, ел іші, халық арасы қашанда сөзге ұста, тауып сөйлейтін шешендер мен айтқыштарға кенде болмаған ғой. Қара сөздің қадірін білетін халқымыз оларды әрқашанда бағалай білген, орынды да ұтқыр айтқан уытты өзілдерін ауыздан-ауызға таратып жадында ұстаған. Ұшқыр, ұтымды қалжың сөздер, орынды өзіл-оспақтар иелерін республикамыздың кез-келген түпкірінен жолықтырасың. Олар жөнінде жерлестері әрдайым қызыға да тілге тиек етіп отырады. Сондықтан да өркім-ақ “Өз ауылымыздың Қожанасыры бар” дейді. Міне бұл екі кітапшаға журналистер Х.Тілемісов, М.Жақыпов, С. Жақсыбаев, Ө.Жаппархан, Б.Ілияс, Б.Жанымбет, Б.Сәлменов, С.Әбілқәкімтегі т.б. жазып жинаған

ауыл айтқыштарының өткір де уытты, күлкілі де әдемі жүздеген қалжыңдары, шып-шымыр туындылары енген.

Жинақты құрастырған журналист Жанат Елшібек, ал кітаптың редакторы Балжан Хабдина. Жинақ көпшілік оқырманға арналған

“Егемен Қазақстан”, 31 наурыз 1995 ж.

ҚҰТТЫҚТАУЛАР, ЛЕБІЗДЕР

Қадірлі Жанат Орынбайұлы!

Елудің биігіне көтеріліп отырған Сіздің есіміңіз бұл күнде республикаға жақсы таныс. Қазақ журналистикасы мен әдебиетіндегі өз орныңызды қаламгерлік бөлекше қолтаңбаңыз арқылы, қалың оқырмандарыңыз сүйіп қабылдаған тартымды туындыларыңыз арқылы айқындап бердіңіз

Алаулаған жастығыңыздың маңызды жылдарын мәңгі жас “Лениншіл жас” (Бүгінгі “Жас алаш”) газетінде өткіздіңіз. Өршіл сезімге толы қауырсын қаламыңызды жазу өнерінің нағыз ұстаханасында шындадыңыз. Сөйтіп Сіз ой-қиялыңызды жастықтың от-жалынымен ұштаған талантты журналист болдыңыз. Өз бет-бейнеңізді, қаламгерлік қолтаңбаңызды репортаждар мен суреттемелерді, лирикалық көркем очерктер айшықтаған алуан тақырыптағы публицистикалық мақалаларды жинақтар болса әлденеше том болар еді. Олардың дені “Жауқазын”, “Студенттік меридиандар” “Алтын ұя”, “Атамекен”, “Зерек”, “Жоғалған теңіз” тәрізді кітаптарыңызға енді.

Қадірлі Жанат Орынбайұлы, баспасөзде қызмет еткен отыз жылға жуық уақытыңыздың тура жиырма жылын қазақ баспасөзінің қара шаңырағы “Егемен Қазақстанда” өткізіп келесіз. Бөлім меңгерушілігінен редакцияның жауапты хатшысы, алқа мүшесі қызметіне дейін көтерілдіңіз. Осынау аға газетке төккен маңдай теріңізді оның сарғайған, тарих парағына айналған беттерінен әркім-ақ оп-оңай тауып алар еді. Оқырманы, ел-жұрты сыйлаған Сізді мерейтойыңызбен

құттықтап зор денсаулық, жаңа шығармашылық табыс,
отбасыңызға амандық, бақытты ғұмыр тілеймін!

Қазақстан Республикасының
Баспасөз және бұқаралық ақпарат
істері жөніндегі ұлттық агенттігінің Төрағасы
Алтынбек СӘРСЕНБАЕВ

Қ Ұ Р М Е Т Т І
Жанат Орынбайұлы!

Сізді Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты
ердің жасы елуге толған мерейтойыңызбен шын жүректен
құттықтайды!

Мерейлі бұл белесті қаламы қарымды журналист, жазушы
ретінде елеулі табыстарыңызбен қарсы алып отырсыз. Еңбектегі
өмірбаяныңызды алпысыншы жылдардың соңында
республикалық “Лениншіл жас” газетінде бастаған Сіз
ыстық-суығы мол журналистік көрікте шындалып, өдемі өрнек
өрген сөз зергері ретінде қалыптастыңыз. Бүгінде еліміздің бас
газеті “Егемен Қазақстанда” жауапты хатшы қызметінде жемісті
еңбек етіп келесіз. Жоғарғы оқу орнында оқып жүрген кезде-ақ
қызықты да қиын ребус, сөзжұмбақ құрастырып, қилы-қилы
оқиғалардың іздеушісі болған Сіз қазақ журналистикасының
тың саласына түрен салып, танымдық “Атамекен”
фотоәңгімелер кітабы мен алғырлыққа, тапқырлыққа баулитын
“Зерек” жинағының авторы атандыңыз. Байқампаздық пен
талғампаздық, сергектік пен сезімталдық толысқан жан
дүниенің үшқыр қаламыңыздан шынайы шығармалар
туындатты. Генерал С.Рақымов жайындағы “От кешкен”
очеркіңіз журналистік ізденімпаздықтың, жалықпай зерттеудің
көрінісі. “Жауқазын”, “Алтын ұя”, “Жоғалған теңіз”,

“Шағалалар жылай ма, осы?” кітаптарыңыз ұлттық әдебиетіміздегі балалар мен жасөспірімдер, туған табиғатты қорғау тақырыптарына арналған тұшымды дүниелер қатарынан орын алады. Бірнеше туындыларыңыздың балалар мен жасөспірімдер бөйгесінде жүлде алуы шығармашылық талантыңыз бен ойлы қаламгер екендігіңіздің айқын дәлелі.

Құрметті Жанат Орынбайұлы! Осынау мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, шығармашылық табыс тілейміз.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты

Жазушы Жанат Елшібеков 50 жаста

Қадірлі Жанат Орынбайұлы! Қаршадайыңнан қалам ұстап, жазу өнерінің соңына түсіпсің және бұл жолға бекер түспепсің. Алғашқы тырнақалды туындыларыңнан бастап қалың оқырманыңды қуанытып келесің. Әу баста қаламы жүйрік, ұшқыр да, елгезек журналист ретінде көрінің, бұл күнде ел таныған жазушысың. Университеттің соңғы курсыңда оқып жүргенде-ақ республикалық жастар газеті “Лениншіл жасқа” (бүгінгі “Жас алаш”) қызметке орналасып, журналистердің, жазушылардың ұстаханасына айналған жастар басылымында өртүрлі бөлімдерді басқара жүріп, түрлі тақырыптарды қозғаған проблемалық материалдар, көркем очерктер жазып, қаламгерлік үлкен мектептен өттің. Соңғы жиырма жылға таяу мерзімде баспасөзіміздің қара шаңырағы саналатын “Егемен Қазақстан” газетінде табан аудармай жемісті еңбек етіп келесің. Аға басылымның бөлім меңгерушілігінен редакцияның жауапты хатшысы қызметіне дейін көтерілдің. Журналистика мен

жазушылықты қатар алып келе жатқан өзіңнің құнарлы қаламыңнан “Студенттік меридиандар”, “Алтын ұя” очерктер жинақтары; “Атамекен”, “Жоғалған теңіз”, Шағалалар жылай ма, осы?”, “Қарлығаш” тәрізді повестер мен әңгімелер жинақтары, “Сен білесің бе?”, “Зерек” сскілді танымдық кітаптар дүниеге келіпті. “Қош бол теңіз” повесің жастар мен балалар өміріне арналған таңдаулы шығармалардың жабық бөйгесінде жүлдеге ие болғаны белгілі. Сонымен бірге Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының үш мәрте жүлдегері болдың. Балқаш көлінің жағасында туып-өскендіктен болар, бүкіл шығармаларыңның алтын тіні- теңіз тынысы, балықшылар өмірі. Соның бір көрінісіндей бұл күнде “Теңіз мұңы” атты романыңды жазу үстіндесің. Қазақ баспасөзінде танымдық туындылар жанрының көкжиегін кеңейтуге елеулі үлес қосып келесің.

Құрметті Жанат Орынбайұлы! 50 жылдық мерейтойыңмен құттықтай отырып, өзіңе зор денсаулық, жаңа шығармашылық табыстар, отбасыңа амандық тілейміз.

Қазақстан Жазушылар одағы
басқармасының секретариаты.

“Қазақ өдебиеті”, N17 29 көкек 1997 жс.

ҚҰРМЕТТІ ЖАНАТ ОРЫНБАЙҰЛЫ!

Сізді, қазақ журналистикасының көрнекті өкілін, 50 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтап, деніңізге саулық, шығармашылық еңбегіңізге соны серпіліс тілеймін!

Еңбек жолыңызды жастар басылымынан бастап, міне, 20 жылдың бедерінде республика баспасөзінің қара шаңырағы - “Егемен Қазақстан” газетінің ыстық-суығын бастан өткеріп, бас газеттің қайталанбас қолтаңбасының қалыптасуына белсене



ат салысып келесіз. Ширек ғасырдан астам уақыт ішінде, Сіздің қаламыңыздан туындаған публицистикалық, танымдық, әдеби шығармалар қалың оқырманның жүрегіне жол тауып, жұртшылықтың сүйіспеншілігіне бөленді. Өйткені, Сіздің кейіпкерлеріңіз күнделікті өмірдің күйбең тіршілігінің көлеңкесінде қалып қоймай, адалдық пен әділдікке ұмтылып, өз елінің шуақты болашағына кәміл сенеді. Ал, егемен еліміздің болашағы – өскелең ұрпаққа берер тағлымы мол: “Жауқазын”, “Студенттік меридиандар”, “Алтын ұя”, “Атамекен” сияқты шығармаларыңыз Сіздің қаламы қарымды, кемеліне келген нағыз суреткер жазушы екеніңізді көрсетті.

Қадірлі Жәке! Ғұмырыңыздың биік асуы – 50 жасқа толған күніңізді, өнегелі өміріңіз қуанышты, шабытты күндерге толы болсын, отбасыңыздың бақыты ортаймасын, творчестволық жаңа биіктерге самғай беріңіз деген ізгі ниет білдіремін!

*Алматы облысының әкімі С.Үмбетов
Алматы қаласы, Мамыр, 1997 жыл.*

ҚҰРМЕТТІ ЖАНАТ ОРЫНБАЙҰЛЫ!

Қолына қалам ұстаған кез-келген жан үшін өз оқырманының ыстық ықыласына бөленгеннен артық бақыт жоқ. Осы орайда Сіздің есіміңіз журналист ретінде де, жазушы ретінде де қалың оқырманға әбден таныс. Өйткені, Сіздің аты-жөніңіз отыз жылдан бері республикамызда шығатын бампасөз беттерінен түспейді.

Жастар басылымы “Лениншіл жаста - бүгінгі “Жас алаш” газетінде үлкен журналистік мектептен өткен Сіз жиырма жылдан бері қазақ баспасөзінің қара шаңырағы аталған “Егемен Қазақстанда” жемісті қызмет етіп келесіз. Бөлім

меңгерушілігінен редакцияның жауапты хатшылығына дейін көтерілдіңіз. Өз кәсібіне бүкіл жан-дүниесімен берілгендіктің, өз мамандығына адалдықтың бейнесіндей көрінер тамаша қасиеттеріңіз өзгелерге үлгі өрі өнеге.

Журналистика мен жазушылықты қатар алып келе жатқан Сіздің қаламыңыздан “Жауқазын”, “Студенттік меридиандар”, “Сен білесің бе?” және басқа да ондаған кітаптар туды.

Елу атты белеске дара қолтаңбасы, өз бет-бейнесі бар қаламгер ретінде көтерілген Сізге мерейтойыңыз құтты болсын дей отырып, зор денсаулық, шығармашылық жаңа табыстар, отбасыңызға бақыт пен шуақ тілейміз

Алматы қаласының
Әкімі

Алматы қалалық
Мәслихаты

ҚҰРМЕТТІ ЖАНАТ ОРЫНБАЙҰЛЫ!

Сарыесік Атырау өңірінен кезінде асқақ арманмен астанаға аттанып, бүгінде республикамызға танымал, қаламы үшқыр, ойы жүйрік қаламгер атануыңызды біздер зор мәртебе, үлкен қуаныш санаймыз. Көпшілік сүйіп оқитын шығармаларыңның алтын арқауы ата-мекенге, алтын ұяға, айдынды Балқаш теңізіне арналуы туған жермен әрдайым кіндіктес, тыныстас екенінді жарқырата дәлелдесе керек.

Әдебиет сүйер оқырман жерлестерің де өзіңнің әр жылдардағы шығармаларыңды ден қоя, қызыға оқып келеді. Журналистика мен көркем әдебиет саласындағы ізденістерің мен жетістіктеріңе үнемі сүйсінеді, қуанады. Болашақта да туған жер мен оның адамдарының тағдыр-талайы қаламыңа желі, ойыңа өзек боларына сенім артады.



Қадірлі, Жанат! Халқымыздың үкілі үміт артатын елу жылдық мерейтойыңыз құтты болсын. Өзіңе сарқылмас қуат, баянды бақыт, шаңырағыңа шаттық, шығармашылық жаңа табыстар, ұзақ ғұмыр тілейміз. Жұлдызың жарқырай жанып, мәртебең биіктей берсін.

Қаратал аудандық
өкімінің аппараты.

Қаратал аудандық
Мәслихаты

Үштөбе қаласы , 23 мамыр, 1997 жыл



Марфуға АЙТХОЖА

Жанат Елшібекке

Бой көрсетіп қырдан да, құзардан да,
Қырмызы гүл тербелген түз, орманда-
Толқынды жағалаудан қарап тұрдың,
Сонша ма құштарлықпен қыз – арманға!

Кербез дала тағынған алқа сынды,
Кешіп өстің көгілдір Балқашынды.
Сол көгілдір толқыннан тыңдағансың,
Шағаламен қосылып сонша сырды.

Қимайтын қиянатқа қия бассан,
Ел жұттан аттанғанда ұя басқан,
Ақсудың арындаған өзені еді,
Кеудеме арылмайтын күй оратқан.

Ақ тілек, орындалып алғашқы үміт,
Биікте жыр қанатын сан қақтырып-
Сол Ақсу келе жатыр өрендерін,
Өркешті толқынында жалғастырып.

Сол Ақсу, қоңыраулаған ағады үнмен,
Сергиді сол әуеннен дала бірден
Ілияс пен Ғалиға жыр жаздырып,
Саңлақ ару, жер ғой бұл, Сара жүрген!

Сәулеленіп даланың жүзінде нұр,
Самал есер Сараның үніндей бір.
Ақсудың арынды, ақжал толқынынан,
Келе жатыр қашанғы үзілмей жыр.

Сол тұнықтан ой тұнып жанарыңа
Үн қатып келесің сен заманыңа.
Заманның арқалатқан жүгі де ауыр,
Өзіндей, елім деген саналыға!

Жыл сайын Мамыр айы келсе гүлдеп,
Бөлейді Сұлулыққа өлшемі жоқ.
Бүркітті мен Қорадай тауда өскенсің,
Қаласың,
Сол таулардың бөлшегі боп!...

1997- V- 23. Алматы

“Егемен Қазақстан” газетінің жауапты хатшысы

Ж. Елшібекке.

Қадірлі Жанат!

Қалам қуатыңды да, азаматтығыңды да мойындайтын ағаң
ретінде нағыз ер жасы – елуді ат қып мінген мерейлі
мерекенмен құттықтаймын.

Қашанда осы қанатты, санатты шағыңнан ажырамай ел
игілігіне еңбек ете беретіңіз сенемін. Жұлдызың биіктен жана
берсін!

Құрметпен,
Қазақстан Республикасының
Қырғызстан Республикасындағы
Төтенше және Өкілетті Елшісі

Мұхтар Шаханов.

Құрметті Жанат мырза!

Сіздің ердің жасы 50-ге толған мерейтойыңызбен құттықтаймын. Өзіңізге зор денсаулық, жанұяңызға үлкен бақыт тілеймін.

Егемен еліміздің баспасөзінің көш бастаушысы “Егемен Қазақстан” газетінде жауапты қызметте істей отырып, оның беттерінде жарияланған мемлекетімізді, халқымызды толғандыратын көкейкесті, күрделі мәселелерді арқау еткен сіздің көлемді де мазмұнды мақалаларыңызға қанықпыз. Өз мамандығыңыздың шебері, біліміңіздің кең ауқымды, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсете отырып сіз жора-жолдастарыңыз бен қызметтес әріптестеріңіз арасында зор сый-құрмет иесі болдыңыз.

Жанат Елшібекұлы, қиын да абыройлы шығармашылық жолда сізге әрқашан да ұшқыр қиял, қанатты дарын, творчестволық табыс тілеймін. Қаламыңыз ешқашан мұқалмай, жазған сайын ұштала берсін. Әрқашан да шығармашылық табыс биігінен көріне беріңіз.

Мәртебеңіз биіктей берсін, Жанат мырза!

Қ.Ә.Асанов

Мал азығын дайындау және
жайылым институтының
директоры:
Академик, Еңбек Ері

Қадірлі Жанат Орынбайұлы!

Қамшылаумен шабытыңның сауырын,
Мекендедің құрмет-сыйдың ауылын.

Үлгергің кеп барлық іске жүргенде,
Елуге де кеп қалдың ба, бауырым?

Жақсы жанға жолдас та көп, көрші көп,
Жалыныңнан жастарға да берші леп.
Баспасөздің балын ішкен бір қазақ,
Дер едік біз, ол Жанат қой, Елшібек.

Хас қырандай кеңге сермеп қанатын,
Ізгілікке жалғастырар хәм атын.

Жазушылар құшақ жаяр “Өзім” деп
Қарымы мол қаламдасы- Жанатын.

Білімдінің әркіммен бар таласы,
Ау, жұртшылық, Жанатты оқып қарашы.
Құпияның алған талай қамалын,
Тағы біздің Орынбайдың баласы.

Ерінбесең еңбектің бұл сыйы мың,
Әр ісінен жанға жайлы күй ұғын.

Қай жұмысты атқарса да әрқашан,
Таңдап алар жеңілі емес, қиынын.

Жас ұрпаққа Сендей жанды көру-дем,
Жаңылмассың жан жылуын төгуден.
Егеменді елге қызмет етем деп,
Ердің жасы аттамақсың елуден.

Жақын тартар жақсылардың бірі едің,
Ата берсін әрқашанда күле күн.

Жанұяда, еңбекте де бақ қонсын,
Осы еді ағалық бір тілегім.

Қапал ауданының әкімі Асылмұрат ТҮРҒАНБЕКОВ.

Қапал ауылы, 23 мамыр 1997 ж.

“Егемен Қазақстан” газетінің жауапты хатшысы
Ж.Елшібеков мырзаға

Құрметті Жанат!

Елу жасқа толған мерейтойын құтты болсын! Қазақ журналистикасының абыройлы азаматының бірісің. Өрқашан амандығына тілектеспін!

Қалдарбек НАЙМАНБАЕВ
Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы
төрағасының бірінші орынбасары

Құрметті Жанат Орынбайұлы!

Сізді білім нәрімен сусындатып, үлкен өмірге канаттандырып ұшырған Абай атындағы мемлекеттік университетінің ректоры мен ұжымы ердің елеулі жасы елуге келген мерей тойыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Сіздің республикамыздың бас газеті “Егемен Қазақстанның” жауапты хатшысы, қиындығы мен қызығы қатар жүретін баспасөздің алып түсер ақ семсері ретінде, талантты, романтик, профессионал жазушы ретінде таниды. Еңбектеріңізді ерекше бағалайды.

Сізге зор денсаулық, шығармашылық табыс, отбасыңызға бақыт, қаламыңызға ұшқыр қиял тілейміз.

Т.С.Садықов

Абай атындағы АлМУ-дың
ректоры, ҚР ҰҒА мүше
корреспонденті, профессор

Жеңіс ҚАШҚЫНОВ

Інім Жанатқа

Шығып жүрген дара аты.
Елшібектің Жанаты.
Шарлады өнер аспанын,
Талмады еш қанаты.

Шабыты-асқан таң нұры,
Кейде дала жаңбыры.
Журналистің жүйрігі-
Жазушының алғыры.

Жаны тыным таппаған,
Қадамын нық аттаған.
Шүйірмеген танауын,
Кеудесін де қақпаған.

Таңдандыра қаратқан,
Жұртқа өнер таратқан.
Үлгі алса болады,
Кейінгі жас Жанаттан.

Дархан жүрек, жарқын жан,
Мол алғыс ал халқыңнан.
Қарапайым, сыпайы,
Айнымашы қалпыңнан.

Ғалымдар үйі, 23 мамыр 1997 жыл.

Сәбит ДОСАНОВ
Талмасын қыран қанатын
Жанат Елшібекке

Ақиық інім, Жанатым,
Биік ұшсам қанатым.
Шыққаныңмен шыңға,
Асуың көп алатын.

Тарихта аты қалатын,
Жанатымның жаны ақын.
Ендікпей жеттің елуге
Талмасын қыран қанатың.

Мұртты, ұртты Жанатым,
Қуатты сенің қанатың.
Елу деген күз емес,
Кезің бұл от боп жанатын.

Елу деген күз емес,
Еріп кетер муз емес.
Жүзге де жүзіп жеткейсің,
Мықтыға жүз де түк емес.

Сөзжұмбақтың көрігі,
Сегіз редактордың серігі.
Он кітаптың авторы,
Хатшының ең бір керімі.

Ойының жоқ аласы,
Ісінің жоқ шаласы.

Жақсыға жақын өрқашан,
Қазақтың қара баласы.

Мұртына оның қарашы,
Ерінбей талын санашы.
Жанат жазған мақаланың,
Сол сан болар шамасы.

Алла өзі жар болсын,
Бақыт өркез пар болсын,
Үміт еткен ұрпағың;
Өзіңнен де үлкен нар болсын.

Халқың сені қолдасын,
Қыдыр болсын жолдасың.
Қастық қылған өзіңе,
Екі дүниеде оңбасын.

Тұрғанда елің дін аман,
Жазшы бір жақсы роман.
Бұдан да биік ұша бер,
Қайда да, Жанат, жүр аман.

Құрметті

Жанат Орынбайұлы!

Елің мен жеріңнің айтулы азаматы болу бұл ғанибет.
Ал сүйікті қаламгері атану өркімнің маңдайына жазыла бермейтін бірегей бақыт. Журналистиканың ауыр да қызықты жолында тамшылата тер төгіп жүрген жалынды да алымды шабысыңның ізіндей боп қалған саналуан кітаптарың бұл күндері талай отаудың төрінде тұр, талай оқырманның қолында жүр.

Еңбегің осылай ел қажетіне жарай берсін.

Елу атты асуға ат шалдырып, құрметке бөленіп отырған өзіңе ұзақ ғұмыр, қаламыңа шалқар шабыт тілейміз

“Ана тілі” баспасының ұжымы

*Құрметті
Жанат Орынбайұлы!*

Республикамыздағы ұлттық қоғамдық-саяси басылым “Ақиқат” журналының еңбек ұжымы өміріндегі елеулі оқиға 50 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды!

Саналы ғұмырыңызды қазақ журналистикасының ыстық-суығына арнап келе жатқан Сіздің балалық шағыңыз ұлы Отан соғысынан кейінгі ел еңсесі көтерілген елуінші жылдармен тұспа-тұс келгенін біз жақсы білеміз. Алпысыншы жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына келіп оқуға түстіңіз. Оны ойдағыдай аяқтағаннан кейін арманшыл жастардың ақ отауы “Лениншіл жас” газетіне қызметке орналасып, мұндағы он жылға жуық уақыт ішінде қатардағы әдеби қызметкерден жауапты хатшының орынбасарына дейінгі жұмыс баспалдақтарынан абыроймен өттіңіз. Содан бергі Сіздің өміріңіз бен қызметіңіз республикалық аға басылым “Егемен Қазақстан” газетінің қызығы мен қиындығы мол тыныс-тіршілігімен тығыз байланысты болып келеді. Мұнда Сіз басылымның басты буыны- секретариатқа басшылық етудегі жауапты хатшының жұмысын абыроймен атқарып келе жатырсыз. Бұл өзіңіздің біліктілігіңіз бен тәжірбиелілігіңіздің, зиялылығыңыздың арқасында жүзеге асып жатқан игілікті істер.

Журналымыздың жанашыры Сізді біздің еңбек ұжымы қаламы қарпымды, ойы жүрдек журналист деп қана емес,



“Жауқазын”, “Алтын үя”, “Атамекен”, “Қарлығаш”, “Жоғалған теңіз”, “Шағалалар жылай ма, осы?” сияқты кітаптардың авторы – жазушы ретінде де өте жақсы біледі, құрметтейді. Соңғы уақытта туған жеріңіз Балқаш өңірі балықшылары өмірінен “Теңіз мұңы” атты роман жазуға қалам тарта бастағаныңыз қуанышты оқиға.

Қадірлі Жақа!

Ер жасы елуде Сізге творчестволық табыс, отбасыңызға амандық, жеке өзіңізге қуаныш пен жақсылық тілейміз!

Ізгі ілтипатпен, “Ақиқат” журналының редакциялық алқасы.

Мыңбай РӘШЕВ

Жанат ініме

I.

Тыпыршыған хас тұлпар,
Қанат емей, немене,
Жүректен шыққан асыл сөз
Санат емей, немене?

Тәуелсіз ел тірлігі
Жәннәт емей, немене,
Алуан ұлттың бірлігі
Абат емей, немене?

Тілі сүйрік семсерден,
Елуінді еңсерген.

Ат мінген асау арманнан,
Мұрты бар қою орманнан,

Он аралап ойыңды,
Қырық аралап қырыңды,
Қырқадан қырқа қарағым,
Атағы көпке тараған

Елшекеңнің еркесі,

Елінің дарын Серкесі-
Жанат емей немене?

II.

Теңізбен жастай қоштасқан,
Қарлығаштармен достасқан,
Дауылдан ығып қашпастан
Бұқа жон Балқаш балығын
Толқында тулатқан,
Теңіз десе мөңкіген
Ақ қошқар шабыт шулатқан,
Алдыда Жанат, қарағым,
Ағындап жүйрік қаламың
Тасқындап таудай талабың
Жалығу білмей Жанатым
Шарықтай берсін қанатың.
Жігіт жасы - Елуің,
Алдыңда шабыт шеруің,
Ағаңның осы батасы
Өзің айт болса қатасы!..

Құрметті Жанат Орынбайұлы!

Сіз қазақ баспасөзінде ширек ғасырдан астым уақыт еңбек етіп келесіз. Осы жылдар ішінде республика оқырмандарына жақсы танылдыңыз. Ұлттық журналистиканың мазмұнын байытудағы алуан түрлі ізденістеріңіз, өмірдің сан-саласынан жазған тағлымды, танымдық материалдарыңыз оқырмандар тарапынан лайықты бағасын алды. Ұлттық баспасөздің барлық мектебінен өтіп, бүгінде аға басылым “Егемен Қазақстанның” жауапты хатшысы қызметін де абыроймен атқарып келесіз.

Сіз баспасөздегі жемісті қызыметіңізбен қатар, жазушылық саласында да елеулі еңбек еттіңіз. Оңға тарта кітаптарыңызбен қаламгерлік қарымыңызды таныттыңыз. “Қош бол, теңіз” атты повесіңіз республикалық “Жалын” баспасының балалар мен жасөспірімдерге арналған жабық бөйгесінің жүлдесін алды.

Құрметті Жанат Орынбайұлы! Осынау мерейтой үстінде Сізге әрдайым осындай биіктен көрініп, еңбегіңіз жана берсін деген тілек айтқымыз келеді.

“Парасат” журналының ұжымы.

Ұлттық мәдениетімізде өзіндік өрнек айшықтап үлгерген толқынның беделді өкілі–Жанат Орынбайұлы Елшібек. Ол Қазақстан Журналистер және Жазушылар одақтарының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. Міне, ширек ғасырдан асты, Жанаттың публицистикалық, танымдық, әдеби шығармаларын қалың жұртшылық асқан ілтипатпен оқиды. Қазақ журналистикасында тың серпіліс әкелген дүниелері өз алдына бір төбе. Балалар мен жасөспірімдерге арналған бөйгеде ерекше жүлде алған “Қош бол, теңіз...” повесі және “Жауқазын”, “Студенттік меридиандар”, “Сен білесің бе?“, “Алтын ұя”, “Атамекен”, “Қарлығаш”, “Жоғалған теңіз”, “Зерек” атты кітаптары оқырмандардың жоғарғы бағасын алды. Адалдық пен әділдікті ежелден бойына сіңірген Жанат Орынбайұлы қандай орта, қандай жағдайда да өз талантына, еңбегіне сенеді. Қазір “Егемен Қазақстан” газетінің жауапты хатшысы, редакция алқасының мүшесі. Елуге толған өріптесіміз, тұрақты авторымыз Жанат Елшібекті “Ақ желкеннің” мыңдаған оқырмандарының атынан құттықтап, аяулы жары Зейнеп екеуінің бала-шағасының қызығын көріп, ұзақ ғұмыр кешулерін тілейміз. Творчестволық биіктерге өрлей беріңіз, қадірлі қаламдас!

“Ақ желкен”, N 4 1997 ж.

Жанат Орынбайұлы Елшібек есімі оқырман қауымға көптен таныс қаламгер. Журналшылдық жолын “Лениншіл жас” (қазіргі “Жас алаш”) газетінде бастаған ол үлкен шығармашылық мектептен өтті. Балауса қалам алаулы жастыққа тән талпыныспен өмірге сергек араласты. Ізденіштігімен танылған жас журналшыны аға басылым “Социалистік Қазақстан” (қазіргі “Егемен Қазақстан”) газетінің редакциясы осыдан жиырма жыл бұрын қызметке шақырды. Содан бері Жанат Елшібек қазақ баспасөзінің қара шаңырағында жемісті еңбек етіп келеді. Кезінде түрлі бөлімдерді басқарып келген ол қазір “Егемен Қазақстанның” жауапты хатшысы, шығармашылық кеңестің мүшесі.

Жан-тәнімен газетші болып кеткен Жанаттың қаламы өсте суыған емес. Республика баспаларынан “Жауқазын”, “Алтын ұя”, “Студенттік меридиандар”, “Сен білесің бе?”, “Қарлығаш”, “Ата мекен”, “Жоғалған теңіз”, “Зерек”, “Шағалалар жылай ма, осы?” секілді очерктер, повестер, өңгімелер, танымдылық кітаптары жарық көрді. Өзіндік қолтаңбасы мен жазу мәнері сараланған тәжірибелі қалам иесі өмірдегі, қоғамдағы әлеуметтік толғақты мәселелерді де дер кезінде қозғап келеді... Ер жасы- елуге толған қаламдас әріптесімізді мерейлі сөтімен құттықтап, мықты денсаулық, шығармашылық табыс тілейміз.

“Ана тілі” газеті, 22 мамыр 1997 ж.

“Біз -50-деміз”

Сұрапыл соғыстың дүмпуі басылғаннан кейін, араға екі жыл жүгіртіп өмірге келген ұрпақ осылай дейді. Бүгін ерекше ілтипат білдіріп, журнал атынан құрмет көрсеткен Ж.Бейсенбай, Ә. Көпішев, Ж.Елшібек, Б.Сарбалаулы және Н.Оразалы солардың санатынан.

Ойымызша, қалам қарымымен де танылған олардың шығармалары шырайланар шағы енді туды. Сол себепті де аялы алақан жылуын дарытқан ағаларына ақ жол тілегін інілерінің ізгі тілектерін әдейі топтастырып отырмыз.

Тегінде қаламдас дос туралы қатарластарының айтқан бір ауыз жылы лебізі қай кезде де қымбат. Аузы дуалы аға, апалары одан асырып та айтуы ғажап емес. Әйтсе де қызғаныштан ада, көңілдегі кіршіксіз таза ойын шынайы сезіммен жеткізген жан жолдастың сөзіне неге сүйінбеске?!

Белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының екінші хатшысы Темірхан Медетбек, Жанат Елшібек жөнінде “Егемен Қазақстан” газетінде жазған мақаласында былай депті: “... бүгін кешегі көзілдірікті қатпа қара бала Жанат, жұрт сыйлайтын, ел білетін, сөзінің нөрі, өінің қадірі бар Жанат Елшібек мырзаға айналды. Елуге келді. Еңбегімен келді. Шынында да біздің Жанат - арқасынан ешуақытта жүк түсіп көрмеген, мойнынан ғұмыры қамыт босамаған еңбектің адамы. Ол дар ағаштың астында тұрып та “аттың ер-тоқымы алынбай қалды-ау” деп ойлайтын өпенді шаруаның сойынан. Әйтеуір, оны қай уақытта көрсең де мұрнынан шаншылып жатқаны. Оған қай уақытта қарасаң да екі қолын төрт ете алмай жүргені. Жанат тіпті курортта да мұрнына су жеткізе алмай қапылып жатқаны...”

Міне, ел білетін Жанат осындай. Ерінбейтін еңбекшіл, жалықпайтын ізденістің адамы. Жазушыға, журналистке керегі

сол емес пе! Жазады, сызады, өңдейді, жөндейді... Сөйтіп, мың сан оқырманын тың дүниесімен қуандырады.

Біз білетін Жанат Елшібек “Қош бол, теңіз” атты балалар мен жасөспірімдерге арналған повесі арқылы “Жалынның” жабық бөйгесінің жүздегері атанған жазушы. “Жауқазын”, “Студенттік меридиандар”, “Алтын ұя”, “Атамекен”, “Қарлығаш”, “Зерек”, “Жоғалған теңіз” және басқа да публицистикалық, танымдық, әдеби кітаптардың авторы атанған ол жақында “Шағалалар жылай ма, осы?...” кітабын ұсынды.

Жанат жазады, жаза береді...

Лайым, қаламынан туған қай дүниесі де жемісті болсын!

Талғат АЙТБАЙҰЛЫ.

“Арай”, N5-6, 1997 жс.

Жанат досқа!

Ылғи да жылы-шуақ тұрған күліп,
Ылғи да көрсететін сырбаз қылық,
Жөкең де келіп қапты 50 жасқа
Соңына ұмытылмас із қалдырып!

Қарсы алып талай күнді, арай күнді,
“СҚ”-да өткізіп ек талай жылды.
Халыққа қызмет қып шамамызша,
Газетте еңбек еттік-бар айбында.

Міне енді, абыройдың арқасында,
Жақсы сөз, жақсы тілек жалғасуда.
Осының бәріне де куә болған,
Зинадай жақсы жарың бар қасыңда!

Уә, Жәке, арта берсін азаматтық,
Шабытты жалғастыр тек ғаламат қып!
Денсаулық еш уақыт сыр бермесін,
Әрқашан болсын сенде саламаттық!

Біз-дағы тілектеспіз отбасыңа,
Болмайды сыйластықты тот басуға.
100-ге жет, тағы 50-ді қосып алып,
Қашанда серік болсын бақ қасыңа!

Төрегелді -Баян БЕКНЯЗОВТАР

23 мамыр 1997 ж.

Күнпарақ кейіпкерлері
Еңбегі еленген жан
Белгілі журналист Жанат Елшібек 50 жаста

Жуырда Ғалымдар үйінде зиялы қауым жазушы-журналист Жанат Елшібектің 50 жасқа толған мерейтойын салтанатты түрде атап өтті. Ж.Елшібек қазақта сөзжұмбақ өнерін қалыптастырушы да. Бір ескеретін жәйт, құдайға шүкір, алпыстың асқарына шыққан аға, сексеннің сеңгірінен асқан ата, жүзді алқымдаған баба журналистеріміз баршылық болғанмен, осы уақытқа дейін олардың тынымсыз, ұстараның жүзіндей қылпылдаған қауіпті ауыр еңбегі дәл осылай тойланбаған шығар. Сондықтан бұл той лайым қазақ журналистер қауымы тойының алғашқы көшбасы болғай.

Тырнақалды туындысы 12 жасында жарық көрген Жанат Орынбайұлының мерейтойға шақыру қағазында халқымыздың көрнекті қаламгері М.Әлімбаев, Ш.Мұртаза, З. Серікқалиев, сондай-ақ марқұм Ғ.Қайырбековтің той иесі туралы айтқан жылы лебіздерімен қатар шағын шығармашылық өмір жолы көрсетіліпті.

Ж.Елшібек 1947 жылы мамырдың 10-ында Талдықорған облысында дүниеге келген. 1969 жылы Қазақ мемлекеттік педагогика институтының филология факультетін бітірді. Соңғы курста оқып жүрген кезінде “Лениншіл жас” (Жас алаш”) газетіне қызметке орналасқан ол жастар басылымында он жылдай еңбек етіп, журналистік көріктің ыстық-суығынан өтеді.

Ал, 1978 жылы сәуірінен ұлттық қоғамдық-саяси газет “Егемен Қазақстанда” еңбек етіп келеді. Қазақ баспасөзінің қара шаңырағында түрлі бөлімдерді басқарған Жанат 1991 жылғы ақпаннан бері редакцияның жауапты хатшысы, шығармашылық кеңестің мүшесі. Жазушы Ж.Елшібек “Жауқазын”, “Студенттік меридиандар”, “Алтын ұя”, “Сен білесің бе?”, “Атамкен”, “Қарлығаш”, “Жоғалған теңіз”, “Зерек”, “Шағалалар жылай ма, осы?” кітаптарының авторы. “Қош бол, теңіз” повесі республикалық “Жалын” баспасының балалар мен жасөспірімдерге арналған жабық бөйгемінде жүлде алған. Балқаш көлінің жағасында туып өскен оның бүкіл шығармаларының өзегі-теңіз тынысы, балықшылар өмірі жайлы. Бұл күнде қаламгер “Теңіз мұңы” атты романын жазу үстінде.

Жанат тындырған іс қыруар. Қайнап жатқан қара қазандай үлкен газеттегі жауапты хатшының тынымсыз жұмысына жігіттің жігіті ғана төтеп бере білсе керек. Ал, Ж.Елшібек болса, оған қоса оннан астам өзі жазған кітаптың үстіне бірнеше кітап құрастырыпты. Айына 4-5 сөзжұмбақты құрастырып, газет-журналдарда жариялайды. Оған тағы замандастарымыз жайлы сан мақала, очерктерді қосыңыз. Кейде оның уақытты қалай табатынына әріптестері таңғалысады. Ондайда Жанат өзінің сабырлы қалпын бұзбай, биязы ғана жымыып:

-Уақытты ұқыпты пайдалануға тырысу керек, сонда ғана ісің өнеді, - деп өзілмен жауап береді.

Кешті “Егемен Қазақстан “ газетінің бас редакторы У.Қалижан ашып, той иесінің қадір-қасиетімен таныстырды. Сондай-ақ, республика Парламентінің сенаторы, Аймақтық даму мәселелері және өзін-өзі басқару жөніндегі комитеттің төрағасы Ө.Озғанбаев, Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі төрағасының орынбасары Ө.Асқаров, Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы Н.Оразалин, басқа әріптестері, достары, ұстаз-шәкірттері, жерлестері, туған-туысқандары құттықтады. Халық артисі С.Тыныштығұлова, композитор-күйші Ш.Әбілтай, әншілер М.Ілиясова, Ә.Мусин, Ұ.Кенжебеков, З.Жәкешова өсем өннен шашу шашты.

Кешке Жанаттың әкесі 87 жастағы Орынбай ақсақал да қатысты.

Журналист-жазушы Ж.Елшібековтің республикалық басылымдарда еткен 30 жылдық жемісті еңбегі Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі агенттіктің Құрмет грамотасымен марапатталады.

Есқұлы ҚЫДЫРҰЛЫ
ҚазТАГ тілшісі.

Әнуар ТАРАҚ

Журналист төрге шықты

Әдетте Ғалымдар үйінде ақын-жазушылармен, өнер адамдарымен шығармашылық кештер жиі өтіп жүргенімен, журналист мерейтойының өтуі бір жаңалық болды. Жазушы, журналист “Егемен Қазақстанның” жауапты хатшысы Жанат Елшібектің 50 жылдығы мерейтойлық кеш қана емес, әдебиет пен өнер мерекесіне айналды.

Кезінде ұзақ жылдар “Лениншіл жас” газетіндегі ең қиын жауапты бөлім-секретариатта қызметін бастаған Ж.Елшібек бүгінде “Егемен Қазақстанда” осынау бөлімінің ауырпалығын өріптестерімен бірге бөлісіп келеді. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Ж.Орынбайұлы бірнеше кітаптар шығарды. Олардың ішінде туған жер Балқаш өңірінің экологиялық жағдайы, еңбек адамдары мен табиғаты көрініс тапқан. Ол сөзжұмбақ, балаларды танымдық-тапқырлыққа баулитын дүниелерді құрастырудың да шебері.

Мерейтойлық кешті “Егемен Қазақстан” газетінің бас редакторы У.Қалижанов жүргізді. Мерейтойдың ұмытылмас сәті-Жанат ағаның 87 жастағы әкесі Орынбай ақсақалдың қатысып отыруы болды. Ер жасына толған ұлының мерейтойына қатысып мейірленіп қайтудың өзі де әке үшін бір ғанибет емес пе.

Той иесін Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттік төрағасының орынбасары Ә.Асқаров, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы Н.Оразалин, Қазақстан Республикасы Парламентінің комитет төрағасы, профессор Ө.Озғанбаев, Сенаттың баспасөз хатшысы К.Демешев, Еңбек Ері, академик, Қ.Асанов, жерлесі, кластас досы, академик Ғ.Мейірманов, Алматы педагогика университетінен проректор Ғ.Қалиев, “Жас алаш” газетінің бас редакторы Н.Жүсіп, Қаратал, Қапал ауданынан, өзі туған аулынан арнайы келген

өкілдер құттықтады. Алматы қаласы әкімінің құттықтауын әкімшіліктің Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Б.Жүнісбеков, Алматы облысы әкімінің құттықтауын бөлім меңгерушісі А. Сейітов тартуларымен бірге табыс етті. Әрине бір кездегі қызметтес достарының құттықтауының өзі ерекше есте қаларлықтай болды. “Ақ желкен” журналының бас редакторы М.Қожахметова, “Ақиқат” журналы бас редакторының орынбасары Ж. Аупбаев, “Ана тілі” баспасының директоры Ж. Дәуренбеков, “Спорт” газетінің бас редакторы Н.Жүнісбаев, “Егемен Қазақстанның” “Сырғалым” арнайы отауының редакторы Ж.Солтиевалар жазушы, журналистің адамгершілік қасиеттерін, ерен еңбекқорлығын атап өтті.

Жазушылық қыры, шығармалары жайлы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Д.Досжанов, ақын Қ.Баянбаев, жазушы С.Досанов сөздерінің өзегі болды. Ақындар М.Айтқожина, Ж. Қашқынов арнау тілегін өлеңмен жолдады. Той ажары, той қызығы қашанда жан тебіренер өнер екені айқын. Бұл жолы да өн мен күй мерейтой иесінің мейманасын тасытты. Қазақстанның халық өртісі С.Тыныштығұлова, Қазақстанның еңбек сіңірген өртісі М.Ілиясова, күйші Ш.Әбілтаев, музыка зерттеуші Ж.Шәкәрімов күй тартты. Абай атындағы опера және балет театрының өншісі Ұ.Кенжебеков, өншілер Ә.Мусин, З.Жәкішева әсерлі өнмен жиналғандардың көңілін өсірді. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Ш.Мендиярова мерейтой иесінің “Жоғалған теңіз” кітабынан үзінді оқыды.

Соңынан той иесі Ж.Елшібеков өзіне көрсетілген елдің құрмет-сыйына, жылы лебізді құттықтауларына алғыс айтып, осы бір кештің өміріндегі ұмытпас, бақытты сәттердің бірі екендігін толқи отырып жеткізді. Бұдан кейін тілектер мен музыкалық сәлемдер “Әсемнің” әсем залының мерейтойлық дастарханында жалғасты.


“Алматы ақшамы”, 28 мамыр 1997 жс.

Жанат Елшібектің республика баспаларынан жарық көрген кітаптары:

1. “Жауқазын”, деректі повесть. “Қайнар” баспасы, 1976 ж.
2. “Студенттік меридиандар”, очерктер. “Мектеп”, 1978 ж.
3. “Сен білесің бе?”, танымдық туындылар. “Жалын”, 1981 ж.
4. “Алтын ұя”, репортаждар, очерктер. “Мектеп”, 1983 ж.
5. “Атамекен”, фотоәңгімелер. “Жалын”, 1984 ж.
6. “Қарлығаш”, әңгіме. “Жалын”, 1989 ж.
7. “Жоғалған теңіз”, повестер мен әңгімелер. “Жалын”, 1991 ж.
8. “Зерек”, танымдық ойындар әлемінде. “Өнер”, 1991 ж.
9. “Шағалалар жылай ма, осы?..”, көсемсөз, ой-толғақ, эссе, деректі әңгіме. “Қайнар”, 1996 ж.

Жанат Елшібектің шығармалары жарияланған жинақтар:

1. Әне, сұлу Сыр. “Алтынтау”, “Жалын”, 1977 ж.
2. Адамдар мен шағалалар. “Серт”. “Жалын”, 1977 ж.
3. Кербез Көкше. “Жер жаннаты”. Қайнар. 1978 ж.
4. Самғау. “Тың тұлғасы”. “Жалын”. 1979 ж.
5. Жезқазған жұлдыздары. “Ізбасарлар”. “Қайнар”, 1979 ж.
6. Мандай тер. “Алтын масақ”, “Қайнар”, 1980 ж.
7. Қауырсын қанат. “Жастықтың жанартаулары”. “Жалын”. 1983 ж.
8. Алтын дінгек (құрастырған). “Қазақстан”. 1983 ж.
9. Ертіс бойындағы трактор алыбы. “Тың планетасы”. “Жалын”. 1984 ж.
10. Алтын тұғыр. “Жастықтың жанартаулары”. “Жалын”. 1985ж.
11. Наташаның арманы. “Қазақстан спорт жұлдыздары”. “Жалын”. 1985 ж.
12. Алғашқы хат. “Жыл он екі ай”. “Жалын”. 1986 ж.
13. Танымдық туындылар. “Шопан серігі”. “Қайнар”. 1986 ж.
14. Қанатың талмасын, “Балдырған”, “Жан сұлулығы”. “Мектеп”. 1987 ж.
15. Балқаш сабағы. “Аралым-арым, Балқашым-бағым”. “Қайнар”. 1988 ж.
16. Көңілге түскен көлеңке. “Арыңды жасыңнан сақта”. “Жалын”. 1989 ж.
17. Қырық жылдан соң. “Жансерік”. “Жалын”, 1991 ж.
18. Политурук Василий Клочков. “Жалындап өткен жас ғұмыр”. “Рауан” 1991ж.
19. Алып сөзжұмбақ. Жұмыр жер. “Білім және еңбек” N 8. 1984ж.
20. Қазақ календары. Танымдық туындылар. 1975-1990 ж.
21. Сыры мол бояулар. “Қазақстан өнері. “Өнер”. 1990 ж.

- 
22. "... деген екен!". "Өнер" 1992 ж, 1994 ж.
 23. Ауылдың айтқыштары. "Өнер". Бірінші кітапша. Құрастырған. 1993ж
 24. Ауылдың айтқыштары. Екінші кітапша. "Өнер", 1994 ж.
 25. Сиқыр сөзден сарай салған. "Егеулі найза". "Ер-Дәулет". 1995 ж.
 26. Мың бір қызық. Аударған әрі құрастырушы. "Өнер". 1995 ж.
 27. "Елбасы" (Ж.Дәуренбековпен бірге құрастырған). "Ана тілі", 1996 ж.

МАЗМҰНЫ

Ғафу Қайырбеков, Бесікке қайта оралу	3
Мұзафар Әлімбаев, Куәгер қаламның көрікті іздері	12
Шерхан Мұртаза, Шағалалар да жылайды	17
Зейнолла Серікқалиев, Сырашар сөз	19
Дүкенбай Досжан, Орнықты ой, мөйін тіл	26
Әділ Дүйсенбек, Әріптес туралы сөз	31
Темірхан Медетбек, Жаны сергек Жанат Елшібек	34
Құлбек Ергөбеков, Деректі проза дидары	38
Бақыт Сарбалаев, Сөз қадірін білеміз бе, осы?!	46
Сабыржан Шүкірұлы, Сергек көңіл сезімдері	49
Қали Сәрсенбай, Көңіл көзі	55
Марат Тоқашбаев, Әріптес туралы сыр	60
Қайнар Олжай, Жұпары бөлек, жұмбағы ерек	63
Құлтөлеу Мұқашев, Теңізден тамыр тартқан	65
Кұлпара Жұмағали, Газет және ғұмыр	80
Алпысбай Шымырбайұлы, Танымдық ойдың тапқыры	84
Жанболат Аупбаев, Пердесіз көңіл	91
Гүлнара Нүрпейсова, Журналист, писатель, “архитектор”	95
“Экспресс -К”, Начальник штаба	96
Тұрсын Елеусізұлы, Асыл ойлар тоғысы	98
Әнуар Тарақ, Табиғат тілінде толғаған	103
Тұрсын Сыдықов, Биікке көтерген ақ тілек	107
Қайсар Әлім, “Жоғалған теңізден” табылған жаһұт	113
Сәндібек Әлібеков, Теңіз туралы толғау	118
Жетпісбай Бекболатұлы, Таным шыңынан, даму биігіне	122
Өшірбек Аманкелдиев, Тапқырлық қазынасы	127
Бауыржан Омаров, Зеріктірмейтін “Зерек”	132
Алпысбай Шымырбай, Тапқырлық төжін киген	135
Елусіз Көкенұлы, Татымды еңбек	138
Өзиз Алдабергенов, Жұмбақтар сыры сан алуан	140

Алмас Жуалин, Сырлы өлем	143
Талғат Өтегенов, Иә, сен білесің бе?	146
Қанат Қайымов, Шартараптан сыр шерткен	148
Т.Маликова, “Сен білесің бе?”	152
Жұмабек Кенжалин “Сен білесің бе?	156
Т. Өтегенов, Білуге құштарлар үшін	158
Ожан Қалиев, “Сен білесің бе?”	160
Жарасбай Сүлейменов, Аясы кең	163
Марат Алматин, Тоқылған сөздер өлемі	166
Т.Жиделин, ‘Сен білесің бе ?’	169
Шайхан Жандаев, Қиыннан қиыстыра білген	170
Ақбала Айкеева, Алуан сырлы жұмбақтар	173
Қанат Қайымов, Отаншылдық сезім	176
Бақыт Мұстафин, Атамскен толғауы	179
Сұлтанәлі Балғабаев, Сөз бен сурет үндесіп	183
С.Ешмұханбетов, Ата мекен келбет	185
Сайлаубай Тойлыбаев, Атамекен туралы толғау	186
Сәндібек Өлібеков, Балаларға базарлық	192
Бейбіт Сапаралин, Туған елге саяхат	197
Жұмабек Кенжалин, “Атамекен”	199
Қуанбек Боқаев, Туған жерге саяхат	203
Гүлзия Пірәлиева, Жинақ арқауы – адамгершілік	206
Құттықтаулар, лебіздер	213
Марфуға Айтқожина, Өлең-арнау	220
Мұхтар Шаханов, Ақ тілек	221
Асылмұрат Тұрғанбеков, Аға лебізі	223
Жеңіс Қашқынов, Ініге ілтипат	225
Сәбит Досанов, Талмасын қыран қанатың	226
Мыңбай Рәшев, Жанат ініме	229
Төрегелді Бекнязов, Жанат досқа	234
Есқұлы Қыдырұлы, Еңбегі еленген жан	235
Әнуар Тарақ, Журналист төрге шықты	238

СЕРГЕК КӨҢІЛ СЕЗІМДЕРІ

Қаламгер Жанат Орынбайұлы Елшібектің
шығармашылық әлемі хақында



Редакторы

Компьютерде терген
әрі көркемдеген

Нұраунова Рысхан
Кемелғазықызы

Айжан Нұржақыпқызы

Алматы,
1998 жыл

